ISSN 1563-0226
eISSN 2617-1864
Индекс 75867; 25867

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Шығыстану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия востоковедения

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Oriental Studies

№2(89)

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ISSN 1563-0226
eISSN 2617-1864
Индекс 75867; 25867

ХАБАРШЫ

ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ № 2(89), маусым

25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Турар А.С., магистр *(Қазақстан)*
Телефон: +7778 527 3341,
E-mail: aidanaturar1995@gmail.com

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Надирова Г.Е.,
филол.ғ.д., проф. – ғылыми редактор *(Қазақстан)*
Серікқалиева А.Е.,
PhD – ғылыми редактордың орынбасары *(Қазақстан)*
Палтөре Ы.М.,
PhD *(Қазақстан)*
Алдабек Н.Ә.,
т.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Ким Г.Н.,
т.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Авакова Р.Ә.,
ф.ғ.д. профессор *(Қазақстан)*
Құдайбергенова Р.Е.,
т.ғ.к., доцент м.а. *(Қазақстан)*
Көкеева Д.М.,
ф.ғ.к. доцент *(Қазақстан)*
Мұстафаева А.А.,
PhD, доцент *(Қазақстан)*
Мевлют Эрдем (Mevlut Erdem),
профессор *(Түркия)*
Роберт Эрмерс (Robert Ermers),
профессор *(Нидерланды)*
Чжао Цюань-шэн (Zhao Quan-sheng),
профессор *(Вашингтон, США)*
Масару Тономура,
профессор *(Жапония)*
Ли Джон О.,
профессор *(Корея)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Қанаева Ә.Д.,
жетекші маман *(Қазақстан)*

Шығыстану сериясы Шығыс елдері тарихы, саясаты, экономикасы, мәдениеті, тіл білімі мен әдебиеті, тіл оқыту әдістемелері бағыттарын қамтиды.

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы
Гүлмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:
Гүлмира Бекбердиева, Ағила Хасанқызы

Компьютерде беттеген
Айша Калиева

ИБ №12811

Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 16,8 б.т. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс №4911. Таралымы 500 дана.
Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

1-бөлім
ТАРИХ

Раздел 1
ИСТОРИЯ

Section 1
HISTORY

ҒТАМР 13.11.47

Алдабек Н.Ә.[1], Түргенбай А.Ә.[2], Асыл М.Б.[3]

[1]т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: nurzhamal25@mail.ru
[2]аға оқытушы, магистр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ainur.turgenbay@gmail.com
[3]аға оқытушы, магистр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: monikaassyl@gmail.com

ҚЫТАЙЛЫҚ ДАМУ ҮЛГІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ТӘЖІРИБЕСІ

Бұл мақалада қытайлық ерекшелікке ие социализмнің мәні, ерекшелігі мен даму болашағына талдау жасалады. Сонымен қатар, Қытайда ұлттық жаңғыру мен адамзаттың әділетті, әрі жалпыға ортақ дәулетті қоғамды құру туралы арманын жүзеге асыру үшін социализмді құрудың теориялық және практикалық мәні, қазіргі қытайлық социализмнің шынайы сипаты айқындалады.

Түйін сөздер: «Датун», «қытайлық социализм», модернизация, сяокан, «орташа ауқатты» (сяоканшэхуэй) қоғамы, «жалпыға бірдей гүлдену» (фуюйшэхуэй) қоғамы, «азиялық құндылықтар».

Aldabek N.A[1], Turgenbay A.A.[2], Assyl M.B.[3]

[1]Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nurzhamal25@mail.ru
[2]master of human science, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: ainur.turgenbay@gmail.com
[3]master of human science, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: monikaassyl@gmail.com

The Chinese model of development and its experience for Kazakhstan

This article analyzes the nature, characteristics and prospects of the development of socialism with Chinese characteristics. The theoretical and practical essence of the development of socialism in China and the true nature of modern Chinese socialism for the realization of national revival and the creation of a just and universal rich society are also determined.

Key words: Datong, Chinese socialism, modernization, xiaokang, middle-income society (xiaokangshehui), society of universal prosperity (Fuyishehui), Asian values.

Алдабек Н.А.[1], Түргенбай А.А.[2], Асыл М.Б.[3]

д.и.н., профессор, Казахский национальный униеврситет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Nurzhamal25@mail.ru
магистр, Казахский национальный униеврситет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: ainur.turgenbay@gmail.com
магистр, Казахский национальный униеврситет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: monikaassyl@gmail.com

Китайская модель развития и ее опыт для Казахстана

В этой статье анализируются сущность, особенности и перспективы развития социализма с китайской спецификой. Также определяются теоретическая и практическая сущность развития социализма в Китае и истинный характер современного китайского социализма для реализации национального возрождения и создания справедливого и универсального богатого общества.

Ключевые слова: Датун, китайский социализм, модернизация, сяокан, общество «среднего достатка» (сяоканшэхуэй), общество всеобщего процветания (фуюйшэхуэй), азиатские ценности.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Кіріспе

Қытайдың ұлы ойшылдарының бірі, әскери стратег Сун Цзы осыдан 25 ғасыр бұрын былай деген екен: «әрбір шайқаста соғысу мен жеңіске жету үлкен жетістік емес, ең жоғарғы шеберлік қарсылас жауының қарсылығын шайқаспай-ақ тойтару немесе соғыссыз-ақ сағын сындыру» (Сунь цзы, 2017). Қытайдың бұрынғы басшылары сияқты, кейінгі басшыларының да, тұрақты түрде болмаса да, анда-санда осы қағиданы ұстанатыны байқалады, яғни басып алмау мен зорлық көрсетпеу, керісінше өз мысалыңмен көшбасшылығыңды мойындату.

Сонымен, ұлы көршіміз Қытайдың соңғы уақыттағы әлем назарын өзіне еріксіз аудартып отырған экономикалық жетістіктері мен саяси беделінің артуының немесе «Азиялық құндылықтардың» құпиясы неде?

Бұл сұрақтарға шағын мақала көлемінде жауап беру мүмкін еместігі белгілі. Дегенмен негізгі түйіндеріне тоқталып, жалпы ерекшеліктеріне назар аударуды жөн көрдік.

Ұлттық мемлекеттердің ғана емес, сонымен қатар барша адамзаттың болашағы бұлынғыр болып тұрған, ал халықтардың тағдырын шешетін саяси элиталар мен зиялы қауымдастықтар көптеген көкейкесті мәселелерді шешудің жолын таппай отырған осы аласапыран заманда Қытайдың болашаққа сенімді аяқ басуы, бір жағынан жарқын үміт ұялатса, екінші жағынан қауіп тудыруда. Сондықтан бүгінгі таңда әлемде Қытайдың модернизациясына баға беретін қытайлық көзқарастағылар және оған теріс көзқарастағылар тарапынан осы мәселе жөнінде көптеген жан-жақты зерттеулер жүргізіліп келуде.

Қарастырып отырған тақырыптың теориялық мәні нарықтық трансформацияның қытайлық нұсқасын жан-жақты ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіру. Осындай түсінікке деген қажеттілік саяси тұрғыдан өзекті және ғылыми тұрғыдан маңызды болып табылады. Нарықтық экономикаға көшудің мәселелерімен арнайы айналысып жүрген Д. Сакс, Л. Бальцерович, Е.Т. Гайдар сияқты экономист-ғалымдар мен шетелдік ҚХР экономикасын зерттеуші мамандар Б. Наутон, Т. Роски, сонымен қатар қытайлық ғалымдар Фань Ган, Линь Ифу, Цзо Дапэй, қытай реформасын «шок терапиясымен» теңестірсе, ал Цзы Чжунюн (Zi Zhongyun) қытай модернизациясын жан-жақты талдайды.

Реформаланған Қытайдағы экономикалық қайта құрулардың белгілі бір аспектілері бойынша зерттеу еңбектері салыстырмалы түрде көп болғанымен, әлеуметтік-экономикалық даму жолын іздеген, әсіресе, 90-жылдары нарықтық экономика пайдасына соңғы таңдауын жасаған Қытайдың даму жолын жан-жақты сипаттайтын кешенді зерттеулер саусақпен санарлық. Шын мәнінде, кез келген нақты тақырыпты зерттеуге қарағанда қытай туралы, жалпы экономика саласындағы зерттеу материалдары мен статистикалық мәліметтердің басым бөлігін топтастыруды, өңдеу мен талдауды талап ететін осындай жұмыстарды жазудың өзіндік қиыншылықтары да бар.

Дегенмен, реформаланған Қытайдың даму моделі мен ерекшелігі туралы жалпы түсінік беретін зерттеу еңбектері баршылық. Оған XX ғасырдың 90-жылдары жарық көрген Барри Наутонның (АҚШ) «Вырастающая из плана. Китайская экономическая реформа 1978-1993», Сусуму Ябукидің (Жапония) «Новая политическая экономия Китая. Гигант пробуждается», Лю Пэйцюн (Гонконг) «Мегатенденции китайской экономики», алдыңғы қатарлы әлемдік қытайтанулық журнал «Чайна квотерли» (Лондон) арнайы шығарылымындағы «Переходная экономика Китая» сияқты жарияланымдар дәлел болады.

Осы тақырыпқа байланысты зерттеу жұмысын жазу барысында шетелдік синологтардың еңбектерінің арасында Б. Наутон, П. Нолан, Сусуму Ябукидің жоғарыда аталған жарияланымдарының көмегі зор болды. Сонымен қатар, АҚШ Конгресінде тыңдау негізінде дайындалған қытай экономикасы туралы ұжымдық зерттеулері (1975, 1978, 1986, 1992) мен Н. Лардидің «Китай в мировой экономике» (1993), Дж. Розманның «Китайские дебаты о советском социализме. 1978-1985», Сюэ Тяньтунның (Гонконг) «Экономика промышленного развития КНР» атты кітаптарын, Дэвид Шамбоның редакциялауымен жарық көрген «Американские исследования современного Китая» еңбегіндегі Пенелопа Праймның ҚХР экономикалық мәселелерінің АҚШ-та зерттелуі туралы мақалаларын ерекше атап өтуге болады.

Ресейлік қытайтанушы-экономистердің арасында Г.А. Ганшин, В.Г. Гельбрас, Л.И. Кондрашова, И.Н. Наумов, Э.П. Пивоварова ҚХР экономикасының даму жағдайына анализ жасаған. Қытай модернизациясы мен «қытайлық ерекшелікті социализм» идеясын зерттеуде В. Портяков (Портяков В., 2013), В. Гельбрас (Гельбрас В., 2007), А. Островский (Островский А., 2013), Д.А. Смирнов (Смирнов Д.А., 2005), О.О. Коренкова (Коренкова О.О., 2013),

Я.М. Бергер (Бергер Я.М.) сияқты кеңестік және ресейлік ғалымдардың рөлі өте зор.

Зерттеу барысында қытайлық саясаттанушы ғалымдар мен Қытай коммунистік партиясының, атап айтқанда Дэн Сяопин, Цзян Цзэмин, Ху Цзиньтао, Си Цзинпин сияқты басшыларының ҚХР ресми сайттары мен басылымдарында жарияланған мақалалары мен сөйлеген сөздері, берген сұқбаттарын кеңінен қолдана отырып, талдау жасалды.

Қытайлық тәжірибе баршаға қызықты, алайда дамудың негізі ретінде еуропоцентристік амал орнына қытайцентристік көріністі қабылдауға әлемдік қауымдастық әлі мүлдем дайын еместігі белгілі. Қытай қай бағытта дамып, қандай қоғам құруда, социалистік пе әлде капиталистік пе? Оның жетістігінің құпиясы неде? Ол белгілеген мақсатына жеткен кезде жаһандық халықаралық мәселелерді қалай шешеді? Қытай алдына қойған мақсатының орындалуының мүмкіндігі қаншалықты үлкен? Осы және басқа да қалған сауалдар бүгінгі таңда барша әлемнің саяси және ғылыми шеңберлерде қызу талқыланып жатқан мәселелер болып табылады.

Қытайлық модернизацияның мәнін анықтау, яғни Қытай қайда бет алды деген сауалға жауап беру үшін мына мәселелерді айқындап алуымыз керек: Қытай шын мәнісінде социализмді құруда ма әлде бұл биліктің легитимділігін ақтайтын жай ғана ұран ба? Бұл сауал өте маңызды, себебі ол болашақтағы әлемнің құрылымын болжамдауға да мүмкіндік береді. Қытай үлкен әлемдік держава, ал әлем жаһанданған және өзара бір-бірімен байланысқан. Қытайдың болашағы оның күш-қуаты бірнеше есеге өскен кезде оның элитасы қандай қағиданы ұстанатындығына байланысты болмақ, яғни, әлеуметтік әділдік қағидасын ба, әлде, капиталистік күш қағидасын ба.

Қытай модернизациялану арқылы алдына қойылған мақсаттарын орындай ала ма деген сауалдың көпшілік көкейіндегі мәселе екендігі анық. Қытай үлкен демографиялық мемлекет болғандықтан-ақ маңызды және осындай үлкен қоғамда шешілмеген мәселелер негізінде тұрақсыздық орын алатын болса, бұл оның көршілеріне ғана әсер етіп қоймайды, сондықтан Қытайды жақтырмайтындар да оның мақсатына қарай тұрақты бет алуын тілеп, оның тыныштығы айналасындағы барлық көрші елдер үшін де неғұрлым тиімді екендігін мойындайды. Алайда мәселе Қытайдың дамуы әлемдік экономика мен әлемдік шаруашылық жағдаятпен өзара байланысты болуында, ал ұдайы жаңғыртылудың сыртқы жағдайлары айқын түрде нашарлап бара жатыр. Әлемдегі болып жатқан геосаяси жағдайлар оған кері әсерін тигізбеуі мүмкін болмай тұр. Екінші жағынан, елдегі ішкі саяси жағдай экономикалық дамумен өзара байланыста, сондықтан да әділ бөлу саясатын қажет етіп отырған қоғамның ішкі тұрақтылығы мен нарықтық экономика тетіктері жұмыс істеп тұрған қытайлық экономиканың тиімділігі арасындағы тепе-теңдікті қаншалықты нәтижелі болуы оны қалпына келтіру мүмкіндігіне, қытайлық үлгінің тұрақтылығына тәуелді болып келеді.

2017 жылы қазан айында Пекинде ашылған ҚКП XIX съезінде «қытайлық ерекшелікті социализмді» нығайтудың нақты жоспарын ұсынды. Сарапшылар осы съезде қабылданған шешімдер адамзат өркениетінің дамуына зор мүмкіндік беретін «қытайлық модельді» нығайтады деген болжамдарын жасады.

«Қытайлық модель» немесе «Бейжіңдік консенсус» терминін ең алғаш 2004 жылы американ экономисі, әрі саясаттанушы ғалым Джошуа Купер Рамо ұсынды (www.veme.news). Ол өркендеудің қытайлық моделі мемлекеттің ұлттық ерекшелігін таныту мен қоғам қажеттілігін қамтуға жауап беретінін айтқан болатын.

Зерттеудің теориялық және концептуалды деңгейлерін қолдану жұмысымыздың негізгі мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол – Қытайдың қалыптасуының түрлі кезеңдеріндегі әлеуметтік-экономикалық даму үлгісіне тән ерекшеліктерді, мемлекет басшылығының экономикалық саясатының нақты комбинацияларын айқындау және барынша көрсету.

Жоғарыда аталған мақсат шағын мақаламыздағы зерттеудің келесі міндеттерін айқындайды: мемлекеттегі кез келген мәселемен күресе алатын ішкі өркениеттік мүмкіндікті айқындау; Қытай модернизациясы концепциясының негізгі кезеңдерін қарастырып, мемлекет басшылығының экономикалық саясатының ерекшеліктерін саралау. Және де Қытайдың жақын көршісі біз, қазақстандықтар үшін ең негізгі мәселе ол жеке алғанда, Қытай дамуынан және жалпы алғанда, әлемдік модернизациядан жақын арада және келешекте не күтуге болады деген сауалға жауап іздеу.

Негізгі бөлім

Модернизацияның қытайлық үлгісі әмбебап болуы мүмкін. Жер шары халқының бестен бір бөлігі өмір сүріп отырған елде жүргізіліп

отырған модернизацияның ауқымы, немесе осы қытайлық модернизацияның үлгісі басқа елдерде жүргізілуі мүмкін еместігі туралы айтылуда. Алайда Қытайдың модернизациялық әрекеттерінің жеке элементтері басқа елдер үшін құнды тәжірибе болып табылады және бұл зерттеулерді танымдық мақсатта ғана айқындап қоймай, Қазақстан Республикасындағы реформалар шеңберінде тарихи тұрғыдағы ғана емес, нақты қолданбалы түрдегі сабақ ретінде қарастырған жөн деп санаймыз.

Ал жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздегенде, ең алдымен, қытайлық социумның өзінің мәдени-тарихи түп тамырына берік байланғандығын есте ұстау маңызды екендігі.

Социализм мен коммунизм туралы қиял Қытай компартиясы үшін сырттан енгізілген ой емес, өйткені социализм туралы армандар Қытай халқының санасында бірнеше мың жылдар бұрын-ақ орын алған болатын. Мысалы көне ойшыл Мо-цзы оны «жалпыға бірдей сүйіспеншілік» қоғамы десе, көне «Ли юнь» кітабында ондай қоғам құруды «Ұлы тұтастық» – «Датуң» деп атаған. «Датуң» туралы ой-арман қытай халқының ежелден келе жатқан ішкі тарихи мұқтаждығы мен қазіргі заманғы Қытай халқының, мемлекеттің жетекші партиясы ҚКП-ның басты мақсаты болып табылады. Сондықтан, Қытай қайда бара жатыр? – деген сұраққа – Қытай, оның басшылығы үнемі ұстанып келе жатқан ұстанымы – «қытайлық социализмді» орнату жолында деп жауап беруге болады.

Ал «қытайлық ерекшелігі бар социализм» сол жоғарыда атап көрсеткеніміздей, көне заманнан қытай халқының ойшылдарының армандаған «әділетті әлеуметтік қоғам құру» идеясынан бастау алған. Оны мемлекет басшыларының қытай тарихының әрқилы кезеңдерінде жүргізген модернизациялық әрекеттерінен көруге болады. Реформаторлар мен революционерлер іске асыруға талпынған Қытайды модернизациялау әрекеттерінен сабақ алған Қытай компартиясының басшылары, Мао Цзедуннан бастап қазіргі басшыларына дейін жүргізіп келе жатқан саясатының негізгі мақсаты «қытайлық социализмді» орнату болып табылады.

1975 жылы Бүкіл қытайлық халық өкілдерінің жиналысының кезекті сессиясында үкімет басшысы Чжоу Эньлай саяси күш жігерді жасампаз іс-әрекеттерге жұмсайық деген ұранмен «Төрт модернизация» – ауыл шаруашылығы, өндіріс саласы, ғылым мен техника және әскери қорғаныс саласын жаңарту жоспарын ұсынды. Шын мәнісінде, бұл ұлтты біріктіретін, алып елдің бар күш қуатын Қытайды модернизациялауға бағыттайтын нақты да өзекті міндеттерді шешу жөніндегі идеяны іздеуден туындап еді. Бұл идея бойынша, 1980 жылға қарай дербес өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын механикаландыру көзделді; 1985 жылға қарай 1976-1985 жылдарға арналған 10 жылдық жоспар негізінде, әсіресе ауыр өнеркәсіп саласында 120 ірі өнеркәсіп орнын салу арқылы халық шаруашылығын техникалық қайта құрылымдауды аяқтау мақсаты алға қойылды (Дэн Сяопин,1997).

1978 ж. ҚКП ОҚ-нің 3-пленумында «революцияны жалғастыру» теориясынан бас тарту және ҚКП қызметінің басты міндеті ретінде саяси науқаншылдықты тоқтатып, партия жұмысының бар күшін экономикалық мәселелерді шешуге және «Қуатты социалистік модернизацияланған мемлекетті» құруға бағыттау туралы шешім қабылданды. ҚХР 2000 жылға қарай таяудағы 20 жыл ішінде жалпы ұлттық өнім өндіру бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің қатарында болуы жоспарланды (Чжунго сяньдайхуа баогао, 2004).

Осы пленумда Дэн Сяопин «Қытайдың жағдайына сай жаңаша даму жолын іздеп табу» жайлы сөз қозғады. «Жаңаша даму жолы», яғни «қытайлық үлгідегі модернизация» деген атауға ие болған дамудың бұл жолы ең алдымен экономика саласында жүргізілуі тиіс және елдің экономикалық негізінің әлсіздігі мен халық санының көптігі, егіс алқабының аздығы сияқты басты ерекшеліктерге көңіл бөлінуі тиіс екендігін баса айтты (Дэн Сяопин,1997)

1982 жылы ҚКП-ның XII съезінде «Қытайлық ерекшелігі бар социалистік даму жолын» ұсынды. Онда қытайлық үлгідегі модернизацияның мазмұны социалистік екені атап көрсетілді.

Дэн Сяопин ұсынған социалистік модернизацияның үш қадамы стратегиясы:

1-ші қадам – XX ғ. 90-жылдары жалпы ұлттық өнім өндіруді 80-жылдармен салыстырғанда 2 есеге арттыру, яғни жылумен, азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру (温饱水平вэньбао шуйпин).

2-ші қадам – 2000 жылға қарай жалпы ұлттық өнім өндіруді тағы да екі есеге көтеру арқылы тұрғын халықты орташа тұрмыстық деңгейге жеткізу (小康水平сяокан шуйпин).

3-ші қадам – 2050 жылға қарай жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім өндіру көлемін орташа дамыған елдердің деңгейіне жеткізу жә-

не елді модернизациялауды іске асыру көзделді (富裕水平фую шуйпин, толық жетістік).

XX ғасырдың 80-жылдары материктік Қытайда мәдени төңкерістің нәтижесінде қалжыраған қоғамды Дэн Сяопин қайта қалпына келтіру мақсатында бірқатар шараларды жүргізуді бастайды. 1979 жылы ҚКПОК-нің 11-шақырылымындағы 3-пленумында Дэн Сяопин тұңғыш рет Жалпы Ұлттық өнімді 4 есеге арттырып, халықтың өмір сүру деңгейін «орташа ауқаттылыққа» жеткізу мақсатын алдыға қояды (Дэн Сяопин,1993).

Осы кезден бастап ҚХР-да саяси лексиконға «сяокан» (орташа дәулетті қоғам) ұғымы енеді. Ал сяокан қоғамының басты белгісі ЖІӨ жан басына шаққандағы деңгейі 800-1000 доллар болуы керек деп белгілеп берді.

Көптеген шетелдік сарапшылар мен ғалымдар «сяокан» иероглифтер тіркесінің мәні не екенін білгенімен де, экономиканың қытайдың дәстүрлі философиясы мен қоғамдық ой санасына, қоғамдық құрылыстың конфуцийлік тұжырымдамаға қандай қатысы бар екенін көпке дейін түсіне де, қабылдай да алмады.

1979 жылы Дэн Сяопин Жапон премьер-министрі М. Охирамен кездесуі барысында берген сұхбатында: «Біз елде төрт модернизация жүргізбек ойымыз бар. Ол қытайлық үлгіде болады. Біздің тұжырымдама сіздердікіне ұқсамайды. Бұл «сяокан чжицзя» болмақ», – деген (Дэн Сяопин,1993). Сөзбе-сөз, тікелей аударатын болсақ, бұл – «сяокан отбасы», яғни қытай отбасының сапалы өзгерісіне бағыт алуы дегенді білдіреді. Дэн Сяопин 80-жылдардың басында сяокан қоғамына 2000 жылдары жетеміз деген. Ол үшін өмір сүру дәрежесінің белгілі бір көрсеткіштер жиынтығына қол жеткізу керек екендігі белгіленді. Дегенмен, сяокан бұл тек материалдық жағынан қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар «өмір сүру сапасын» арттыру талаптарына сай, қоғамның рухани даму үдерісімен тығыз байланысты екені даусыз.

Реформа жылдары ел экономикасының қарқынды дамуы қытай халқының өмір сүру деңгейінің, мәдени қажеттіліктерінің өсуіне, тұрғын үй мәселесінің біртіндеп шешілу, халық тұрмысының жақсаруына әкелді. Халықтың тұрмысының жақсаруы, олардың дұрыс тамақтануына әсерін тигізді, ақуыз, минералдар мен витаминдерге бай жақсы тамақтар рационына еніп, уақытылы, әрі жақсы тамақтана бастады.

Сонымен қатар, бұрындары тек көк және сұр түсті киім киетін қытайлар енді тек Қытайда өндірілген тауарлар мен киімдерді пайдаланып қана қоймай, импорттық тауарлар мен сәндік бұйымдарды кеңінен қолданды.

Бұл-Дэн Сяопин ұсынған социалистік модернизацияның, яғни миллиард халықты тамақ пен киіммен қамтамасыз ету мәселелерін шешудегі бірінші қадамының (вэньбао шуйпин) айқын жемісі.

Қытай 2020 жылға қарай орташа ауқаттылық қоғамын(сяокан) құрып және XXI ғасырдың ортасына қарай Дэн Сяопиннің «үш қадамдық» стратегиясына сәйкес орташа дамыған елдердің қатарына қосылатынына сенімді. Бұл дегеніміз қытай ұлтын армандаған мақсатына, яғни ұлы жаңару дәуіріне жеткізу болып табылады. Модернизацияның негізгі мақсаты да осы.

Қытайдың социалистік модернизацияны іске асырудағы жетістіктері.

Тарихтан белгілі Қытай өзінің ұлттық даму жолын табуда үнемі ізденіс үстінде келеді. Ол XIX ғасырдың ортасында батыс елдерінен артта қалғанын, әлсіздігін мойындай отырып, «Өзін-өзі күшейту саясатын» жүргізу арқылы «күшті мемлекет, бай халық» құру идеясын алға қойған болатын. Сол кезеңде батысқа еліктейміз деп жүріп, ұлттық болмысымыздан айырылып қалмайық деген мәселені алға тартқан қытай идеологы Чжан Чжидун: «Біздің еңбек құралымыз ғана батыстыкі болып, ал негізіміз қытайлық болып қалу керек» – деді. Содан бері екі ғасыр өтсе де, қанша төңкерісті бастан кешіріп, реформалар жүргізілсе де қытайлар осы идеядан танбай келеді.

Биыл Дэн Сяопиннің басшылығымен жүргізілген реформалардың басталғанына тура 40 жыл толды. Тарихи тұрғыдан алғанда бұл аз уақыт емес. Дегенмен, осындай мерзім ішінде Қытайдың көзге қораш көрінетін, артта қалған тұрпайы тіршілік көріністерінен тез арылып, жаңа сипаттағы дамыған, әлем санасатын елге айналуы кез келген елдің қолы жете бермейтін үлкен жетістік екені даусыз.

Қытай үшін модернизация бұл – оның өндірісі, ауылшаруашылығы, ғылымы, мәдениеті дамыған, қызмет көрсету аясы жетілген, халқының өмір сүру деңгейі жоғары, қорғанысы мықты мемлекетке айналу. Ал осы мақсатқа қол жеткізу үшін елдегі жоқшылық пен кедейлікті, сауатсыздықты, қала мен ауыл халқының мәдениеті, теңіз жағалауы мен батыс аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды түпкілікті жою басты міндеттері болып табылады. Яғни, сяокан қоғамы дәрежесіне көтеру.

1980 жылы ҚХР-да жалпы ішкі өнім өндіру шамамен 283,3 млрд АҚШ долларына тең бо-

лып, әлемде 8-ші орынға ие болды. Бірақ ҚХР-дың халқының көптігіне байланысты, жалпы ішкі өнім өндіру көлемін жан басына шаққандағы мөлшермен алғанда оны 151 орынға кері шегеріп тастады (Гельбрас В., 2007).

XX ғ. соңындағы ұлттық жалпы өнім өндіруді 4 есеге арттыру арқылы оның мөлшерін 1140 млрд. долларға жеткізіп, ҚХР әлемде 5-ші орынға көтерілді, жан басына шаққандағы мөлшермен 75-ші орынға келді. 2000 жылға қарай Қытай жоспарды асыра орындап, жалпы ұлттық өнім өндіруді 20 жыл ішінде 4 есе емес, 6,5 есеге жеткізді, сондай-ақ жан басына шаққандағы табыс мөлшерін еселей отырып, әр тұрғынға шаққандағы тұтынудың орташа мөлшерін 1980 жылғы 227 юаннен, 2000 жылы 616 юанге жеткізді (Zi Zhongyun)

«Орташа тұрмыстық деңгейге жеткізу» мақсатын алға дамыта отырып, ҚКП-ның жүз жылдығына, яғни 2021 жылға қарай «Жалпыға бірдей ауқаттылық» деңгейін қамтамасыз ету көзделді. Ал ҚХР-дың жүз жылдығына, яғни 2049 жылға қарай елді орташа дамыған елдердің қатарына жеткізу және Қытайды аса қуатты социалистік мемлекетке айналдыру мақсаты алға қойылды.

Реформалық кезеңнің өткен жылдарында Қытайда орасан зор тарихи өзгерістер жүзеге асырылды. Қытай жалпы ұлттық өнім өндіру мөлшері бойынша әлемде екінші орынға көтерілді, 2012 жылы оның жалпы ішкі өнім өндіру көлемі 51,932 трлн юанге, немесе 8,25 трлн. АҚШ долларына жетті. (Селищев А.С., Селищев Н.А. 2004) Әлемдік валюта қорының болжамы бойынша Қытай 2017 жылы-ақ сатып алу қабілеттігінің сәйкес деңгейіне орай әлемде 1-ші орынға шығу мүмкіндігі болжанды.

ҚКП XVI съезінде «сяокан қоғамын жан-жақты құру» жоспары ұсынылды. Ол бойынша «жалпы сяоканнан» (总体小康цзунти сяокан) «全面小康жан-жақты сяоканға» (чуан миен сяокан) өту, яғни төменгі деңгейлі сяоканнан жоғары деңгейлі сяокан қоғамына өту көзделген. (Цзянь Цзэмин)

Осы мақсатты жүзеге асыруда ҚКП қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгертуді, бұқара халықтың санын азайтып, олардан орта тап өкілдерін қалыптастыруды көздеді. Бұл үрдісті іске асыруда елді кенттендіруге ерекше мән берілді. Қытай сияқты алып елде ауыл тұрғындарын қалаға көшіру барысында экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыс туындамас үшін, атқарылатын шараларды кешенді түрде жүзеге асыруға баса назар аударды. Мысалы, ауыл азаматтарына қалада сұранысқа ие, қажетті мамандықтарды игеруіне жағдай жасау, оларды жұмыспен қамту, қалаға қоныс аударылған тұрғындардың ортаға икемделуін қадағалап, тіркеуге тұруына шектеулер қоймау сияқты маңызды қадамдар жасалды.

ҚКП XVII съезінде Ху Цзиньтао Қытайдағы жарасымды қоғамды қалыптастыру идеясы тұрғысынан маңызды партиялық доктрина ретінде «дамуға ғылыми көзқарас» немесе «ғылыми даму тұжырымдамасын» ұсынды (Материалы XYII Всекитайского съезде КПК, 2007).

Оның негізгі дәйектері Мао Цзедунның идеясы мен Дэн Сяопиннің қытайлық және шетелдік тәжірибені ортақ игеру негізінде дамудың жаңа талаптарын қалыптастыру теориясына сай келеді. «Ғылыми даму тұжырымдамасында» экономиканың дамуының экстенсивті әдістерінен интенсивті әдістеріне көшу қажеттігі дәйектелген, яғни, бұл ғылым мен техниканың, жалпы экономика мен қоғам дамуының инновациялық үлгілеріне көшу деген сөз. Бұл тұжырымдаманы ҚКП-ның «қытайлық ерекшелікке ие социализмді құру мен жүзеге асыруда ұстанатын маңызды стратегиялық идеясы» деп қарастырды.

«Ғылыми даму тұжырымдамасының» басты мазмұны – даму, басты талаптары – жан-жақтылық, үйлесімділік пен тұрақтылық. Даму мен әлеуметтік үйлесімділік орташа дәулетті қоғам, яғни сяокан қоғамын құрудың негізі.

Осы съезде қытайлық ерекшелікке ие социализмнің теориясында «құрылудан» «дамуға» көшуді ұсынады, «қытайлық ерекшелікке ие социализмді құрудың» орнына «қытайлық ерекшелікке ие социализмді дамытуға» шақырады (Титаренко, М.Л., 2013).

2012 ж. ҚКП XVIII съезінде ҚХР-дың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2011-2015 жылдарға арналған 12-ші бесжылдық жоспары бойынша 2020 жылы жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім өндіру көлемін 2 есеге ұлғайту, жұмыспен қамту, білім беру мен денсаулық сақтау деңгейін көтеру, әлеуметтік сақтандыруды өсіру арқылы БҰҰ-ның «адамзат әлеуетінің даму индексі» көрсеткіштеріне сәйкес, Қытайды 81-ші орыннан әлемнің жетекші 50 елінің қатарына енгізу сияқты міндеттер қойылды.

Осылайша, «орташа ауқатты» (сяокан шэхуэй) қоғамын құру жоспарын орындап, енді келесі қытайлық ерекшелігі бар социализм құру жолындағы «жалпыға бірдей гүлдену» (фуюй шэхуэй) қоғамын құруға бет алмақ.

ҚКП XVIII съезінде Ху Цзиньтао өз баяндамасында Қытайдың «қытайлық сипаттағы социализмді құру» жолынан айнымайтындығын

және ҚХР-дың жүз жылдығына қарай ҚКП-ның басшылығымен «бай, қуатты, демократиялық, өркениетті және үйлесімді жаңартылған социалистік мемлекет» құру мақсатын көздейтіндігін жария етті (Ху Цзиньтао, 2012 *Полный текст доклада*).

Ху Цзиньтао: «Қазіргі таңда біздің еліміз орташа дәулетті қоғамды құру мен социалистік модернизацияны жеделдету жолында күресуде, Сунь Ятсен мен өзге де Синьхай төңкерісінің өкілдерінің көптен күткен армандары, Қытайдың өрлеуі туралы үміттері орындалып жатыр, әлі де орындалу үстінде. Қытай ұлтының жандауын бұрын-соңды болмаған жарқын болашақ күтуде», – деп атап көрсетті (Ху Цзиньтао, 2007)

2017 ж. ҚКП XIX съезіндегі Си Цзиньпиннің баяндамасында осы қытайлық даму жолы жан-жақты айқындалады.

«Толықтай «сяокан» қоғамын құрудың жеңісті жолдары мен «қытайлық ерекшелікті социализм» идеясын жаңа кезеңде қайта жаңғыртудың ұлы жеңісі» деген баяндамасында Қытайлық даму жолын көрсетіп, саясатының басты мәні – «қытайлық ерекшелікті социализм» идеясын дамыту екенін тағы бір айқындады.

ҚКП XIX съезінде сөйлеген сөзінде Си Цзиньпин, бес мың жылдан астам тарихы бар қытай халқы өз өркениетін қалыптастырып, адамзаттың дамуына үлкен үлес қоса отырып, ұлы ұлтқа айналды деп атап көрсетті (Xi Jinping, 2017*19th CPC National Congress*). Қытай халқының ұлы жаңғыруы – қытай халқының ең үлкен арманы. Бұл арманды жүзеге асыру үшін үлкен бағдарлама керек. Бұл – ҚКП бағдарламасы. ҚКП басшылығынсыз ұлттың жаңғыруы утопия болар еді. Өзінің құрылған сәтінен бастап, ҚКП коммунизмді жүзеге асыруды өзінің жоғарғы идеясы мен түпкі мақсаты ретінде қарастырды. ҚКП қытай ұлтының ұлы жаңаруын тарихи миссиясы ретінде орындауда. Осы миссияны орындау барысында түрлі жеңістер мен жеңілістерге қарамастан, мақсатқа жету үшін ұмтылуда.

Тағы да, «қытайлық арманды» жүзеге асыруда Қытай міндетті түрде «қытайлық дара жолмен» жүруі тиіс. Ал «қытай жолы» дегеніміз – «қытайлық ерекшелікті социализм» жолы. Бұл жолдың қалыптасуы біздің еліміз үшін оңайға соққан жоқ, яғни қытай жолы – соңғы қырық жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан реформаның ұлы тәжірибесі» – деді (Novoseltsev SV, (2016)).

ҚКП қытай халқын біріктіретін революциялық жолды тапты. Партия қытай ұлтының ұлы жаңаруын жүзеге асыру үшін озық әлеуметтік жүйені құру қажет екенін түсінді, социализмнің негізгі институттарын құрды және социалистік құрылысты дамытты. Қытай халқының тағдырының түбегейлі өзгеруі жаңа кезеңге үлкен қадам жасап, қытайлық ерекшелікке ие социализмге жол ашты. Қытайлық ерекшелікке ие социализм жолы – халықтың тамаша өмірін жасау жолы.

Бұл мақсатты екі кезеңде жүзеге асырмақ. Бірінші кезең 2020-2035 жылдары орташа дәулетті қоғам құру ісін аяқтап, социалистік жаңғыртуды жүзеге асыру. Қытай технологиялық тәуелсіздікке қол жеткізеді және әлемдік деңгейдегі инновациялық технологиялар доноры бола алады. Осы негізде, ол негізгі мемлекеттік қызметтерге (зейнетақы және медициналық көмек) қол жеткізілуін қамтамасыз етуді, қаланың дамуын азайта отырып, ауылдық аймақтардың дамуын, орташа табысы бар халықтың үлесінің айтарлықтай өсуін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Осы жылдары «жұмсақ күш» те өседі. Екінші кезең 2035-2050 жылдары социалистік жаңғыртуды аяқтап, халықтың өңірлік дамуын еңсере отырып, «әмбебап гүлдену» қоғамына жетеміз деген нақты бағытты ұстануда.

Си Цзиньпин «Қытайлық ерекшелігі бар социализмнің» 14 принципін нақты түрде көрсете отырып, елінің осы принциптер негізінде дамитындығын мәлімдеді. Онда партияның көшбасшылығын бекіте келе, «халық – бұл орталық» ұстанымы негізінде, оның тарихты құрушы, партия мен мемлекеттің болашағы мен тағдырын анықтайтын негізгі күш ретінде халықтың мәртебесін сақтай отырып, халыққа жанқиярлықпен қызмет етуді міндеттеді (Xi Jinping, 2017,*19th CPC National Congress*). Реформаны тереңдету, марксистік идея мен социализм жүйесін дамыта отырып, заманауи талаптарға сай келмейтін кез келген көзқарастар мен ұғымдарды жою және социалистік жүйенің артықшылықтарын анықтау қажеттігіне баса назар аударды. Қытайлық ерекшелікке ие социализм бойынша ҚКП басшылығымен көппартиялы ынтымақтастықты, аймақтық этникалық автономия институтын, сондай-ақ халықтың өзін-өзі басқару институтын жетілдіру, дамыту және нығайту керектігін; социалистік консультативтік демократияны дамыту, демократия институттарын жетілдіру, оның нысандарын әртараптандыру және оның арналарын кеңейту, мемлекеттің саяси және қоғамдық өмірінде елдің иесі ретінде халықтың позициясын қамтамасыз етуді; мемлекеттік басқарудағы заң үстемдігін толық сақтау, қытайлық ерекшелігі бар социалистік

құқықтық жүйені құру және социалистік құқықтық теорияны дамыту; адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сақтау; мемлекеттік қауіпсіздіктің кешенді тұжырымдамасын жүзеге асыруды жалғастыру, қауіпсіздік, қауіп-қатерлердің алдын алу және сақтық шараларын жүзеге асыру; халықтық армияның көшбасшылығын сақтап, халық армиясын құру, әскери реформаларды жүзеге асыра отырып, әскерді нығайту; «бір мемлекет – екі жүйе» концепциясы негізінде Тайвань мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың бейбіт дамуын, экономикалық ынтымақтастықты және мәдени алмасуларды тереңдету; партияның жұмыстарының барлық аспектілерін бірыңғай жоспарлау негізінде жүзеге асыру, партия ішкі саяси мәдениетті насихаттаушы, жемқорлықпен күрес жүргізу керектігін мықтап бекітті (Xi Jinping, 2017*19th CPC National Congress*).

Қазіргі қытай билігі осы принциптерді жүзеге асыра отырып, халықтың дамуына жағдай жасауды көздеуде. Бүгінгі таңдағы әлемнің қарқынды дамуы, үлкен өзгерістерге әкеп отыр. Бұл Қытайдың барлық саланы қарқынды дамыту туралы жоспарын қабылдауына түрткі болды. Қытай өкіметі бұл мақсатқа тек көпұлтты халықты бір тудың астында біріктіріп, ерен еңбек етудің арқасында ғана қол жеткізе аламыз деп отыр. Өйткені қазіргі кезде жиі айтылып жүрген «қытайлық ерекшелігі бар социализмнің» жаңа дәуірі Қытай халқының арманын орындау. Си Цзиньпин «Қытайдың XXI ғасырдың ортасына қарай Ұлы заманауи социалистік державаға айналатындығын және бастапқы кезеңдегі Қытай коммунистерінің мақсаты – қытай халқының бақыты үшін, қытай ұлтының қайта өрлеуі үшін жұмыс жасау» – екендігін жариялаған болатын (Xi Jinping, 2017). Біз бұдан Қытайды қайта өркендету дәуірінің қайта басталғандығын көре аламыз.

Қорытынды

Идеология, саясат, экономикадағы жиырма жылдық солшылдықтың үстемдігінен кейін Қытай алдында пайда болған мәселелердің ауқымдылығы мен қиыншылығы табиғи нәрсе болды. Мемлекет басшылығының жоғарғы эшелондарында экономикалық трансформация бойынша бірауыздылықтың жоқтығы, нашар бастапқы шарттар модернизация мен реформаларды жүзеге асыру үлгілерін іздестіруде көптеген қиындықтарға алып келді. Бұл бағыттағы ізденістер негізінен даму, реформа, ашықтық, дәстүр, социализм сынды ұғымдармен анықталады. Алғашқы екі компонент негізгі, құрылымды қалыптастырушы болып келді. Алайда басқа компоненттерді ескермеуге де болмайды, себебі оларсыз Қытайдағы реформалар кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық үрдістерді толыққанды түсіну мүмкін емес.

Модернизацияның ұлы мақсаттарына сәйкес келетін және мемлекеттің шынайы мүмкіндіктерін ескеретін экономикалық дамудың стратегиялары мен тактикаларын іздестіру Қытайды теория мен практика жүзінде дамудың оптималды бағыттары, экономикалық саясаттағы дамудың қысқамерзімді, ұзақмерзімді мақсаттарының сәйкестілігі сияқты сауалдарға жауап іздеуге мәжбүрледі. Модернизация, реформалар мен ашық есік саясатының әсері негізінде Қытайда басым болып отырған социализм туралы түсініктер үлкен өзгеріске ұшырады.

Өзінің негізгі көрсеткіштері бойынша «қытайлық үлгі», әрине сөзсіз, «дамудың қуып жетуші үлгісі» болып табылады. Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуының ең мықты тұстарына дамудың стратегиялық, ұзақмерзімді мақсаттарға бағытталғандығын, үлкен көлемдегі мәселелерді шеше алу қабілетін, мемлекеттің объективті шарттарын есепке ала алу деңгейін, ішкі және сыртқы өзгерістерге тез арада бейімделе алу мүмкіндіктерін жатқызуға болады.

Қытай әлемдік рынокта өз орнын сақтап қана қоймай, дәрежесін көтеруге, Дэн Сяопин ұсынған «қытайлық ерекшелікті социализм» идеясын жаңа талаптармен қайта жандандыра отырып, «бір мемлекет – екі жүйе» саясатын қайта жүзеге асыру арқылы Тайвань мәселесін шешіп, елді біріктіріп, ақпараттық-технологиялық дамуды жаңа қарқынмен бастап, қытайлық бастамаларды жандандыруда табысқа жетуге талпынады.

Өзгерістердің қытайлық тәжірибесінің концептуалды жағы және Қытайда реформалар стратегиясы мен тактикасын жасап шығару Қазақстан үшін өте құнды болып табылады. Нарыққа өтудің қытайлық нұсқасының оң мен теріс жақтарының қазақстандық реформаларға берері көп болады деп сенеміз.

Әдебиеттер

Сунь Цзы. (2017). Искусство войны. – М.: АСТ, 1019.

Zi Zhongyun. The Relationship of Chinese Traditional Culture to the Modernization of China: An Introduction to the Current Discussion Author(s): // http://www.jstor.org/stable/2644682

Портяков В. (2013). Есть ли у Китая шансы не застрять «в ловушке средних доходов?» // Мировая экономика и международные отношения. – № 6. – С.124-128.

Гельбрас В. (2007). Цена экономических успехов Китая // Мировая экономика и международные отношения. – № 9. – С.26-34.

Островский А. (2013). XYIII съезде КПК: как обеспечить построение общества «сяокан» («малого благоденствия») в Китае// Проблемы Дальнего Востока. – №12. – С.25-35.

Смирнов Д.А. (2005). Идейно-политические аспекты модернизации КНР: от Мао Цзэдуна к Дэн Сяопину. – М.: ИДВ РАН. – 323 с.

Коренкова О.О. (2013). 18 съезд КПК КНР: подтверждение курса на строительство державы человеческих ресурсов // Актуальные проблемы развития КНР в процессе ее регионализации и глобализации: материалы V Международной научно-практической конференции. − Чита: ЗабГУ. − С. 49-54.

Бергер Я.М. Модернизация и традиции Китая //russ- chinfrien.narod.ru

19 съезд КПК укрепит развитие социализма с китайской спецификой// www.veme.news

Дэн Сяопин.(1997). Строительства социализма с китайской спецификой. – М.: МП «Полея». – С. 479.

共同努力，实现祖国统一(Общими усилиями добиваться единства родины)// 邓小平文选 (1993). (Избранные сочинения Дэн Сяопина). – Пекин. – Т.3. – С.102.

Селищев А.С., Селищев Н.А. (2004). Китайская экономика в XXI веке. – СПб.: Питер. – С. 240.

Доклад Цзянь Цзэмина на XYI съезде КПК «Всесторонне вести строительство среднезажиточного общества и создавать новую обстановку для дела социализма с китайской спецификой»// russian.cpc. people. com. cn /5774860/index.html

Материалы IV пленума ЦК КПК XVI созыва. Сент. 2004. http://cpc.people.com.cn/GB

Материалы XYII Всекитайского съезда КПК (15 октября 2007года)// www.russian.xinhuanet/com

Доклад генерального секретаря ЦК КПК Ху Цзиньтао на XYII съезде КПК//www.russian.china.org/cn/china/archive/shiqida/2007-10/25/content _9120 930_22.htm

Полный текст доклада, с которым выступил Ху Цзиньтао на XYIII съезде КПК//Russian.people.com.cn/31857/206269/index.html

Ху Цзиньтао. Высоко неся великое знамя социализма с китайской спецификой, бороться за новую победу в деле полного построения среднезажиточного общества. Доклад на XVII Всекитайском съезде КПК 15 октября 2007 г.//russian.people.com.cn

Титаренко, М. Л. (2013). О феномене китайского социализма : (размышления по поводу дискуссий о китайском социализме и итогов XVIII съезда КПК) / М. Титаренко [Текст] // Проблемы Дальнего Востока. – № 2. – С. 3-24

Full text of Xi Jinping's report at 19th CPC National Congress// http:// www.chinadaily.com.cn/china/ 19thcpcnationalcongress/2017-11/04/content_34115212.htm

CPC creates Xi Jinping Thought on Socialism with Chinese Characteristics for a New Era// http://www.chinadaily.com.cn/china/19thcpcnationalcongress/2017-10/19/content _33438132.htm

Новосельцев С.В.(2016) Концепция «китайской мечты» и ее практическое применение // Comparative politics. – 1(22). – 5-21 p.

Чжунго дицюй сяньдайхуа дэ фэньбу хэ цзегоу // 2004 нянь Чжунго сяньдайхуа баогао= Зонирование и структура региональной модернизации КНР // Доклад о региональной модернизации Китая (2004 г) //http://www.china.com.cn/chinese/zhuanti/2004xdh/505635.htm

References

Sun' TSzy. (2017) Iskusstvo voyny, [The Art of War]10-19.

Zi Zhongyun. The Relationship of Chinese Traditional Culture to the Modernization of China: An Introduction to the Current Discussion Author(s): // http://www.jstor.org/stable/2644682

Portyakov V. (2013) Yest' li u Kitaya shansy ne zastryat' «v lovushke srednikh dokhodov?» [Does China have a chance not to get stuck "in the trap of average incomes?"] // World Economy and International Relations. No. 6.-C.124-128

Gelbras V. (2007) Tsena ekonomicheskikh uspekhov Kitaya [The Price of China's Economic Success] // World Economy and International Relations -№ 9.-C.26-34.

Ostrovsky A. (2013) XVIII s"yezde KPK: kak obespechit' postroyeniye obshchestva «syaokan» («malogo blagodenstviya») v Kitaye. [XIII Congress of the CPC: How to Ensure the Building of a "Xiaokang" Society ("Small Prosperity") in China // Problems of the Far East .- No. 12.-P.25-35

Smirnov D.A.(2005) Ideyno-politicheskiye aspekty modernizatsii KNR: ot Mao TSzeduna k Den Syaopinu. [The ideological and political aspects of the modernization of the PRC: from Mao Zedong to Deng Xiaoping.]// – Moscow: RAS IFES.- 323pages.

Korenkova O.O. (2013). 18 s"yezd KPK KNR: podtverzhdeniye kursa na stroitel'stvo derzhavy chelovecheskikh resursov[he 18th Congress of the CPC of the PRC: Confirmation of the Course on the Construction of a Power of Human Resources] // Actual

Problems of the Development of the PRC in the Process of its Regionalization and Globalization: Proceedings of the V International Scientific Practical Conference. – Chita: ZabGU.– P.49-54

Berger YA. M. Modernizatsiya i traditsii Kitaya [Modernization and traditions of China]//russ- chinfrien.narod.ru

Syezd KPK ukrepit razvitiye sotsializma s kitayskoy spetsifikoy [The CCP Congress will strengthen the development of socialism with Chinese characteristics] // www.veme.news

Deng Xiaopin.(1997). Stroitel'stva sotsializma s kitayskoy spetsifikoy.[Building socialism with Chinese characteristics] – M.: MP «Poleya», 479 C.

共同努力，实现祖国统一(Obshchimi usiliyami dobivat'sya yedinstva rodiny)[共同努力 ， 实现 祖国 统一 (By common efforts to achieve the unity of the motherland)]// // 邓小平 文选 (1993) (Selected Works of Deng Xiaoping)-Pekin,-T.3.- C.102

Selishchev A.S., Selishchev N.A. (2004). Kitayskaya ekonomika v XXI veke.[China economy in the XXI century] – Spb:Piter,.-240.

Doklad Jiang Zemina na 16 s"yezde KPK «Vsestoronne vesti stroitel'stvo srednezazhitochnogo obshchestva i sozdavat' novuyu obstanovku dlya dela sotsializma s kitayskoy spetsifikoy» [Report of Jiang Zemin at the XI Congress of the CPC "Comprehensively conduct the construction of a moderately prosperous society and create a new environment for the cause of socialism with Chinese characteristics"]// russian.cpc. people. com. cn /5774860/index.html

Materialy IV plenuma TSK KPK XVI sozyva. Sent. 2004.[Materials IV plenum of the Central Committee of the CCP XVI convocation. St 2004.] http://cpc.people.com.cn/GB

Materialy XVII Vsekitayskogo s"yezde KPK (15 oktyabrya 2007goda) [Materials of the XVIIth All-China CPC Congress (October 15, 2007)] // www.russian.xinhuanet/com

Doklad general'nogo sekretarya TSK KPK Hu Jintao na XVII s"yezde KPK[Report of the Secretary General of the Central Committee of the CPC, Hu Jintao, at the XVIth Congress of the CPC] //www.russian.china.org/cn/china/archive/shiqida/2007-10/25/content _9120 930_22.htm

Polnyy tekst doklada, s kotorym vystupil Hu Jintao na 18 s"yezde KPK [The full report delivered by Hu Jintao at the XVIIIth Congress of the CPC] // Russian.people.com.cn /31857 /206269/ index.html

Hu Jintao. Vysoko nesya velikoye znamya sotsializma s kitayskoy spetsifikoy, borot'sya za novuyu pobedu v dele polnogo postroyeniya srednezazhitochnogo obshchestva. [Hujingtao. Highly carrying the great banner of socialism with Chinese characteristics, to fight for a new victory in the complete construction of a moderately prosperous society.] Report at the XVII All-Chinese Congress of the CPC October 15, 2007.//russian.people.com.cn

Titarenko, M. L. (2013). O fenomene kitayskogo sotsializma : (razmyshleniya po povodu diskussiy o kitayskom sotsializme i itogov XVIII s"yezda KPK) [On the phenomenon of Chinese socialism: (reflections on the discussions about Chinese socialism and the outcome of the 18th CPC Congress)] / M. Titarenko [Text] // Problems of the Far East. – № 2. – p. 3-24

Full text of Xi Jinping's report at 19th CPC National Congress// http:// www.chinadaily.com.cn/china/ 19thcpcnationalcongress/2017-11/04/content_34115212.htm

CPC creates Xi Jinping Thought on Socialism with Chinese Characteristics for a New Era// http://www.chinadaily.com.cn/china/19thcpcnationalcongress/2017-10/19/content _33438132.htm

Novoseltsev SV (2016) Kontseptsiya «kitayskoy mechty» i yeye prakticheskoye primeneniye.[The concept of the "Chinese dream" and its practical application.] // Comparative politics – 1 (22) .- 5-21 p

Чжунго дицюй сяньдайхуа дэ фэньбу хэ цзегоу //2004 нянь Чжунго сяньдайхуа баогао= [Zoning and structure of the PRC regional modernization] // Report on China's Regional Modernization http://www.china.com.cn/chinese/zhuanti/2004xdh/505635.htm

МРНТИ 23.51

Джубатова Б.Н.[1], Рахимжанова Қ.[2]

[1]Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bjubatova@gmail.com
[2]Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: rahimzhanovak@gmail.com

МАМЛЮКОВЕНИЕ В ЕВРОПЕ И США

Цель статьи – дать обзор эпохи мамлюкского правления на Ближнем Востоке (около 1100-1500 гг.) в Европе и США, где мамлюковедение состоялось как самостоятельная область науки. В развитии мамлюковедения на Западе важную роль играют такие научные организаций, как Ближневосточный центр документации в Чикагском университете (MEDOC), Центр «История и общество в эпоху мамлюков (1250–1517)» имени Анны Марии Шиммель Коллег в Университете Бонна (Германия) и «Школа мамлюковедения», организованная усилиями ученых Чикаго (США), Льежа (Бельгия) и Венеции (Италия). В упомянутых учреждениях осуществляются проекты, как организация ежегодных конференций, проведение семинаров, выпуск научного журнала «Обзор исследований мамлюков», онлайн-библиография мамлюковедения, онлайн-энциклопедия мамлюковедения, интерактивные онлайн-карты мамлюкского Султаната, веб-ресурс Mamluk Mint Series (Мамлюкская Монетная Серия), разработка и программирование базы данных арабского перевода на английский язык. Предоставленная информация будет полезна для исследователей, ученых и студентов в поиске материалов по истории и культуре мамлюков, а также для руководителей центров в качестве европейского образца для развития деятельности в перспективе.

Ключевые слова: мамлюковедение, центры мамлюковедения, Школа мамлюковедения, конференция, научный журнал, онлайн-карты, онлайн-энциклопедия.

Jubatova B.[1], Rakhimzhanova K.[2]

[1]al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: bjubatova@gmail.com
[2]al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: rahimzhanovak@gmail.com

Mamluk Study in Europe and USA

The aim of the article is to provide an overview of the study of the Mamluk era in the Middle East (about 1100-1500) in Europe and the USA, where Mamluk studies took place as an independent field of science. In the development of Mamluk studies in the West an important role play such scientific organizations as the Middle East Documentation Center at the University of Chicago (MEDOC), the Center of History and Society at the Mamluk Era (1250–1517) named after Anna Marie Schimmel Kolleg at the University of Bonn (Germany) and School of Mamluk Studies, which was organized by the efforts of scientists from Chicago (USA), Liege (Belgium) and Venice (Italy). The organizations mentioned carry out projects such as organizing annual conferences, conducting seminars, publishing the scientific journal Mamluk Studies Review, online bibliography of Mamluk Studies, online encyclopedia of Mamluk Studies, interactive online maps of the Mamluk Sultanate, web resource Mamluk Mint Series, development and programming of a database of Arabic translation into English. The information provided will be useful for researchers, scientists and students in the search of materials on the history and culture of Mamluks, as well as for the leaders of the centers as a European model for the development of such activities in the future.

Key words: Mamluk Studies, Mamluk Studies centers, School of Mamluk Studies, conference, scientific journal, online maps, online encyclopedia.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Жұбатова Б.Н.[1], Рахимжанова К.[2]
[1]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: bjubatova@gmail.com
[2]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: rahimzhanovak@gmail.com

Еуропа мен АҚШ-тағы мәмлүктану

Мақалада Таяу Шығыстағы мәмлүктер дәуірінің (шамамен 1100-1500 жж.) Еуропа мен АҚШ мәмлүктанушылары тарапынан зерттелуіне шолу жасалады. Батыстағы мәмлүктанудың ғылымның дербес саласы ретінде қалыптасуына Чикаго университетіндегі Таяу Шығыс құжаттандыру орталығы (АҚШ), Бонн университетіндегі (Германия) Анна-Марии Шиммель Коллег атындағы «Мәмлүктер дәуіріндегі қоғам мен тарих (1250–1517)» орталығы және Чикаго (АҚШ), Льежа (Бельгия) және Венеции (Италия) ғалымдарының күшімен құрылған «Мәмлүктану мектебі» үлкен рөл атқарады. Аталған құрылымдарда түрлі жобалар іске асуда, атап айтқанда жыл сайын ғылыми конференциялар, семинарлар ұйымдастырылып, өткізіледі, «Мәмлүктану зерттеулеріне шолу» ғылыми журналы шығып тұрады, мәмлүктанудың онлайн-библиографиясы мен онлайн-энциклопедиясы құрастырылған және ол әлі толығуда, мәмлүктер Сұлтанатының интерактивті онлайн-карталары жасалуда, Mamluk Mint Series (Мәмлүк Монеталарының Сериясы) веб-ресурсы құрастырылған, сонымен бірге араб тілінен ағылшын тіліне аударылған мәліметтер базасын программалау және жасау да қарастырылған. Келтірілген ақпараттар ғалымдарға, зерттеушілер мен студенттерге мәмлүктер кезеңіне қатысты материал іздеуде көмектеседі, сондай-ақ ғылыми орталықтардың жетекшілеріне орталық болашағын жоспарлауға еуропалық үлгі ұсынады.

Түйін сөздер: мәмлүктану, мәмлүктану орталықтары, мәмлүктану мектебі, конференция, ғылыми журнал, онлайн-карталар, онлайн-энциклопедия.

Введение

Қорыта айтқанда, қажылықтың исламда ерекше және маңызды орны бар. Қажылық – мұсылмандардың өмірінде кем дегенде бір рет орындауы тиіс исламның бес парызының бірі. Қажылыққа қатысты барлық мәселелер, оның ішінде қажылықтың тәртібі мен заңдары Құранда, пайғамбар хадистерінде айтылып, ислам ғалымдарының ортақ келісімімен бекітілген. Белгілі талаптарға сай келетін мұсылмандар үшін қажылықты орындау міндетті түрде болып саналады. *Истита'а* – Али Имран сүресінің 97-ші аятында айтылған талаптардың бірі. Қасиетті Құран Кәрім аятына негізделген төрт мазһаб ғалымдарының қажылықтағы *истита'а* мағынасына берген бірнеше түсініктер бар. Бұған қоса, ғалымдар *истита'а* ұғымын бірнеше санаттарға бөлді. Шафиғи мазһабының ғалымдары *истита'а* ұғымын жеті түрлі мүмкіншіліктерге бөледі. Сонымен қатар, Малики ғалымдары *истита'а* тұжырымдамасын үш негізгі бөлікке бөлді. Ал ханафи ғалымдары *истита'аны* үш классификацияға бөледі. Ханбалидің ғалымдары туралы айтатын болсақ, олар қажылықтағы *истита'а* ұғымын одан әрі екі бөлікке бөліп түсіндіреді. Бұл түсіндірулер мұсылмандарға қажылықты орындау үшін қойылатын талаптардағы *истита'а* ұғымын түсінуге көмектесу мақсатымен жасалған. Қажылықты орындау міндеті тек шамасы келетін адамдарға жүктелгенімен, қажылықты өтеу үшін күш-қуат пен ұмтылыс әрбір мұсылманның ақыл-ойы мен жүрегінде жетілуі тиіс деген тұжырым жасауға болады.

References

Che Ngah, M. D. (2016). Inspirasi Haji: Rahsia yang Tersimpan. Selangor: Galeri Ilmu Sdn Bhd.

Lamin, M. (2012). Ke Arah Haji Yang Mabrur. Kuala Lumpur: Telaga Biru.

Al-Syaddi, 'Adil bin 'Ali. (2011). Maqasid al-Haj fi al-Quran al-Karim. Riyadh: Dar al-Watan for Publication.

Al-Zuhaili, W. (1985). Fiqh al-Islami wa Adillatuhu. Damsyik: Dar al-Fikri.

Abdullah, L & Jihatea, N. (2007). Bermazhab dan Fanatik Mazhab: Satu Sorotan Dalam Kerangka Amalan Bermazhab Syafi'i Masyarakat Melayu. Jurnal Fiqh, No.4, 103-118.

Ibn Manzur, Muhammad bin Mukarram. (1993). Lisan al-Arab. Beirut: Dar Sadir.

Al-Qurtubi, Muhammad bin Ahmad. (1964). al-Jami' li Ahkam al-Quran, Tafsir al-Qurtubi. Kaherah: Dar al-Kutub al-Misriyah.

Al-Tabari, Abi Ja'far Muhammad ibn Jarir. (2001). Tafsir al-Tabari jami' al-bayan 'an ta'wil ay al-Qur'an. Beirut: Dar Ihya al-Turath al-'Arabi.

Ibn Majah, Muhammad bin Yazid. (t.th). Sunan Ibnu Majah. Mesir: Dar Ihya al-Kutub al-Arabiyah.

Ibn Rusyd, Muhammad bin Ahmad. (2004). Bidayah al-Mujtahid wa Nihayah al-Muqtasid. Kaherah: Dar al-Hadis.

al-Syarbini, Muhammad bin Ahmad. (1994). Mughni al-Muhtaj ila Ma'rifah Ma'ani Alfaz al-Minhaj.Mesir: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah.

Al-Jaziri, Abdul rahman. (2003). Fiqh 'ala al-Mazahib al-Arba'ah. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah.

Al-Nawawi, Yahya bin Syaraf. (2005). al-Minhaj fi syarah Sahih Muslim. Beiurt: Dar al-Minhaj.

Ibn Qudamah, Abdullah bin Ahmad. (1997). al-Mughni. Arab Saudi: Dar 'Alim al-Kutub: Arab Saudi.

Al-Kasani, Abu Bakar bin Mas'ud. (1986). Bada'i al-Sana'i fi Tartib al-Syara'i. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah.

Ibn Hammam, Muhammad bin Abdul Wahid. (t.th). Fathu al-Qadir. Damsyik: Dar al-Fikri

Al-Manbaji, Ali bin Zakaria. (1994). al-Lubab fi al-Jam'u baina al-Kitab wa al-Sunah. Damsyik: Dar al-Qalam.

Abdul Kadir, M. N. (2010). Rahsia Haji: Falsafah dan Hikmahnya Menurut Al-Quran dan Sunah. Kuala Lumpur: Telaga Biru.

Al-Dasuki, Muhammad bin Ahmad. (t.th.). Hasyiyah al-Dasuki 'ala al-Syarhu al-Kabir. Damsyik: Dar al-Fikri.

ҒТАМР 17.09.91

Әбелдаев Ж. Ә.

1 курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Zheka75akim@gmail.com

ТҮРІКТІҢ ҚАЗІРГІ ТАРИХИ РОМАНЫ

Мақаланың мақсаты – қазіргі түрік әдебиетіндегі тарихи романдардың жазылу тарихына шолу жасау.

Міндеті – тарихи романдардағы ұлттық бірегейлік идеясының көтерілу мәселесі, тарихи романдардың идеялық-тақырыптық ерекшелігі және тарихи романдардағы тұлға бірегейлігі анықталады.

Тарихи роман – әдебиеттің сұранысқа ие және өміршеңдігін жоғалтпаған түрі болып есептеледі. Алғаш рет XIX ғасырдың алғашқы ширегінде ағылшын жазушысы Вальтер Скотт жазған тарихи роман мен түріктің алғашқы тарихи романы арасында шамамен елу жылдық уақыт мөлшері байқалады.

Тарихи романдар – тарихқа деген көзқарас тұрғысынан болсын, яки қиял тұрғысынан болсын, олардың танымалдылығы арта түссе де, ұзақ уақыт бойы әдеби тұрғыда зерттеу нысанына айнала қоймады. Мұндай ұстаным танымал тарихи романдарды есептемегенде, түрлі көзқарастардағы шығармалар жазылғанға дейін сол күйінде қала берді. Түрік әдебиетінде Тарық Бұғра және Кемал Тахирмен басталған жаңашылдықтар тарихи романдарға деген қызығушылықты арттырып, ұзақ уақыт бойы бұрынғылармен салыстырмалы түрде, қаламгерлердің тарихқа деген көзқарастары өзгеріп, оған мақтанышпен де, сыни көзбен де қарай бастады.

Мақалада түріктің қазіргі әдебиетіндегі тарихи романдардың даму барысы түрік қаламгерлері шығармашылығы негізінде қарастырылады.

Түйін сөздер: тарихи роман, ұлттық бірегейлік, түрік әдебиеті, түрікшілдік, постмодернизм, герменевтика, түрік прозасы.

Abeldaev. Zh.A.

1 year doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Zheka75akim@gmail.com

Modern Turkish Historical Novel

The aim of the article is to review the history of writing historical novels in modern Turkish literature.

The objectives of the article are to determine the issues of national identity in historical novels, ideological and thematic features and characterization of historical figures in historical novels.

Historical novel is a popular and irreplaceable type of literature. For the first time in the first quarter of the nineteenth century between the historical novel written by the English writer Walter Scott and the first Turkish historical novel there is about fifty years.

Historical novels, although their popularity is growing, both from the point of view of history, and from the point of view of imagination, for a long time did not become the object of literary studies. This position remained the same - apart from popular historical novels - as long as works of different views were written. The innovation that began in Turkish literature with Tarik Bugra and Kemal Tahir increases the interest in historical novels, for a long time in comparison with the past, has changed the attitude of writers to history, they began to consider this issue with pride and a critical eye.

The article deals with the development of historical novels in modern Turkish literature based on the works of Turkish writers.

Key words: Historical novel, national identity, Turkish literature, Turkism, postmodernism, hermeneutics, Turkish prose.

Абелдаев Ж.А.
докторант 1 курса, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Zheka75akim@gmail.com

Современный турецкий исторический роман

Целью статьи является обзор истории написания исторических романов в современной турецкой литературе.

Задачами статьи является определение вопросов национальной идентичности в исторических романах, идейно-тематические особенности и охарактеризация исторических личностей в исторических романах.

Исторический роман является востребованным и незаменимым видом литературы. В первой четверти XIX века между историческим романом, написанным английским писателем Вальтером Скоттом, и первым турецким историческим романом наблюдается примерно пятьдесят лет.

Исторические романы, хотя их популярность и возрастает, как с точки зрения истории, так и с точки зрения фантазии, в течение длительного времени не стали объектом литературного исследования. Такая позиция оставалась - не считая популярных исторических романов - до тех пор, пока не были написаны другие виды произведений. Новаторство, начавшееся в турецкой литературе с Тариком Бугра и Кемалем Тахиром, повышает интерес к историческим романам, в течение долгого времени по сравнению с прошлым изменилось отношение писателей к истории, они начали рассматривать этот вопрос с гордостью и критическим взглядом.

В статье рассматривается ход развития исторических романов в современной турецкой литературе.

Ключевые слова: истоический роман, национальная идентичность, турецкая литература, пантюркизм, постмодернизм, герменевтика, турецкая проза.

Кіріспе

Түрік герменевтикасының даму заңдылықтары сол қоғамның түрлі көзқарастағы саясиидеологиялық бағыттарымен астасып, сол бағыттар негізінде жаңа туындылар дүниеге келіп жатыр. Түрік прозасы туралы ұзақ-сонар сөз қозғауға болады. Біздің мақаламыздың мөлшері оның бәрін қозғауға шамасы жете қоймас. Дей тұрғанмен, қазіргі түрік прозасының дамуы, әсіресе роман жанрының кең етек жаюы, XIX ғасырға дейін түрік әдебиетінде үстемдік құрып келген поэзияның сәл де болса прозаға өз орнын босатуы, көптеген қаламгердің прозаға қарай ауысуына түрткі болды. Бұл поэзияның құрдымға кетті дегенін білдірмейді. Поэзияда жаңа дәуірде жаңа қырынан дами түсті. Қай қаламгерді алып қарамаңыз, оның шығармашылығы міндетті түрде поэзиядан, яғни өлең өнерінен бастау алатындығы шындық.

Қазіргі кездегі түріктің тарихи романы өте кең танымал жанр болып отыр. Оның бүкілхалықтық танымалдылыққа ие болуының басты себебі – түрік халқының ұлттық бірегейлік идеясы ізденістері дер едік. Ал ұлттық бірегейлік идеясы – тарихтың тылсым құшағында тұмшаланып жатқан тың оқиғалар тізбегінде тізіліп жатқандығы хақ. Ол тарихқа қозғау салу, оны көркемдік-идеялық, әдеби-эстетикалық тұрғыдан таразылап, оқырман қауымның назарына ұсыну тарихи романның көтерер жүгі екендігі ақиқат. Өткен тарихтың даңқты беттерін парақтау арқылы халық санасына сілкініс әкелуде, оны жаңғыртуда ұлт зиялыларының атқарар рөлі зор. Әсіресе қаламгерлер қауымының тарихи шындықты халыққа ұсыну, ата-баба рухын қайта жаңғыртуды көркем әдебиет арқылы жүзеге асыруы мақтарлық іс болмақ.

Қазіргі түрік әдебиетінде тарихи роман түрінің кең етек алуына Сафие Ерол, Нахит Сырры Өрік, Тарық Бұғра, Кемал Тахир, Орхан Памук, Ескендір Пала сынды қаламгерлердің қосқан үлесі ерен. Сафие Еролдың «Жігер тілген» (1946), Н.С. Өріктің «Сұлтан Хамиттің тақтан түсуі», Тарық Бұғраның «Кіші аға» (1963), Кемал Тахирдің «Ел- ана» (1967), Орхан Памуктың «Менің атым Қырмызы» (1998) және «Ақ қамал» (1985), Ескендір Паланың «Шах-Сұлтан» (2016) тарихи романдары көпшілік оқырманның қуанышына бөленіп үлгерген шығармалар болып есептеледі.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында қажетті деректерді дайындау үшін тақырыптың көлеміне, өзектілігіне және мәліметтердің әралуандылығына баса назар аударылды. Тақырыптың методологиялық негізін отандық және шетелдік әдебиеттер құрап отыр. Қарастырылатын негізгі тақырыптар – қазіргі кездегі түрік әде-

биетіндегі тарихи романдардың даму барысы, түріктің тарихи романдарын түрік қаламгерлерінің шығармалары негізінде зерделеу, тарихи романдарға шолу жасау, түрік қаламгерлерінің тарихи романдарындағы ұлттық бірегейлік идеясының қарастырылуы мәселесі сөз болмақ. Әсіресе, қазіргі заманауи әдеби ағым ретінде түрік әдебиетіндегі постмодернизмді саралау, оның түрік қаламгерлері шығармаларындағы көрінісін баяндау тақырыпты ашуға өз септігін тигізеді.

Тақырыпқа қатысты әдебиеттердің ең негізгілерін түрік ғалымдарының іргелі зерттеулері құрады. Оларды мақала жазу барысында ғылыми талдаудан өткізу – зерттеудің басты міндеттерінің бірі болды. Олардың арасында айрықша түрік зерттеушілері Ахмет Кабаклының 5 томдық «Түрік әдебиеті» (1994), Инжи Енгинүннің «Жумхуриет кезеңіндегі түрік әдебиеті» (2010) және Әлемдар Ялчынның «Саяси-әлеуметтік өзгерістер тұрғысынан Жумхуриет кезеңі. Қазіргі түрік романы 1946-2000» (2005), Хулуси Гечгелдің «Жумхуриет кезеңі түрік әдебиеті» (2011) атты шығармалары құрады. Сондай-ақ, отандық ғалымдардың «XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі» атты ұжымдық монография (2011), Өмірхан Әбдиманұлының «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (2010) атты еңбектері негізге алынды.

Сондай-ақ ғылыми мақаланы жазуда шетелдік және отандық ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Ғылыми мақалада тарихи-салыстырмалы, сипаттау, баяндау, саралау, тұжырымдау және жүйелеу әдістері пайдаланылды. Сонымен бірге интернет ресурстық материалдарды пайдалануды да назардан тыс қалдырмадық. Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Қазіргі түрік романының даму барысы «Жумхуриет» әдебиеті кезеңінен бастау алады. Түркия Республикасының құрылуымен (1923) өнер мен әдебиетте жаңа кезең басталды. Әдебиет саласында ол екі кезеңнен тұрады. Алғашқысы 1940 жылға дейінгі әдебиет, ал екіншісі 1940 жылдан кейінгі әдебиет деп бөлінеді.

1940 жылға дейінгі түрік әдебиеті Ұлттық кезең әдебиетімен сабақтаса дамып, идеялық-тақырыптық тұрғыдан нақтылана қоймады десе болады. Өйткені жаңа мемлекеттің құрылуымен жаңа идеологияның қалыптасып, оның халық арасында үгіттеле, насихаттала қоюы бірден бола қоятын іс емес еді. Сана жаңғыруы болып жатқан елде қоғам дамуының бағыттары әлі де болса анықталмағанынан өнер адамдарының дағдарып қалуы, нақты тақырыптардың болмауы, жаңа дәуірде оқырман деңгейінің де анықталмауы салдарынан мұндай құбылыстың болуы заңды да.

Жаңа роман дегенде 1940 жылдан бүгінгі дейін ірі шығарма ретінде көрініс тапқан 70 жылдық түрік прозасын айтып отырмыз. Әрине бұл шығармалар он жыл көлемінде бөлініп, сұрыпталып отырды. Мысалы 1940 жылдың, 1950, 1960 жылдың дегендей. Бұлайша бөліп қарастыруды кейбір әдебиет зерттеушілері қолдай қоймайды.

1940 жылдан қазірге дейін Түркияның тарихында көптеген саяси-әлеуметтік уақиғалар тізбегін көруге болады. Олардың барлығы дерлік көркем түрде әдеби шығармаларға тақырып болып отырды. Мысалы үшін Ататүрік қайтыс болған соң II Дүниежүзілік соғыстың зардаптары Түркияны қиын жағдайға душар етті. Сондықтан 1940 жылға дейін жалғасып келген «революция, тәуелсіздік, кертартпалық, ерлік, бір түрік күллі әлемге тұрарлық, Түрікпін деген қандай бақыт» сынды патриоттық ұрандарды жаңғыртқан әдебиеттің әрі қарай мұндай ұрандармен дамуы орынсыз болатын (Kabaklı A. 1994: 54-55). Мемлекеттің кері кетуі, сауатсыздық, халқының 70% ауылда өмір сүріп жатқан ұлттың кедейшілік шырмауына шылануы қаламгерлерді, жалпы зиялы қауым өкілдерін қатты ойландыра бастады. Сондықтан бұл жағдай елді жаңғырту керек деген арман құшағындағы көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды дүр сілкіндірді. Түркияны барлық жағынан дамыту және жаңғырту үшін барлық мүмкіншіліктер қарастырыла бастады.

Республикалық билік жаңа саяси құрылымды түзумен бірге Батыстану тарапындағы тенденцияларды мемлекетті құтқару перспективаларынан емес, жаңа қоғамдық құрылыс құру мақсатымен ұсынған болатын. Жаңа түрік қоғамын заманауи өркениет белесіне шығару үшін жаңа билік тарапындағы түсінігін мойындатқысы келген жаңа мемлекет батыстану үдерісін одан сайын үдете түскен-ді. Түріктің әлеуметтік өміріне алғашқы күннен бастап бүгінге дейін етене енген батыстану ұғымының болымды, болымсыз тұстары әлі күнге дейін айтыстартыс тудырып келеді. «Батыстану үдерісінің түрік қоғамына тигізген ықпалын – дейді түрік ғалымы Ғияседдин Айташ, – осы шеңбер ішінде қалам тартқан романдар негізінде қарасты-

рып, әрі қоғамдық өзгеріс үдерісін, әрі болашақ дамуға деген көзқарасымызды анықтауға болады» (Aytaş G. 2008: 21).

Қазіргі түрік романы шамамен ХХ ғасырдың басынан бастау алатын роман. Бұл ғасыр түрлі ағымдар мен көркемдік тәсілдерді мейілінше жоққа шығаруға тырысқан романистерді тудырды. Мысалы Клебер Хиденс бұл турасында былай дейді: «Романист болудың жолы біреу емес мың түрлі және бұл жолдардың көбі бізге әлі де таңсық» (Kabaklı A. 1994: 461).

Қазіргі романдардағы уақиға уақытын қаламгердің өзі көрген уақыт шамасы болуы шарт емес. Оқиға уақытын сонау өткен тарихтан алса да, өз дәуіріндегідей етіп суреттеген романдар да бар. Айталық, 1950-2010 жылдар аралығында жазылған романдарда, асылында өз дәуірін суреттесе де роман уақиғасының тақырыбын ескіде өтіп кеткен оқиғадан алуы жиі қайталанатын үдеріс ретінде сипаттауға болады.

Бұл романдардағы өткен уақыт сыпатын көбінесе «Бірлік және даму» (İttihat ve Terakki) кезеңі, Балқан соғысы, Бітімгершілік жылдары, Ұлт-азаттық көтеріліс және осы соғыстың алдында және кейін болған уақыттарын суреттейтін уақиғаларды байқауға болады.

ХХ ғасырда Түркия Республикасының саясиидеологиялық бағыты «түрікшілдік» идеясымен тікелей байланысты дамыды. Түрікшілдік дегеніміз ұлтшылдық. Алайда ұлтшылдық танымын тар шеңберде түсінуге болмайды. Ол тек түрік халқын емес, сол елде өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің де қамын жеу деген сөз. Сондықтан Түркиядағы түрікшілдік идеясы кейін Ататүрікшілдік (бізде ол Кемализм принциптері деген атпен мәлім) идеяларынан орын алды.

ХХ ғасырдың басында түрікшілдік идеясы күллі түрік халықтарының негізгі идеологиялық бағыты болып табылады. Ұлттық интеллигенция (түрікшілдер) бүкіл түркі халқының бір тудың астына жиналуын, отырықшы болуын, түркілік бірлікті дәріптеді. Олардың көзқарастары мен шығармашылығына, саяси мәндегі ой-пікірлеріне XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында түркі еліне тарай бастаған түркілік, исламдық ағымдар зор ықпал етті. Ол қазақ жерінде де көрініс тапқандығы белгілі. Алйда, бұл идеологияның қазақ зиялылары арасында да айтыс-тартыс тудырғаны тарихтан мәлім. Әдебиетші-ғалым Өмірхан Әбдиманұлы бұл тұрғысында былай деп жазады: «Айқап бетіндегі түрікшілдермен болған түрлі айтыстар, батысшылдық топтың өз басылымын ұйымдастыруға итермеледі... Сондықтан да, «батысшылдар» идеялық-саяси бағыттарының мақсат-мәнін халыққа толық жеткізу үшін халықтың «көз-құлағына» айналар, шын мәніндегі газет шығаруды мақсат тұтты» (Әбдиманұлы Ө., 2010: 43).

«ХХ ғасырдың басынан бастап 1990 жылдарға дейін қазақ елінде тәуелсіздік идеясы әдебиетіміздің негізгі тақырыбы болып келгендігі шындық. Ол қазақ әдебиетінің тарихын көне дәуірден бүгінге дейінгі өткен жолын зер сала қарастырып, үзілмей келе жатқан бір ұлттық идеяны көреді. Ол – халықтың бірлігі, тәуелсіздік, ешкімге бодан болмай, дербес елдікті сақтау идеясы. Халық сол арқылы өзінің азаттығын, елдік намысын қорғаған. Мұның тегі арғы түрік мұраларынан бастау алатыны даусыз (Қирабаев С.С. және т.б. 2011: 41).

1940 жылдан бастау алатын түрік романы поэзияда Орхан Вели Каныктың (Ғаріпшілдер) жүзеге асырған жаңашылдығындай бола қоймаса да, өзінің даму бағыттарын айқындай түсті. Ол қарқынды түрде дамып, түрік қоғамындағы саяси-идеологилық күрестердің шытырман оқиғаларымен бірге жасасып, түрлі бағытта дамыды. Түріктің бір топ қаламгері, мысалы Аттила Ильхан, Кемал Тахир, Тарық Бұғра, Самим Қожагөз, Ильхан Тарус, Севинч Чокум, Бәкір Йылдыз, Айла Кутлу және т.б. ХХ ғасырдың басындағы ірі саяси оқиғаларды суреттейтін тарихи романдар жазды. Түрік қаламгерлерінің енді бір тобы одан да әріге кетіп, көне тарихты қозғауға кірісті. Мысалы, Нежати Сепетчиоғлы, Кемал Тахир, Тарық Бұғра, Севинч Чокум, Орхан Памук және т.б. өздерінің тарихи романдарына Селжұқтар, Осман империясы, Қырым хандығы тарихын тақырып етіп алды. Сондықтан, тарихи оқиғаларға негіз артқан роман емес, тақырыбын көне немесе жаңа кезеңде өткен уақиғалардан алған әдеби романдар Түркияда соңғы 50 жылда жазыла бастағанын көрсетеді.

Соңғы 30-40 жыл бедерінде Түркияда айтарлықтай маңызды өзгерістер орын алды. 1980 жылдардың алғашқы ширегінде демократияның мықтап қолға алынуы, әскери режиммен қатар Американың еселеп артқан ықпалы және американдықтар секілді өмір сүру дағдысы қоғамның барлық сатысын шарпып өтті. Бұл кезеңнің ең басты принципі – экономикалық даму және нарықтық экономика. Ең көп қолданылған «сырт әлемге ашылу», «еркін сауда», тіпті, «бұрыштан көрінбей кету», «товарды сыпырып кету» секілді жаргондық терминдер де етек алды.

Жаңа кезеңде прозада әлеуметтік мәселелер ерекше көтеріле бастады. Махаббат пен талдау романдары 1980 жылдан бастап жаңа

сатыға көтерілді. Әлеуметтік көзқарастағы шығармалар роман болудан гөрі белгілі бір күрестің немесе жаңалану процесінің дәнекері іспеттес рөл атқарды. Сондықтан, осы тақылеттес шығармаларда пессимизмге түсу байқалады. Ондай романдарда сынап-мінеу, тіпті қаралауға дейін барған.

Дей тұрғанмен бұл кезеңде модерндік романдардың постмодерндік романдарға қарай ойысуы көрініс тапқан. Шынында да, қазіргі таңда әр жазушы өз елінің әдебиетінде өзінің жеке дара жолын салу, бағытын ашу сынды талап қойылып жатқаны өтірік емес немесе соған ұмтылады. Қазіргі түрік прозасында кейбір шығармаларда кейіпкерге ат қоюды да ұмытып кеткен сәттер кездеседі. Оқиға мен кейіпкерлерді суреттеу тарапы да солғын түсіп жатқандығы бар. Қазіргі романдар шектеулі уақыт мөлшерінде, нақтылы бір кезеңге немесе белгілі бір ортаға арналмауы мүмкін. Тіпті оның арнайы мақсаты да болмауы әбден ықтимал. Әлдебір түсініксіздеу, қойыртылған стильде жазылуы ғажап емес. Көбісі сюрреалистік және экзистенциалистік көзқараста жазылған постмодерндік романдардың бірсыпырасы Сартрдың өзін артқа тастап кету мақсатын көздейді. Содан болар Алан Робб-Грилле: «Әлемнің я да мәні бар, я да Сартр айтпақшы абсурд. Тек қана бар және көз алдымда тұр» – деп, романистің адамдардың, өмірдің немесе заттардың қарсысында тек көрермен екендігі, оны талдап-таразылауға беделі мұрша келтірмейтіндігін айтады. Ал жаңа проза бағытының ірі өкілі, Ирландиялық ағылшын қаламгері Джонс Джойс (1882-1941) бұл өнерді: «лирикалық немесе метафизикалық терең ықпалдың жемісі... Адам баласын және оның түсініксіздігін рационалдық көзқарас тұрғысынан емес, рационалдықтан тысқары тұрғыдан зерттеген роман», – деп бағалайды (Yalçın A. 2005: 26).

XX ғасыр түрік прозасында айрықша тарихи романдарға деген аңсар ауған. Тарихи романдардың жаңа дәуірдегі миссиясы сол халықтың ұлттық бірегейлігін анықтауға ерекше септігін тигізе бастады. Батыстық күштердің мәдени-идеологиялық қыспағына ұшыраған түрік социумы өзінің бірегейлігін дәлелдеу үшін ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға ерекше мән берді. Осы тұста әсіресе түркі фольклорына деген басымдық берілді. Фольклортанудың мақсаты дейді – дейді түркітанушы-ғалым Рахмақұл Бердібай, – ауыз әдебиеті мұрасындағы ұқсастық атаулыны тізіп көрсетумен шектелмейді. Бұл тараптағы негізгі уәзипа түрлі ұқсастықтардың заңдылықтарын ашу болып табылады (Бердібай Р. 2000: 302). Көне түркі эпостарынан бастап халық хикаяларына дейін жалғасқан фольклорлық үлгілерді терең зерттеу, оларды халық құндылығына айналдыру түрік ғалымдарының мойнына түскен үлкен жауапкершілік болды және олар бұл жауапкершілікті толығымен ақтап шықты. Бұл үдеріс тоқтап қалған жоқ, әлі де жалғасын тауып келеді. Осы тұрғыдан келгенде түріктің тарихи романы ерекше орынға ие.

Тарихи роман – идеялық-тақырыптық ерекшелігін тарихта болған тұлғалардың және сол тұлғалардың айналасында болған шынайы немесе қияли кейіпкерлердің өмірі мен қиял-ғажайып оқиғаларынан алған шығармалар. Еш күмәнсіз тарих пен тарихи роман арасында мейілінше ерекшеліктер бар. Тақырыбын өмірден алған қаламгер өмір мен кейіпкерлер туралы өз қалауынша таңдау жасап, өзгерістер енгізу құқығына ие болса, тарихи тақырыпты таңдаған суреткер де аз-кем өзгеріс жасап, нақты формаға енгізе алады. Белгілі бір тарихи тұлғаға өз қалауынша өзі болжаған мінез-құлықты таңып береді, ал оның бастан өткерген уақиғаларын тартымды ету үшін түрлі махаббат оқиғалары, ар-намыс, ерлік мотивтерімен әрлеуге әбден құқы бар. Тарихта өткен тұлғаларға қияли кісілерді де қосып, көңілден өшіп қалған тұлғаларды жаңғыртып, бас кейіпкерге айналдыруға да шамасы жетеді.

Алайда, бүкіл осы суреттеулерге шынайылық сезімін беруді ұмытпауы қажет. Бұл шындық тарихи шындық болмауы мүмкін, қайткенде де ол шығарма шындығы. Ал шындықты шынайы жеткізу үшін тақырып етіп алған уақыт пен кеңістікті жан-жақты танып, оның тереңдігіне бойлау қажет. Сол кезеңге тән әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді, табиғи көрініс пен сәулет үлгілерін, киім-кешек пен әртүрлі тұрмыс заттарын зерттеп-зерделеуі керек. Ол дәуірде өркениет дамуы қандай дәрежеде екендігі, заң мен тәрбие ережелері, адамдардың ойлау және қарым-қатынас әрекетін білмей тұрып тарихи роман жазуға кірісу еш шүбәсіз күлкі шақырар еді (Kabaklı A. 1994: 463).

Әдеби шығарманың өзгешелігін осылайша тарихи тұрғыдан пайымдай тұра, – дейді академик Зейнолла Қабдолов, – қай дәуірде жазылсын, қандай қоғамдық шындықтан тусын бәрібір, тектес туындыларда адам өмірін бейнелеу жағынан заңды ұқсастық, композициялық құрылым жағынан бірлік болатынын тағы ескеру қажет: лирика жеке басқа тән сан иірім сезімге құрылса, эпос адам өмірінің кезең-кезеңіне кеңірек қанат жаяды да, драма нақты қимыл әрекеттен өрбіп, өрістейді (Қабдолов З., 1992: 287). Көркемдік

дамудың әдеби үдерістен танылатын құбылыстары алуан-алуан: бірін әдеби шығарманың тақырыбынан аңғарсақ, бірін идеясынан, енді бірін адам образынан аңғарамыз. Әдеби жанрлар тағдыры да осы құбылыстарға тығыз байланысты. Мұның егжей-тегжейін бүкіл әдеби құбылыстарды тарихи тұрғыдан тошылау, талдау арқылы ғана білуге болады.

Сөйтіп, Жумхуриет кезеңіндегі түрік прозасының даму ерекшелігіне назар аударған түрік ғалымы Хулуси Гечгел әлемдік дәрежедегі түрік романының тумауын мынадай екі себептен іздейді. Оның біріншісі, түрік қаламгерлерінің түрік қоғамы және өмірімен тығыз байланыста болмауы, түрік халқының тарихы мен шынайы өмірін білмеуі, өздері оқыған батыстық жазушылардың ықпалында қалып қоюы, шығармаларында шынайылықтың болмауы; екіншісі детерминистердің аузынан шығатын сөз, олардың пікірінше: біздің қалағанымыздай түрік романы тумаған болса, оған кінәлі өмір. Өміріміз толыққанды емес, өтпелі кезеңде тұрғандаймыз, мұндай жағдайда қарымды қаламгердің шығуы екіталай (Geçgel H. 2011: 264).

Қазіргі кездегі түріктің роман жанрының даму барысы өте күрделі кезеңдерді, тарихи уақиғаларды бастан өткерді. Соның ішінде тарихи романдардың шоқтығы биік. Роман – әдеби жанр ретінде түрік әдебиетінде өзіне тән даму үдерісінен өтті. Осы үдеріс кезінде өмірге келген шығармаларды тақырыбы, мазмұны және баяндау тәсілі тұрғысынан зерделеп, аталмыш жанрдың даму процесін, әрі осы процесс кезінде өзгерген және дамыған әлеуметтік өмірді бағалау мүмкін болуда.

Тарихи роман жазушысынан талап етілетін нәрсе, әрине, өзге қаламгерлерге де қойылатын талаппен бірдей. Яғни, жанды және мәңгілік образдарды туғызу, көркем әрі жүйелі баяндау тәсілі, сол дәуірдің толық бейнесін беретін нақты стиль, көне дәуірді нақты елестететін суреттеу айшықтары, психологиялық талдаулар... Диалогтағы табиғилық және жандылық, романның бүкіл желісін қаумалаған дүниетаным, күштеп мойындатуға тырысқан ойлар мен көзқарастар.

Тарихи романдардағы ұлттық көзқарастар, ұлттық ой-пікірлер, ұлттық идеология сол халықтың өркендеп өсуіне, оның жаңғыруына әдетте үлкен септігін тигізеді. Қоғамның дамуымен бірге адам да жетіліп, тұрмыстық сана ғылыми-көркемдік санаға ұласты. Әдебиетшіғалым Д. Ысқақұлы бұл тұрғыда былайша ой толғатады: «Әр халықтың әртүрлі жағдайда әркелкі дамуына байланысты олардың сана-сезімі де өзгеше қалыптасып, тұтас бір идеологияға ұласты. Ал ұлттық идеология дегеніміз – белгілі бір этностың қазір де, болашақта да өмір сүріп, өркендей беруін қамтамасыз етуді көздейтін пікірлердің жиынтығы. Әрбір халықтың өзінің жеке бір ұлт ретінде өмір сүруінде басшылыққа алып отыратын ұстанымдары ұлттық идеологияның негізін құрайды» (Ысқақұлы Д., 2015: 304).

Қазіргі түріктің тарихи романдары өткен тарихтан сыр шертетін көркем сөздің нағыз шынайы туындылары болып келеді. Жоғарыда да айтып өткеніміздей тарихи романдардың басым көпшілігі Осман Империясының даңқты тарихын толғамды түрде толғайтын туындылар құрайды. 1950 жылдан кейін тарихи романдардың саны арта түсті. «Бұрындары эпостың жалғасы іспеттес тарихтың даңқты беттері мен батырларын сөз еткен көпшілік тарихи роман жазу өнері газет беттерінде үзінділер халінде жалғас тауып, олардың саны көбейген үстіне көбейе түсті» (Enginün İ., 2010: 353).

Абдуллах Зия Козаноғлы (1906-1966) «Қызыл ту» (1927) романынан бастап, тақырыбын тарихтан алған бірнеше көпшілік роман авторы ретінде белгілі. А.З. Козаноғлы сондай-ақ балалар және жасөспірімдер туралы романдардың авторы ретінде де белгілі. Түрік тарихының алғашқы кезеңдерінен бастап ерлік әңгімелер мен биографиялық шығармалар жазған.

Сонымен қатар өзге де қаламгерлер арасында Феридун Фазыл Түлбентчи (1912-1982), Турхан Таң (1885-1939), Рефик Ахмет Севенгил (1903-1970), Решат Екрем Кочу (1905-1975), Рагып Йешим (1910-1971), Митхат Сертоғлыны (1910-1989) атап өткен жөн. Бұлар 1950-1960 жылдары үзінді романдарымен танымал болды және осы дәстүрді жалғастырушылар болып есептеледі.

Белгілі түрік қаламгері Пеями Сафа Турхан Таңның қайтыс болуына байланысты жазған естелігінде елімізде тарихи роман жанрының негізін қалаған бір жазушы болса, ол – Турхан Таң дер едім. Тіпті, бұл түрдің дәстүрін қалыптастырған тұлға деуден тайынбаймын деп ағынан жарылған болатын (Safa P., 1980: 40). Тарихи романдарға деген сұраныстың артуына байланысты қайта басылған еңбектердің арасында Решат Екрем Кочуның шығармалары үздіктер қатарынан табылды. Аталмыш қаламгерлердің қарапайым баяндау тәсілдері оқырмандардың тарихқа деген махаббатын арттыруда өте әсерлі болды. Тарихи романдармен

қатар бастан өткеріп жатқан күнделікті саяси уақиғалар да сиясы кеппей жатып әдебиетте көрініс табуы айрықша 1970 жылдардан соң кең етек жая бастады. Көктүріктер тарихы, Осман Империясының құрылуы, Ұлт-азаттық көтеріліс кезеңі – аталмыш қаламгерлердің негізгі тақырыбына айналды. Тарихи болудан гөрі сол дәуірдің саяси даму мәселесін шығармаларына арқау еткен романистер жас Түркия Республикасының басым демократиялық жолға өтуі, II дүниежүзілік соғыс күндерінің Ыстамбұлдағы студенттер ортасындағы оқиғалар, ақпарат құралдары, кент пен ауылдағы әсерімен әсерлі суреттелді. Түркияда 1960 жылдан кейінгі әскердің билікке араласу мәселелері 1970 жылдан кейінгі шығармаларда кеңінен қарастырыла бастады.

Қорытынды

Қорыта келе, жаңа дәуір түрік әдебиетінде тарихи романдардың саны арта түскені байқалды. Бұл тарихи романдардың негізі ірі-ірі тарихи уақиғаларды қаузауға бағытталды. Солардың ішінде әсіресе көне түркі тарихына бет бұрғандар, Осман Империясының құрылу тарихын суреттегендер, Селжұқтар кезеңіне бет бұрғандар, сондай-ақ ХХ ғасыр басындағы ірі оқиғалар ретінде сипатталған Балқан соғысы, бітімгершілік дәуірі, ұлт-азаттық көтеріліс секілді уақиғалар жаңа дәуір қаламгерінің негізгі тақырыбына айналды.

Жумхуриет әдебиеті кезеңі, яки Республикалық Түркия кезеңі әдебиеті деп аталатын кезең – қазіргі түрік әдебиетінің бастауы болып есептеледі. 1923 жылдан қазірге дейінгі аралықты қамтиды. Осы бір уақыт бедерінде тарихи романдар жазатын қаламгерлердің саны арта түскені белгілі. Әрине олардың арасында көзқарас қайшылығы, саяси-идеологиялық қақтығыстар жиі орын алып тұрды. Бұл дәуірде бірнеше саяси-идеологиялық бағыттың бір қоғамда дамуы – үлкен қақтығыстарға итермеледі. ХХ ғсырдың басында әсіресе социалистік бағыттың басымдық табуы ұлттық көзқарастағы қаламгерлерге үлкен қауіп төндірді. Содан болар, түрікшілдік идеясы жиі көтеріліп, түрік халқы өзінің даңқты тарихи оқиғаларын жиі көтерумен болды. Бұл орынды құбылыс болатын, өйткені түрікшілдер және социалистер арасындағы қақтығыстармен қатар панисламистер, батысшылдар секілді өзге лагерь өкілдері де түрік социумында үстемдік етуге тырысты. Осындай қиын сәтте түрік халқының жанына қуат беретін, рухын көтеретін рухани қазына керек болды. Бұл қазынаны түрік интеллигенциясы көркем әдебиеттен іздеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демей ме халық даналығы. Жылы сөз, түркілердің атақты тұлғаларының жаңғыруы – оларға демеу болды.

Тарихи романдарды жандандыру арқылы түріктер өзерінің ұлттық сипатын, ұлттық құндылығын, ұлттық бірегейлігін, ұлттық кодын іздестіру жолына түсті. Өйткені Батысшыл топ түрік қоғамын ірітіп-шірітуге бар күшін жұмсап жатқан-ды. Сондықтан тарихи романдардағы ұлттық бірегейлік мәселесінің елдік масштабта көтерілуі заңды құбылыс дер едік.

Онымен қоса ХХ ғасырдың 80-жылдары көркем тәсіл ретінде әдебиетте көрініс тапқан постмодернистік ағымның өзі жаңашыл болғанымен батысшылдықты кеңінен дәріптеуге үлес қосты дей аламыз. Неге десеңіз, постмодернизм түсінігінде ұлттық сипаттағы құндылықтар интернационалдық мұраға айналуы тиіс. Ал бұл Кемализм принциптеріне қарама-қайшы. Ұлттық көзқарастағы қаламгерлердің мұндай тәсілге мойынсұнбауы сондықтан. Постмодернизм әдісін желеу етіп ұлттық құндылықтарды мойындамайтын, яки мойындаса да арғы жағында тіксінетін қаламгерлер ашық түрде де, жабық түрде де күрес жүргізе бастады. Дегенмен, постмодернистік қаламгерлердің ішінде де ұлттық құндылықтарды құлдыратпайтын тұлғалар болды. Олар әлемдік дәрежеге көтерілу жолында өз ұлтының терең тарихын жоққа шығаратын, яки бұрмалайтын жазушыларға бірауыздан қарсы шығып отырды. Әсіресе, Орхан Памук көтерген саяси астарлы өткір мәселелер Түркияны қиын жағдайларға әкелді. Оның арасында күрт мәселесі, армяндар мәселесі бар. Бұл мәселені қозғау арқылы Орхан Памук шын мәнінде үлкен қылмысқа барған еді. Өз елінде өз ұлтына қарсы шықты деп айыптағандар көп болды. Түркия Республикасы онымен соттасу жағдайына дейін барды, тіпті жеңіп шықты. Орхан Памук үлкен көлемде айыппұл төлеп, өз елінде қалу мәселесін шешіп алды.

Түріктің тарихи романы әлі де тың тақырыптарды көтерері хақ. Соның ішінде әсіресе көне түркілік ортақ тақырыпты қаузайтын қаламгерлер көптеп шығады деген үміттеміз. Мәдени-әдеби жаңғырудың түрік қоғамында одан әрі жалғас табатындығына кәміл сенім артамыз.

Ұлттық бірегейлік мәселесі өзекті болуымен қатар халық тағдырына да ерекше ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер

Aytaş G. (2008). Tematik Roman İncelemeleri. Hayata Ayna Tutan Romanlar. – Ankara: Akçağ Yayınları.
Әбдиманұлы Ө. (2010). XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа.
Бердібай Р. (2000). Ел боламыз десек... – Алматы: Қазақстан.
Enginün İ. (2010). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı.11.Baskı. – İstanbul: Dergah Yayınları.
Geçgel H. (2011). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. – Ankara: Anı Yayıncılık.
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. Cilt.V, İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. Cilt.I, İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.
Қабдолов З. (1992). Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті.
Қирабаев С.С. және т.б. (2011). XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі: ұжымдық монография. – Алматы: Арда.
Safa P. (1980). Objektif:6. Yazarlar. Sanatçılar. Meşhurlar. – İstanbul: Ötüken Yayınları.
Yalçın A. (2005). Siyasal ve Sosyal Değişmeler Açısından Cumhuriyet Dönemi. Çağdaş Türk Romanı 1946-2000. – Ankara: Akçağ Yayınları.
Ысқақұлы Д. (2015). Рухани толғамдар. Зерттеулер. – Алматы: Қаратау КБ.

References

Aytaş G. (2008). Tematik Roman İncelemeleri. Hayata Ayna Tutan Romanlar. [A thematic study of the novels. Novels that reflect life] Ankara: Akçağ Yayınları.
Әбдиманұлы Ө. (2010). XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. [Kazakh literature of the beginning of the twentieth century] Оқу құралы. Қарағанды: Болашақ-Баспа.
Бердібай Р. (2000). Ел боламыз десек... [If we want to become a nation…] Алматы: Қазақстан.
Enginün İ. (2010). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. [Turkish literature of the period of Zhumhuriet] 11.Baskı. İstanbul: Dergah Yayınları.
Geçgel H. (2011). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. [Turkish literature of the period of Zhumhuriet] Ankara: Anı Yayıncılık.
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. [Turkish literature] Cilt.V, İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. [Turkish literature] Cilt.I, İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.
Қабдолов З. (1992). Сөз өнері. [The art of the word] Алматы: Қазақ университеті.
Қирабаев С.С. және т.б. (2011). XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі. [Artistic solution of the idea of independence in the literature of the twentieth century] Ұжымдық монография. Алматы: Арда.
Safa P. (1980). Objektif:6. Yazarlar. Sanatçılar. Meşhurlar. [Writers. Man of art. Known] İstanbul: Ötüken Yayınları.
Yalçın A. (2005). Siyasal ve Sosyal Değişmeler Açısından Cumhuriyet Dönemi. Çağdaş Türk Romanı 1946-2000. [The period of Zhumhuriet from the point of view of political and social change. Modern Turkish novel 1946-2000] Ankara: Akçağ Yayınları.
Ысқақұлы Д. (2015). Рухани толғамдар. Зерттеулер. [Spiritual Outlook] Алматы: Қаратау КБ

МРНТИ 11.25.09

[1]Цзинь Сяоли, [2]Ашинова Ж.Е.

[1]ведущий переводчик, Международная компания по разведке и разработке нефти
Sinopec (Sinopec International Petroleum Exploration and Development Co., Ltd), Китай, г. Пекин
[2]к.и.н., доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Казахстан, г. Алматы, e-mail: janar72@mail.ru; Ashinova.zhanar@gmail.com

ИНИЦИАТИВА «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ» И ДЕЙСТВУЮЩИЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИНВЕСТИЦИОННОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КНР

Международная инициатива Китая «Один пояс, один путь» представляет собой совершенно новый глобальный механизм международного сотрудничества, который нацелен на взаимовыгоду и успешное развитие. Страны-участницы, которые активно в нее вовлечены, извлекают и будут извлекать значительные выгоды, а это около 150-ти стран и более 30-ти международных организаций, уже подписавших с Китаем документы о сотрудничестве в рамках данной инициативы. В предлагаемой статье рассматриваются идея создания и главная суть, содержание и реализация концепции «Один пояс, один путь», вопросы сотрудничества между Китаем и Казахстаном в рамках рассматриваемой инициативы. С целью раскрытия действующих направлений инвестиционного сотрудничества между странами особое внимание было уделено итогам казахстанско-китайского бизнес-форума, посвященного пятилетию инициативы «Один пояс, один путь», который прошел в 2018 году в Астане. В заключении относительно перспектив Казахстана от участия в этой инициативе авторы пришли к выводу, что Казахстан значительно выигрывает в связи с выгодным географическим расположением, так как находится в центре сухопутной части Нового Шелкового пути, вследствие чего создаются благоприятные возможности для вовлечения в торговлю и развитие инфраструктуры и промышленности.

Ключевые слова: инициатива «Один пояс, один путь», Новый Шелковый путь, Морской Шелковый путь, Казахстан, направления сотрудничества, инвестиции, форум.

Jin Xiaoli[1], Ashinova Zh.E. [2]

[1]lead translator, Sinopec International Petroleum Exploration and Development Co., Ltd, China, Beijing
[2]candidate of historical sciences, docent, al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: janar72@mail.ru.

Initiative «One Belt, One Road» and current areas of investment cooperation between Kazakhstan and China

China's «One Belt, One Road» International Initiative is a completely new global mechanism for international cooperation, which aims at mutual benefit and successful development. The participating countries that are actively involved in it are gaining and will reap significant benefits, which is about 150 countries and more than 30 international organizations that have already signed cooperation documents with China in the framework of this initiative. The proposed article discusses the idea of creation and the main essence, content and implementation of the «One Belt, One Road» concept, issues of cooperation between China and Kazakhstan in the framework of the initiative under consideration. In order to reveal the current areas of investment cooperation between the countries, special attention was paid to the results of the Kazakh-Chinese business forum dedicated to the 5th anniversary of the One Belt, One Road Initiative, which was held in 2018 in Astana. In conclusion, regarding the prospects of Kazakhstan from participating in this initiative, the authors concluded that Kazakhstan greatly benefits due to its favorable geographical location, since it is located in the center of the land part of the New Silk Road, as a result of which favorable opportunities are created for engaging in trade and infrastructure development industry.

Key words: initiative "One Belt-One Way", New Silk Road, Sea Silk Road, Kazakhstan, areas of cooperation, investments, forum.

Цзинь Сяоли[1], Ашинова Ж.Е.[2]
[1]жетекші аудармашы, Sinopec Халықаралық мұнайды барлау және өңдеу компаниясы
(Sinopec International Petroleum Exploration and Development Co., Ltd), Қытай, Бейжің қ.
[2]т.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., email: janar72@mail.ru

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы және Қазақстан мен ҚХР арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың қазіргі бағыттары

Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» халықаралық инициативасы өзара тиімді және табысты дамуды көздейтін халықаралық ынтымақтастықтың жаңа жаһандық механизмі болып табылады. Осы бастамаға Қытаймен ынтымақтастық туралы құжаттарға қол қойған 150-ге жуық ел және 30-дан астам халықаралық ұйымдар қатысады. Ұсынылған мақалада «Бір белдеу, бір жол» тұжырымдамасының басты мәні мен пайда болуы, мазмұны мен іске асырылуы, Қытай мен Қазақстан арасындағы осы бастама аясындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланады. Елдер арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың ағымдағы бағыттарын айқындау мақсатында 2018 жылы Астанада өткен «Бір белдеу, бір жол бастамасының» 5 жылдығына арналған Қазақстан-Қытай бизнес-форумының нәтижелеріне ерекше назар аударылды. Қорытындылай келе, Қазақстанның осы бастамаға қатысудағы болашағына қатысты авторлар келесі түйін жасады: Қазақстан өзінің тиімді географиялық орналасуына байланысты үлкен пайда көреді, өйткені ол Жаңа Жібек жолының жерінде орналасқандықтан саудаға тартылуда, инфрақұрылым және өнеркәсіп дамуына қолайлы мүмкіндіктер тудырады.

Түйін сөздер: «Бір белдеу, бір жол» бастамасы, Жаңа Жібек жолы, Теңіз Жібек жолы, Қазақстан, ынтымақтастық бағыттары, инвестициялар, форум.

«Один пояс, один путь» (кит. – 带一路) – выдвинутые осенью 2013 года Председателем КНР Си Цзиньпином грандиозные инициативы совместного международного строительства «Экономического пояса Шелкового пути» и «Морского Шелкового пути 21-го века». Новый Шёлковый путь (Евразийский сухопутный мост – концепция новой паневразийской (в перспективе – межконтинентальной) транспортной системы, продвигаемой Китаем в сотрудничестве с Казахстаном, Россией и другими странами, для перемещения грузов и пассажиров по суше из Китая в страны Европы. Транспортный маршрут включает трансконтинентальную железную дорогу – Транссибирскую магистраль, которая проходит через Россию и второй Евразийский континентальный мост, проходящий через Казахстан (Тавровский Ю.В., 2017: 368). Грузоперевозки по этому самому длинному в мире сухопутному железнодорожному маршруту из Китая в европейские страны будут идти в 2 раза быстрее, чем по морскому маршруту.

По сути международная инициатива Китая «Один пояс и один путь» ставит своей целью совершенствование существующих и создание новых торговых путей, транспортных и экономических коридоров, связывающих более чем 60 стран Центральной Азии, Восточной и Западной Европы, и Африки, которая будет способствовать развитию торгово-экономических отношений между ними и Китаем.

По официальным данным Китая, «Один пояс и один путь» охватывает большую часть Евразии, соединяя развивающиеся страны, в том числе «новые экономики», и развитые страны. На территории мегапроекта сосредоточены богатые запасы ресурсов, проживает 63 % населения планеты, а предположительный экономический масштаб – 21 трлн долларов США (Си Цзиньпин, 2014).

Идея формирования «Экономического пояса Шелкового пути» была выдвинута председателем КНР Си Цзиньпином и впервые прозвучала во время его выступления в Астане в рамках государственного визита в Казахстан в сентябре 2013 года. Как отметил Си Цзиньпин, «Китай и страны ЦА находятся на ключевом этапе развития, перед лицом беспрецедентных шансов и вызовов, в соответствии со своими национальными особенностями поставили задачи средне- и долгосрочного развития. Но самое главное, что нас объединяет, это общая стратегическая цель – долгосрочное и стабильное развитие экономики, процветание и могущество страны и возрождение нации. Разумеется, нужно всесторонне укреплять практическое взаимодействие, конвертировать преимущества политического диалога, географической близости и экономической взаимодополняемости в преимущества сотрудничества и устойчивого роста в пользу формирования сообщества интересов и общего выигрыша» (Си Цзиньпин, 2013).

С целью укрепления экономических связей, углубления сотрудничества и расширения пространства развития стран Евразии лидер КНР предложил применять новую модель сот-

рудничества и общими усилиями сформировать экономическую полосу шелкового пути («Экономический пояс Шелкового пути» (ЭПШП), что очень выгодно народам всех стран на Великом Шелковом пути. Для этого предлагались следующие конкретные направления: «Первое – усиление политического согласования, второе – усиление строительства единой дорожной сети, третье – усиление торговых связей, четвертое, усиление валютных потоков, пятое, усиление народных связей» (Си Цзиньпин, 2013).

В октябре 2013 года во время своего визита в страны Юго-Восточной Азии глава КНР предложил странам-членам АСЕАН идею совместного строительства «Морского Шелкового пути XXI века» (МШП). Обе инициативы (ЭПШП и МШП) были объединены в общую стратегическую концепцию Китая под названием «Один пояс – один путь», которая представляет сегодня одно из основных направлений внешнеэкономического и внешнеполитического курса КНР (МИД КНР, 2015).

В марте 2015 года по поручению Госсовета КНР Государственный комитет по делам развития и реформ, Министерство иностранных дел и Министерство торговли Китая опубликовали документ «Прекрасные перспективы и практические действия по совместному созданию Экономического пояса Шелкового пути и Морского Шелкового пути XXI века» (Цзоу Лэй, 2015). Документ рассматривал реализацию концепции «Один пояс – один путь».

В документе отмечается, что проект «Один пояс – один путь» является открытым для всех стран, международных и региональных организаций, а также создает основу для экономического сотрудничества КНР с заинтересованными странами. Предполагается, что основные маршруты «Экономического пояса Шелкового пути» будут проходить: из Китая через Центральную Азию, Россию до Европы /до Балтийского моря/; из Китая через Центральную Азию и Западную Азию до Персидского залива и Средиземного моря; из Китая в Юго-Восточную Азию, в Южную Азию к Индийскому океану. Основные направления морского Шелкового пути XXI века: из морских портов Китая через Южно-Китайское море до Индийского океана и дальше до Европы, а также из китайских портов через Южно-Китайское море в южную акваторию Тихого океана. В рамках проекта «Один пояс и один путь» будут создаваться новый континентальный мост между Европой и Азией, международные коридоры экономического сотрудничества «Китай – Монголия – Россия», «Китай – Центральная Азия – Западная Азия» и «Китай – Индокитай». В их основу лягут крупные международные маршруты с опорными точками в ключевых городах и площадками для сотрудничества в важных торгово-экономико-производственных зонах. На море будут создаваться безопасные, бесперебойные и высокоэффективные транспортные маршруты с узловыми точками в важнейших портах (Деловой Казахстан, 18.02.2016).

В документе также определяется основное содержание сотрудничества, которое состоит из пяти пунктов: политическая координация, взаимосвязь инфраструктуры, бесперебойная торговля, свободное передвижение капитала и укрепление близости между народами. А также обозначены задачи в сфере инфраструктурного строительства, инвестиций в промышленные мощности, освоения природных ресурсов, торгово-экономического и финансового сотрудничества, гуманитарных обменов, защиты окружающей среды и взаимодействия на море (Деловой Казахстан, 18.02.2016).

Важнейшими факторами расширения взаимодействия в регионе предполагалось: укрепление роли многосторонних механизмов, раскрытие всех преимуществ многосторонних механизмов, как Шанхайская организация сотрудничества (ШОС), Китай–АСЕАН (формат «10+1»), Азиатско-Тихоокеанское экономическое сотрудничество (АТЭС), Форум «Азия–Европа» (АСЕМ), Диалог по сотрудничеству в Азии (ДСА), Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА), Форум китайско-арабского сотрудничества, Диалог Китай–Совет сотрудничества арабских государств Персидского залива (Китай–ССАГПЗ), Экономическое сотрудничество Субрегиона Большого Меконга (СБМ), Центрально-азиатское региональное экономическое сотрудничество (ЦАРЭС), а также укрепление связи с соответствующими государствами, привлекать больше государств и регионов к участию в осуществлении инициативы «Одного пояса и одного пути». Также продолжать развивать конструктивную роль прилегающих территорий, региональных и субрегиональных международных форумов, выставок, а также Боаоского азиатского форума, Ярмарки «Китай–АСЕАН», ЭКСПО «Китай–Евразия», Евразийского экономического форума, Китайской международной инвестиционно-торговой ярмарки (CIFIT), Ярмарки «Китай–южноазиатские страны», ЭКСПО «Китай–Арабские страны»,

Международной ярмарки Западного Китая, ЭКСПО «Китай–Россия», Форума сотрудничества «Цяньхай» и других платформ. Необходимо поддерживать выявление местными властями и общественными организациями культурно-исторического наследия вдоль маршрутов «Одного пояса и одного пути», совместно организовывать специальные торгово-инвестиционные мероприятия и мероприятия культурного обмена, провести Международную культурную выставку «Шелкового пути» в г. Дуньхуане, Международный кинофестиваль «Шелковый путь» и книжную выставку-ярмарку; выступить с инициативой создания международного форума по реализации проекта «Одного пояса и одного пути» (Деловой Казахстан, 18.02.2016).

Для финансирования проектов инициативы «Один пояс – один путь» в 2014 году в Китае были созданы два новых финансовых института: Азиатский банк инфраструктурных инвестиций (АБИИ) и Фонд Шелкового пути (Цзоу Лэй, 2015). Как мы видим, это грандиозный проект международного масштаба, опирающийся на мощную финансовую основу.

Относительно сотрудничества между Китаем и Казахстаном в рамках рассматриваемой инициативы можно сказать, что в данный момент оно реализуется довольно плодотворно. Как уже отмечалось выше, именно при посещении Казахстана в сентябре 2013 года в Астане Си Цзиньпин впервые выдвинул инициативу формирования «Экономического пояса Шелкового пути». С тех пор в течение 5-ти лет Председатель КНР Си Цзиньпин и Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев встречались 15 раз.

The notion of "the image of the universe" is one of the fundamental concepts in the description of mental processes, processes of speech and thinking in the behavior of man, his life and surrounding world. This is what AN Leontev says: "In our world video, or more precisely, in its citrus fragment, there is always a personality, a mood and consciousness goes to something else, so it goes without limits.But consciousness moves from one substance to another, which means that the substance of the object, its defined image, goes from one level to another. My group has an object of recognition that is at the level of conscious supervision. Thus, the movement of consciousness in the world image shows not stereotropic, but stereoscopic behavior. There is a depth in the consciousness. The image of the universe is as diverse as the world (Leontiev, 1969: 269).

Speaking of the national image of the world in the world, scientists are considering the concept. Concept is a complete set of associative notions in terms of national identity, a substance of all things, phenomena, and abstraction in the world community.

The consciousness of any nationality finds its place in these concepts. The concept of a particular concept is recognized not only by language, but also by non-linguistic means, such as emotional. According to B.Zhumagulova, the definition of "simple / naive / image of the world and the boundaries of the scientific world has contributed to the emergence and development of concept, which is derived from logic of linguistics" (Zhumagulova, 1999:16).

The concept of concept is considered logic-philosophical, cognitive, linguistic-cultural. As the concept of "interpretation" and "concept" are very similar, scientists are trying to distinguish between the two. The concept of "concept" is wider than "interpretation". The reason is that "the original form (etymology, which includes only the essential signs, modern associations, prices, etc." (Zhumagulova, 1999: 41).

The "National Image of the World" is based on static images, consisting mainly of those that are specific to that nation. It forms mythological principles in the world outlook. One of the active forces that shapes this united worldview is space and time communication.

The concept of "Mangilik Yel" in modern and ancient times of Turkic worldview and place in society; we analyze how meaningful and conceptual peculiarities of the Turkic peoples have changed, and we can make definite scientific concepts.

In the public life of the ancient Turkic world, the Bengü El idea has the power of the Country's position within the conceptual system, which has a complex of concepts that awakens the natural individuality of the Turkic people in the V-IX century.

Magripa Eskeeva, one of the active researchers of ancient monuments in the world, analyzes the linguistic structure of unity and solidarity, the spirit of greatness and creativity in the ethnocultural content of Bengü El, which maintains a solid set of state integrity. It is determined by the contextual semantic derivation of the el / il / ijl / әl lexema in Turkic languages:

In the ancient Turkic language el – "tribal union"; In medieval Turkic languages, as well as modern Turkic languages, the Ijl means "people" in the Chuvash language, Ijl in the Turkmen language "people, human", Ijl in the Tatar language "country, society"; in Bashkir and in Kyrgyz Эl / el means "tribal union; tribe, people"); In the Uzbek language the word Эl, and in Nogai, Karakalpak, and Kazakh is the meaning of everything in the semantic of tribe, society, people.

The meaning of the word el "state, people, tribal unity" has been broadly translated into the Kazakh language, with the Semantic scale of the word. In "Explanatory dictionary of the Kazakh language" have some interpretations:

1. Population, people. Society.
2. Birth place, grown environment.
3. Origin; origin substance, tribe.
4. Fatherland, native land.
5. Friends. Country is a term used as a synonym for the state today.

Eternal Country – is a unify nation in future

The linguistic notion that has become of any value nowadays has been recognized as an essential element of civilized society, the invaluable value of the universe, the basic element of any science, the supporting element. Language is a means of worldview, lensing of ideas, such as concept and reasoning. In addition, the language, along with the formation of forms of social consciousness, in turn influences it and affects the development of a certain level. Every historical period in the society, external phenomena, not only leaves the mark in the language, but also is used as a key element in the formation of a certain notion in the minds of the people, and of the identification of their identity.

One of the ways in which genuine human values are truly recognized is to look up linguistic symbols, the elements that make up their content, their content and personality on the basis of their own laws, and the second way is to see them in close contact with one another in a real life, mind, and cognition. That is, we consider it as a linguistic element.

We can find answers to many questions in human knowledge through the comprehensive compilation of the word and the origin of the word that reflects the basic concept in a linguistic element. By examining it in a comprehensive way, we also define the main idea of the people and the purpose of language.

But the ultimate goal of cognition is, of course, to master the inner nature of phenomena, to depict it and to use it in human actions, to demonstrate its practical application.

If we analyze the word "Mangilik El", which has a special value in human knowledge, in the Turkic society, it is possible to see the basis of many interesting facts.

The word "Mangilik El" has a sacred meaning, because it passes through our entire history and looks at our past. The meaning of the eternal country is closely related to such sacred things as Terra Utopia, The Land Of Ancestors, Native land, Motherland.

The dream of the Ancient Turks was to live eternally with Tengri and become his beloved slaves. These dreams come together only with the grace of one Creator, the idea of eternity. Our ancestors have intertwined three things - describe the earth as a manifestation of Tengri, man and flawless life.

It is well-known that the concept of "Eternal Tengri" is the highest and most sacred of all. Therefore, the ancestors of ancient Turks - Huns, Saks and others - originated from "Eternal Tengri" and depend on the image of the Creator.

In his article "Towards the Future: Spiritual Modernity", the first President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, stated that "...it will be a spiritual code that can be deeply rooted in the history of society. The most important condition for a new kind of modernization is to preserve that national identity" (Nazarbayev), which also points out the importance of absorbing spiritual discoveries into the consciousness of the generations. This is a concise statement from the national idea of the Republic of Kazakhstan. It is a mistake to say that the eternal nation is a unique historical objective and heroic motif of compatriots. This idea is not only the goal of the Kazakh people for centuries, but also the result of selfless work and continuous creative work on the way to independence. An in-depth explanation of the concept of "Eternal Country" and the presentation of historical bases are important.

The formation and prosperity of the unity of the Kazakh people is carried out in a way that is closely linked to traditional national heritage and spiritual values. That is why it is one of the main tasks for young people to adopt the Kazakh values and to educate them in the context of global development, in the context of modern globalization, to bring them western culture in the context of the values of our spiritual rich heritage.

So, our national idea, starting with ancient history, is now a historic succession that has become a spiritual source of sustainable development of our independent state. The Head of the State:

"We have turned our eternal idea into the eternal country and turned the path of independence into the Nurly Zhol. A Country is a unifying power of the country, an inexhaustible source of energy. It is not only a strategy of "Kazakhstan 2050", but also an indispensable idea of Kazakhstan in the XXIst century. Priority is given to the idea of last year's Message – the Eternal Country. The Head of the State concluded: "Eternal Country is the national idea of the common Kazakh people".

Summary

1. Eternal Country – is a national idea of the Kazakh commonplace.
2. The grand opening of "Mangilik El" in Astana is a proof of the idea of "Mangilik El" as a state ideology.
3. Eternal Country – it is a national unity, peace and harmony.
4. Eternal Country – this is the commonity of history, culture and language.
5. The main value of the idea of "Mangilik El" is strengthening of the Kazakh language as a state language.

Conclusion

While "Eternal Country" appears to be only a metaphor or a philosophical idea, it is clear that the main element of the state, the impenetrable fortress, will survive only when it comes to implementing this idea. In order to have a full idea, this concept should be linked to the concept of "Zheruiyk" ("Utopy" of Asan Kaygy), "The Citizens Of Human City" (Al-Farabi) and other ("Adam bol" ("Being Man"), "Baiterek", "Atameken" ("Fatherland"), "Great Steppe"). All of these are sacred things in the national consciousness of the Kazakh and other Turkic states, along with the "Eternal Country".

The essence of the national idea of Eternal Country is the Kazakh national state, which is based on eternal goals and cultural and spiritual values, formed by ideology, which unites national ideas of the Kazakh people and other ethnics.

Today, the young generation that is coming to life is the everlasting child of the Kazakh people. It is our primary duty to understand the meaning of "Mangilik El" and to understand them. This national idea, which has become the eternal goal of the people of Kazakhstan, should be in our minds and minds for a moment.

The idea of "Mangilik El" has a great role in consolidating the cohesion of all Turkic peoples, concentrating on common interests and goals. Therefore, we must be convinced that the great deeds that have begun from the generations created by the Independent country will continue to succeed in the next generation, and for this purpose, many actions are needed. Only if there is continuity between the courage of ancestors, the brave deeds of the present generation and the creativity of the younger generation, we will be "Eternal Country", that is, we can become a large family.

If we show that today's younger generation is one of the main aims of the Turkic people, we will have a solid future open.

The idea of "Mangilik El" is to revive our traditions, literature and culture, to revive our religion and language, and to show that Turkic peoples are the same.

Since the Turkic people, including young people, who implement and develop the idea of "Mangilik El" are the most important, they must strive to form themselves as true citizens of their country, united by their knowledge, national values and modern values, is to perform good works that can be answered.

The state has a lot of good work in this direction, one of which is a large number of scientific, cultural and spiritual work within the framework of the idea of "Mangilik El".

For all the Turkic people today, the most valuable asset to our ancestors and future generations is to do good deeds for the realization of the idea of becoming a "Eternal nation", preserving all our noble treasures reflecting the originality and rich heritage of the Turkic peoples.

"Mangilik El" is the main dream and goal of a country with a long history from a more centuries, with firm confidence in the future, hoping to take a place among the developed states, which will take every step.

References

Nazarbayev N.A. «Direction to the Future: Spiritual Enlightment» // Newspaper "Egemen Qazaqstan".
Gumilev L.H. From Rusi to Russia. – Moscow, 2002.
Amanjolov A.S. Turkic Philosophy and the History of Writing. – Almaty: Sanat, 1996. – pp.115.

Abaqan E.M. Cultural Philosophy of the Language. – Almatı: Aykos, 2004 j. – 184.
Shvedova. Language. Culture and Socio: the issues of the development. – Leningrad: Publisher LGU, 1986. – 266 p.
Leontiev A.A. The language, the reverence. Moscow, 1969, 136
Zhumagulova. Concept of "Homes" in lingua-cultural studies // Material from the international scientifically theoretical conference. AGU named after Abay/ Almaty, 1999, pp. 57-71.
Suleimenov O. Turks in prehistory. The appearance of ancient Turkic languages and writings. - Almaty: Atamura, 2002. - p.
Kültegin Tonıkök. The ancient Turkic Spiritual writings. – Almaty, Publisher «Ölke», 2001.
Sıdıqov E. «MANGI EL» International scientific-historical journal. – Almaty, 2013.
Amanzholov S.About the Etymology of the word «Qazaq» // From the History of Kazakh. – Almaty: publisher Zhalyn, 1996. 2004. – pp.106-108.
Qaydar Ä. What kind of people are the Kazakh? – Almaty: Dayk-Press, 2008. – pp.3-11.
Eskeeva M.Q. The historical role of Kazakh Language in the Turkic language system. – Astana: «Kantana Press», 2011.

ҒТАМР 03.09.55

Жанатаева К.Б.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail:Guljan73@inbox.ru

ЕГИПЕТ-АҚШ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ САЛДАРЫ

XX ғ. екінші жартысында Араб Шығысы аймағы маңызды саяси және экономикалық үдерістердің тоғысқан жері болып қала берді. II дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің бұл түкпірінде Америка Құрама Штаты өзінің сыртқы мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған әскери-саяси блок құруға ұмтылған еді. Әсіресе, АҚШ жетекші араб елі Египетте өзінің позициясын нығайту бағытында нақты саясат жүргізуге тырысты. Мысырдың тиімді геосаяси жағдайы, адам және табиғи ресурстарының орасандылығы, әскери қуаттылығы сынды факторларды иеленуі оны халықаралық қатынастарда маңызды актор етеді.

Араб Шығысын біртіндеп өзінің «өмірлік маңызды мүддесіне» айналдырған АҚШ сынды алпауыт мемлекет Мысырдың сыртқы саясатында басты рөл атқарды. Аймақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету екі ел арасындағы қатынастың өзекті факторларының бірі болып саналды. Таяу Шығыс сахнасында АҚШ жетекші рөл атқарса, ЕАР аймақтық көшбасшы бола отырып, араб елдерінің экономикалық және саяси дамуына елеулі әсер етіп келді. Өйткені өз уақытында Египет Таяу Шығыстағы экономикалық және әскери қатынаста күшті дамыған Иран, Израиль, Түркия сынды мемлекеттер қатарынан табылған болатын.

Түйін сөздер: Египет, АҚШ, ынтымақтастық, халықаралық қатынас, әскери көмек, экономикалық көмек.

Zhanatayeva K.B.

Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Guljan73@inbox.ru

Implications of the Egypt-USA Strategic Partnership

The Arab East region remained a crossroads of important political and economic processes in the second half of the XX century. After the II World War in this part of the world, the United States sought to create a military-political bloc aimed to protect its foreign interests. In particular, the United States tried to pursue a clear policy to strengthen its position in Egypt. The fact that Egypt has an effective geopolitical situation, huge human and natural resources and military potential makes it an important participant in international relations.

Transforming the Arab East with its "vital interests" the United States plays an important role in Egypt's foreign policy. Ensuring stability and security in the region was considered as one of the key factors in relation between the two countries. If the US has a leading role in the Middle East, then Egypt as a regional leader has seriously influenced the economic and political development of Arab countries. At that time, Egypt was considered one of the most developed countries in the economic and military relations in the Middle East, such as Iran, Israel and Turkey.

Key words: Egypt, USA, cooperation, international relationships, military assistance, economic assistance.

Жанатаева К.Б.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: Guljan73@inbox.ru

Последствия стратегического партнерства Египта и США

Регион Арабского Востока оставался перекрестком важных политических и экономических процессов во второй половине XX века. После Второй мировой войны в этой части мира Соеди-

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

ненные Штаты стремились создать военно-политический блок, направленный на защиту своих внешних интересов. В частности, США пытались проводить четкую политику по укреплению своих позиций в Египте. Тот факт, что Египет имеет эффективную геополитическую ситуацию, огромные людские и природные ресурсы и военный потенциал, делает его важным участником международных отношений.

Превратив Арабский Восток своими «жизненно важными интересами», США играют важную роль во внешней политике Египта. Обеспечение стабильности и безопасности в регионе считалось одним из ключевых факторов взаимоотношений между двумя странами. Если США ирают ведущую роль на Ближнем Востоке, то Египет как региональный лидер серьезно повлиял на экономическое и политическое развитие арабских стран. В то время Египет считался одной из самых развитых стран в экономическом и военном отношений на Ближнем Востоке среди таких стран как Иран, Израиль и Турция.

Ключевые слова: Египет, США, сотрудничество, международные отношения, военная помощь, экономическая помощь.

Кіріспе

XXI ғасырда Египет Араб Республикасы аймақтық көшбасшылыққа ашық түрде талпынған ең тығыз қоныстанған ірі араб мемлекеті ретінде саналды. Мысырдың араб әлеміндегі қуатты рөлі халықаралық қатынастардағы өзекті мәселелерді қамтуға ұмтылатын сыртқы саясатының көпвекторлығы мен белсенділігіне негізделді. АҚШ-пен ерекше қатынасын түзей отырып Каир Израиль мен араб елдерінің арасындағы шиеленісті жоюға ғана емес, Таяу Шығыс бейбіт үдерісінің де белсенді делдалы болуға ұмтылды.

Ұзақ жылдар бойы араб әлеміндегі түйткіл мәселелерді шешуде өзіндік орынға ие болып келген Мысырдың бүгінгі күні қиын саяси-экономикалық жағдайға тап болуы, әрі АҚШ-тың демократияландыру үдерісінің құрбанына айналуы аймақтық көшбасшылық рөлінен айырылуына әкеліп соқтырды. Аймақтық көшбасшылық кезіндегі Египеттің сыртқы саяси ұстанымдары мен қазіргі жағдайға тап болуына әсер етуші негізгі факторларды саралау тақырыптың басты өзектілігі болып саналады.

XX-XXI ғғ. қарсаңында Араб Шығысы аймағындағы Мысыр рөлін айқындайтын оқиғаларға жан-жақты талдау жасау және оның аймақтағы халықаралық жағдайының орнын көрсету. Египеттің сыртқы саясаты АҚШ-пен, Израиль және араб әлемімен қарым-қатынасы сынды бірқатар факторлардың әрекет етуімен қалыптасады. Осы бағыттардағы қатынастардың дамуы Египеттің ішкі саяси жағдайына ғана ықпал етіп қойған жоқ, сонымен бірге Таяу Шығыстағы жағдайға да айтарлықтай әсерін тигізді. Осындай үрдіс аталған қатынастардың әртүрлі аспектілерін жан-жақты қарастырып, баға беруіне негіз береді. Сондықтан да 1980-2010 жж. Египеттің аймақтық саясатының бағыттарын зерттеудегі басты мақсат экс-президент Хосни Мүбарак билікке келгеннен кейінгі МАР-дың аймақтық көшбасшылық мемлекетке айналудағы алғышарттары болып саналатын «ұлттық мүдде» мен сыртқы саяси бағытының даму динамикасын көрсету болып табылады.

Египеттің аймақтық саяси қатынастары әртүрлі салаларда көптеген қайшылықтармен сипатталады. Сондықтан да екі жақты қатынастардың дағдарысты кезеңдерін ғана емес, таяушығыстық аймақтағы саяси жағдайдың нашарлап кету себептерін де қарастыру басты мақсаттардың бірі.

Зерттеу жұмысында қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Мысырдың аймақтық саясатын жүзеге асырудағы алғышарттары саналатын елдің әлеуетін айқындау және саяси, экономикалық және әскери саладағы египет-американ серіктестігінің дамуын зерттеу, екі жақты қатынастың қайшылықтары және оларды жою механизмдерін көрсету сынды міндеттер қойылды.

Зерттеу барысында мақсат мен міндеттерді объективті және ғылыми тұрғыда шешу үшін тарихи-салыстырмалы, дәуірлеу әдісі (диахрониялық әдіс), тарихи-сипаттамалық әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Египет-АҚШ қатынасының тарихи көрінісі

Египет-американ қатынасының даму тарихы Мысырдың үш ірі мемлекет басшылары Г. Насер, Ә. Садат және Х. Мүбарак билігі тұсында қалыптасқан саяси бағыттардың өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. 1952 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін басталған египет-американ қатынасының алғашқы кезеңі «салқындық» сипатта жүрді. Егемендік туын енді желбіреткен жас мемлекеттің сұраған қаржылай көмегін АҚШ дер кезінде жөнелтуге асықпады. Сондай-ақ АҚШ-тың қаружарақпен қамтамасыз ету уәдесін де кейінге ысыруы Г. Насерді Кеңес Одағымен жақындасуға итер-

меледі. Өз кезегінде Таяу Шығыста өзінің ықпалын күшейтуді көздеген КСРО Египетке айтарлықтай көлемде кеңестік қаруларды тасымалдай бастады. Ал 1958 жылы 27 желтоқсанда Мәскеу мен Каир арасында келісімге қол қойылып, Асуан су тоспасын салу үшін құрал-жабдықтар мен техникалық көмек көрсету мақсатында 90 млн рубль көлемінде ұзақ мерзімге қарыз беру қарастырылды. Ізінше, 1960 жылы 27 тамызда екі жақ 202,5 млн рубль көлемінде қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. Осылайша екі ел арасында орнатылған тығыз әскери-экономикалық байланыс ұзақ жылдар бойы жемісті дамыды. Бірақ, 60-шы жылдардың аяғынан бастап КСРО экономикалық құлдырауы себебінен өзінің Таяу Шығыстағы ықпал өрісін жоғалта бастады. Ал, Насерге батыс елдерімен тығыз қатынас орнату және елде жеке меншік өндіріске ерік беру туралы шешім қабылдауына тура келді. Дегенмен мемлекет басшысының Ақ Үй әкімшілігімен қатынасты қалыптастыру әрекеті салқындық қалпында қала берді.

1967 жылы Израиль басқыншылығы кезінде Египет пен АҚШ арасында дипломатиялық қатынас үзілгеніне қарамастан, екі ел арасындағы байланыс жылуы 1970 жылы қазанда үкімет басына Әнуар Садат келгеннен кейін сезіле бастады. АҚШ пен Египет арасындағы жақындастықтан өзара тиімді мүдделер көзделді. Египеттің ішкі факторлары (Насердің «социалистік эксперимент» сәтсіздігі, Израильге қарсы тұру нәтижесіндегі экономикалық дағдарыс) 1970 жылдардың ортасындағы АҚШ-тың сыртқы саясатындағы сәтсіздіктермен сәйкес келді. 1973 жылы Вьетнам соғысында жеңіліске ұшыраған АҚШ енді өз белсенділігін Таяу Шығыс аймағында танытуға кірісті. Садат Вашингтонды, ең алдымен тоқырап қалған ел экономикасын көтеру мақсатында қаржы алуға, екіншіден, 1967 жылы басып алынған Синай түбегін қайтаруы үшін Израильге қысым түсіруші күш ретінде қолданғысы келді.

Ал, американдықтар Египеттің сыртқы және ішкі саяси бағыттары арқылы Таяу Шығыс аймағынан Кеңес Одағын ығыстыруды, ірі араб елдерін Израильмен бейбіт келісім орнатуға итермелеуді көздеді. Египет пен АҚШ арасындағы дипломатиялық қатынас 1974 жылы ақпанда қалпына келтірілді. Осы уақыттан бастап американдықтар аймақтағы өздерінің стратегиясын күшейте отырып Кеңес Одағын бұл аймақтан алшақтатуға тырысты.

Египетке аса қымбатқа түскен Израильмен бейбіт бітімге 1978 жылы қыркүйекте қол қойылды. Кэмп-Дэвид келісімі көмегімен Египет өзіне Синай түбегін қайтарып, Вашингтонды әскери және экономикалық көмекті ұлғайтуға қолданғысы келді. Ізінше, 1979 жылы наурызда қол қойылған сепараттық бейбіт бітімнің құны американдықтар үшін шамамен 5 млрд. долларды құрады (Звягельская И.Д., 1990,125). Сондай-ақ бұл келісімнің Египет үшін де құны қымбатқа түсті. Бауырлас елдер тарапынан сынға алынып, араб әлемінен оқшауландырылды. Садаттың биліктегі соңғы жылдары елдегі экономикалық қиындықтар және саяси шиеленістің өрши түсуімен сипатталды.

1981 жылы Хосни Мүбарак үкімет басына келгеннен соң Вашингтон Египет пен АҚШ арасындағы ерекше қатынас сипатына ие болған саяси және әскери-экономикалық байланысты сақтап қалуға тырысты. Вашингтон екі ел қатынасындағы ерекше орынды иеленетін әскери ынтымақтастықты Таяу және Орта Шығыста өзінің ықпалын күшейту үшін бағыттауға көздеді. Өйткені, 1980 жылдардың қарсаңында Иранда шаһқа қарсы төңкеріс, ал Ауғанстанда тәртіптің ауысуы сияқты елеулі өзгерістер жүрген еді. Осыған дейін Таяу және Орта Шығыстағы қауіпсіздік нышаны ретінде Иран мемлекетіне ерекше мән беріліп келген болса, енді шаһ тәртібінің құлауымен онда бос кеңістік түзілген соң, АҚШ Египеттің стратегиялық сапасына ерекше көңіл бөле бастады.

Хосни Мүбарактың 1982 жылы ақпан айында АҚШ-қа сапары барысында Египетке американдық экономикалық көмекті сақтау, әскери салада ынтымақтастықты жалғастыру, сондай-ақ Синай түбегінде көп ұлтты күштер (КҰК) әскерлерін шоғырландыру туралы мәселелер қарастырылды. Жалпы 1982-1983 жылдары АҚШ тарапынан Египетке 1 млрд. доллар көлемінде экономикалық және 1,3 млрд. доллар көлемінде әскери көмек көрсетілсе, бұл көрсеткіш 1983-1984 жылдары 1 млрд. және 1,365 млрд. долларды құрады. 1984 жылдың аяғында Египетке тасымалданатын әскери құрал-жабдықтарға бөлінген 8,5 млрд. доллар көмек көлемі 1987 жылға дейін осы деңгейде сақталды. Осылайша қару-жарақ тасымалдау көлемін ұлғайта отырып, Вашингтон Каирді таяушығыстық одақтас ретінде өзіне жақындата түсу үшін қолдағы барын аямады.

Дегенмен Мысыр қоғамында алпауыт елдің саясатына деген кері көзқарастар байқала бастады. 1985 жылы күзде американдықтарға қарсы ұзақ пісіп-жетіліп келе жатқан бұрқасын лап ете түсті. Бұған төрт палестиналықтың Жерорта теңізіндегі итальяндық «Акилле Лауро» туристік кемесін басып алуы себеп болған еді. Палестиналықтардың бұл әрекетін әлемдік қауымдастық алдын-

да көзге түсірмей, дауды жанжалсыз шешуді ұйғарған Египеттің шешіміне американдықтардың қарсы шығуы жағдайды ушықтырып жіберді. Египет басшылығы палестиналықтармен келіссөзге отырып, туристерді жіберуге көндіріп, ал өздерін ұшақпен Туниске жеткізуге келісім берген еді. Американың ішкі әскери әуе күштері Египеттің туристік ұшағын басып алды. Олар египет әуе ұшағын Сицилия әуе қондырымдарының біріне қонуға мәжбүр етіп, өзіндік сот жасауға шешім қабылдаған болатын. АҚШ-тың әрекетіне қатты наразылық танытқан Египет президенті бұл бұрын естімеген халықаралық құқық нормаларын бұзатын оқиға екенін атады. Елде көптеген қалаларда американдықтарға қарсы толқулар жүрді. Египеттегі шиеленісті жағдайды басу үшін АҚШ-тың бас хатшы орынбасары Дж. Уайтхед жіберіліп, 150 млн. доллар көлемінде қосымша көмек бөлуге мәжбүр болды.

Шиеленіс басып тасталғанымен египеттіктер Вашингтонның өз «ұлттық мүддесін» қанағаттандыру үшін кез келген араб елінің абыройын таптайтын саясатқа баратындығын шынайы көзбен көрді.1986 жылы көктемде Ливия Жамаһриясына қарсы Египетті айдап салмақ болған АҚШ-тың ойы іске аспай қалды. Көршілес араб елін АҚШ-тың бомбылауы Египетті дүр сілкіндірді. Мысыр Ливиямен арадағы қатынасы нашар болса да, көрші елдің халқына гуманитарлық көмек жіберетіндігін жариялады.

Египет-америка қатынасындағы алшақтық Мысырдағы американдық әскерлердің шоғырлану мәселесінде де байқалды. Негізінен, АҚШ өздерінің әскерлерін Египетте шоғырландыру жоспарын Әнуар Садат билігі тұсында іске асырған болатын. 1979 жылы желтоқсанда Каир өзінің территориясында екі «АВАКС» ұшағын орналастыруға рұқсат берген еді. Сонымен бірге АҚШ Қызыл теңіздегі Рас-Банас порты мен әскери әуе қондырымын пайдалану құқығына қол жеткізген болатын. 1982 жылғы қаржы жылында АҚШ әкімшілігі жоғарыда аталған әуе базаларын қайта жабдықтауға 106,4 млн. доллар бөлуді көздеді (الشرع الاوسط،1982).1983 жылы мамырда екі ел арасындағы әскери келіссөз қайта басталды. Бірақ Вашингтонның Рас-Банастағы египеттік әскери қойманы қайта жабдықтау туралы келісімге қол қою үміті еш нәтиже берген жоқ. Хосни Мүбарак өз елінде ешқандай шетелдік әскери қойманың болмайтындығын, Мысыр әскери қойманы өзі салып, онда өзінің бақылауын сақтайтындығын, американдықтар бұл қойманы тек Каир Вашингтонның іске араласуын қажет тұтқан жағдайда ғана пайдалана алатындығын баса атап өтті (برنامج مبارك وثيقة.لبناء الدولة العصرية. اكتوبر ١٩٩٩). Мүбарак шетел әскерлерінің елдің территориясына шоғырландырылуын қаламады. Әрі оның араб әлемі алдында Египеттің беделіне нұқсан келтіретінін сөзсіз ұғынды. Египет басшылығы өзінің аумағында осыған дейін шетел әскерлерінің белгілі мақсатта уақытша орналасқандығын ескертті. Еске түсіре кетсек, елде тікелей американ әскерлерінің орналастырылуы 1979 жылғы египет-израиль бейбіт бітіміне сүйеніп, осы келіссөз ережелерін бақылау үшін көп ұлтты күштер ұйымдастырылған еді. 1982 жылы сәуірде Израиль әскерлері Синай түбегінен шығарылғаннан кейін АҚШ өзінің батальонын шоғырландырған болатын. Бірақ египет-израиль шекарасында шиеленіс азайғаннан кейін Синай түбегіндегі КҰК контингенті өзінің бұрынғы мәнін жоғалта бастады. Синайда 22000 КҰК әскерлерін ұстауға рұқсат берілсе де, олардың саны 8000 әскерден аспады.

Сондай-ақ Иран-Ирақ соғысы кезінде АҚШ-тың екі ұшты саясат ұстанып, Иранға әскери көмек беруі араб елдері тарапынан қарсыластық туғызды. Египет 1987 жылы «Ирангейд» дауын ескере отырып, Вашингтонға бару сапарынан бас тартты. Бұл соғыста Ирақтың одақтасы болған Египет АҚШ-тың бұл әрекеттерін «дұшпандық әрекет» деп санады. Вашингтонның осындай әрекетке баруы өзінің таяушығыстағы одақтасы Израильмен бірлесе отырып, жасалынғаны сөзсіз мәлім. Израиль Иранды жауы санап келсе де, бұл аймақтық соғыста өзінің бақталасын қолдаған болатын. Бір жыл бойы Египеттегі американдықтарға бас көтерулер салдарынан «дипломатиялық дағдарыс» басталды. Бұл наразылық 1987 жылы қыркүйекте Каирдегі лаңкестік әрекетке ұласты. Египеттегі америка дипломаттарына екі рет қастандық әрекеті жасалынды.

Дегенмен 1980 жылдардың аяғында екі ел қатынасында қайтадан жылулық сезіле бастады. 1988 жылы Х. Мүбарак АҚШ-қа ресми сапар жасап, үзілген дипломатиялық қатынасты, палестина мәселесін реттестіру, экономикалық қолдау беру мәселелерін алға қойды. 1988 жылы наурызда Египеттің қорғаныс министрі Абу Газалидің АҚШ-қа сапары барысында екі ел арасындағы әскери ынтымақтастық принциптерін айқындайтын «өзара түсіністік туралы меморандумға» қол қойылды. Бұл меморандумда әскери бірлесіп қызмет істеуде Египетке бірқатар әскери технология беру қарастырылды. Бұндай келісімге АҚШ басқа ешқандай араб елдерімен қол қойған жоқ болатын. Меморандумның әрекет ету мерзімі 5 жыл

болғанымен, оны ұзартуға мүмкіндік берілді. Келіссөзде Египет келісімнің кез келген тарауына түзету енгізе немесе жоя алады деп көрсетілді (الأهرام,1988).

90-шы жылдардың ортасына қарай Египет пен АҚШ арасында аймақтық мәселелер бойынша қарама-қайшылықтар туындап, екі елдің көздеген мүдделері одан әрі алшақтай түсті. 1997 жылы өткен Араб Елдері Лигасының (АЕЛ) саммитінде Египеттің төрағалығымен оның мүшелеріне Израильмен байланыстарын тоқтатып, экономикалық бойкотты қайта жандандыру ұсынылған болатын. Бірақ Мысырдың АЕЛ-мен біріккен мәлімдемеге қатысуы американдықтар тарапынан наразылық тудырды. АҚШ-тың қаһарына ұшыраған елдерге Мүбарактың көмек беру саясаты Вашингтонды назаландырады. Мүбарак 1996 жылғы қыркүйектегі АҚШ-тың Иракты бомбылауын «халықаралық құқықты бұзу» әрекеті деп танығандардың бірі еді. Египет бірнеше рет АҚШ-ты Бағдадтағы экономикалық және саяси тосқауылды алып тастауға шақырды. Таяу Шығыс мәселелері бойынша Вашингтондық институттың атқарушы директоры Роберт Сатлофф Египеттің 70-80-шы жылдардағы саясаты мен 90-шы жылдардағы саясаты арасында айтарлықтай айырмашылық бар деп көрсетті. Оның пікірінше, Египет аймақтағы АҚШ-тың мүдделеріне жауап бермейтін бағыттарды ұстанады: «екі елдің біріккен күші араб елдерінің Израильмен байланысын кеңейту үшін жұмсалуы керек, бірақ соңғы кезде Египеттің сыртқы саяси бағытында Израильді өзінің аймақтағы жетекшілігіне қауіп төнгізуші ретінде қарастыратын үрдіс байқалады».

Жалпы көзқарас бойынша екі ел арасындағы түсініспестік шартты сипатта, әрі дағдылы әдет бойынша жүреді. Өзара үйреншікті қанағаттанбаушылық алдымен, әдеттегідей Ақ Үй әкімшілігінің Египет саясатына үндеу тастауымен басталады. Ізінше, бұл сынды «Нью-Йорк», «Вашингтон пост» сынды басылымдар қағып алып отырады. Көбінесе, Египеттің сыртқы саяси бағытына емес, ішкі мәселелеріне көп қадалады. Сондай-ақ конгрестің кейбір мүшелері Каирге экономикалық көмекті азайту керектігі туралы мәселелер көтереді. Ал, бұған Мысырдың ресми өкілдері АҚШ Египеттің сыртқы да, ішкі де ісіне араласуға құқығы жоқ деп жауап қайтарады. Бірақ, египет-америка қатынасында кездесетін кез келген шиеленісті фактілерге қарамастан, үнемі екі жақ басшылары кез келген келіссөзден кейін бір-бірінің алдын кеспеуі керектігін еске салып отырады. Жоғарыда айтылғандарды сараптай келе, египет-америка қатынасын конгресстегілер египет-израиль байланысының көлеңкесі арқылы қарастырады деп топшылауға болады. Дегенмен ресми деңгейде екі жақ та тығыз байланысты сақтау керек.

Осындай салқындық жағдайда Египеттің сыртқы істер министрі Амр Мұса 1998 жылы тамызда АҚШ-қа ресми сапар жасаған еді. Өзінің әріптесі Мадлен Олбрайт және конгресс мүшелерімен кездесуі айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Сапардың негізгі мақсаты екі ел арасындағы қайшылықтарды жою және тығыз ынтымақтастық жолдарын іздестіру болған болатын. 1999 жылы шілдеде Хосни Мүбарак өзінің Вашингтонға кезекті сапары кезінде, египет-америка қатынасы стратегиялық жағынан маңызды болып табылатындықтан АҚШ-та екі ел арасындағы серіктестікті сақтауға мүдделі екенін нақтылады.

Египет-АҚШ арасындағы әскери серіктестік

Екі ел арасындағы байланыста әскери ынтымақтастық әрдайым басты орынды иеленді. АҚШ Египетке өзінің қару-жарағын 70-ші жылдары-ақ тасымалдай бастаған болатын. 1980 жылы АҚШ 1,5 млрд. долл. көлемінде Египетке қаружарақ жіберуге міндет алды. Соғыс қаруларын иеленуге берілетін американдық көмек жаңа үкімет тұсында да жалғасып жатты. «Аль-Маджалля» журналының мәліметі бойынша, 1985 жылы көрсетілген АҚШ көмегін: қырық «Ф-16», алты «Геркулес», «СИ-150», «әуе-әуе», «Сэндвиндер», «Спэрроу» зымырандары, «Хок» үлгісіндегі 288 «жер-әуе» зымыраны, 300 М-60 танкі, бес жүз жүк тасымалдау көлігі, жүз елу бес зеңбірек, екі жүз танкіге қарсы тұратын зымыран және жүз қырық бес «Хувер Крафт» кемесі құрады (المجلة،٢٦٥).

1985 жылы Египет АҚШ-тан жалпы 2,2 млрд доллар көмек алса, оның 1,2 млрд. доллары тек әскери салаға берілді. Сондай-ақ екі ел арасындағы әскери ынтымақтастықта біріккен соғыс іс-қимылдарын екі жылда бір рет өткізу қарастырылды. АҚШ Таяу Шығыстың шөлді табиғи шарттарында өзінің қарулы күштерін соғыс іс-қимылдарын жүргізуге бейімдеуді көздеді. Іс-қимылдардың ішіндегі маңыздырағы «Брайт Стар» (Жарық жұлдыз) 1980, 1981 және 1985 жылдары жүргізілді. Бұл әуедесанттық іс-қимыл 1988 жылы 22 наурызда екі жақ бірін-бірі түсінушілік жөнінде меморандумға қол қойылғаннан кейін де жалғастырылды. Біртіндеп, «Брайт Стар» іс-қимылына қатысушылардың ортасы көбейе түсті. 1996 жылы АҚШ пен Египетке Франция, Германия, Ұлыбритания және БАӘ

қосылды. Ал, 1999 жылы әскери сала тарихында бұрында өткізілмеген жаттығу ұйымдастырылып, оның құрамын нидерланды, Италия, Греция және Иорданияның әскерлері толықтырды. 11 елдің қарулы күштерінен құрылған, жалпы 70 мың әскер (30 мыңы египеттіктер) саны қатысқан осы іс-қимылға 33 мемлекет өздерінің өкілдерін бақылаушы ретінде жіберген болатын (Al-Ahram Weekly,1999).

Екі ел арасында 1986 жылы қол қойылған әскери келісім Египет инвесторларына тікелей Пентагонмен ынтымақтасуға құқық берді. Египет-американ әскери ынтымақтастығы әскери жеңілдіктердің берілуі, әскери технологиямен қамтамасыз ету, біріккен жаттығулардың өткізілуі және тікелей әскердің қатысуына негізделді.

Жалпы, екі ел арасындағы әскери байланыста да кейбір қиыншылықтар кездесіп отырды. Мысалы, АҚШ-тың мемлекеттік департаменті жаңа үлгідегі кейбір қару түрлерін Египетке тасымалдауға келісім бермеді. Әсіресе, ТОВ-2Б танкі бұзатын, Ф-16 жойғыштарын жоятын «әуе-әуе» АМРААМ зымырандарымен қамтамасыз ету мәселесінде келіспеушіліктер туындады. Бұл жүйелерді Парсы Шығанағының кейбір басқа елдері өз уақытында алып қойған болатын. Дегенмен Вашингтон Египеттің «Longbow» радар жүйесін беру туралы ұсынысын қабылдамады.

1985 жылға дейін алынған әскери қарыздарды өтеу мәселесі біршама қиындық туғызды. Бұрынғы экономика министрі М. Саид «әл-Мусаввар» журналына берген өзінің сұхбатында әскери қарыздар жылына 12-13%-ды құрайтындығын атап көрсетті. Әдетте жеңілдік 5-10 жылға, ал өтеу мерзімі 20 жылға дейін уақытты қарастырды. Бұл Египетте қаржы дағдарысын туғызуы мүмкін еді. Бірақ 1991 жылы Иракқа қарсы коалицияға қатысқаны үшін американдықтар әскери қаружарақпен қамтамасыз ету бойынша ЕАР-ның 7 млрд. доллар көлеміндегі қаруларды тасмалдау бойынша қарыздарын кешірді. Сонымен қатар, египет әскерилері әскери көмек бағдарламасы бойынша сатып алынатын қаруларға бағаның өсіп кеткеніне наразылық білдірді. Басқа елдермен салыстырғанда египеттіктер үшін соғыс техникасын сату бағасы 20-25%-ға дейін жоғары. Бірақ, сөйте тұра Каирдің америка әскери көмегіне тәуелділігі еш төмендеген жоқ. Египет қарулы күштері аймақтағы саны жағынан да, соғысқа қабілеттілігі жағынан да алдыңғы орындарды иеленеді. Сондай-ақ 2001 жылы Египет дүниежүзінің қаружарақты импорттаушы елдер тізімінде 4-ші орында тұрса, ал 2002 жылдың қарсаңында алдыға Оңтүстік Корея, Тайвань, Қытай және Сауд Арабия елдерін жіберіп, бірақ өзінің артына Израильді қалдыра отырып 5-ші орынды иеленді (Титоренко В. Е.,1994).

Бүгінгі күні египет әскери саны жағынан әлемде 13-ші орынды иеленеді. Құрамында 436 мың солдат және офицерлері бар египет әскері НАТО әскери блогы құрамындағы әскерлер санынан да асып түсті.

Египет-америка ынтымақтастығы шеңберінде Каир өзінің жеке соғыс өндірісінде дамыта бастады. Бүгінде қорғаныс министрлігі басқаруындағы шамамен 20 шақты мемлекеттік соғыс өнеркәсіптері бар. Парсы Шығанағындағы соғыстан кейін «Зауыт 2000» бағдарламасы шеңберінде Египетте америка лицензиясы бойынша М1А1 (АБРАМС) танктерін жинай бастады. Египет-америка келісімі бойынша египеттіктер жылына 524 танкіге дейін шығаруға құқығы бар. Негізінен, египет басшылығы жылына 1500 танкке дейін шығаруды көздейді. Сондай-ақ әскери машина жасау құрылысы саласында араб-америка машина құрылысы компаниясы (AAVCO) қызмет етеді. 1977 жылы негізі қаланған бұл компания, біріккен египет-америка өндірісі болып табылады. Шамамен 17 мың жұмысшысы бар өнеркәсіп әскери джиптер және басқа да жеңіл транспорт құралдарын шығарады.

Америка көмегі нәтижесінде египет әскері батыс үлгіде жабдықталған қазіргі заманғы қарулы күштерге айналды. 20 жыл ішінде Египет әскерін жаңашаландыру негізінен америка көмегіне сүйенді. Осы жыл көлемінде Каир Вашингтоннан әскери шығынға шамамен 25 млрд. доллар алды (Егорин А.З., 2000). Әрине, бұдан АҚШ-тың ұтқаны да сөзсіз. Египетке қаруларды тасымалдай отырып, америка үкіметі көптеген өздерінің корпорацияларын байытып, жүз мыңдаған американдықтарды жұмыспен қамтамасыз етті.

Осылайша, әскери ынтымақтастық саласында Каир Вашингтоннан танк, құрлықтағы артиллериялық жүйелерді, зымыран қондырымдарын, ұшақтар, тік ұшақтар және тағы да басқа көп көлемде америка техникаларын алды. Әрине, күшті және соғысуға қабілетті әскердің болуы Египеттің аймақтағы беделін күшейте түсетіні сөзсіз. Бірақ, әскери көмекті төмендетіп, экономикалық көмек көлемін ұлғайта түсу Египеттің дамуына үлкен септігін тигізер еді.

Египет-АҚШ қатынасындағы экономикалық байланыс

Египеттің ішкі және сыртқы саясаты әсіресе американдық экономикалық көмекке арқа сүйенетіні рас. Бірақ та америка экономикалық көмегінің

көп бөлігі ақшалай емес, материалдар немесе құрал-жабдықтар түрінде көрсетіледі. Бұл өз кезегінде берілетін несиенің қажетті салаға жұмсалу мүмкінділігін тежейтіні сөзсіз. 80-шы жылдардың ортасынан бастап, мысырлықтарға берілетін америка көмегінен 400 млн доллар материалдар мен жабдықтар түрінде бөлінсе, тек 400 млн доллар ғана ақшалай берілген (الأهرام). Ал көмектің қалған бөлігі әртүрлі экономикалық жобалар мен тауарлар жеткізу түрінде ұсынылған.

Жалпы АҚШ тарапынан Египетке берілетін экономикалық көмек төңірегінде даулар жиі кездесіп отырды. АҚШ тарапы Каир Вашингтонның аймақтағы мүддесін нақты қолдамайды деп наразылық танытса, Египет мамандары АҚШ-тан бөлінетін көмектің тек 15%-ы ғана ел экономикасының қажеттілігіне жұмсалады деп жауап қайтарады. А.Г. Князевтің пікірінше: «Америка экономикалық көмегі Египетке көмектесудің орнына, елді керісінше, қарызға батырып, экономикалық тәуелділікке итермелейді» (Князев А.Г.,1986).

Египетке берілетін америкалық экономикалық көмек соңғы жылдары екі ел арасындағы қатынас өзегі болып отыр. Египеттің АҚШ-пен тығыз байланысын үзбеу үшін өзіндік себептері бар. Ел 80-шы жылдардың қарсаңында ауыр экономикалық жағдайды басынан өткерді. Ал, АҚШ тарапынан құйылған инвестиция легі елді терең дағдарыстан алып шығуға көмектескен болатын. Израильден басқа ешқандай мемлекет АҚШ-тан үлкен экономикалық және әскери қолдау көрген емес. Салыстырмалы түрде айта кетсек, 1990 жылы Египет пен Израильді қосқанда екі ел 5,15 млрд. доллар көмек алған, бұл жалпы АҚШ-тың шетелге берілетін көмегінің 33%-н құрайды (Al-Ahram Weekly, 2001).

Қаншалықты сынға алынса да, негізінен америкалық көмек аймақтағы басқа елдерге қарағанда 90-шы жылдары Каирдің экономикалық жетістіктерге жетуіне үлкен септігін тигізіп, екі ел арасындағы қатынаста бірқатар нәтижелер берді. Бұл көмексіз Египет 1967 және 1973 жылдардағы соғыс салдарынан туындаған ауыр экономикалық дағдарыстан қысқа мерзімде шыға алуы мүмкін емес еді. Америкалық көмек өнеркәсіп инфрақұрылымын құруда үлкен рөл атқарды. Шамамен 9 млрд. доллар құйылып, халықты тұтыну тауарларымен қамтамасыз етуде, ауыр және жеңіл өнеркәсіпті дамытуға септігін тигізді. 1979-1999 жылдары Мысыр барлық еуропа елдерін қосқанда тек 20 млрд. доллар несие ғана алған. Сонымен қатар, египет әскерлері антиирактық коалицияға қатысқаны үшін Парсы Шығанағындағы соғыстан кейін америкалықтар Мысырдың сыртқы қарызының шамамен 20 млрд. долларды кешірді. Сондай-ақ АҚШ шамамен 7 млрд. доллар көлеміндегі әскери қарызды кешірді. Елдегі әскери күш қуатының күшеюіне АҚШ-тың тигізген әсері көп екенін Каир түсініп отыр. Египеттің танымал саясаттанушысы Абдель Монем Саид египет-америка стратегиялық ынтымақтастығы нәтижесін бағалай отырып, екі жақтың қол жеткізген төрт басты мақсаттарын көрсетті:

1) ұлттық және діни сипаттағы араб-израиль шиеленісінің
мемлекетаралық шиеленіске ауысуы;
2) аймақтағы шиеленістің әлсіреуі;
3) радикалды исламмен күресте Египеттің жетекші рөлі;
4) Египеттің экономикалық жетістіктері (Annual Economic Report on Egypt,1999).

Әрине Мысырда, АҚШ-та өзара стратегиялық ынтымақтастықтан тиімді пайдаларын көрді. Вашингтонның арқасында ЕАР Синай түбегін қайтарып алып, белгілі бір деңгейдегі экономикалық және саяси тұрақтылыққа қол жеткізді. Ал, АҚШ өз кезегінде араб әлеміндегі өз мақсаттарын күшейте отырып, Египетті америка мүддесінің қорғаушысына айналдырды.

Шамамен 20 жыл бойы (1979-1999 жж.) Египет АҚШ-тан 21 млрд. экономикалық көмек және 25 млрд. доллар әскери көмек алған. Соңғы кездері елде америкалық бағытты қолдайтын әлеуметтік күштер біртіндеп көбейе түсті. Олар негізінен әртүрлі ассоциацияларға біріккен мысырлық іскер топтарының өкілдері еді. Солардың ішінде ерекше көзге түсетін америка сауда палатасының бөлімі, яғни египет-америка комиссиясы болатын. 1982 жылы құрылған бұл ұйым египет заңына бағынбайды. Негізінен ЕАР шетелдік сауда палаталары сауда министрлігінің шешімі бойынша құрылуы қажет. Вашингтон тарапынан бекітілген бұл ұйым өзінің қызметі бойынша египет заңына қайшылық етеді. Америка жағы бұл ұйым арқылы жеке меншік шетел капиталы мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы қатынасты реттестіріп, экономикалық тұрақтылықты сақтағысы келсе, египеттіктер өз кезегінде палатаның көмегі арқылы экономика саласында америка инвестициясының көлемін ұлғайтқысы келеді. Сонымен бірге, екі жақтың белсенді қатынасына көмегін тигізіп отырған келесі ұйым Египет кәсіпкерлер ассоциациясы еді. Қаржы, саяси және әлеуметтік-экономикалық потенциалы жоғары бұл құрылымдар египет-америка қатынасының дамуын реттестіруде өз үлестерін

қосып отырды. Сондай-ақ екі жақты экономикалық байланыстың дамуына өзек болған «Мүбарак-Гор» серіктестік бағдарламасы болды. 1994 жылы 25 қыркүйекте күшіне енген бұл бағдарлама негізінде біріккен египет-америка комиссиясын құру туралы келісімге қол қойылды. Бағдарламаның міндеті жеке меншік секторға сүйене отырып, сауданы дамыту, инвестицияның көлемін ұлғайту үшін қолайлы жағдай жасау. «Мүбарак-Гор» бағдарламасы шеңберінде экономикалық саясат, сауда, инвестиция және қаржыландырудың сыртқы көздері бойынша төрт шағын комиссия қызмет жасады. Бұл шағын комиссиялар дербес түрде жұмыс істеп, көрсетілген аймақтарда нақты жобаларды жүзеге асыруға әрекет етті. Бағдарламаның маңызды жұмысшы органы болып президенттік кеңес саналды. Оның құрамына екі жақтан он бестен ұлттық бизнес «капитандары» кірді. Экономикалық өзара қатынастың маңызды мәселелері бойынша нақты ұсыныстар даярлау үшін үнемі кеңес мүшелерінің мәжілісі жүргізілді. Ал ұсыныстар өз кезегінде Мүбарак және Гордың төрағалығымен бекітілді.

Экономикалық саладағы екі жақты ынтымақтастықтың маңызды бағыттарына шаруашылықты либерализациялау үлгісіндегі әрекеттерді, мұнай-газ кешенін инвестициялық жағынан қолдау, сондай-ақ телекоммуникация желілерін жаңашаландыру, шағын бизнесті кеңейту, ұлттық кадрларды даярлауды жатқызуға болады. Жалпы Египетте ірі америка компанияларының 2500-ден астам өкілеттері жұмыс істейді.

1990 жылдардың аяғына дейін ЕАР экономикасына тікелей инвестиция құю қарқыны өсіп отырды. Мысалы, 1996 жылы инвестиция көлемі 647 млн долларды құраса, ал 1997 жылы 834 млн долларға жетті. 1999 жылға қарай Египетке 2,3 млрд. доллар көлемінде америка инвестициясы (оның 1,5 млрд. мұнай секторына) құйылды. Египет үкіметі америка инвестициясының өсуі жыл сайынғы жалпы ішкі өнімнің 5-тен 8 %-ға дейін өсетініне әкеледі деп үміттенеді. АҚШ үкіметі Каирге берілетін экономикалық көмекті азайтуды ЕАР экономикасына тікелей құйылатын инвестицияны шамамен жылына 3,8 млрд. долларға ұлғайту есебінен жоспарлады (Азатян В.В., Ткаченко А.А., 2000).

Екі жақты қатынастың дами түсуі 1998 жылы мамырда өткізілген «Мүбарак-Гор» комиссиясының мәжілісінде экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған маңызды шешімдерді қабылдағаннан кейін байқалды. Египет үкіметі мен USAID арасында египет экономикасын реформалау бағдарламасын жалғастыру үшін субсидий ретінде 60 млн доллар бөлу туралы келісімге қол қойылды. Сондай-ақ мәжілістің жүру барысында сыртқы рынокта египет ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өндірісі тауарларының бәсекелестігін арттыру мәселесіне назар аударылды. 1998 жылы тамызда құрамына агроөнеркәсіп корпорацияларының өкілдері кіретін АҚШ конгресі аграрлы комитеті палатасының төрағасы бастаған өкілдерді Египетке жіберуге шешім қабылдады (Мурадян И., 2001).

1998 жылы жазда Х. Мүбарактың АҚШ-қа сапары барысында америка рыногына египет тауарларын тасымалдауды кеңейту және египет компанияларының АҚШ-та шығарған жаңа технологияларын қолдану шарттары туралы келіссөздер жүргізілді. Сондай-ақ екі ел арасында ерікті сауда аймағын құруға байланысты мәселелер қарастырылды.

1999 жылы наурызда Каирде екі ел үкіметінің өкілдері қатысуымен америка сауда палатасының кеңейтілген мәжілісі өткізілді. Экономикалық серіктестік қатынасты тереңдету үшін жаңа мүмкіндіктерді іздестіру қарастырылды. Қатысушылар жыл сайын үкіметаралық мәжілістер өткізіп отыруға келісті. Америка өкілдерін басқарған экономика министрінің орынбасары Стюарт Эльзенстат Египет экономикасындағы ілгері қадамдарды көрсете отырып, «египеттің экономикасын либерализациялау бағдарламасы америка инвесторларына өте қымбат емес, бірақ инвестиция үшін тиімді нысандар ұсына алады» деді. Сондай-ақ ол Египетке құйылатын ірі америка инвестициясын тартуға қарсы әрекет ететін бірқатар факторларды көрсетті. Оның пікірінше, бұған бюрократтық аппарат, қарқыны төмен жекешелендіру және мемлекеттік бағалау саясаты себепкер болып отыр. Америка жағы либералды реформаларды тереңдетуді ұсынса, египет жағы Х. Мүбарактың либералды реформаға қатысты сақтық бағытты ұстанатынын жариялайды (فكر مبارك السياسة الخارج . ١٩٩٩).

1999 жылы 9 қарашада Вашингтонда екі ел арасында сауда мен инвестициялық қолдау және энергетика саласында ынтымақтастық туралы екі келісімге қол қойылды. Бірінші келісім бойынша II бапта египет сауда министрі және америка сауда өкілеттілігінің төрағасы басшылығымен сауда және инвестиция бойынша египет-америка кеңесін құру айтылды. Кеңес екі жақты сауда және инвестициялық мәселелер бойынша кеңес беру үшін және осы салада туындаған мәселелерді шешу үшін құрылуы керек болды.

Ал екінші келісімнің I бабында өзара тиімді негізде энергетика саласында екі жақты ынтымақтастық орнату қарастырылды (Agreement Between The Government Of The United States,1999). Келісім шарттарында мағлұматтар алмастыру, ғалымдардың екі жақты сапарлары, біріккен жобалар дайындау, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру мәселелері айтылды. Осы міндеттердің барлығы орындалуын қадағалау үшін арнайы комиссия құрылды.

Америка сарапшыларының пікірінше, Вашингтон Египетке елдегі инфроқұрылымдарды жақсарту және реформаларды жүргізуге көмектесті. Енді олар өздерінің басты міндеті деп елде қолайлы инвестициялық жағдай мен нарықтық экономиканы құруды қарастырады. Жалпы, америка-экономикалық байланысты дамытуға бағытталған бағдарламадан келесі тұжырымдардың туындайтынын көруге болады:

1) Бес жылдың мерзімінде біртіндеп экономикалық көмектің жылына 815 млн доллардан 407 млн долларға дейін қысқаруы;

2) Египетке америка экспорты мен инвестициясының өсуі;

3) АҚШ пен ЕАР арасындағы жаңа сауда келісімдерінің орнауы;

4) Әскери көмектің сол деңгейде сақталуы.

АҚШ үкіметі Египетті нарықтық қатынаста дамыған мемлекетке айналдыруды көздегенін жариялай отырып, ХДП арқылы египет экономикасын дамыту бойынша он жылдық жоспар қабылдады. Бұл жоспарда Египетке экономикалық көмекті 2000 жылы 735 млн доллардан 2009 жылы 400 млн долларға дейін қысқарды. 2008 қаржы жылында 705 млн доллар көлемінде көмек бөлінген болатын. Өз тарапынан Ақ үй Мысырдың жалғыз стратегиялық серіктестігі болып қалуы үшін бұл араб елімен байланысын барынша кеңейтуге және тереңдетуге тырысты. 2000 жылдары АҚШ пен Мысыр арасындағы сауда-экономикалық байланыс жандана түсті. ЕАР сыртқы сауда министрі Юсеф Бутрос Галидің айтуынша, АҚШ-қа экспортталатын мысыр тауарларының көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы 21 %-ға өсіп, 1,1 млрд. долларға жетті. Ал бұл көрсеткіш сол бір жыл бұрын ғана шамамен 942 млн долларды құраған болатын (Юрченко В. П., 2003).

АҚШ үшін ресми Египет лаңкестікпен күрес және Таяу Шығыстағы бейбітшілікті реттестіру үдерісі бойынша негізгі серіктестік саналады. Іс жүзінде араб елдерімен байланыс орнату үшін көпірі, ал аймақты реформалау идеясын енгізуде арна ретінде қарастырды. 2004 жылдың басында АҚШ «Үлкен Таяу Шығыс» деп аталатын бастамасын іске қосты.

Бұл Батыстың жаппай қаржылық көмегіне айырбас ретінде, оның ішінде Солтүстік Африканы қосқанда Таяу Шығыс аймағының 22 мемлекетіне кең көлемдегі саяси, демократиялық және экономикалық реформалар жүргізуді қамтиды. Шын мәнінде ол аймақты түбегейлі қайта құрудағы Вашингтонның ұсынған үлгісі бойынша жоспар болатын. Бұған әрине араб әлемі наразылық танытқан болатын.

2004 жылы наурызда Каирге американдық «Үлкен Таяу Шығыс» ұсынысын египет басшылығына жеткізу мақсатында АҚШ-тың саяси мәселелер бойынша мемлекеттік хатшысының орынбасары Марк Гроссман келген болатын. Бірақ саяси көзқарастары толыға түскен мысыр қоғамы елде АҚШ-тың реформаны тек аймақта өзінің ықпалын нығайта түсу үшін жүргізуді қалайтындығын түсінген еді. АҚШ саясатын талқылау үшін Дамаскте өткен халықаралық симпозиумде Сирияның ақпарат министрі Ахмад әл-Хасан өз кезегінде араб елдері американдық «Үлкен Таяу Шығыс» жоспарына және сырттан алынатын басқа да осыған ұқсас жоспарларға қарсы тұруы тиіс деп пікірін білдірген болатын. Әрине Таяу Шығыстағы экономикалық және саяси реформалар әр елдің ішкі саяси мүддесімен тоғысуы керек.

Қорытынды

XX мен XXI ғасырлар тоғысында Араб Шығысы бірқатар әскери-саяси және экономикалық үрдістерді өткерді. Сонымен қатар халықаралық қатынастарды сипаттайтын маңызды тарихи оқиғалар мен үдерістер ошағы саналды. Бір жағынан, ол аймақ маңыздылығын туғызса, ал екінші жағынан арабаралық қатынастардың жүйесіне кері әсерін тигізді. Араб елдерінің басым көпшілігіне саяси жүйе тұрақсыздығы, экономиканың кешеуілдеп дамуы, мемлекетаралық, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар тән болды. Бұл факторлардың барлығы аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақсыздығына әкелді.

Таяу Шығыс аймағындағы тұрақсыздықты қалпына келтіру үшін Египет әлемдік мемлекеттермен, оның ішінде АҚШ-пен белсенді дипломатиялық күш жұмсады. Өз кезегінде АҚШ-тың сыртқы саясаты үшін маңызды стратегиялық аймақтың ортасында орналасқан Египет аймақта қауіпсіздік, тұрақтылық, ең бастысы америка мүддесін қамтамасыз етуде ауадай қажет болды. Вашингтонда палестина мәселесін шешудің бір

кілті осы Каирде екендігін жақсы түсінді. Сондай-ақ XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында діни лаңкестіктің өрши түскен кезінде американдықтар үшін Египеттің күшін фундаменталистерге қарсы күресте қолдану маңызды болды.

Дегенмен АҚШ кез келген мемлекетті өзінің басты мүддесін жүзеге асыруы үшін аянбай қалатыны белгілі. Әр кезде де екі ел арасындағы серіктестік қатынасты Вашингтон тек өзінің бас пайдасына шешкісі келгені бүгінгі күні айқын болып отыр. Ол әр уақытта да Мысырдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын барынша өз ойынының бір бөлшегі ретінде қарап келді. АҚШ-тың Египетке берілетін үлкен экономикалық көмегінің астарында бірнеше факторлар жатқаны мәлім. Осылайша Таяу Шығыстағы аймақтық бейбітшілік саясатты қамтамасыз етуде Египет АҚШ-тың стратегиялық серіктестігі болып табылды. Ал екі елдің арасындағы қайшылықтар мен түсініспеушіліктер, аймақ тұрақтылықтығын сақтауда бүгінгі таңда кері әсерін беріп отыр. Әрдайым Египетті өзінің серіктесі деп жар салып келген АҚШ бұл аймақтық көшбасшы мемлекетін өзінің «демократиялық құрбанына» айналдырғаны бүгінгі күннің ақиқаты. Дегенмен қазіргі жаһандық интеграцияның үдеген тұсында Каир египет-америка қатынасынан әлі де болса үлкен экономикалық ынтымақтастық күтеді.

Әдебиеттер

Азатян В.В., Ткаченко А.А. (2000). Интеграционные процессы в экономике стран Северной Африки. – М.: НИОПИК, – 88 с.

Егорин А.З. (2000). «Ближний Восток: Гонка вооружений...». Во имя мира». Ближний Восток: проблемы региональной безопасности. – М.: Институт изучения Израиля и Ближнего Востока, – 132 с.

Звягельская И.Д. (1990). Конфликтная политика США на Ближнем и Среднем Востоке. – М.,125 с.

Князев А.Г. (1986). Египет 80-х годов. – М.: Знание, – С. 20.

Мурадян И. (2001). Политика США и формирование региональных альянсов на Ближнем Востоке. – Ереван: Антарес, – 108 с.

Титоренко В.Е. (1994). Формирование внешней политики Египта после Насера (1970-1993 гг.). – М.: МП Информполиграф, 240 с.

Юрченко В.П. (2003). Военно-техническое сотрудничество США с арабскими странами (конец XX – начало XXI вв.) // Ближний Восток и современность. Вып. 18. – М.: ИИИБВ, – 248 с.

الشرع الاوسط،31/12/1982

برنامج مبارك وثيقة لبناء الدولة العصرية. اكتوبر ١٩٩٩

الأهرام, 25/03/1988

المجلة ٢٦٥، ١٩٨٥,٣٠,٦

Al-Ahram Weekly. Ibragim Nafia. Critical misjudgments. 28 October-3 November.1999. Issue №453

وزير الدفاع من التهديدات الرئيسية لأمن مصر // الأهرام، 1986/06/22

Al-Ahram Weekly. Nevine Khalil. Steering a steady course . 11-17 October 2001. Issue №555

American Embassy in Cairo. Annual Economic Report on Egypt. Cairo, June, 1999

فكر مبارك السياسة الخارج . اكتوب ١٩٩٩.

Agreement Between The Government Of The United States Of America And The Arab Republic Of Egypt Concerning The Development Of Trade And Investment Relations, 9 November, 1999 (www. mfa.gov. eg).

References

Azatyan V. V., Tkachenko A. A. (2000). Integratsionnyye protsessy v ekonomike stran Severnoy Afriki [Integration processes in the economy of the countries of North Africa]. - M .: NIOPIK, - 88 p.

Yegorin A. Z. (2000). «Blizhniy Vostok: Gonka vooruzheniy...». Vo imya mira». Blizhniy Vostok: problemy regional'noy bezopasnosti ["The Middle East: Arms Race ...". In the name of peace. Middle East:Regional Security Issue]. - M.: Institute for the Study of Israel and the Middle East,- 132 p.

Zvyagel'skaya I. D. (1990). Konfliktnaya politika SSHA na Blizhnem i Srednem Vostoke [United States Conflict Policy in the Middle and Near East]. – M.,125 s.

Knyazev A. G. (1986). Yegipet 80-kh godov [Egypt of the 80s]. - M .: Znanie, - p. 20

Muradyan I. (2001). Politika SSHA i formirovaniye regional'nykh al'yansov na Blizhnem Vostoke [US policy and the formation of regional alliances in the Middle East]. Erevyan: Antares, – 108 p.

Titorenko V. Ye.(1994). Formirovaniye vneshney politiki Yegipta posle Nasera (1970-1993 gg.). [Formation of Egypt's foreign policy after Nasser (1970-1993)]- M.: MT Informpoligraf, – 240 p.

Yurchenko V. P. (2003). Voyenno-tekhnicheskoye sotrudnichestvo SSHA s arabskimi stranami (konets XX – nachaloXXI vv.) // Blizhniy Vostok i sovremennost'. Vyp. 18 [Military-technical cooperation of the USA with Arab countries (end of XX - beginning of XXI centuries)] // Middle East and modernity. Issue № 18. - M.: IIBV, - 248 p.

الشرع الاوسط،31/12/1982

برنامج مبارك وثيقة لبناء الدولة العصرية. اكتوبر ١٩٩٩

الأهرام, 25/03/1988

المجلة ٢٦٥، ٦,٣٠,١٩٨٥

Al-Ahram Weekly. Ibragim Nafia. Critical misjudgments. 28 October-3 November.1999. Issue №453

وزير الدفاع من التهديدات الرئيسية لأمن مصر // الأهرام، 1986/06/22

Al-Ahram Weekly. Nevine Khalil. Steering a steady course . 11-17 October 2001. Issue №555

American Embassy in Cairo. Annual Economic Report on Egypt. Cairo, June, 1999

.فكر مبارك السياسة الخارج . اكتوب ١٩٩٩

Agreement Between The Government Of The United States Of America And The Arab Republic Of Egypt Concerning The Development Of Trade And Investment Relations, 9 November, 1999 (www. mfa.gov. eg).

ҒТАМР 13.17.13

Жумажанова Ф.Т.

филол.ғ.к., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Farahanum@ mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымында тарихи және теориялық жағынан барлық қыры толық күйінде, жан-жақты зерттеле қоймаған аса күрделі проблемалардың бірі қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы жан-жақты қарастырылды. Ал қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығының бастау көзі ежелгі әдебиет нұсқаларында жатқандықтан, сол жәдігерлерге бірсыпыра тоқталуға тура келеді. Соңғы жылдары ұлттық әдебиеттану ғылымы ескі жәдігерлерге үңілу барысында көптеген жетістіктерге қол жеткізгендігі сөз етіледі. Ғылыми зерттеулер мен әдебиеттер қатарынан ең алдымен ерекшелеп зер салуға ықпал еткені Абай еңбектері болғанмен оған дейін де шариғат тақырыбын Бұқар жырау Қалқаманұлы, Дулат Бабатайұлы, Мәделі Жүсіп қожа, Майлықожа Сұлтанқожаұлы жырлағаны ақиқат. Алайда аты аталған қазақ ақындары бастауды қайдан алды. Оларға кім, не үлгі болды деген сауалдардың төңірегінде ой қозғалды, бұл мәселенің төркіні ежелгі әдебиет нұсқаларында жатқаны әдебиет тарихынан мәлім. Сөзіміз дәйекті болу үшін ежелгі әдебиетті зерттеушілер мен сол тұстағы мұраларға үңілдік.

Түйін сөздер: дәстүр сабақтастығы, шариғат тақырыбы, ежелгі әдебиет, әдеби мұра, жәдігер, сопылық әдебиет.

Zhumazhanova F.T.

Candidate of Philology, Senior Lecturer,
Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Farahanum@ mail.ru

Succession of Traditions in the Kazakh Literature

This articleconsidersone of the most difficultand insufficiently studied problems- in diachronic and theoretical aspects - the succession of traditions in the Kazakh literature. As the main source of the succession of traditions in Kazakh literature isthe piecesof work from the ancient literature, for us the study of them is important. Nowadaysthey are becoming the research object of national literature studies. The issue of sharia was considered and covered not only in the works of Abay, but also in the works of earlyother Kazakh poets like Bukhar Zhyrau Kalkamanuly, Dulat Babatayuly, Zhusip Khoja, and Mailykhoja Sultankhojauly. Who or what contributed to the coverage of this issue in the writings of poets remains interesting and relevant, and the answer, as we know from the history of literature, is in the works of that period, which became the object of our research.

Key words: Succession of traditions, Sharia, ancient literature, literary heritage, masterpiece, Sufi literature.

Жумажанова Ф.Т.

к.ф.н., старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Farahanum@ mail.ru

Преемственность традиций в казахской литературе

В настоящей статье рассматривается, с одной стороны, одна из сложных, а с другой –недостаточно изученных в диахроническом и теоретическом аспектах проблем – преемственность традиций в казахской литературе. Учитывая то, что источником преемственности традиций в казахской литературе являются произведения из древней литературы, для нас их изучение является ключевым. В последнее время именно древние литературные произведения становятся

объектом исследования национального литературоведения. Вопрос шариата освещался не только в произведениях Абая, но и в произведениях других ранних казахских поэтов – Бухар Жырау Калкаманулы, Дулат Бабатайулы, Жусип Ходжа, Майлыкожа Султанходжаулы. Кто или что поспособствовало освещению данного вопроса в трудах поэтов, остается интересным и актуальным, а ответ, как известно нам из истории литературы, находится в самих произведениях данного периода, которые и стали объектом нашего исследования.

Ключевые слова: преемственность традиций, шариат, древняя литература, литературное наследие, шедевр, суфийская литература.

Кіріспе

Қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығын сөз етер алдында ежелгі әдебиетті зерттеушілер мен сол тұстағы мұраларға үңіліп көруге болады. Әдебиет ақын-жазушылардың өздері өмір сүрген дәуірінің шынайы картинасы болып табылады. Ежелгі дәуір әдебиетін арнайы зерттеген ғалымдардың еңбегі туралы Т. Кәкішұлы былай дейді: «Айрықша белсене еңбек еткен Мырзатай Жолдасбеков (архон жазбалары), Мұхтар Мағауин (жыраулар поэзиясы), Асқар Егеубаев (көне жазба әдебиет), жалпылай шолу жасаған Ханғали Сүйіншәлиевтерге студенттік жәрдемін тигізіп жүрген Алма Қыраубаева сынды қарындастарымыз болды» (Кәкішев Т., 1992:6). XIII-XIY ғасыр әдебиеті жөнінде А. Қыраубаева мынадай тұжырым жасайды: «Әдебиетіміздің тарихында өзіндік із қалдырған осындай елеулі мұралардың бірі – XIII-XIY ғасырлардағы ескерткіштер. Осы кезең ескерткіштеріне тән жанрлық, тақырыптық, көркем тілдік сипаттардың ізі, өзара сабақтастық кейінгі дәуірлердегі әдебиетімізден, әсіресе XIX-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінен жақсы байқалады» (Қыраубаева А., 2006:12). Олай болса, XIX-XX ғасыр басындағы әдебиетті сөз ету үшін сол ежелгі әдебиет нұсқаларына үңілген жөн.

«Көркемдік дәстүр жалғастығы – қазақ әдебиеттану ғылымында тарихи және теориялық жағынан барлық қыры толық күйінде, жан-жақты зерттеле қоймаған аса күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Ал, бұл мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу – ұлттық сөз өнерінің эстетикалық қуатын, философиялық мән-мағынасын, әрбір әдеби жәдігерліктің өмірге келу себептерін айқындап алуға мүмкіндік береді» (Халифа Алтай Ғақып ұлы, 1994:11), – деген ғалымдардың пікіріне сүйенетін болсақ, қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығының бастау көзі ежелгі әдебиет нұсқаларында жатқандықтан, сол жәдігерлерге бірсыпыра тоқталуға тура келеді. Соңғы жылдары ұлттық әдебиеттану ғылымы ескі жәдігерлерге үңілу барсында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Соның нәтижесінде 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» жасалды. Бұл еңбекте фольклор үлгілерінен бастап, қазіргі тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің даму үлгілері түгел қамтылғанын ескерсек, осы еңбектің 2-томы ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиетіне арналған. Мұнда ежелгі дәуір әдебиеті мен орта ғасырлардағы көне түркі жазба жәдігерлері мен қарахандықтар тұсындағы әдебиет тұтастай қамтылып зерттеу нысанына алынды. Аталған дәуір әдебиетін зерттеуші ғалымдар сақтардың қаһармандық дастандарынан «Алып Ер Тоңға» мен «Шу» дастанын, ғұндардың батырлық жырларынан «Атилла», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандары мен «Хуастуанифт» әдеби жәдігерлерін тыңғылықты зерттеп, ғылыми айналымға түсірді. Зерттеуде ежелгі дәуір әдебиетінің маманы Н. Келімбетов исламға дейін өмір сүрген зороастризм діні жөнінде былай дейді: «Исламға дейінгі зороастризм діні бойынша, бүкіл жанды және жансыз табиғаттың иесі – Күн болып табылады. Жер бетіндегі тіршілік атаулы аспандағы мәңгілік Күнге тәуелді. Сол себепті ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар таңертең Күн көкжиектен көтеріліп, шығып келе жатқанда және кешкісін батып бара жатқанда оған сыйынып, құлшылық ететін болған. Күн-Тәңірінің құрметіне жылқы малынан құрбандық шалып отырған. Мұндай әдет-ғұрыптың бәрі зороастризм дінінің негізгі кітабы – «Авестада» айтылған» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2006:20). Олай болса, ежелгі әдебиет нұсқаларындағы Көкке, Күнге, Айға, Отқа, Жерге, Суға табыну осы діннің өмір сүрген уақытымен тікелей байланысты болып шығады. Ғұндардың да сақтар тәрізді Көк тәңіріне, Күнге табынғанын ескеретін болсақ, Мағжан Жұмабаевтың да «Ерте күнде отты Күннен Ғұн туған, Отты Ғұннан от боп ойнап мен туам» деуі де осыдан. «Алып Ер Тоңға» жырындағы мына жолдарға үңіліп көрелік:

Алып Ер Тоңға келеді,
Жүз мың әскер ереді.
Жүз мың жебе кереді.

Жер қайысқан қол еді.
Тәңір сүйіп жаратқан,
Әлемді өзіне қаратқан
Қаһарын жауға таратқан,
Көк тәңірінің ұлы еді
(Қазақ әдебиетінің тарихы, 2006:30)

Осы үзіндідегі Алып Ер тоңғаны тәңірінің өзі сүйіп жаратса, сол тәңірі Көк тәңірі екендігіне көзіміз жетеді. Бұл жолдар жоғарыда айтылған зороастризм дінінің жыр жолдарындағы шынайы көрінісі. Олай болса, қазақ әдебиетіндегі шариғат көріністерін сөз еткенде ежелгі әдебиет нұсқаларында жаратушы Аллаһ тағала емес, Көк, Күн, Ай, От, Жер, Су болып саналған. Қазақ арасында жаңа айды көргенде айтатын «Жаңа ай жарылқа, ескі ай есірке» деген ұғым түсініктер, отқа май құю сынды әдет-ғұрыптардың бастау көзі ежелгі дәуірлерден ұласып келе жатқандығын байқауға болады. Ежелгі әдебиетті зерттеуші ғалымдар YI-XY ғасырлардағы нұсқалардың өзін өз ішінен үш дәуірге бөліп зерттеп жүргені мәлім. Осы жүйелеуге сүйенетін болсақ: 1. YI-IX ғасырлардағы көне түркі әдебиет ескерткіштері. 2. X-XII ғасырлардағы әдебиет. 3. XIII-XIY ғасырлардағы әдебиет» (Келімбетов Н., 1991:10), – деп бөле отырып сөз етуге негіз бар. Аталған дәуірлердің бәрінен де бірнеше мысал келтіруге болады.

Тәңірідей, тәңіріден жаралған
Түрк білге, қаған
Бұл шақта отырдым.
Сөзімді түгел естіңдер, – (Келімбетов Н.,1991: 5).

деп басталатын Орхон ескерткіштеріндегі «Күлтегінде» (YII ғасыр) осындай жолдар көптеп кездеседі:

Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған (Келімбетов Н.,1991:10).

Тәңірі (сонда) былай деген екен.

Хан бердім,
Ханыңды тастап бағындың:
Бағынғаның үшін (басқаға)
Тәңірі (сені) өлімші етті,
Түркі халқы қырылды,
Әлсіреді, жойылды (Келімбетов Н.,1991:26).

«Күлтегін» жырын алғаш оқыған дат ғалымы В. Томсен (1893 жылдың 23 қарашасында) «Тәңір», «Түрік» деген екі сөзді ажыратқан. Сөйтіп ұмыт болған көне мәдениет нұсқасы қайта жаңғырғанда қазақтар өздеріне етене жақын сөздермен: Тәңір, Түркі, Бек, Бай деген ұғымдармен қайта кездеседі. Бұл түркі мәдениеті мен қазақ мәдениетінің үзілмеген сабақтастығының белгісі. Тәңірге сенудің исламдағы Аллаға құлшылық етуден аса күрделі айырмашылығы жоқ. Бұрын тәңіріне сыйынған көшпелілер, енді Аллаға құлшылық етіп, аузына қайсысы бұрын түссе соны: Тәңірді – Алламен, Алланы – Тәңірмен еркін орын ауыстырып айта береді», – дейді философ ғалым (Есім Ғ., 1994:19).

Ал жоғарыдағы мысалда келтіргендей түркілердің Көк тәңіріге жалбарынуы жөнінде ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші ғалым Н. Келімбетов мынадай тұжырым жасайды: «Ежелгі түріктер негізінен қос күшке – Көкке (оны Тәңірі деп те атаған) және Жерге (Жер-Суға) сыйынатын болғаны тарихтан жақсы мәлім. Қарапайым түріктер өздерінің қағандарын сол Көк-Тәңірінің әмірімен билік жүргізіп отыр деп түсінген. Сонымен бірге, түріктер табынатын үшінші күш болған. Ол – үйдегі от басы, бала-шағаны қорғаушы әйел тәңірісі Ұмай» (Келімбетов Н.,1991:30).

XI ғасырда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн «Құдатғу білік» атты дастанын Қарахандар елінің қағаны Әбу Әли Хасан Сүлеймен Арыслан хан Бураханға тарту еткені мәлім.

Әзіз уа ұлы Аллаһтың құдіреттілігі айтылады

Аллаһ атымен бастадым сөз әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Шексіз құрмет, шүкірлік мың да бір,
Ол мәңгілік, Хаққа лайық кіл қадір.
Жаратты Ол: жасыл көк, ай. Күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді....
(Келімбетов Н.,1991:15-16).

Аллаһтың Елшісі туралы айтылады,
оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын
34. Рахымды Ием пайғамбарын жіберді,
Кісі езгісі, ел сарасы жігерлі.
35. Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың!
36. Ол Аллаһтың жаршысы, ерім, білгейсің,
Сен содан соң, тура жолға кіргенсің
(Келімбетов Н.,1991:17)

Алла және оның елшілері туралы айтылатын дастанды әдебиетші ғалым А. Егеубаев: «Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны әлем әдебиетінің асыл қазыналарының қатарындағы көне түркі поэзиясының өлмес мұраларының бірі», – деп бағалайды.

Аталған еңбектің жазылу мақсаты мен оның сол тұстағы атқарған қызметі, көркемдік құралдары жөнінде философ ғалым Ғ. Есім мынадай

тұжырым жасайды: «Сонымен «Құдатғу білік» түркі мен араб-парсы мәдениетінің тоғысуы (синтезі) нәтижесінде дүниеге келген шығарма. Бұл өз заманындағы теңдесі жоқ ерекше дүние. Адам, Қоғам, болмыс туралы оқулықтар болмаған кезде, ол ел басшыларының, ғұламалардың, зиялы қауымның сүйікті әрі қажетті кітабына айналған. Кітапта символ көп. Мысалы, күн әділдіктің, ай дәулеттің символдары. Бұл арабтардан енген түсініктер емес. Сірә, бұлар тәңірге сыйынған жұрттың символдары болғанға ұқсайды» (Есім Ғ., 1994:24).

Ғалымдардың пікірлерінен шығатын қорытынды Жүсіп Балсағұн Құран Кәрімді негізге ала отырып, елді бірлікке шақыра білді. Басшылардың бұқара халықты қалай басқаруы туралы ой салды. Сондықтан да негізгі төрт кейіпкердің арасындағы сұхбаттарды «Әділет», «Дәулет», «Ақыл», «Қанағат» сынды ұлы қасиеттер төңірегіне ұштастыра білді. Оның негізгі кейіпкерлері Дәулет пен Қанағат өмірден өткен соң Әділет хан мен Ақыл уәзірі екеуінің дәулет пен қанағатты іздеуіне құрылған дастан қызғылықты оқылады. Дастанның автордың елді біріктіру, көркейту, дамыту сынды үлкен арман-мақсаттарынан туындағаны анық. Сондықтан да ол мемлекет деген не, оның берекесі мен бірлігі неде деген сауалдарға жауап іздеді. Білім мен біліктің, тіл мен діннің, үлкен адамгершіліктің бастауы Құран Кәрімде жатса, автордың бұл дастанда сол ізгіліктерді қалай дамыту керектігіне деген сүйіспеншілігі мен құштарлығы басым еді.

Соңғы жылдары ұлттық әдебиетіміздің қоржыны «Тәзкире-и Бұғра хан» атты мұрамен толыққаны мәлім. «Тәзкире-и Бұғра хан» – Қарахандар әулеті билеген (X-XII ғ.) кезеңдегі түрік қағанатының тарихы мен аталған мемлекеттің басты тұлғалары жайында аса құнды мәліметтер бере алатын әдеби әрі агиографиялық шығарма». Бұл шығармада Орта ғасырдағы Қашқар, Жетісу, Орта Азия аймақтарындағы Ислам діні мен мәдениетінің таралуынан да біраз мағлұматтар беріледі. Мәселен, бесінші бөлімдегі «Әзіреті Расул мен қарыздар хикаясы» былай басталады: «Бисмиллаh-ир рахман-ир рахим! Көне хикаялардан хабар беруші әңгімешілер мен шежірешілердің кітаптарында мынадай бір тәмсіл оқиғаны баяндайды. Күндерде [2-п] бір күн Әзіреті Расул Алла Тағала (с.ғ.с) сахабаларымен таң намазын аяқтап, михрабта отыр еді. Бір пақыр кісі келіп өтініш қылды: «Иә, Алланың елшісі, екі мың алтын қарызым бар еді біреуге, берерге қаражатым жоқ. Қарыз иесі қысым көрсетіп жатыр», – деді. Расул Алланың (с.ғ.с) сарай қызметкерлері мен байлардан ешбірі тебіренбеді. Әл-қисса, [пақыр] үш мәрте арыз қылды. Әзірет Пайғамбардың (с.ғ.с) көмекшілері мен байлардан тағы да еш кісі жауап бермеді. [Сол уақытта] Әзірет Әлди (р.а.ғ.) орнынан тұрып: «Иә, Расул Алла, бұ пақырды ертіп барып, екі мың алтын қарызын мен берейін», – деп әлгі кедейді алып шықты. Үйіне ертіп келді», – деп басталады. Міне, көріп отырғанымыздай аталған мұрада пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелер осылайша өріліп отырады. А. Әбдірасылқызы: «Дүниежүзілік әдебиет тарихының қазына қорын молайтқан таңдаулы туындылардың елеулі бөлігі сопылық әдебиет өкілдерінің қаламына тиесілі. Сопылық таным белгілері адамзат қоғамының алғашқы дәуірінен бастап байқалып, бірқатар өркениеттер тарихында өзіндік із қалдырған. Бұл құбылыстың ішкі-сыртқы ерекшеліктері айқындалып, бірегей жүйелі үлгісі қалыптасқан кезеңі б.э.д. VIII-IX ғасырларына сәйкес келеді. Сопылық ілім теориялық тұрғыдан толық қалыптасқанға дейін-ақ оның мән-мазмұны ауызша және жазбаша әдеби шығармаларда көрініс тауып отырады. Бертінде бұл үрдіс барынша жетілдіріліп, сопылық әдебиеттің өзіне тән заңдылықтары қалыптасты. Болмысты қабылдау мен түсінудің иррационалдық жолын ұстанған сопылар тудырған әдебиеттің өзіндік идеялық бағыты, дара көркемдік әлемі, қалыптасқан бейнелілік жүйесі, талғаулы эстетикалық құндылықтары болды. Аталмыш әдебиет тарихындағы бірегей ақындық мектептер араб-парсы және түркі сопылығына тән. Ал түркі сопылық поэзиясының көшбасшысы «Түркістан пірі», «Әулиелердің сұлтаны» деген аттармен мәшhүр болған Қожа Ахмет Йасауи болатын», – дейді. Бұдан шығатын қорытынды оның сопылық поэзияның негізін салушы екендігі. Қожа Ахмет Иасауидың «Диуани хикметінен» («Ақыл кітабы») мысал келтіре отырып осы пікірлердің астарына үңіліп көрелік:

1. «Бісміллә» деп баян еттім хикмет айтып,
2. Шәкірттерге дүр мен гәуhар шаштым міне.
61. Жеті жаста Арыстан Бабқа қалдым салам,
62. Мұстапаның аманатын бер деп маған.
63. Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,
64. Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым міне.
77. Зікір салып мүсәпір-дуана болдым,
78. Хақтан өзге бір сөз де сөйлемес болдым.
79. От іздеген көбелектей шәкірт болдым,
80. Шоқ болып күйіп-жанып ұштым міне.
81. Жалған атақтан арылып сәби болдым,
82. Алла атын айта-айта ашық болдым.

83. Аллаға бар жанымен адал болдым,
84. «Фанафи Алла» мақамына салдым міне.
85. Сүндет емес кәпірге де берсе азар,
86. Көңіл қатты, діл азардан құдай безер.
87. Ондай құлға Алланың азабы даяр,
88. Даналардан бұл сөзді естіп айттым міне (Қожа Ахмет Иасауи, 1993:19-20)

Хикметтен келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай ҚожаАхмет Иасауи таза жолды Алланың ақ жолынан таба білген. «Ақын өзінің «Диуани хикметіне» жазған алғы сөзінде жалпы мұсылман дінінің негізгі қағида шарттарын, парыз-қарыздарын байыппен баяндайды. Мұндағы ой-тұжырымдары сегіз жүйеден тұрады. Олары: Тәубашылдық, Ғибадатшылдық, Махаббат, Сабырлық, Шүкіршілік, Ризашылдық, Зahидшілдік «анықтық», Ғаріптік. Бұларды түйіп айтсақ, адам құдайды танып білу үшін не істеу керек, қандай уәжіп, парыздарды орындау қажет дей отырып, сондай-ақ адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рақым, Аллаға деген сүйіспендік сияқты мәселелер арнайы сөз болады» (Қожа Ахмет Иасауи, 1993:12).

Ақынның «Диуани хикметінде» негізінен Ислам дінінің қағидалары қамтылғандықтан ол үлкен беделге ие болды. Себебі Иасауидің негізгі тірегі Құран Кәрім еді. Осы ойымызды ғалымдардың төмендегі пікірі растайды: «Ахмед Йесеуидің осыншама көп ардақталуы оның халифаларын (орынбасарлары) жан-жаққа жіберіп, тағлым-тәрбие саласында келелі қызмет істегендігінен деп ойлаймыз. Бұған қоса, Ахмед Йесеуи бабамыз түркі тілін пайдаланып, түркі халықтарының Исламиятты Ұғынуында қалың бұқараға әсер еткен өсиеттер қалдырған. Осы себепке байланысты оның есімі көшпелі hәм отырықшы түркілер арасында Қорқыт ата, Шопан ата, Манас Батыр секілді мәшhүр тұлғалардың қатарында, тіпті олардан жоғары дәрежеде алатын болған. Мәселен, Хұсамаддин Шарафәддинұлы тарапынан 1584-1588 жылдары жазылған «Рисала-и Тауарих-и Бұлғария» атты еңбекте Ахмед Йесеуидің даңқының қыпшақтар hәм бұлғарлар арасында өте жоғары болғаны жазылған».

Осы ойды С. Дәуітов «Қазақ әдебиетіндегі Қожа Ахмет Иасауи дәстүрлері» атты кейінгі зерттеулерінде кеңейте зерттеді. Оның хикметтерінің мәнін ашу мақсатында астарына үңіліп ой түйді. Соның нәтижесінде: «Сопы ақын адам баласын адал еңбекке, үлкенді сыйлап, кішіні құрмет етуге, әке мен шешені, туған-туысты қадірлеуге, әсіресе, «Алланы бір, пайғамбарды хақ» деп мойындау керектігін баса айта келіп, жалпы халықты имандылыққа үндеу арқылы мұсылманшылықтың шынайы жолын нұсқайды. Әсіресе, ар тазалығы мен жан тазалығына көңіл бөледі, «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген халықтық пәлсапа тұрғысынан толғанады. Өз заманының көкейтесті мәселесі – оқу-ағарту ісін жолға қоюға, әділ билік жүргізу ісіне көп көңіл бөлді. Қожа Ахмет Иасауидің ел ішіне берік салып кеткен ислам дәстүрін бүкіл түркі елінің ақындары қабылдап, ғасырлардан ғасырларға жалғастыра жырлаған. Олардың қатарында біздің қазақ шайырларының да орны бар» (Қожа Ахмет Иасауи,1993:3).

Қожа Ахметтің шығармалары жөнінде С. Дәуітов былай дейді: «Орта ғасырда ғұмыр кешкен Иасауи сол дәуірдің перзенті болғандықтан Алланы бір, пайғамбарды хақ, Құранды шын деп білген ғұлама. Ол Алланы бар жанымен жырлаған кемеңгер, жаратушының жалғыз екенін, теңдесі жоқ ұлық екенін, ешқандай мұқтажының жоқ екенін, әуелден бар, ақырында да бір өзі қалатынын шынайы толғаған мәлім. Осындай жаны мөлдір тақуаның ел-жұрттан безіп жер астына кіруі (хлуетте жатуы) адам таң қаларлық дүние. Не үшін солай болды, кейбір деректерге қарағанда пайғамбарымыз (с.а.у.) алпыс үш жасында көз жұмды, (біздің пайғамбар жасы деп жүргеніміз – алпыс үш жас) осы себепті Қожа Ахмет Иасауи де пайғамбардан артық жасамаймын деп жер астына түсіпті делінген. Бұл мүмкін рас та шығар, Қожа Ахметке сөз берсек, ол:

Таң сәріде дүйсенбі күн жерге кірдім,
Мұстапаға қайғы тұтып кірдім, маңа.
Алпыс үште сүндет деді естіп білдім,
Мұстапаға аза тұтып кірдім, маңа, –

дейді» (Дәуітов С., 2001: 34).

XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында өмір сүрген Ахмед Йүгінекидің тәлім-тәрбиеге құрылған «Ақиқат сыйы» атты дидактикалық еңбегінде де Алла жолы ашық көрініс берген. Адамгершілік, білім, мораль мәселелерін сөз ете отырып Алланың сөздерінен мысалдар беріледі: «Пайғамбар – оған Алланың нұры жаусын! былай деген: Алла кішіпейілдінің абыройын асырады, Тәкаппардың құтын қашырады». Немесе: «Алла Тағала сәлем айтқан: «Қатты ашуды басу керек, адамдардың қатесін кешіру керек», өйткені Алла игілік жасағандарды сүйеді. Алланың елшісінің оған Алланың нұры жаусын! – Айтқандарынан: «Қатты ашу келгенде оны тоқтата білген адамның жүрегін

Алла қасиетке толтырады» – Алланың елшісі осылай деген, «Алланың сәлемі мынадай: «Алла сабырлықты сүйеді, өйткені әр қасіреттің соңы қуаныш: Алланың елшісі – оған Алланың нұры жаусын! – былай деген: «Жақсылықтан үміт ет-сең, сабыр ет», «Аллатағаланың сәлемі: «Сендегі таусылады, Алланікі мәңгі-бақи».

Ақынның мұрасын зерттеушілер оның осы дастаны жөнінде мынадай тұжырым жасайды: «Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» дастаны тақырыптық-мазмұндық, композициялық құрылымы жағынан ғана емес, жанрлық тұрғыдан алғанда орта ғасырдағы түркі әдебиетіне өзіндік үлес қосқан шығарма болып саналады. Дастанды жазу барысында шайыр орта ғасырда кеңінен мәлім болған қасида, қыйтға, рубаи сынды шығыстың поэзиялық жанрларын еркін пайдаланғанын талдау арқылы анықталды. Йүгнеки бір шығармада әртүрлі жанрларды қолдана отырып, өлең өрнегінің інжу-маржан үлгілерін жасаған. Сол арқылы ақын орта ғасырдағы түркі поэзиясының тұғырын биікке көтеруге өз үлесін қосып отыр. Бұл еңбектің авторы бірқатар жанрды қатар пайдаланып, өлең жазуды жақсы меңгерген талантты ақындардың қатарына қосылады».

«Ақиқат сыйы» поэмасында көрініп тұрғанындай, ол сыртқы құрылымының, өлшем өрнегінің жаңашылдығымен түркі өлеңінің тарихындағы бірегей туындыларының қатарына жатады. Атап айтар болсақ, дастанның композициялық құрылымы дәстүрлі шығыс поэтикасына сәйкес құрылған. Орта ғасырда өмір сүрген түркі ақындары шығармаларын алып қарайтын болсақ, олар жеті бөлімге бөліп жазылғанын көруге болады:

1. Алланың жалғыз екенін мойындап, қамқорлығы мен мейірімділігін дәріптейтін бөлім *«тәуһид»* деп аталады.

2. Алладан медет тілеп, жалбарыну – «*мінажат»*.

3. Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабаларына арнау өлең – *«на'т»*.

4. Шығарма тарту етілген кісіге арналған мадақ сөз – *«мәдһия»*.

5. *«Себеб-и Телиф немесе Себеб-и Китаб»* деген тарауда шығарманың жазылу себебін түсіндіреді.

6. Мұнан кейінгі бөлімде автор поэманың негізгі тақырыбын баяндауға көшеді. Ол шығыс әдебиетінде *«ағаз-и дастан»* деп аталады.

7. Автордың аты, шығарманың жазылып біткен кезеңі көрсетілген қорытынды сөз – *«хатиме»*. Мұндай шарт Шығыс әдебиетіне тән, яғни онда шығарманың мақсаты мен себебі анықталады. Сонымен қатар онда айтылған ойлар оқырманға үлгі-насихат береді [3, 138].

«Ақиқат сыйының» құрылысы жөнінде зерттеуші мынадай тұжырым жасайды. «Ал, енді «Ақиқат сыйында» кездесетін қасиданы құрылысы жағынан мынадай бөліктерге бөліп қарастыруға болады:

нәсиб (кіріспе) – Алла және оның рахымы мен құдіретін жырлайтын тарау;

гиризгаһ (көшу, өту) – пайғамбарымыз Мұхамедке (с.а.у) салауат, төрт сахабаға мадақ; Бұл жолдар келесі бөлімге өту, көшу («гиризгаһ») қызметін атқарып, нәсиб пен мадақтың арасын жалғастырып тұрады. Келесі бөлімге көшуде айтылған өлең жолдары тақырыптық жағынан кіріспеге де, мадаққа да жатады.

мадих (мақтау) – Испаһсалар бекті мақтау. Мадақтау бөлігінде жыр арналған тұлғаның сиапттарын әдеттегіден тыс әсерлі етіп көрсету талап етіледі. Ахмет Йүгнеки де бұл үрдістен ауытқымай, бектің сипатын аса талғаммен, ұтымды тіл, бедерлі оймен сипаттаған.

Ду,а – кітапты арнаған адамға дұға жасау» .

1186 жылы қайтыс болған Ахмет Яссауидің жолын қуған мүриті Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырғани кітабы» немесе «Ақыр заман кітабына» назар салып көрелік. Мұнда да сопылық дәстүр дәріптеледі. Адамгершілік, ғашықтық, білім бәрі де Алланың ақ жолында екендігін Бақырғани жеткізе жырлаған:

Құдайға құлшылық еткің келсе,
Таңсәріде тұруды әдет қыл.
Өзіңді (тозақ) отынан құтқарғың келсе,
Таңсәріде тұруды әдет қыл.
Алланы еске түсіру жаннан дағы тәтірек
Сәрі уақыты болғанда.
Балдан артық шырыны
Сәрі уақыты болғанда.
Көңіліңде болса хауіп-қатер
Алла саған назар салар (Келімбетов Н.,1991:162).
Ей, Тәңірім, өзің білесің,
Сенен өзге кімім бар?
Жалғыз дарасың және барсың.
Сенен өзге кімім бар? (Келімбетов Н.,1991:163).

XIII-XIY ғасырлардағы түркі халықтарының тіршілігінде үлкен әлеуметтік оқиға болғаны тарихтан мәлім. Шыңғысхан жаулап алған Дешті Қыпшақ (қыпшақтар мекендеген далалар) жерінде мемлекет тілі қыпшақ тілі болып қалғандықтан жергілікті халықтың тілінде әдеби шығармалар туып отырды. Солардың қатарын Әлидің «Қисса Иүсүфі» (1233), Сәйф Сараидың «Гүлстан биттүриі» (1391), Хұсам Катибтің «Жұмжұмасы»

(1369-70), Рабғузидің «Қисса-и Рабғузиі» (1310), Хорезмидің «Махаббатнамасы» (1353), тағы басқалар толтырады. Аталған дәуір ескерткіштердің ең көрнектілерінің бірі «Махаббатнама» болса, мұнда да Аллаға деген сүйіспеншілік біраз орын алған. Мәселен:

Алланың мәртебесі ассын сенің сұлу шағында,
Менің орным – есігіннің алдында.
Бар жаһанның қайғысы есірік етер көзінде,
Аллаға аян, иса демі сенің шырын сөзінде.
Падишасың сұлулықтың сәніндей,
Сүйем сені аспандағы тәңірдей.
Құдайыма сыйынып, дариядан өттім амалдап,
О шеті мен бұ шетін Үрімнің шықтым аралап
(Нұрмұратов С., 2007: 105).

1310 жылы жазылған Бұрһанеддин ұлы қазы Насреддин Рабғузидің «Рабғузи қиссалары» да Алланың атымен басталады: «Нух алайһи с-салам (Алланың нұры жаусын) бір махалладан екінші махаллаға (көше, аудан) жортып жүріп (құдай туралы) үгіт-насихат, уағыз айтатын еді». Рабғузидің біраз қиссалары кейде мифтік, енді бірде өмірде болған тарихи адамдар жайындағы әңгімелердің негізін құрайды. Солардың бір мысалы – Зұлқарнайн туралы әңгімелер. Ал, пайғамбарлар туралы әңгімелердің негізгі көзі Құран Кәрімде жатқаны белгілі. Олай болса, пайғамбарлар жайындағы хикаялардың шығармашылық қиялмен толығып отырғаны дау туғызбайды. Насреддин Рабғузидің қиссаларындағы даналық тағылымдар жөнінде философия ғылымдарының докторы, профессор С. Нұрмұратов былай дейді: «Түркілік орта ғасырлық ойшыл Рабғузи өзінің терең ойлы мысалға толы шығармаларында өнегелі, тәлімдік үлгілерді оқырмандарына ұсынады. Әрине, Рабғузи қиссалары мұсылмандық сюжеттерді өрнектеуге арналуы сол замандағы басымдылық танытқан дүниетаным – ислам принциптері мен қалыптары екенін білдіреді. Бірақ басқа діндерде кездесетін ұғымдар мен аңыздар да бұл қиссалардан орын алған». Осы тақырыпты арнайы зерттеп, ғылыми айналымға түсірген зерттеушінің пікіріне сүйенетін болсақ, Г. Асқарова былай дейді: «Рабғузи ескерткішіндегі «Жүсіп Сыддық» қиссасының нақты дереккөздері – Құран Кәрим мен Библия. Құран Кәрим кітабындағы Адам ата мен Хауа анадан басталған пайғамбарлар, тарихи тұлғалар хақындағы сүрелер аяттары әдеби-фольклорлық сюжеттердің таралу негізі болды» зерттеушінің өзіне дейінгі М. Әуезов, Е.Э. Бертельс, А.И. Конрад, А. Қыраубаева сынды шығыстанушылардың пікіріне сүйене отырып ұсынған тұжырымы көңілге қонымды.

XIII-XY ғасырлардағы Мәмлүктер кезіндегі түркі-қыпшақ тілінде жазылған әдеби жәдігерлерді зерттеушілердің пікірі де жоғарыдағы зерттеушілердің пікірін толықтырары даусыз. Осы кезеңдегі әдеби мұраларды зерттеуші А. Әлібекұлы былай дейді: «Мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-қыпшақ әдебиеті тек поэзияда ғана емес, сонымен қатар, прозалық жанрларда да өз нәтижесін көрсетті. Түркі тектес билік иелері араб, парсы тілдеріндегі тарихи деректерді, шежірелерді, әдеби шығармаларды, діни еңбектерді, шариғат заңдарын көптеп аудартты. Кейбір ақындар мен жазушылар өз еңбектерін қара сөзді поэзиямен араластыра жазуды дәстүрге айналдырды. Әсіресе, прозалық жанрлармен діни әңгімелер, уағыздар, халық батырларының өмірлері, тарихи шығармалар, үгіт-насихаттар жазылды. Мәмлүктер билігі тұсында «Мың бір түн» оқиғалары толық аяқталып, хатқа түседі. Сонымен қатар, «Кәлила мен Димна», «Тотынама» ертегілері жинақталып, түркі тілдеріне аударылады» (Әлібекұлы А., 2005: 23).

XIY-XYI ғасырларда проза түрінде хатқа түскен «Қорқыт ата кітабында» мынадай жолдар кездеседі: «Кім де кімнің ұлы, қызы жоқ, қара отауға қондырыңдар, қара киіз астына төсеңдер, қара қойдың етін алдына тартыңдар, жесе жесін, жемесе тұрсын да кетсін, – депті. Ұлы барын ақ отауға, қызы барын қызыл отауға қондырыңдар, ұлы, қызы жоқты Аллах Тағала қарғапты, біз дағы қарғаймыз, мейлі білсін», – депті (Келімбетов Н.,1991:48). «Келіп мені қарсы алды, қара отауға қондырды, қара киізді астыма төседі, қара қойдың етін алдыма тартты, «ұлы, қызы жоқты Тәңірі тағала қарғапты, біз дағы қарғаймыз, мейлі біл» деді. Сенен болды ма, менен болды ма? Тәңірі Тағала бізге бір батпан ұл бермеуі неденді? – деді...» (Келімбетов Н.,1991:49-50). «Бір аузы дуалының алғысы келіп Аллах Тағала аян берді: әйелі жүкті болды, біраз мезгілден соңыра бір ұл туды. Баланы сүт анаға берді, бақтырды» (Келімбетов Н., 1991:50). Осы келтірілген мысалдар ол тұстағы көркем туындылардың негізгі сюжеті Құранда жатқандығын аңғартады. Осы келтірілген мысалдардың өзі шығарма авторларының айтпақ ойын Құран аяттарымен, Алланың сөзімен толықтырып отыруын көздеуден туған. Мұнан шығатын қорытынды ислам діні қалыптасқаннан кейін туған жәдігерлерде Құран аяттары мен Хадис сүрелерін авторлар белгілі мақсатпен жүйелі түрде пайдаланып отырған. Біз сөз етіп отырған кезең әдебиетінің

ірі бір өкілі – Мырза Хайдар Дулати. Ол XYI ғасырдың перзенті. «Ол осы күнгі қазақ, қырғыз, өзбек секілді түркі халықтары ұлт боп ұйып, тарих сахнасына көтеріле бастаған кезеңде өмір сүрді» (Дербісәлі Ә., 2003: 6). Көрнекті мемлекет қайраткері, ақын, ғұлама ғалым, қолбасшының «Тарих-и рашиди» атты әлемге әйгілі классикалық туындысы 2003 жылы тұңғыш рет тәржімаланып қазақ оқырмандарының қолына тиді. «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталатын кітапта XIY ғасырдан XYI ғасырдың орта кезіне дейінгі тарихи оқиғалар қамтылған. «Мейірімді, рақымды Алланың атымен бастаймын»] деп басталатын «кітаптың алғашқы кіріспе бөлімі (қолжазбаның 1б-3а бетінің ортасына дейін) Мұхаммед Хайдар өзі көрсеткендей, Шарафаддин Әли Йәздидің «Зафар наме» еңбегінің «Алғы сөзінен» алынған Аллаға және оның елшісі Мұхамедке және діндар төрт халифаға мадақ сөздерден тұрады», – дейді шығыстанушы ғалым Ә. Дербісәлі (Дербісәлі Ә., 2003:39). Ал, автор шығарманың жазылуы жөнінде өзі былай дейді: «Ал бүгін, 951 (1544-1545) жылы, ол хикаяларды, аңыз-әңгімелерді есінде сақтап қалған адам кемде-кем. Егер де мен батыл түрде осы маңызды іске бел шешіп кірісіп, бет бұрмасам моғол хандарының шежіресі тарих бетінен мүлдем жойылып кетеді-ау деген жүрек лүпілі еді бұл.

Қаншама ойланып, толғансам да бұл кітаптың кіріспесін жазуға өзімнен іштей [сенімділік] таппай қиналдым.

Алламызды барынша беремін деп сыйпаттап,

Шын пенделік жасадым, енді отырмын қипақтап.

Жалғыздығын Алланың есіме алсам күйемін,

Дірілдейді сүйегім, сырқырайды сүйегім.

Мен ахуалардың жетекшісі, әлем міскіндерінің қолдаушысы, шариғаттың негізгі хикметін және басқа ережесінің білгірі, нақыл да ақыл сөздің данасы Маулана Шарафаддин Әли Йәздидің «Зафар наме» кітабының алғы сөзін жолбастаушым әрі ақ тілекшім болсын деп сөзбе сөз келтіріп отырмын. Бұл тарих (еңбек) екі кітаптан тұрады. Бірінші кітапта Тоғлық Темір ханның өмірінен басталып, бүгінде хан тағының сән-салтанат болып отырған Әбдірашид ханның өміріне тоқталынады. Екінші кітапта: мен пақырдың өмірі, естігендері, көрген-білгендері, өзбек, шағатай хандары мен сұлтандарының тарихы және өз замандастарымның [басынан өткен] оқиғалары баяндалады» (Дербісәлі Ә., 2003: 40-41). «Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар. Көріп отырғанмыздай автор үлкен еңбекті Алланың атымен бастайды. Аталған шығарманы арнайы зерттеген шығыстанушы ғалым И. Жеменей бұл шығарма туралы мынадай тұжырым жасайды: «Шығарманың басты ерекшелігінің бірі – Мырза Хайдардың исламдық дүниетанымынды жатыр. Екіншіден, Мырза Хайдар өз кейіпкерлерінің қадір-қасиетін, ішкі психологиялық ахуалын бейнелеуде, тарихи оқиғалар мен саяси жағдайларға байланысты өз көзқарастарын танытар тұста Құран аяттарын басты өлшем ретінде алады. Исламдық тұрғыдан баға береді. Бұл жалпы шығыс әдебиетіне тән ерекшеліктің бірі.

Мырза Хайдар шығыс әдебиетінің дәстүрлі тәсілдерінің бірі – «тәзминді» (қазақшалап айтқанда «кепіл сөз» деп алып) пайдаланған. Бұл тәсілде автор басқа бір ақынның өлең жолдарын, мақал-мәтел немесе ел ішіне кеңінен тараған қанатты сөздерді де өз ойын айқындауға, әсерлілігін арттыруға әңгіме арасында келтіріп отырған» (Жеменей И., 2007: 15). Ғалымның шығарманы зерттеудің нәтижесінде жасаған тұжырымы көңілге қонымды. Сонымен бірге мұнда «тәзмин», «тәлһим» сынды дәстүрлі әдістерді пайдалануы, ғұмырнамалық, тарихи мемуарлық шығарма болғандықтан тарихи деректерге сүйеніп отыруын да ғалым баса айтқан болатын. Бұл шығармада Құран аяттары мен Хадис сөздердің өте жиі ұшырауын сол тұстағы тұтас түркі әдебиетінен ортақ сипат деп тануға болады. Себебі, ол тұстағы күллі шайырлар мен ақындар, тарихшылар мен жыраулар Алланы хаһ деп танып, оның Құранды басты нысана етіп отырған. Сондықтан да оған жиі-жиі сүйеніп отыратын болған. Кейінгі жылдары табылған Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Жаһан наме» атты поэмасының Берлин кітапханасы мен Шыңжан қоғамдық ғылымдар Академиясының қолжазбалар қорында сақталған екі нұсқасын шығыстанушы Ә. Дербісәлі салыстыра отырып олардың арасында бәлендей айырмашылықтың жоқ екендігін ғылыми түрде дәлелдейді. «Қазақтардың көрші елдермен және Таяу Орта, Қиыр Шығыс елдерімен тарихи-мәдени байланысының бастауы көне ғасырларға кетеді. Сондықтан да «Панчатантра», «Калила мен Димна», «Тоты-наме», «Мың бір түн», «Верталдың жиырма бес әңгімесі» секілді жинақтарға әр түрлі әңгімелер мен тәмсілдер қазақ ауылдарында айтылып жүрді» деген пікірге сүйенетін болсақ, қазақ ақын-жазушылары шығыс әдебиетіндегі мұраларды қазақ ортасына молынан алып келіп отырған. Сондықтан қазақ әдебиетін шығыста бөліп алып қарауға болмайды. Жоғарыда көрсетілгендей олардың

бәрінің де түп төркіні сонау ғұн, сақ дәуірінен басталады. Бұл ойымызға жоғарыда сөз болған ежелгі әдебиет нұсқалары мысал бола алады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ежелгі дәуір әдебиетінің нұсқалар, яғни сақтардың «Алып Ер Тоңға» мен «Шу», ғұндардың «Атилла», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандары мен «Хуастуанифтта» Көк тәңіріге табыну басым болса, ислам діні келгеннен кейінгі туған орта ғасыр мен қараханиттер дәуірінде туған жәдігерлерде Аллаға мінажат ету көрінісі басым екендігіне көз жеткіздік. Шығыс әдебиетін зерттеуші ғалым Ә. Дербісәлінің Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Жаһан намеде» поэмасының құрылымы жөнінде айтқан: «Ежелгі мұсылман Шығыс әдебиетінде кейбір көркем дүниелер әдетте «хамд» – мақтау, «Мүнажат» – мінажат, «наът» – теңеу (эпитет), «мадх» – мадах және «сабаби назми китаб» – кітаптың жазылу себебі іспетті шартты бөлімдерден тұрады. «Жаһан намеде» де осы қағида бұзылмаған. Әйтсе де, Кеңес дәуірінде ондай шығармалардың көпшілігінің осы бөлімі коммунистік идеология шарттарына сай келмейтіндіктен алынып тасталынатын. Біз ол әдетті бұзып, поэманың қылауына да тимей, дастан мәтінін толық сақтадық» (Дербісәлі Ә., 2003: 473), – деген пікірін YIII-XY ғасырларда дүниеге келген күллі рухани мұралар жөнінде де қабылдауға болады. Себебі, жоғарыда мысалға келтірілген еңбектердің бәрінде де бірінші Алланың атына мақтау айтылатындығына көз жеткіздік. Олай болса, алғашында Көк тәңіріге, ислам дінін қаблдағаннан кейінгі күллі мұсылман халықтарының Алланы хақ деп танығанына жоғарыда сөз болған тасқа түскен жазбалар мысал бола алады. Құран аяттары мен Хадис сүрелеріне сүйене отырып ойды жинақтау, Мұхаммед пайғамбар мен басқа да пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерді жырға қосу, олардың имандылық жолындағы өмірлерін өнеге ету күллі түркі халықтарының әдеби мұраларына ортақ сипат болып табылады. Бұл тұста дүниеге келген әдеби жәдігерлердің көркемдік негізгі жетістігі – Құран аяттары мен Хадис сүрелерін көркем шығармада орынды пайдалана білуі. Жоғарыда аты аталған еңбектерде баяндау, әңгімелеу, монолог, диалог, кейіпкер сөзі сынды әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сол тұстағы өмір шындығын хатқа түсіру арқылы түркі халықтарының көркем шежіресі жасалды.

Әдебиеттер

Қәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.

Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. – XIII-XIY ғасырлардағы түркі тілді әдебиет. – Екінші рет басылуы. – Алматы: «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы. – 2006. – 168 б.

Халифа Алтай Ғақып ұлы. Ғибадатул ислам. – Алматы: Берен, 1994. – 128 б.

Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиеті. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006. – 2 т. – 448 б.

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (Толықтырылып, екінші рет басылуы). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Екінші кітап. (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған филология ғылымының кандидаты А. Қыраубаева). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.

Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы: Ата мұра, 1994. – 200 б.

Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы. – 1993. – 262 б.

Дәуітов С. «Қазақ әдебиетіндегі Қожа Ахмет Иасауи дәстүрлері»: филол. ғыл. д-ры. автореф. ... – Алматы, 2001. – 55 б.

Нұрмұратов С. Насреддин Рабғузи қиссаларындағы даналық тағылымдар // Шәкәрім әлемі. – 2007. – №1. – 60-63-бб.

Әлібекұлы А. Мәмлүктер кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі): филол. ғыл. канд. автореф. ... – Алматы, 2005. – 26 б.

Дербісәлі Ә. Ислам және заман. – Алматы: Дәуір. – 2003. – 560 б.

Жеменей И. Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиі» әдеби жәдігер»: филол. ғыл. д-ры. автореф. ... – Алматы, 2007. – 54 б.

References

Kakyshev T.K. Sanadagy zharalar. [Sorcery wounds] - Almaty: Qazaqstan,1992.-264b

QyraubaevaA. Ezhelgy daur adebyety. [Ancient Literature] -XIII-XIY gasyrlardagy turkey tyldegy adebyet.-

Ekynshy ret basyluy.-Almaty.”Alatau’ baspa polygrafyalyq korporatsiasy.-2006.-168b

Xalyfa Altay Gaqypuly.Gibadatul islam.- Almaty: Beren, 1994.-128b

Qazaq adebietinin tarihy.On tomdyq. Ezhelgy zhane orta gasyr adebiety [Ancient and Medieval Literature].- Almaty: Qaz Aqparat,2006.-2tom.-448b

Kelimbetov N. Ezhelgy daur adebyety(Tolyqtyrylyp ekinshy ret basyluy).-Almaty: Ana tili, 1991.-264b

Kelimbetov N. Ezhelgy daur adebyety.Hrestomatya.Ekinshy kitap.(Qurastyrgan zhane omirbayandyq derekterdy zhazgan filologya gylymdarynyn kandydatyA.Qyraubaeva). – Almaty, Ana tili, 1991. – 280 b

Esim.G.Hakim Abay. – Almaty: Ata mura, 1994. – 200 b.

Qozha Ahmed Iasaui. Diuany Hikmet (Aqyl kitaby). Zhinaqty baspaga azirlep, qazaqshaga audargandar: M.Zharmuhameduly, S.Dauituly, M.Shafygy. – Almaty: "Murattas"gylymi zertteu zane baspa ortalygy. – 1993. – 262 b.

Dauitov S. "Qazaq adebietindegy Qozha Ahmed Iasaui dasturleri": filol.gyl.d-ry avtorev. … – Almaty, 2001. – 55 b.

Nurmuratov S. Nasreddin Rabguzi qissalaryndagydanalyq taglymdar:// Shakarim alemy. – 2007. – №1. – 60-63 bb.

Alibekuly A. Mamlukter kezindegy turki-qypshaq adebieti (Damuy, adebi okilderi, olen olshemy): filol.gyl.kand.avtoref. … – Almaty, 2005. – 26 b.

Derbisali A. Islam zhane zaman. – Almaty: Dauir, 2003. – 560 b.

Zhemenei I. Myrza Haidar Dulattyn "Tarihi Rashidii" adebi zhadiger":filol.gyl.d-ry .avtoref. … – Almaty, 2007. – 54 b

ҒТАМР 17.07.65

Жеменей И.[1], Қанашаева Г.А.[2]

[1]филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР мәдениет қайраткері,
«Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: jemeneyislam@yahoo.com
[2]2 курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: jazikana@mail.ru

ӘДЕБИЕТТЕГІ МОТИВ: ТАНЫМ МЕН ПАЙЫМ

Әдебиет – тарихтың үні, өрлеу мен құлдырауының жаңғырығы, бейнесі іспеттес. Тасқа, теріге немесе қағазға түскен хаттар мен көңілге қонған сөздердің жадта жатталғандары адамзаттың тарихын танудағы маңызды деректер қатарында ұдайы зерттеліп, зерделеніп келеді. Мотив – әдеби шығарманың ойлы йірімдеріне сүңгі білу үшін керекті әрі маңызды терминдерінің бірі. Мотив – адамзат тіршілігінің зейіндік және дүниеуи құбылыстарының жанды өкілі ретінде тарихи, саяси, әлеуметтік тағы басқа құндылықтарының философиясы мен психологиясының өткенін, бүгінін және келешегін бейнелеуші элемент ретінде аса ірі рөл атқарып келе жатқан тұлғалы сөз. Адам баласы тарихты еске түсіріп, жадына салып отыру үшін тарихтар жазған, дастандар жырлаған, сол шығармаларда қайталанып отыратын мотив арқылы адам санасына қозғау салып отырған. Мәселен өткен ғасырлардың ұмыт қалған тарихын Мағжан Жұмабай «Түркістан» өлеңінде Тұран, ер түрік, Түркістан, Афрасиаб, көкжал, от лексемалары арқылы береді. Өлеңінде Тұран мотивін 24 рет қайталап, оқырманға психологиялық мотивация жасау арқылы оның жадына қозғау салып, тарихи санасының оянуын қамтамасыз етеді. Тұран тарихын, рухани мәдениетін еске түсіретін осы мотивтер жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруда өте маңызды рөл ойнайды.

Түйін сөздер: әдебиет, мотив, Тұран, ер түрк, Мағжан Жұмабай.

Zhemeney I.[1], Kanashaeva G.A.[2]

[1]director of the "Turan-Iran" research center; Doctor of Philology,
professor, eminent culture figure of the Republic of Kazakhstan, Al-farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: jemeneyislam@yahoo.com
[2]Faculty of Oriental studies, TURKSOY department, PhD student, Al-farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: jazikana@mail.ru

Knowledge and vision of motives in literature

Literature is a voice of history, an echo of take-off and falling, and its appearance. Letters imprinted on the rock, leather or paper and words which sank into the soul are remembered and remained in mind, and are also constantly studied and comprehended in the most important data of mankind history. Motive is one of the most significant and important term, where it is necessary to pay attention at deep studying of literary works. "Motive" is a noble word which plays a large role as the alive representative of moral and world copulation in human life, representing the symbol of past, present and future on philosophy and psychology of regarding historical, political, social and other values. In order to keep in mind and remember, the mankind wrote down history, sang of eposes, and every time were inspired by motive of these works. For example, Magzhan Zhumabay in the poem named "Turkestan" revives forgotten history of the last centuries and describes lexemes, such as Turan, er turk, Turkestan, Afrasuab, kokzhal, fire. Motive Turan in the poem repeats 24 times, stimulating psychological motivation of the reader to provide awakening of their historical mind. These motives, which remind history and spiritual culture of Turan, play very important role in formation of the younger generation's national consciousness.

Key words: literature motive, Turan, er turk, Magzhan Zhumabay.

Жеменей И.[1], Қанашаева Г.А.[2]
[1]доктор филологических наук, профессор, заслуженный деятель культуры Республики Казахстан, директор Научно-исследовательского центра "Туран-Иран", Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: jemeneyislam@yahoo.com
[2]докторант факультета Востоковедения, кафедра Тюркской, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: jazikana@mail.ru

Познание и видение мотивов в литературе

Литература – это голос истории, отзвук взлета и падения, ее внешний облик. Письма, запечатленные на скале, коже или бумаге, и слова, запавшие в душу, запоминаются и сохраняются в памяти, а также постоянно изучаются и осмысливаются в самых важных данных истории человечества. Мотив является одним из наиболее значимых и важных терминов, на который следует обращать внимание при глубоком изучении литературных произведений. «Мотив» – это статное слово, которое играет большую роль в качестве живого представителя моральных и мировых совокуплений человеческой жизни как символа прошлого, настоящего и будущего философии и психологии касаемо исторических, политических, социальных и других ценностей. Для того, чтобы человечество могло вспоминать и запоминать историю, они ее записывали, воспевали эпосы, и каждый раз вдохновлялись мотивом этих произведений. Например, Магжан Жумабай в своем стихотворении «Туркестан» возрождает забытую историю прошлых веков и описывает лексемы, такие как Туран, ер турк, Туркестан, Афрасиаб, кокжал, огонь. Мотив Туран в стихотворении повторяется 24 раза, стимулируя психологическую мотивацию читателя, чтобы обеспечить пробуждение его исторического разума. Эти мотивы, которые напоминают историю и духовную культуру Турана, играют очень важную роль в формировании национального самосознания молодого поколения.

Ключевые слова: литература, мотив, Туран, ер турк, Магжан Жумабай.

Кіріспе

Әдебиет тарихтың үнінің, іс-қимылының, өрлеу мен құлдырауының, субъектив және объектив барлығының жаңғырығы, бейнесі іспеттес, өйткені әдебиет – тарихтың тумасы. Тарихтың болмысын тану үшін тасқа, теріге немесе қағазға түскен хаттар мен көңілге қонған сөздердің жадта жатталғандары адамзаттың тарихын танудағы маңызды деректер қатарында ұдайы зерттеліп, зерделеніп келеді.

Әдебиетті тани алмаған қауым, өзінің тарихи болмысын тани алмайды. Сондықтан ежелден қазіргі заманға дейін әдебиеттің түрленіп келе жатқан жанрлары қоғамның бар не жоқ қылу мақсатына жұмсалып келеді. Әдебиет арқылы тарихи процестің (үдеріс) қалай алға жылжып бара жатқанын сарапқа салып отырамыз. Өйткені, әдебиет – әр тарихи дәуірдегі тұлғалы және қоғамдық бейнелердің сөз арқылы образын жасап тұратын құрал. Әдебиет туындысын тудырған және әдеби туындының қыр-сырын танып, зерделей білген екеу – тарихты тануға сәуле түсіретін қос жұлдыз. Сондықтан әдеби шығарма да, әдебиеттану ғылымы да – өзіндік ерекше мәнге ие. Ежелден қазіргі заманға дейінгі аралықта әдеби шығармаларды тану, әрі оларды зерттеп, зерделеу тарихи дәуірлердің өзгеше сыр-сипатын танып, пайымдауымыз үшін мүмкіндіктерді арттыра түседі.

Әдеби шығарманың ойлы йірімдеріне сүңгі білу үшін керекті әрі маңызды терминдерінің бірі – мотив. Өйткені, бір шығарманың ішкі мазмұнын тану үшін автордың ойлаған межесін білу керек. Ал оның шығармадағы көздеген мақсаты, мәйегі бір немесе бірнеше сөз арқылы оқырманға жеткізіліп отырады. Сондықтан аталған сөз оқиға желісінде бір идеяның субъективті суретін адам зейініне орналастырып, сананың ойланудағы бастапқы шикізатын ұсынады. Міне, автор өз тыңдаушысына немесе оқырманына өмірлік бағыт көрсету үшін де субъективті бейне арқылы оны объективті сахнаға шығаруға мүмкіндік береді. Автор өмір сахнасына лайық һәм сәйкес сөз таңдау керек. Себебі, ол сөз шығарманың негізгі идеясын өз бойына жүктеуге, ол жүкті қайталап тасуға, оқырманның санасын да, сезімдік мүшесін де қозғалысқа түсуіне мол мүмкіндік беруі керек.

Методология

Көп зерттеулерде мотивтің қызметіне байланысты талай нәрсе айтылса да, осы мәселе төңірегінде өте көп сұрақтар жауапсыз қалды. Сондықтан жұмысымызда әдебиеттегі мотивтің не екенін және қандай қызмет атқаратындығын ашуға тырысамыз, мотивтің әдебиеттегі маңызын қарастырамыз. Тілдік зерттеулерде шығарманың маңызды элементі болып табылатын, бізге автордың ойын тура немесе тұспалдап жеткізетін сөздер мен сөйлемдерге көбірек көңіл бөле

бастады. Бұл мақалада бір ақынның өз өлеңдерінде мотив қолданғанын ғана көрсету емес, сол шығармада «мотивтің болуы неге маңызды, көркем шығармада шебер қолданылған мотив несімен құнды» деген сұрақтарға жауап беруге тырыстық.

Қазақтың лирик ақыны Мағжан Жұмабайдың «Түркістан» атты өлеңіндегі мотивтерге талдау жасау арқылы мотивтің шығарманы сипаттауда үлкен рөл атқаратынына көз жеткіздік. Өлеңдегі «Тұран» мотиві, Тұранның жағрапиясына, Тұранның тарихына, түркілердің рухани мәдениетіне байланысты мотивтерге анализ жасау арқылы Қазақ тарихының түркі тарихымен сабақтастығы, Қазақ халқының түркі өркениетінің бір бөлшегі екендігі дәлелденді.

Мотивтің әдебиеттегі қолданысы

Мотив латынша «moveo» сөзінен шыққан, «қозғаушы, итермелеуші» деген мағынаға келеді. Сөздіктерде мотивке «адамды белгілі бір іс-әрекетке бастайтын, ішкі субъективті себеп, оның қажеттіктері мен мүдделерін білдіруге бағытталған саналы, мақсатқа сәйкес әрекет. Пиғыл, мақсат, ынта ұғымдарымен үндес. Мотивті жүзеге асыру тұлғалық әрекетке бағыт береді» деген анықтама беріледі (Қазақстан Ұлттық энциклопедия 2004: 574).

Әдебиет терминдері сөздігінде мотив – белгілі бір жағдайларда қалыптасқан, тарихи өмір негізінде пайда болған тұрақты мағыналар жиынтығы. Мотив көркем шығарманың аса бір өнімді, тиімді элементтерінің бірі. Поэзияда мотивтің мәні – көп міндет атқаратын, жиі кездесіп отыратын, ерекше мағыналық жүкті көтеретін, арнайы тірек сөздер. Мотив –тақырыптық сарын, қалыптасқан, дәстүрлі, тақырыптық әуен, оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушы шығармасында, әр түрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып отырады (Ахметов З., 1998: 232).

Мотив – әртүрлі қайталаулардың, көптеген нюанстардың көмегімен дамитын тақырып, образ немесе кейіпкер» (Есембеков Т., 1991: 123) деген анықтаманың да мотивтің мазмұндық формасын, астарлы мағынасын, нақты қызметін айқындауға көмектесетін пікір ретінде қабылдауға болады. Әдебиеттану ғылымында «мотив» термині фольклор саласында, тарихи поэтиканы талдауда кеңінен қолданылады. Мотив шығарманың сюжетін құрайтын, түрлі тарихи шығармада, мифте, ертегі, жыр, дастандарда кездесіп отыратын, өзгермейтін, тарихи, дәстүрлі оқиғалар желісі, тақырып, кейіпкер, образ ретінде қарастырылып келді.

Әдебиет саласында мотив туралы алғашқы және қомақты еңбектің авторы – американдық ғалым Стит Томпсон. «Халық әдебиеті мотив индексі» атты алты томдық (THOMPSON, Stith (1955), Motif Index of Folk Literature, Bloomingto-London: Indiana University Pres) еңбегінде дүниежүзілік фольклор шығармаларын талдай отырып, мотивтердің барлығын алфавиттік ретпен береді. Осылайша Стит Томпсон ауыз әдебиетін зерттеудің жаңа методын ұсынды. Томпсон «Мотив – ертегінің бөлінбейтін ең кіші бөлшегі, дәстүрлі әдебиетте тұрақты элемент. Ғасырлар керуенінде өшіп кетпей тұрақты болып қалғанына қарағанда маңызды бір ерекшелігі болуы керек» – дейді. Мысалы сиқырлы телпек, ұшатын кілем, ғажайып өлке, сиқырлы аспан сапары, өгей шеше, жетім қыз мотив болып табылады (Ekici 2008: 74).

Әдеби мотивті зерттеген ресейлік ғалым А.Н. Веселовскийдің тұжырымдауынша, мотив өсіп, ұлғайып, сюжетке айналады, сюжет мотивтер жиынтығы болып табылады. Бұл айтылғандардан ғалымның мотивті сюжетпен тығыз байланыста қарастырғанын түсінуге болады. Мотив те, сюжет те тарих айналымына енеді, бұл – ұлғайып отыратын идеялық мазмұнды беру формалары. Осы талапқа жауап бере отырып, сюжеттер вариацияланады: сюжетке бірнеше мотивтер кірігеді, немесе сюжеттер бір-бірімен тоғысады (Веселовский 1989: 305).

Әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалым С.А. Қасқабасов өзінің «Ертегі мен эпостың сюжеттік типологиясы» атты зерттеуінде қазақ ертегілері мен эпосының сюжеті мен мотив мәселесін қарастырғанда мотивті сюжетті құрайтын бөлшек ретінде көрсетеді. Қазақ ертегілеріндегі сюжеттік желіні былай көрсетеді: кәрі ата-ана; кейіпкердің дүниеге келуі; кейіпкердің қалыңдығын іздеп шығуы; қайын атасының ауылына танылмай келуі; еліне оралуы. Осы жерде аталған сюжетті құрайтын әр бөлшекті мотив ретінде қарастырады. Мысалы ертегілерде көп кездесетін перзентсіз кәрі ата-ана мотиві, кейіпкердің ғайыптан дүниеге келу мотиві сияқты. Сюжет мотивтердің жиынтығы болып табылады (Қасқабасов 2014: 109).

Бірақ соңғы жылдарда әдебиеттану саласында және тіл білімінде мотив термині жаңаша қолға алына бастады. Мотив индивидуалды тәжірибемен байланыстырылып, жеке жазушылар мен туындылардың құндылығы ретінде қарастырыла бастады. Бірнеше шығармада қайт-

аланатын дәстүрлі мотив секілді, тек қана бір жеке шығармада кездесетін индивидуалдық мотив сөздік модель құрай алады.

Мотивтің индивидуалдылығы туралы неміс әдебиеттанушысы Ульиям Фридман жан-жақты қарастырған. «Мотив – тақырып, кейіпкер немесе сөз орамы болып табылады. Мотив жеке, өзгермейтін бір ғана элемент емес, ол әртүрлі сөздерден құралуы мүмкін, бірақ барлығы бір мақсатқа қызмет ететін, мағына жағынан бір-біріне өте жақын, Берк Кеннеттің сөзімен айтқанда «бір-біріне тығыз байланысты сөздер жиынтығы» болуы мүмкін» дей отырып, мотивтің тура мағынасымен қоса, символикалық қызмет атқаратынын алға тартады (Freedman 2009: 63).

Мотив шығармада қайталанатын бір сөз ғана емес, сол сөздің әсерін күшейтетін, шығармадағы негізгі ойға сілтеме жасап отыратын әртүрлі сөздердің жиынтығы болып табылады. Бұл мотивтер шеңберінде басқа да түрлі мотивтер болады.

Әдебиет саласы бойынша ауыз әдебиетінде тыңдаушыны, жазба әдебиетте оқушыны белгілі бір идеяға жетелеу үшін қоғамдық ортаның саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық ықпалына орай сөз таңдалынады. Бұл орайда автор азаматтардың елдік түйсігін алға жетелеп отыруды көздесе, оның озық ойы «мотивті» таңдауда бүгінгі күннен өткен заманға һәм бүгінгі заман жағдайына көз жүгіртіп, һәм алыс болашаққа бағыт сілтеп тұрады. Мотив – адамның тіршілігінің зейіндік және дүниеуи құбылыстарының жанды өкілі ретінде бүкіл тарихи, саяси, әлеуметтік тағы басқа құндылықтарының философиясы мен психологиясының өткенін, бүгінін және келешегін бейнелеуші элемент ретінде аса ірі рөл атқарып келе жатқан тұлғалы сөз. Сол себепті оны тану әдебиеттің бет-бейнесін және өз дәуірінде атқарған міндетін айқындау болып табылады.

Шын мәнінде, мотив болмысы тікелей адам, табиғат пен жаратушының бейнелеушісі. Сондықтан болар мотив ақын мен қаламгердің сезім мен санасының көрсеткіші. Шығармадағы мотивтер арқылы олардың болмыс пен идеяларын біліп тануға мол мүмкіндік бар. Осыған орай мотив терминін терең тану арқылы бір туындының құрылымын, мазмұнын тани отырып, шығарманың қоғамға бере алатын пайдасын, өтімділік пен ұтымдылығына көңіл бөліп, сараптай аламыз.

Мәселен, Шәмші Қалдаяқтың музыкалық әуені мен Жұмекен Нәжімединнің «Менің Елім» сөздері өнер мен әдебиеттің үндескен мотиві арқасында халықтың рухы мен санасы үлкен қозғалысқа түсіп, серпіліп қалғанын айта аламыз. Демек мотив – тірі жанның ғашық жүрегі, ойшыл санасы. Сондықтан бұл туындылардағы таңдаған әуен мен сөз мотивтері ұтымды болды. Өйткені олар халқының жүрек пен санасындағы рәмізін таба білгендігінің арқасында қазірге дейін ондаған жылдар бойы қазақ бойын бойлап, олардың «мәңгі ел» бағдарына бағыт сілтеп келеді.

Сондай-ақ Міржақып Дулатұлының (1885-1935) «Оян қазақ» өлеңінде қазақ әдебиетінің жаңа саяси психологиясын қалыптастыру мотивтерін ұтымды да шынайы өрнектеп берген. Бұл қазақтың жаңа дәуірінің саяси әдебиетінің дүниеге келіп, жетіліп, қалыптасу дәуірінің нышандарының айғағы іспеттес. Бұл дәуірде Алаштың ұлттық саяси қайраткерлері әдебиет арқылы қазаққа әлемнің саяси сахнасына шығу қажеттігін сезіну мотивациясын жасады. Мәселен мына шумақта:

Оян, қазақ! Ойлан, қазақ! Бол, қазақ!
Шын бақытқа жеткізетін жол да ұзақ.
Алашағың аз ба мына дүниеден,
Болашағың емес пе еді зор, ғажап?!

«Оян» сөзін қазақтың ұлттық саяси психологиясын мотивациялық басты сөзі етіп таңдауы соған дәлел. Бір ғажабы «оян» сөзі арқылы қазақтың тұтастай тарихындағы болмыс-бітімін саяси психологияның арнасына бағыттап отырады. Әуелі «Адам» болмысының жаратыластағы басты элементі «Ой» екеніне арқа сүйеп, қазақ баласына ойлану оның көздеген арман-мұратына басты құрал екенін нақтылап береді. Сондықтан қазақ өзінің адами биігі ойлану арқылы «Бар» екендігін сезіне біледі. «Ой» қазаққа тарихи болмысының тұңғыйықтан бастау алған бимәлім келешекке жасалатын сапарында «Шын бақыт» межеге жеткізетін шамшырақ іспеттес бейнесін бейнелеп береді. «Ой» өзіне тиісті функциясын орындай алмаған жағдайда адамзатқа Тәңірі берген талай-талай нығметтерден мақрұм болып келе жатқандығын да сезе алмайды. Әрине «ойлана алмаған жағдайда» адам баласы бұл пани дүниеден көптеген алар үлесін ала алмай жүргенін де сезіне алмайды деген ұғымға саяды. Ал қазақтың тіршілігінде бұл дүниеден ала алмаған талай алашағын меңзейді. Өйткені, өзінің «Ой» қазынасынан тиісті нәрін алмай келеді. Сондай-ақ бүгін ертеңге өрлеу үшін баспалдақ болса, қазақтың бүгінгі алар үлесі ертеңге өрлеу баспалдағы болмақ дейді ақын! Келесі шумақта:

Оян, қазақ! Ойлан, қазақ! Бол, қазақ!
Сілкінші бір қанатыңды қомдап ап!
Ауырыңды арқала да, алға бас,
Бауырыңмен не көрінді жорғалап?!

Екінші шумағында ақынның баса айтып ескертетін жайыт Адам болмысының баяндылығы «Ойлану» арқылы қамтамасыз етуге болатынын қайталай отырып, ескертуін шегелей түседі. «Ой» адамзатқа ортақ құндылық болса да ақын «Ой» үнімен қазақтың тиімді пайдалана алуына көңіл бөледі. Сол себептен ойсыз жатқан қазақ ойлану маңызын айта келе, оның санасының немқұрайлықтан сілкінуін жалбарынып сұраған болады. Себебі «Ой» сілкінбеген жағдайда әлсіздіктен биіктерге самғау мүмкін болмай қалады дейді күйінген күйде! Өйткені, адам баласының болмыс пәлсепесі – өз бойындағы нәпсісімен күрес. Адамның ауыр жүгі де сол нәпсісінен туады. Адам дегеніміз – қазақ. Ақынның уайымы – туған халқының ауыр тіршілігі. Қазақ өз бойындағы нәпсісін жеңіп, алға жылжуды, өрістеуді, өркендеуді мақсат етуге тиіс. Қазақтың нәпсісінен туған күншілдік, жөнсіз бәсеке, көре алмаушылық сынды көптеген мінездер оны өзінің бауырымен арпалысқа түсіп, сарқылмас күш-қуатын арам жолға сарқып алып жүргенін түсінсе екен дейді. Осыншама қазақтың нәпсісінен туған жайсыз мінезінің емделу жолын да ұсынады.

Адам болмысының тұрақты элементтері бар. Солардың бірі – үйрену, екіншісі – ұмыту. Бұл екі құндылық жайында көп нәрсе айта аламыз. Қысқасы, ұмытқан жадыны еске түсіру үшін ұдайы құнды дүниелерді қайталап айтып, еске түсіруде поэзия – ең ұтымды құрал. Адам ұмытшақ болғандықтан, өткен тарихының іздерін жоғалтып отырады. Олар тек хатқа түскенде сақталып қалуға мүмкіндік алады. Сол себепті «ғалымның хаты өлмейді» дейді халық даналығы. Адам сол ұмыт қалған тарихты еске түсіріп, адам баласының жадына салып отыру үшін тарихтар жазған, дастандар жырлаған. Ақын жырларына тарих белгілерін өзек етіп, адам санасына қозғау салып отырған.

«Тұран» мотиві

Қазақтың лирик ақыны, Алаш азаматы Мағжан Жұмабай (1893-1938) «Түркістан» атты өлеңінде ұмыт қалған ежелгі қазақ тарихын былай береді:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім өніп-өскен...
*
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасиаб.

Осы төрт жолда «Тұран» сөзін үш рет қайталап, оқырманға психологиялық мотивация жасау арқылы оның тарихи санасына қозғау салып, тарихи санасының оянуын қамтамасыз еткісі бар. Мағжанның осы екі жол өлеңіндегі «тұран» сөзі – мотив ретінде қолданылып тұр. Сонымен бірге Түркістан және Афрасиаб, түрік және ер сөздері мотивациялық негізгі рөлдерді атқарады. Өйткені «Тұран» бастау болса, оның жалғасы Тұранның ер түрігіне ұласады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жеке шығармаларда кездесетін мотивтерді зерттеген Уильям Фридман дәстүрлі мотив зерттеулерінде бірнеше шығармада қайталанатын дәстүрлі мотив секілді, тек қана бір жеке шығармада кездесетін индивидуалдық мотивтің бір сөздік модель құрай алатынын елеусіз қалдыратынын атап өтеді. Уильям Фридманның теориясы бойынша М. Жұмабайдың біз жоғарыда атап өткен «Түркістан» атты өлеңінде кездесетін мотивтерді қарастырып көрелік.

Мотив бізге бір тақырыптан хабар бере отырып, соған дайындайды. Олай болса мотив шығарманың атмосферасын белгілейді, автордың негізгі ойын, пікірін белгілейді. Мотив болу үшін екі нәрсе керек. Біріншісі, мотивтің қайталану жиілігі. Екіншіден, шығармада жиі қайталанатын сөздің барлығы мотив бола бермейді, мотивте мағыналық жүк бар, ол бір мақсатқа қызмет етеді. Сол мақсатты оқырманға жеткізу үшін жиі қолданылады. Оны оқырман көрмесе де түйсігімен сезіп отырады. Ол кітаптың өне бойынан сезіледі (Фридман, 2009: 63).

А.А. Блок «Барлық поэзия белгілі бір тірек сөздердің үстіне жабылған жамылғы сияқты. Осы сөздер жұлдыздай жарқырап тұрады. Шығарманы бар ететін осы тірек сөздер», – деген екен (Хализева, 2005: 280).

Түркістан өлеңінде көзге жарқ етіп көрінетін сөз Тұран екендігі талас тудырмас. *Тұран* лексемасымен қатар *түрік, Түркістан, көкжал, от* лексемалары да – шығармада жиі кездесетін сөздер. Егер осы мотив арқылы ой жүгіртетін болсақ, осы өлеңнің біртұтас түрік тарихы жайында екендігін аңғару қиынға соқпас еді. Мағжанның *Тұран тарихы, Түркістан, түрік бірлігі* өршіл идеясы тура мағынасында *«Тұран, Түркістан, түрік»* лексемаларымен беріліп тұрса, бұл өлеңде жанама түрде Тұран тарихына, ұлы даланың бай тарихына сілтеме жасап тұрған символдық

мотивтер тұнып тұрғанын көреміз. *Көкжал, ер, баба бейіті, от* лексемалары Тұранның рухани мәдениетіне сілтеме жасап тұрса, *Хан тәңірі, Теңіз Арал, Оқыс, Яқсарт, Жейхун, Сейхун, Памир, Алтай, Қазығұрт, Балқаш, Тарбағатай* онимдері Тұранның талай тарихи оқиғаларға куә болған киелі жағрапиясынан хабар береді. *Афрасияб, Шыңғыс, Үкітай, Жошы, Төле, Сұпытай, Жебе, Тарағай, Темір, Ұлықбек, Ибн Сина, Фараби* есімдері біріге отырып Тұранның атақты тұлғаларының бейнесін жасайды. *Кей Құсырау, Зұлқарнайын* Тұран даласында өткен зор шайқастарды еске салады.

Міне, осы «Тұран» мотиві шеңберінде әртүрлі сөздер бірігіп, шығарманың идеясына қызмет етеді. Осы сөздер оқырманның ойын қозғалысқа келтіріп, оқырманның есіне түріктердің көне тарихын түсіреді. Бұл символдық мотивтердің барлығы Тұран тарихына сілтеме жасап тұрғандай. Мысалы *көкжал-бөрі* лексемалары түріктердің шығу тегі жайлы «Ергенекон» дастанын (Reşideddin 1971: 61-64) еске түсірсе, *Қазығұрт* Нұқ пайғамбар әпсанасын, *Афрасияб* «Алып Ер Тоңға» дастанын (Келімбетов 2014: 34), *Ибн Сина, Фараби, Ұлықбек* есімдері Тұран даласында ғылымның шарықтаған кезеңдерінен хабар беріп тұр емес пе?!

«Түркістан» өлеңіндегі негізгі тура мағынасындағы мотив – бұл *Тұран* және *түрік* лексемалары. Жоғарыда атап өткен сөздердің барлығы да Тұран тарихына байланысты болғандықтан, Тұран тарихын әр шумақта еске түсіріп тұрады. Олардың барлығында белгілі бір мағыналық жүк бар. Тұран тарихын жақсы білетін оқырман *Афрасияб пен Кей Құсырау* есімін естігенде оның танымында сақтар мен парсылардың соғысы, Афрасиябтың қапыда қаза тапқаны, көкжал оқырманның ойына еріксіз көк түріктердің шығу тегі туралы әпсана, бабалар бейіті тасқа жазылған түріктердің тарихы, көк түріктің ұрпағы көкжал Кене қазақ хандығының қайғылы соңын еріксіз көз алдымызға елестеді. Бұл сөздердің барлығы да кумулятивтік қызметке ие сөздер. Жоғарыда аты аталған тарихи кейіпкерлер жеке тұлғалар ретінде бөлек келсе де, Тұранның ұлы тұлғалары бейнесінде бір бүтінді беретін символикалық қызмет атқарып тұр.

Әр тұлғаның есімінің астарында Тұранның тарихы тұр. Бұл лексемалар жеке кездесе отырып оқырманның есіне қайта-қайта Тұран тарихын салып отырады. Ендеше бұл – мотив. Әр сөз жиі қайталанбайды, әр тұлғаның есімі Тұранның ұлдарының бейнесін, әр жердің атауы Тұранның жағрапиясын білдіреді, яғни бұлар біріге отырып тұтас танымға айналып, негізгі мотивке қызмет етеді.

Уильям Фридманның мотив туралы бес факторы

Уильям Фридман мотивтің мәнін білдіретін бес факторды атап көрсетеді: 1) мотивтің қайталану жиілігі; 2) кенеттен, күтпеген жерден мотивтің басқа атаумен пайда болуы; 3) шарықтау шегінде пайда болған мотив кітаптың негізгі ойы болып табылуы; 4) мотив элементтерінің бір мақсат аясында бірігіп, біртұтас танымға айналу қабілеті; 5) Мотивтің идеясы мен символдық мотивтердің сәйкестігі (Freedman 2009: 64).

Бірінші фактор.

«Түркістан» өлеңінде негізгі мотив *Тұран* лексемасы – 24 рет қайталанса, *түрік* лексемасы – 12 рет, *Түркістан* – 5 рет, *көкжал-бөрі* – 4 рет, от – 8 рет қолданылған. 25 шумақтан тұратын шығармада Тұран сөзінің 24 рет қайталануы бұл мотивтің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Тұранның атақты тұлғалары мотивін құрайтын есімдердің саны – 18 *(Афрасияб, Шыңғыс, Үкітай, Жошы, Төле, Сұпытай, Жебе, Тарағай, Темір, Ұлықбек, Ибн Сина, Фараби, Қасым хан, Назар хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан, Хан Кене),* Тұранның жағрапиясын меңзейтін символдық сілтеме мотивтердің саны – 13 *(Хан тәңірі, Теңіз Арал, Оқыс, Яқсарт, Жейхун, Сейхун, Памир, Алтай, Қазығұрт, Балқаш, Тарбағатай, Күлтөбе, Сарыарқа),* Тұранның рухани мәдениетіне байланысты мотивтердің *от* – 8 рет, *көкжал* – 3 рет, *бөрі* – 1 рет, *ер* – 8 рет, *бабалар бейіті* – 2 рет қайталанады екен. Сөйтіп, бұл қайтамалардың барлығы бір мотив ұғымын, яғни Тұран ұғымын, бірліктің, елдіктің символын білдіреді.

Екінші фактор.

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа
Түріктен басқа от боп жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?
(Жұмабаев 2013: 172).

Ақын осы бір шумақта «Тұран» сөзін қара шаңыраққа теңеп, ойламаған жерден «Тұран» мотивін «қара шаңырақ» сөз тіркесімен атайды. Осы бір сөз тіркесі арқылы оқырманға «Тұран» тарихының қазақ тарихының бастауы екендігін, қазақ тарихының Тұран тарихының бір бөлшегі екендігін білдіреді. Жиі қайталанған сөз оқырманды жалықтырып жіберуі мүмкін, ақиық ақын әрі «Тұран» мотивінің әсерін жаңалап, әрі

осы «қара шаңырақ» метафорасын қолдана отырып, оқырманды негізгі идеяға жетелейді.

Үшінші фактор.

«Қара шаңырақ» мотиві осы өлеңнің негізгі идеясы болып табылады. Қазақтың тарихы 15 ғасырдан емес, сонау Афрасияб дәуірінен басталатынын меңзейді. Шығарманың шарықтау кезеңінде кенеттен пайда болған, басқа мотивтерден ерекше мотив шығармадағы негізгі ойды білдіретін негізгі мотив болса, онда «қара шаңырақ» мотиві арқылы біз шығарманың негізгі ойын түсіне аламыз. Осы сөз арқылы Тұранның тарихы қазақ тарихына жалғасып кете барады. Тұран тарихының мұрагері қазақ халқы екендігін осы бір ауыз сөзбен түйіндеп береді.

Төртінші фактор.

Мотивті құрайтын мәдени тілдік бірліктердің бір мақсат аясында бірігіп, біртұтас танымға айналу қабілеті де өте маңызды фактор болып табылады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, жоғарыда атап өткен Тұранның киелі жағрапиясы, атақты тұлғалары, рухани мәдениетіне байланысты сөздер Тұран тарихының қаншалықты бай және мықты екендігін білдіру мақсатында бірігіп, барлығы «тұтас Тұран тарихы» деген бір ұғымға айналады, күшті мотив құрайды.

Бесінші фактор.

Символдық мотив жиынтығының меңзеп отырған негізгі идеямен үйлесімділігі болса, жоғарыда атап өткен мотивтер жиынтығы Тұран тарихымен үйлесіп тұрғанын көреміз. Жоғарыда айтылған тұлғалар, жер атаулары, рухани-мәдени мотивтердің барлығы Тұран тарихына тікелей байланысты лексемалар болып табылады.

Қорытынды

Мақаланы қорытындылай келе, мотивтің шығарманы талдауда мотив өте маңызды рөлге ие екендігін айта аламыз. Автордың қиыннан қиыстыратын шеберлігін де мотивтерге қарап отырып бағалауға болады. Түркістан шығармасында Мағжанның қолданған мотивтеріне қарап отырып автордың Тұран тарихын, түрік тарихын, қазақ тарихын жетік білетіне көзіміз жетеді және тәнті боламыз. Бұл жерде автордың қолданып отырғаны жалпы тарихтан алынған кездейсоқ кейіпкерлер, жер атаулары немесе жай сөздер емес, тарихымызға терең із қалдырған, тарихымыз үшін өте маңызды ұрымтал тұстарын шеберлікпен таңдап ала білген. Кей-Құсырау мен Зұлқарнайын сынды патшалардың өзі құмар болған Тұран, көкке асқан Хан тәңірі, жер кіндігі Памир-Алтай, Қасиетті Қазығұрт тауы, киелі екі дария Оқыс-Яқсарт, осы ұлы даланың данышпан ұлдары Ақсақ Темір, ғұлама Ұлықбек, дүниеде теңдесі жоқ ғалымдар Ибн-Сина, Фараби, ескі жолды Есім хан, қасқа жолды Қасым хан, алаштың арыстаны Абылай хан сынды арқалы есімдерді естігенде әр қазақ баласының рухы асқақтап, мақтаныш сезім кеудесін кернеп, керемет эмоциональдық әсер алады.

Сонымен қатар жүрегі «қазағым» деп соққан ұлтжанды ақын ертегі хан Афрасияб пен ердің ері көкжал Кене есімдері арқылы Тұранның басынан өткерген қиын қыстау кезеңінен де хабар береді. Жау қолынан қапыда қаза тапқан осы Тұранның қос ханы арқылы жерінің отарланып, талан-таражға түсуін, Кеңес қоғамының қырын саясаты арқылы бұрмаланып, бөлшектенген тарихымызды жоқтап тұрғандай.

Мотивті тарихи жаңғырудағы сөздік өрнек, не нақышы деуге болады. Сондықтан біз барынша Мағжан Жұмабай пен Міржақып Дулатұлы сынды ақындарымызды тарихи санамызды жаңғыртатын, ежелгі дәуір Тұран тарихынан бүгінгі тәуелсіз еліміздің келешегі үшін алынатын идеяларды анықтау мақсатында үлгі тұтуымыз керек. Мәселен «Түркістан» өлеңі мен Міржақып Дулатұлының «Оян» шығармасын бірге қарастырғанда тарихи санамызды келешекте қандай идея төңірегінде топтастыру керек екендігін анық көруге болады. Бұл мотивтер болашақ ұрпақты елдікке жетелейді.

Әдебиеттер

Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 232 б.
Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М.: Высшая школа, 1989. – 406 с.
Есембеков Т. Әдеби талдауға кіріспе. – Қарағанды: КарГУ, 1991. – 67 б.
Жұмабаев М. Шығармалары. 1 том, Өлеңдер, дастандар. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
Ekici M. (2008) "Araştırma Yöntemleri" // Türk Halk Edebiyatı El Kitabı, ed. M. Oğuz O. – Ankara: Grafiker Yayıncılık.
Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4 том. – Алматы: Раритет, 2014. – 376 б.
Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. 6 том. – Алматы: Қазақ Энциклопедиясы, 2004. – 696 б.
Қасқабасов С. Таңдамалы. 2 том. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.

Reşideddin Fazlullah. Cami'üt Tevarih. // çev. A. Gölpınarlı, İstanbul, t.y. s. 133-137- den aktaran – B. Ögel, Türk Mitolojisi-1. – Ankara, 1971.

Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: Высш. шк., 2005. – 405 с.

William Freedman. (2009) Edebi Motif: Bir Tanım ve Değerlendirme. // çev. Funda Özşener, Dokuz Eylül Fakültesi Güzel Sanatlar Fakültesi Dergisi. no 2, 61-66 s.

References

Ahmetov Z. Shanbaev T. (1998) Adebiyettanu. Terminder sozdigi. (Literature. Dictionary of Term) – Almaty: Ana tili. – 232 b.

Veselovskiy A.N. (1989) Istoricheskoye poetika. (Historical Poetics) – Moskva: Vyschaya shkola. – 406 s.

Esembekov T. (1991) Adebi Taldauga Kirispe. (Introduction to Literature Analysis) – Karagandi: KarGU. – 67 b.

Jumabayev M. (2013) Shigarmalari. Olender dastandar. (The Poems) 1 tom. – Almaty: Zhazushy. – 376 b.

Ekici M. (2008) "Araştırma Yöntemleri" (Research methods) // Türk Halk Edebiyatı El Kitabı, ed. M. Oğuz O. – Ankara: Grafiker Yayıncılık.

Kelimbetov N. (2014) Koptomdik shigarmalar zhynagy. (Muti-volumes Works Series) 4 tom. – Almaty: Raritet. – 376 b.

Kazakhstan. Ulttyk Ensiklopedyasi. (National Encyclopedia) (2004) 6 tom. – Almaty: Казал Ensiklopedyasi. – 696 b.

Kaskabasov S. (2014) Tandamali. (Selected Works) 2 tom.– Almaty: Foliont. – 344 b.

Reşideddin Fazlullah. Cami'üt Tevarih. (Cami'ut Tevarixs) // çev. A. Gölpınarlı, İstanbul, t.y. s. 133-137- den aktaran – B. Ögel, Türk Mitolojisi-1. (Turkıc Mythology) – Ankara: 1971.

Halizev V. E. (2005) Teoriya literatury. (Teory of Literature) – Moskva: Vysshaya shkola. – 405 b.

William Freedman. (2009) Edebi Motif: Bir Tanım ve Değerlendirme. (Lıterary Motif: Description and Assesment) // çev. Funda Özşener, Dokuz Eylül Fakültesi Güzel Sanatlar Fakültesi Dergisi. no 2, 61-66.

ҒТАМР 21.15.47

Керім Ш.Т.

филология ғ.д., профессор,
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан,
Алматы қ., e-mail: dr_shams2006@yahoo.com

СИРАЖ АД-ДИН АС-САККАКИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РИТОРИКА БОЙЫНША «МИФТАХ ӘЛ-УЛУМ» АТТЫ ЕҢБЕГІ

Йусуф ибн Әби Бакр ибн Мұхаммед ибн Әли Йақуф ас-Саккаки әл-Хорезми Сираж ад-дин (555 /1160 – 627/1230) – ғалым, араб тілі, семантика, әдебиет, аруз, өлең саласының аты кеңге таралған ғұламалардың бірі.

Мақалада ас-Саккакидің өмірі, еңбектері, арабтың риторика ілімнің дамуы, оның көрнекті туралы мәлімет беріледі. Ғалым атақты «Мифтах әл-улумнің» арналған үшінші бөлімін жазуда өзіне дейінгі ғалымдардың жазылған негізгі ірі кітаптардың жетістіктеріне табан тірегені, олардың ішінен ең қажеттісін таңдап, әр жерде шашырап жатқан қағидаларды бір жерге жинақтаған. Кітап бөлімдерге бөлу, тақырыптарды үйлесімді реттеу әдісі арқылы өзіне дейінгілерден ерекшеленеді. Бұл еңбек фонетика, сөзжасамның үш бөлімі, грамматика, риторика және оның бөлімдерін қамтыған. Содан кейінгі тарауларда аруз, диалектика ілімдері жайында сөз қозғап, кітапты үйқас жөніндегі тақырыппен аяқтайды. Жалпы бұл ғылымдардың да – барлығы араб тілін зерттеушіге аса қажетті мәліметтер, шығармашылықпен де, көркем әдеби сынмен айналысу үшін де осы салаларға жүгінеді.

Ас-Саккакидің аталмыш жұмысы араб тілі ғылымдары қағидаларын бір жерге топтастырып, бір кітапқа сыйғызып беруімен құнды болды.

Араб тілін үйреніп, оның тереңіне бойлап ұғыну, араб мәтіндерін зерттеу Құранды жетік игеруге, шариғаттың сырларын түсінуге жол ашады.

Түйін сөздер: араб тілі, «әл-Мифтах», риторика, стилистика, балаға, баян, грамматика, морфология, қағида, ереже, еңбек, кітап, имам, ғалым.

Kerim Sh.T.

Doctor of philology, professor, Nur-Mubarak Egypt for islamic culture university,
Kazakhstan, Almaty,e-mail: dr_shams2006@yahoo.com

Siradge Ad-Din As-Sakkaki and His Work “Miphtakh Al-Ulum”

Yusuf ibn Abi Bakr ibn Mukhammad abn Ali Yakub as-Sakkaki al-Kharezmi Siradge ad-din (555 / 1160-627 / 1230) is a distinguished scientist of Arabic, semantics, literature, prosody and poetry.

The article discusses life and creative work of as-Sakkaki in the field of Arabic rhetoric, its formation and the development. His famous work “Miphtakh al-Ulum”, in particular, its third part was written in compliance with the most necessary achievements of previous scientists in this field, thus concentrating the scattered fundamental principles in one work up to now. The considered thesis is distinguished by the convenient division into the chapters and the correct distribution of topics. The work includes the issues of phonetics, the three sections on word formation, the grammar, and also the sections of rhetoric. The subsequent chapters discuss the prosody and dialectics problems, completing the work with a chapter on poetical rhymes. All the considered issues in the work are particular importance for the Arabic-researchers, fascinated by the creative work and art criticism. The value of this work by as-Sakkaki also lies in the successful concentration of the Arabic linguistics principles in one work. It provides the opportunity for the deeper comprehension of the Arabic, the complete understanding of the Quran, and gives the key to the explanation of the Sharia knowledge secrets.

Key words: Arabic, «al-Miphtakh», rhetoric, stylistics, chromatic accordion, grammar, morphology, rule, work, imam, scientist.

Керим Ш.Т.
доктор филологических наук, профессор, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы, e-mail: dr_shams2006@yahoo.com

Сирадж Ад-дин Ас-Саккаки и его труд «Мифтах Аль-Улум»

Юсуф ибн Аби Бакр ибн Мухаммад абн Али Якуб ас-Сакаки аль-Харезми Сирадж ад-дин (555/1160-627/1230) – выдающийся ученый арабского языка, семантики, литературы, просодии и поэзии.

Статья повествует о жизни и творчестве ас-Саккаки в области арабской риторики, ее становлении и развитии. Его известный труд «Мифтах аль-улум», в частности его третья часть была написана с учетом самых важных достижений, сконцентрировав в одном труде до селе разбросанные основополагающие принципы. Рассматриваемый труд отличается удобным разделением на главы и правильным распределением тем. Труд включает вопросы фонетики, три раздела по словообразованию, грамматику, а также разделы риторики. В последующих главах рассматриваются вопросы просодии, диалектики, завершая труд главой о стихотворных рифмах. Все рассмотренные в труде вопросы представляют особую значимость для исследователей-арабистов, увлекающихся творчеством и художественной критикой.

Ценность данной работы ас-Саккаки также заключается в успешном сосредоточении принципов арабского языкознания в одном труде. Он дает возможность для более глубокого постижения арабского языка, полного понимания Корана и дает ключ к разгадке тайн шариатского знания.

Ключевые слова: арабский язык, «аль-Мифтах», риторика, стилистика, балага, баян, грамматика, морфолоигя, правило, труд, имам, ученый.

Йусуф ибн Әби Бакр ибн Мұхаммед ибн Әли Йақуф ас-Саккаки әл-Хорезми Сираж ад-дин – ғұлама ғалым, араб тілі, семантика, әдебиет, аруз, өлең саласының көшбасшысы, мутакаллим, фақиһ аты кеңге таралған ардақты ғұламалардың бірі.

Ғалым 555 жылдың жумада ауал (айының) 3 күні сейсенбіде /1160 жылы 11 мамырда туған. Әл-Қурашидің (696/1297 ж.қ.б.) «әл-Жауаһир әл-мудия фи табақат әл-ханафия» атты кітабында "*оның имам, үлкен ғұлама, грамматика, морфология, сондай-ақ ал-маани, әл-баян, әл-аруд, ашшиир ілімдерінің терең (зерттеушісі) болғаны, «Мифтах әл-улум» (кітабын) жазғаны»*/1,623/ жайлы айтылады.

Имам Шамс ад-дин Мұхаммед бин Ахмад бин Усман аз-Заһабидің (1274-1348) «Саир аалам ан-Нубалаа» атты еңбегінде толықтыра түседі: *«мутаккалим, фақиһ, әр түрлі ғылым салаларының жетік білгірі, ол туралы бір ауыздан айтылатыны – өз заманының үздіктерінің бірі болған, жақсылардың ішіндегі ең жақсы он екі ілімді (жинақтаған), теңдесі жоқ «Мифтах әл-улумды» жазған»* /2,10/673/.

Оқымыстының бақилық болған уақыты хақындағы мәліметтер әр түрлі: бір деректерде 623/1226, енді бірінде 626/1229, тағы бір мәліметте 627/1230 жылы дүниеден өткені айтылады. Оның қайтыс болған жері туралы бір деректерде оның өзінің туған өлкесі Хорезмде бақилық болғаны айтылса, әл-Қураши (696/1297 ж.қ.б.) өзінің шейхы Қутб ад-дин жазбаларынан ас- Саккакидің Алмалиғқа (қарасты) ауылдары бірі – Илканд (әл-Кенди) маңында қайтыс болғандығын оқығандығын келтіреді /6, Ш/124-125/. Жамал әл-Қаршидің айтуынша, ол 626/1228-1229 жылы Монғол-Шағатай әулетінің астанасында (мемлекетінде) шәһиддікпен қаза тапқан /7, I/93/. Моңғолдардың жойқын шабуылдары кезінде Мәуәреннәһрде шәһидтер қатарында көз жұмғандар арасында қатарында ғалымдар да, фаһиқтар да аз болмаған /8, 206/.

Ұстаздары: шейх әл-Ислам Махмуд ибн Саид әл-Хариси, Садид ибн Мұхаммед әл-Хаййати, Мұхаммед бин Әбд әл-Карим әт-Түркістани.

Шәкірті: Мухтар ибн Захиди оқымыстыдан калам ілімін оқып үйренген. Карл Брокельман «Араб әдебиетінің тарихы» атты кітабында ас-Саккакидің «әл-Идах» (Түсіндіру) атты еңбегінің бар екендігін айтса, Журжи Зейдан (1861-1914) бұл шығарманың атын «Шарх әл-Идах» («әл-Идахты» шарықтау) деп көрсеткен. К. Брокельман оқымыстының пікірталас әдебі бойынша «Муназарат» атты трактаты бар екендігін қоса кетсе, оқымысты атына телінген аталмыш трактат Германияның Мюнхень кітапханасында 685 нөмірмен сақталған. Америка Құрама Штаттарының Пристон кітапханасында ғалым атына телінген 4483 нөмірмен «Мәсала хилаф фин наху» (Грамматикадағы (пікір) қайшылығы мәселесі), Англияның Маншистор кітапханасында 372 нөмірмен астрология саласындағы «Мусхаф әз-

Зухра», Иемен астанасы Санадағы «әл-Жами әл-Кабир» кітапханасында 1614 нөмірмен «Шарх мифтах улум» атты еңбектерінің сақталғандығын айқындадық. Ал барлық сенімді дереккөздерде ас-Саккакидің «Мифтах әл-улум» атты кітабы бар екендігі ғана ауызға алынады. Олай болса, жоғарыдағы аталған еңбектер оқымыстының шын өз туындылары ма, әлде қателікпен теліниіп кеткен шығармалар ма, бұны анықтау арнайы зерделеуді керексінеді. III/IX ғасырдың басында риторика ғылымының негізі қаланды десек болады. Құран Кәрімді тереңдей түсіне білуге қызмет ететін бұл бағыттың негізін нығайтуға көптеген ғалымдар: тәпсіршілерден Әбу Убайда (210 ж.қ.б.), ибн Қутейба (270/884 ж.қ.б.), мутакаллимдерден Әбу Усман әл-Жаһиз (250/869 ж.д.ө.) және оның ұстазы Ибраһим ән-Наззам (231/845 ж.қ.б.), грамматика ілімінің білгірі ибн Жинни атсалысты. Фиқһ және усул фиқһ негіздерінің ғалымдары да риторика ілімінің дамуына үлестерін қосып еңбек етті, олардың басында имам Шафиғи (150/768-204/820) тұрды. Ол «әл-Умм» атты еңбегінде осы салаға қатысты қағидаларды айтып өтеді.

Аталған дәуірде риториканың біршама алға басып, бұл салада шығармашылық ізденіс бір сәт те тоқтамағандығына сол кезеңде дүниеге келген салмақты туындылардың көптігін, Ибн Сәләмнің (232/846 ж.қ.б.) «Табақат» кітабымен басталып, әл-Журжанидің (392/1002 ж.қ.б.) «әл-Уисата» кітабына дейін өте белгілі шығармалар жазылғандығын, Ибн Қутейба, ибн Мағтар, ибн Табатба, Құдама ибн Жағфар, Әмиди және тағы басқаларды дәлел ретінде айтып өтуге болады.

Бұл жұмыстар риторика мәселелерін, сөзді көркемдеу түрлерін қарастырады, әрі аса керекті қағидаларды қалыптастырды. Бастамасын Құдама ибн Жафар, Әбу Усман әл-Жаһиз жасап, олардың ізін Әбуһилал әл-Аскари (395/1005 ж.қ.б.) «әс-Синаъатайни: әл-китаба уә әш-шиър» (Екі өнер: жазу мен поэзия) кітабымен жалғастырды. Осы уақытта ғылымның негіздері айқындала түсті. Себебі бұл кітаптың тақырыптарында, зерттеу тәсілінде сыншылдардың кітаптарынан өзгешелейтін тұстарымен қатар кейінгі дүниеге келген еңбектерге жақындататын ерекшеліктері бар еді.

Ең алғашқы табысты нәтижеге қол жеткізген Абдулқаһир әл-Журжани (474/1078 ж.қ.б.) өзінің «Дәләил иджаз» (Тендессіздіктің дәлелдері), «Асрар әл-балаға» (Шешендіктің сырлары) атты екі кітабы арқылы риторика ілімі білгірлерінің лайықты көшбасшысына айналды. Бұл екі туындының артықшылықтарын санамалап өтудің өзі көп орын алатындықтан, тек осы құнды шығарманың ас-Саккакидің «Мифтах әл-улумнің» риторикаға арналған үшінші бөлімін жазуда осы еңбектерді негізге алғанын айтып өтумен ғана шектелеміз. Ас-Саккаки имам Фахр ад-дин ар-Разидің (544/1150 –606/1210) «ниһаят әл-ижаз уа дираят әл-иғжаз фи улум әл-балаға уа баян –иғжаз л-әл-Қуран аш-шариф» атты жоғарыдағы айтылған екі кітапты ықшамдап жазған нұсқасын пайдаланды. Оқымысты «әл-Мифтахта» өзіне дейінгі арабтың мәшһүр тілшілері мен әдебиет сыншыларын, ас-Сибауейһи (136-139/753-756 жылдар шамасында қ.б.), аз-Замахшари (467/1075-538/1144) сынды ірі филологтарға жүгінеді.

Осы тақырыпта қалам тартқан мұсылман әлемінің шығыстық ғалымдарымен қатар батыс аймақтан шыққандар қалыспай еңбек етті. Олардан әл-Журжанидің замандастары «әл-Умада» авторы ибн Рашиқ ал-Қайрауаниді (456/1064 ж.қ.б.) және «Сирр әл-фасаха» авторы ибн Синан әл-Хафаджиді, ас-Саккакидің замандасы, «әл-Мәсәл ас-саир фи әдәб әл-кәтиб уа аш-шағир», «әл-Жамиғ әл-кабир» кітаптарының авторы ибн Әсир әл-Жазариді (637/1241 ж.қ.б.) айтсақ да болады

Ас-Саккаки айтылмыш жұмысында әл-Журжанидің жетістіктеріне сүйенумен ғана тоқталмады. Оқымыстының ой-тұжырымдарын одан әрі жетілдіріп, түрлерге берілген анықтамалардың ара-жігін ажыратып, риторика негіздерінің қағидаларын жасап, оның мәселелерді жүйеге келтіру, реттеу арқылы салмақты ғылымға айналдырады. Кітапты зер сала оқыған адам еңбекке диалектика және болжамдар қосқандығын байқамай қалмайды.

Ибн Халдун (732/1332-808/1406) "әл-Мукаддимасында": *"Бұл сала (стилистика) жайлап толыға берді, ал ас-Саккаки оның мән-маңызын күшейтіп, жеке мәселелерінің (атауларын) жөндеді, тарауларын қазіргі айтып жүргеніміздей тәртіпке келтірді. Синтаксис, флекция мен баянға арналған "әл-Мифтах" атты кітабын жазды. Айтылмыш саланы оның бір бөліміне айналдырды, кейінгілер осы кітапты пайдаланып, күні бүгінге дейін қолданылып жүрген негізгілерін алып құрастырған"* /3, 375/ – деп бағалаған.

Ас-Саккакидің еңбегі алдыңғылардан толығырақ болды. Негізгі кітаптарда әр жерде шашылып жүрген *балағаның* қағидаларын рет-ретімен топтастырып, бөлімдер бойынша жіктеп, *баян* өнерін саралады. Ғалымның философия мен логиканы көп оқып, шұғылдануы, жетік білуі оның

жазу машығына да ықпалын тигізгендіктен көп жағдайда осы саланы терең білмегендерге түсіну қиынға соқты. Ол логика ілімін бағдарда ұстағандықтан басы артық сөзге ұрынбай, дәлме-дәл, нақты баяндау тәсілін қолданып, көп мәселені қамтыған.

Ас-Саккаки бастапқы кезде философиямен шұғылданып, кейін араб филологиясына қатысты ғылымдарын байыпты саралауға біржолата кіріскен еді. Өзіне дейінгі ғалымдардың еңбектерін парақтап, сүзгіден өткізумен көп жылдық тер төгуден соң «Мифтах әл-улум» кітабын жазып шығады. Өзінің осы еңбегін қолға алуға себеп болған жағдай хақында: «*Заманымның кемеңгер тұлғаларын көрдім. Олар менен ұзақ уақыт бойы ықшамдалған, қысқаша нұсқасын құрастыруымды және оның жазылу стилі әрбір саналы адам түсіне алатындай болуын өтінді. Бұны құрастырдым және кімде-кім оны толық бойына сіңіріп, меңгерген болса, сол адамға барлық ғылыми талаптарды кепіл еттім. Осылайша кітапты «Мифтах әл-улум» (Ілімдер кілті) деп атадым*» /4,7/ – дейді.

Ас-Саккаки өзіне дейінгі ғалымдардың жазылған негізгі ірі кітаптардың жетістіктеріне табан тіреді. Олардың ішінен ең қажеттісін таңдап, әр жерде шашырап жатқан қағидаларды бір жерге жинақтады. Кітап бөлімдерге бөлу, тақырыптарды үйлесімді реттеу әдісі арқылы өзіне дейінгілерден ерекшеленеді. Бұл еңбек фонетика, сөзжасамның үш бөлімі, грамматика, риторика және оның бөлімдерін қамтыған. Содан кейінгі тарауларда аруз, диалектика ілімдері жайында сөз қозғап, кітапты ұйқас жөніндегі тақырыппен аяқтайды. Жалпы бұл ғылымдардың да – барлығы араб тілін зерттеушіге аса қажетті мәліметтер, шығармашылықпен де, көркем әдеби сынмен айналысу үшін де осы салаларға жүгінеді.

Ас-Саккакидің аталмыш жұмысы араб тілі ғылымдары қағидаларын бір жерге топтастырып, бір кітапқа сиғызып беруімен құнды болды.

Араб тілін үйреніп, оның тереңіне бойлап ұғыну, араб мәтіндерін зерттеу Алла Тағаланың кітабын жетік игеруге, шариғаттың сырларын түсінуге жол ашады.

Ас-Саккаки риторика мен стилистиканың тікелей грамматикамен байланысты екенін дұрыс байқады, сол себепті еңбегінің алғашқы екі бөлімінде морфология мен синтаксис, фонетика мен орфоэпия мәселелерін қозғап, ал стилистика мен поэтика мәселелерін соңғы үшінші бөлімде ғана баян етті.

Ғалым: *«Мен бұл кітабымда тіл түрлеріне тоқталмай, өзім қажет деп тапқан әдебиет түрлерін жинақтадым. Осы орайда, әдебиеттің бірнеше түрі алынды. Оған сарф (морфология) ілімін толықтай қостым. Бұнымен бірге, сөзжасам ілімін үш тармағымен бірге алдым да, оны (бетпердесін шештім – сөзбе-сөз аударма) айқындап, түсіндірдім. Стилистика, риторикамен бірге наху (синтаксис) ілімін де түгелдей кіргіздім. Стилистика мен риториканы қозғағанымда Алланың қалауымен дегеніме қол жеткіздім және риториканы шектеп және ой қорытумен толықтырдым да, осы екеуінен бас тартуды жөн көрмедім. Риторика мен стилистика ілімдеріне жаттығу, проза мен поэзияға жаттығу үшін тоқтап тұрған кезде, поэзияға машықтанып жүрген бір адамның ұйқас пен метрика ілімдерін қажетсінгенін көрдім. Сол себептен осы екеуін де біріктірдім.*

Осының барлығын ретке келтіріп болған соң ғана кітабыма қостым. Тиісінше ажыратып, сөзді мүмкіндігінше ықшамдадым және әрқайсысына лайық негіз салдым да, сәйкес дәлелдер келтірдім. Ертедегілердің – Алла олардың рухтарын шат-шадыман етсін (сәлаф әс-сәлих) – кездесіп отырған ойларын, мүмкіндігімше болжап-пішіп алдым. Зерттеулердің түрлеріне нұсқаулардан, олардың тартымды ерекшеліктерін айқындаудан белгілі болғандай, «ертедегілер» кезінде бұған аз көңіл бөлінген.

Ал, мінекей, мен немқұрайлы зерттеулерді егжей-тегжейлі қарастырып, қиын тұстарына шарх жасап, керек болған жерлеріне мағлұматтарды қосып жатырмын. Бұның барлығын жасап жатқан себебім – қараңғы қабірімде жатқанда маған жететін дұға қылар деген үміттемін.

Әдебиет іліміне кірісуімнің себебі: кейбір мәселелерге, терминдерге тоқталғым келді. Ал ол еңбегім қазір алдыңызда аяқталған күйінде тұр. Егер оған кіріссеңіз, бұл ісіңіз сізді араб тілінде қателесуден абайлауға, салмақты іс-әрекетке жетелейді. Әсіресе, егер ешқашан жалған болмайтын Алла Тағаланың кәләмінің мағынасын түсінуді қатты қалағаныңыз қызығушылығыңызға айналса, онда алған бетіңізден қайтпауыңыз керек. Осы орайда, сіздің қасыңызда болмасам да тіл мен синтаксисті үйренгенде мен жаныңызда жүргендей боламын. Сіздің қиялыңыз даму заманында жалған ақпаратты естігендей болғанымен, оны растайтын нәрсе жоқ. Олай болса, әдебиет ілімімен айналысқан адамға арнап қалдырған бұл еңбегімізде керек жерлеріне нұсқаулықтар беріп, түсіндіріп өттік. Соларға сай ой жүгіртсеңіз, қиыншылықтар туындамауы керек.

Түсінгенім – әңгіменің өзегі зерттеу көзі мен парасаттылықтың шыңынан екен...

Кітапты үш бөлімге бөлдім:

Бірінші бөлім: морфология ілімі жайлы;

Екінші бөлім: синтаксис ілімі жайлы;

Үшінші бөлім: риторика және стилистика ілімдері жайлы.

Менен бұны талап еткен жәйт – әдебиет ілімінің әуел бастағы мақсаты, яғни арабтардың сөзінде қателерге абайлау болу еді. Мен осы мақсатқа қол жеткізгім келді әрі сіз де білесіз, игерілуі мүмкін ілім, оны қалай алу және қолдану керектігін білсеңіз ғана келеді. Діттегеніңізге жетуіңізде біз төрт түрін келтіріп, оларды басқа түрлермен толықтырғанымызда тұрған ештеңе жоқ. Бұдан кейінгісі: қолыңызбен қолдану, расында бұл қолданылмайды. Қате себептері ашып қарасаңыз үшеу: жеке, құрастыру, айтылуы керек тіркеске сай құрылуы.

Бұл түрлерге лингивистикадан кейін сүйініледі. Морфология мен синтаксис ілімдеріне жеке және құрастыру кезінде жүгініледі. Ал риторика мен стилистика ілімдеріне ең соңында ғана оралады. Морфология ілімі жеке кезде дереккөз болғанда, синтаксис ілімі оған қарамақарсы болады. Сіз де білесіз, құрастыруға жеке алғашқы кезекте болып табылады. Құрастырушының мағынаға сай болуы бұл жинақта кейін берілді. Бұны келтіру ештеңе етпейді.

Алғашқы тараудың өзі үшке бөлінеді:

Біріншісі – морфология ілімінің ақиқаттығын жеткізу жайлы;

екіншісі – оған жету жолы;

үшіншісі – құрылымын мақсатқа байланысты жеткілікті етіп түсіндіру.

Бұларға кіріспей тұрып, біздің айтып отырған әңгімемізді бекіту үшін, сөздің мағынасы мен түрлерін есімізге түсіріп көрелік.

Сөз дегеніміз – жеке мағынаны білдіру үшін қолданылатын бірлік. Жеке мағына деп әріптердің бірігіп келіп бір мағына беруі айтылады. Бұдан кейін, егер мағына тәуелсіз болса және үш уақыттың біреуінде тұрмаса, мысалы: білім, надандық – есім сөз деп аталады, ал үш уақыттың біреуінде тұрса: білді, білмеді – онда ол етістік деп аталады. Ал егер де жеке тұрып еш мағына бермесе: ішінен, туралы – ол харф (көмекші сөз) деп аталады. Бұны еске түсірген болсақ, бірінші бөлімді бастап, түсіндірейік" /4,5-9/ – деп жазған.

Ас-Саккаки «балаға», «фасаха», «ғараба», «маана», «баян» термин-ұғымдарына анықтама берді, осы анықтамаларында өз алдындағы ізашар ғалымдардың ой-пікірлеріне иек артумен бірге, олардың тұжырымдарын ұштап, айқындай түсті. Арабтану іліміндегі «балаға» – риторика, яғни сөзді көркемдеудің барлық қағидалары мен әдіс-құралдары, сөз қолданыста түр мен мағына сақтаудағы айқындық үшін грамматикалық ережелерді сақтау болса, «фасиха» – сөз саптауда грамматикалық қағидаттар мен фонетикалық ережелерді бұзбау.

Ас-Саккаки де Құранның көркемдігіндегі адам мүмкіндігінен тыс ғажайыптығына, оны қайталаудың қолдан келмейтіндігіне, әрі сипаттауға сөз жетпейтіндігіне, мән-маңызының теңдессіздігіне "муижиза" ретінде тоқталады. Жалпы араб риторика ілімінің қалыптасуы мен даму жолында Құранның көркемдігіндегі кереметтікке таңданыс білдіріп, оның кәміл қасиетін илиһи себептермен түсіндіру өріс алды. Бұл мәселеге ғұлама ас-Саккаки төрт қырынан қарауға болатынын айтқан: риторика пәнінің қос қайнар көзі саналатын «баян» мен «мағани» жағынан және ой ұшқырлығы мен сөз шешендігі тұрғысынан зерделеу, риторика тұрғысынан саралау дегеніміз – метафора, метонимия және соған қатысты контекст, «тарших», «тағрид» жағынан қарастыру деп санаған.

Ол сөздерді шартты және міндетті түрде немесе ақыл-оймен берілетін белгілері бар деп біледі. Сөйтіп көркем, шешен сөйлеу шартты белгісіне негізделуі дұрыс емес, шартты белгі сөздерді тек сырттай киіндіреді, әшекейледі деп түйіндейді. Ғалым бейнелегіш тәсілге теңеу, ауыспалы мағына, метонимияны кіргізеді.

Information technologies in Kazakhstan have occupied a niche in the provision of services, this is not about production. The domestic market was occupied by active foreign firms. This is the result of insufficient investment in local manufacturing firms and insufficient attention to the training of local professionals in this field.

In 2011, President Nazarbayev at the summit of the Shanghai Cooperation Organization in Astana called for the creation of cyber police to repel network attacks. The United States has experience of such a structure, which earlier than others adopted a tough cyber security doctrine and developed a set of measures to counter cyber threats and cyber terrorism (https://www.youtube.com/watch?v=du68MJ4vfaY).

Along with the already existing new terms, it is necessary to introduce new concepts into international law, such as "e-frontier", "e-sovereignty" and others. Of course, there is some undesirable extreme in the strategy of implementing cyber security, we should not shut off the network flow that carries us constructive ideas and new technologies. However, the rapidly developing international cybercrime is striking in scope and professionalism of actions, according to expert estimates, more than 40 million hackers work in different countries of the world. According to the research, they caused $ 500 billion in damage to states. In our country, they also became more active, and as a result, in 2017, the President of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, proposed creating a reliable barrier to protect the digital space of the state.

On February 22, 2019, a series of successful attacks on the websites of several universities took place in Kazakhstan. An unknown group of hackers, who call themselves KazHackMe, hacked the websites of AUPET universities, KarSU and the Kazakhstan Institute of Engineering and Technology. They publish all their achievements in their blog.

On March 3, 2019, hackers broke into the official website of the international airport Nursultan Nazarbayev, the Center for Analysis and Investigation of Cyber Attacks reported. The attackers posted an animation on the air harbor site with the words "Hacked be x-groups team vn". Users were left without information on flight schedules.

According to experts, Kazakhstan may experience a wave of attacks on the industrial sector. During 2018, the country ranked high in the top 10 countries in the number of industrial production facilities that had been subjected to cyber-attacks (http://www.akorda.kz/ru/events/segodnya-v-astane-glava-gosudarstva-nursultan-nazarbaev-prinyal-uchastie-v-yubileinom-sammite-shanhaiskoi-organizacii-sotrudnichestva).

It becomes obvious that the arrests of leaders and individual members of large criminal groups in this area did not lead to a cessation of attacks on financial institutions. This means that regional attackers will expand their activities, increasing the quality and scope of attacks, including those in Central Asia. Perhaps their next step will be to conduct attacks through theft and use of biometric data, which are gradually being introduced by financial institutions through user authentication systems.

Next year, we should expect the continuation of cyber attacks on suppliers - small companies that provide services to financial institutions around the world. Providers of specialized financial services for large players, such as money transfer systems, banks and exchanges, software for POS-terminals, ATM, online payment platform, are at risk first.

Experts who have studied the situation in the country, believe that the focus of traditional cybercriminals will be focused on simple goals, as

well as to bypass antifraud solutions. Antifraud is a system for monitoring and preventing fraudulent transactions that checks each payment in real time, passing through dozens and sometimes hundreds of filters. Fraud protection mechanisms work in such a way as to monitor whether there is something "unusual" in the payment. The task of the system is to check each transaction, find "suspicious" moments in it and decide to reject the payment or skip it. The fraud protection system consists of several components: automatic transaction monitoring, which includes many customizable filters, cardholder authentication and card validation mechanisms, as well as monitoring transactions in a "manual" mode in extreme cases. The hardest of all will be those who do not require two-factor authentication during transactions. To bypass antifraud systems, criminals can completely copy all system parameters of the computer and browser (https://new-retail.ru/tehnologii/kak_rabotaet_antifrod6645/).

There is a possibility that bypassing the cybersecurity systems of financial institutions using physical devices connected to the internal network will increase. Cybercriminals may attempt to connect a computer or mini-card, specifically configured to intercept data and then transmit it using a 4G or LTE modem, using an insufficient level of physical security in many networks. These cyber-attacks will also enable attackers to gain access to customer data from various financial institutions.

Remind about themselves and attacks on mobile applications for business. Most likely they will be implemented at the web interface level and through a chain of suppliers. In addition, advanced social engineering campaigns aimed at personnel responsible for remittances will continue. Cybercriminals will continue to attack certain people in companies and financial institutions, convincing them that a large amount of money came from business partners or managers. SIM Swap fraud will also be observed when the SIM card used to log into banking is stolen or duplicated.

The number of automated systems is growing, more and more organizations and individual employees have direct or remote access to the automated process control system. All this gives attackers more opportunities for cyber attacks, while reducing profitability and increasing the risk of traditional attacks forces them to look for new targets.

Today, the general public has almost no access to information about information security problems in industrial companies. In organizations, belief in emergency protection systems and the denial of the objective reality of existing threats prevail. All of this has a negative effect on how owners and managers, as well as staff, assess the risk. The current situation may increase the vulnerability of enterprise systems to attacks, be it random infections or targeted campaigns organized by cybercriminals.

The first local companies that are involved in instrumental audits to assess security for compliance with information security requirements and specialize in the study of the circumstances, causes and conditions of information security incidents, as well as technical research of malicious software appeared on the Kazakhstani market. Developed the first domestic anti-virus protection.

In a number of national companies and private structures, there are divisions for monitoring technical events and technological processes, which are on duty around the clock for quick response to emergency situations.

The prevalence of malware for personal computers and mobile devices is increasing with the number of their users. At the same time, the vast majority of users do not use specialized software to protect their personal computers, smartphones, and tablets.

This factor is exploited by hackers, which every day leads to an increase in the number of attacks aimed at infecting subscriber devices with malicious software.

While the number of subscriber devices connected to the Network is increasing and most users continue to ignore the measures of "digital hygiene" in relation to themselves and their devices, the concept of "Internet of things" only increases the problem of their safe use.

If traditional electronic devices such as personal computers and laptops have the ability to install and update anti-virus software, then the Internet of Things users often do not even know how to secure their operation.

Neglect of security concerns when using Internet resources and social networks leads to an increased risk for privacy, unauthorized use or modification of publicly available personal data, as well as disclosure of personal data of limited access or their extraterritorial accessibility to criminal communities or intelligence structures during their storage in the territory other states.

As part of the actualization of digitalization processes, issues of information security of the country become even more relevant. In this regard, the responsibility for the security of the state lies not only with the government, but also with the

national security committee. Numerous plans for the development of our country, the economy, society set specific tasks for the development of the information society in Kazakhstan, the level of literacy of the population in this area. It should also be borne in mind that in the past three years alone, the amount of illegal content has increased 40 times on the Internet, and this increasing flow requires the establishment of a reliable barrier - “Cybershield of Kazakhstan” (https://informburo.kz/novosti/nazarbaev-segodnya-tankami-voevat-ne-nado-zapustit-virus-i-vsyo.html).

“Cybershield of Kazakhstan” needs special project management. It is necessary to form a pool of current research and development topics to finance them. However, there are different models of project implementation, and this depends on the specifics of a particular project.

In order to effectively implement the “Cybershield of Kazakhstan” concept, reasonable protectionism is needed to support domestic scientists and manufacturers of information security tools. Some measures to support domestic manufacturers are spelled out in the “Cybershield of Kazakhstan” concept, but it is proposed to supplement them with another important element of project management - expertise at open scientific seminars. I believe that this will be an effective measure to identify projects that are truly important for the state, as well as support for domestic startups and researchers. It is also proposed to thoroughly and comprehensively study international experience, in particular, the experience of Russia in the issues of import substitution in the field of information protection.

The first model, the classical one, is when the progress of a scientific project is financed. The second model is when the reward to the winner of the competition is given after the completion of the project. The third model is a public-private partnership. It is necessary to study international experience in the management of knowledge-intensive projects of national importance.

Among other tasks, such as retraining and advanced training, it is necessary jointly with NPP Atameken to assist higher education education in the field of information security, that is, to work out issues related to the development of educational learning standards and the choice of elective disciplines for high-quality training of national personnel in information security.

The cyber defense of Kazakhstan national information security system aims to achieve and maintain a high level of protection of electronic information resources, systems and information and communication infrastructure as a whole against external and internal threats (http://www.adilet.gov.kz/ru/leaflet/kibershchit-kazahstana).

The developers of the domestic antivirus program «Teleb» have set a goal - to find and eliminate the threat before it appears. The system attempts to detect an object before it enters the user’s computer. The email message is scanned by the antivirus, and in the event of a threat it will be eliminated. Government agencies and security forces (https://24.kz/ru/news/social/item/214494-kazakhstan-zanyal-83-mesto-v-globalnom-indekse-po-kiberbezopasnosti) use this program.

Specific methods and tools used in cyberspace pose a number of complex questions to responsible structures. They need to determine, firstly, whether an attack on electric grids, which paralyzed the country’s economic life, is an act of war, for example? How to calculate the economic damage done? What responses are legitimate from the point of view of international law?

Secondly, given the lack of experience in mastering cyberspace, it can be difficult to distinguish a targeted attack on computer systems from an accidental and unintended malfunction, since the effect in both cases will be the same.

Third, taking into account the fact that cyberspace is a virtual phenomenon and is not geographically localized, it is sometimes impossible to identify the perpetrators of a particular hostile act.

Conclusion

Unlike wars customary for mankind, where there are various conventions and norms governing the conduct of war, cyberspace as a new phenomenon is only being formed, and the existing norms in this situation reveal their inconsistency. Since attacks in cyberspace can affect not only the military, but also the civilian sphere, and also taking into account the difficulty of determining their sources, these actions can become one of the convenient tactical tools for terrorists. Perhaps open discussion and study of this problem, participation in it is not only IT. - specialists, but also professionals from various fields, including lawyers, politicians, public figures, scientists, doctors and other experts, could provide the key to solving these acute problems of the beginning of the 21st century.

References

U.S. National Security: A Reference Handbook. Publishing House: ABC-CLIO, 2010.

Toffler. E. Third Wave (The Third Wave). - Publisher: AST., 2010

Franklin D. Kramer, Stuart H. Starr, and Larry K. Wentz, Cyberpower and National Security. - Washington, DC: Potomac Books, 2009.

Ronfeldt, D. Cyberocracy is Coming // The Information Society Journal. vol.8 (4), 1992.

Ben-Israel I. and Tabansky L. An Interdisciplinary Look at the Information Age // Military and Strategic Affairs. Issue 3 (3), 2011.

https://www.nato.int/docu/review/2013/Cyber/timeline/EN/index.htm

Magazine "Spark". Publisher: Kommersant JSC. - №39, 04.10.2010, p. 24

https://24.kz/ru/news/social/item/214494-kazakhstan-zanyal-83-mesto-v-globalnom-indekse-po-kiberbezopasnosti

https://www.nitec.kz/index.php/pages/test

http://kz-cert.kz/ru/about

https://www.youtube.com/watch?v=du68MJ4vfaY

http://www.akorda.kz/ru/events/segodnya-v-astane-glava-gosudarstva-nursultan-nazarbaev-prinyal-uchastie-v-yubileinom-sammite-shanhaiskoi-organizacii-sotrudnichestva

https://new-retail.ru/tehnologii/kak_rabotaet_antifrod6645/

Pitolin E. Cyber Threats-2019. https://forbes.kz/blogs/blogsid_192920

https://informburo.kz/novosti/nazarbaev-segodnya-tankami-voevat-ne-nado-zapustit-virus-i-vsyo.html

http://www.adilet.gov.kz/ru/leaflet/kibershchit-kazahstana

https://24.kz/ru/news/social/item/214494-kazakhstan-zanyal-83-mesto-v-globalnom-indekse-po-kiberbezopasnosti

ҒТАМР 87.24.23

Керімова Ж.Қ.[1], Ахапов Е.А.[2], Шимидзу К.[3]

[1]докторантура студенті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhansayakerimova@gmail.com
[2]Ph.D., доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ahapov.erlan@kaznu.kz
[3]PhD, қауымдастырылған профессор, Тоттори Университеті, Жапония, Тоттори қ.

ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҚТЫҢ ЭКО-МОДЕЛЬ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЭКО-САЯСАТ: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МЫСАЛЫНДА

Қазіргі таңда қоршаған ортаның ластануымен күресу үшін таңдаулы да оңтайлы әрекет ету керек екені баршамызға мәлім. Ғылыми мақалада жапондық болашақтың эко-модель қаласының тиімді тұстарын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының ең ірі мегаполисі – Алматы қаласы негізге алынып отыр. Алматы қаласын еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері көлік және логистика саласында реформалар енгізген төрт әкімшіліктің жүргізген саясатына жалпы шолу жасалады. Қаланың атмосфералық бассейнінің ластануын азайту үшін жүргізген реформалары мен атқарған жұмыстарына сараптама жүргізіледі.

Алматы қаласында жүзеге асырылып отырған жобалар республикамыздың басқа қалаларында әлі жоспарға енбеген жобалар болып табылады. Ол жобалар Алматының негізінде сәтті болып табылса, онда өзге де ірі қалалар мен моноқалалардың күн тәртібіне кіретін мәселеге айналады деп болжанады. Сол себепті Алматы қаласында жүргізіліп отырған қоршаған орта саясаты бүкіл елдің назарында болып отыр. Осы тұста Алматы қаласында атқарылған жұмыстар көрсетілген соң, жапондық болашақтың эко-модель қалаларына сараптама жүргізу арқылы ең үздік және еліміздің өзге де ірі қалалары мен моноқалаларына бейімді әрі оңтайлы тұстары анықталады деп күтіледі. Ал әлем мойындаған жапондық тәжірибенің жасыл экономикаға бет бұрған Қазақстан үшін бағалы болатыны сөзсіз.

Түйін сөздер: болашақтың эко-модель қаласы, эко-саясат, қоршаған орта саясаты, Жапония, Қазақстан, Алматы қаласы, әкімдік, әкімшілік.

Kerimova Zh.K.[1], Akhapov E.A.[2], Shimizu K.[3]

[1]Ph.D student, Far East Department, Oriental studies faculty, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhansayakerimova@gmail.com
[2]Ph.D, associate professor, Far East Department, Oriental studies faculty, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: ahapov.erlan@kaznu.kz
[3]Ph.D, associate professor, Tottori University, Japan, Tottory

Environmental policy of the Japan's and Kazakhstan's eco-model cities of the future: The case of Almaty city government

These days it's common knowledge that air pollution control needs effective actions. The biggest metropolitan city of Republic of Kazakhstan – Almaty city is taken as the base for finding out effective measures of eco-model cities of the future in Japan. It is given review to the main reforms of the four city administrations regarding environmental policy in the field of transport and logistics. The article analyses conducted measures and reforms aimed at reducing carbon emissions.

Realizing projects in Almaty city are the only and newest ones in the republic. Those projects are supposed to be entered to agenda of other big cities and monocities, if they will be found successful and effective. Therefore Almaty city's environmental policy attracts whole republic's attention. After the presentation of the main actions of Almaty city policy, it is expected to reveal the best and appropriate measures for the rest big cities and monocities of our republic through making analysis of eco-model cit-

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

ies of the future in Japan. Accepted by the whole world the Japanese experience will be valuable to the Kazakhstan, which sets its transition into the green economy.

Key words: eco-model city of the future, environmental policy, Japan, Kazakhstan, Almaty, city government, administration.

Керімова Ж.Қ.[1], Ахапов Е.А.[2], Шимидзу К.[3]

[1]докторант, кафедра Дальнего Востока, факультет востоковедения,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhansayakerimova@gmail.com
[2]Ph.D, и.о. доцента, кафедра Дальнего Востока, факультет востоковедения,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ahapov.erlan@kaznu.kz
[3]PhD, ассоциированный профессор, Университет Тоттори, Япония г. Тоттори

Экополитика экомодели городов будущего Японии и Казахстана: на примере акимата города Алматы

На сегодняшний день всем известно, что для борьбы с загрязнением окружающей среды нужно принимать эффективные меры. В данной статье за основу берется самый крупный мегаполис Республики Казахстан – г. Алматы, для того чтобы выявить эффективные стороны экомоделей города будущего в Японии. Дается общий обзор политики четырех администраций города Алматы, которые ввели реформы в сфере транспорта и логистики с момента получения независимости. Проведён анализ предпринятых мер и реформ для снижения уровня загрязнения в атмосферном бассейне города.

Реализируемые проекты в городе Алматы являются на данный момент новейшими и единственными в республике. Предполагается, что эти проекты войдут в повестку дня остальных крупных городов и моногородов, если их признают успешными. По этой причине проводимая экополитика в городе Алматы привлекает внимание всей республики. И после представления предпринятых мер в городе Алматы ожидается выявление самых лучших и подходящих мер для остальных крупных городов и моногородов нашей республики через проведение анализа экомоделей города будущего в Японии. Признанный всем миром японский опыт будет ценным для Казахстана, установившего ориентир на зеленую экономику.

Ключевые слова: экомодель города будущего, экополитика, Япония, Казахстан, город Алматы, Акимат, администрация.

Кіріспе

Қазіргі таңда Жапония технологиялық даму бойынша көшбасшы елдердің бірі. Сонымен қатар, дамыған мемлекеттер арасында жақын болашақта енді соқтығысатын проблемаларды басынан алғашқы болып өткеріп жатқаны баршамызға мәлім. Мысалы, бала туудың азаюы, егде адамдардың көбеюі, парник газдардың артуы сияқты проблемалар. Осындай мәселелерді ескере отырып, оңтайлы шешімін табуды ерте бастап, біршама жетістікке жеткен Жапонияның тәжірибесі көптеген ел үшін үлгі болып отыр.

Дүние жүзі бойынша атмосфераға бөлінетін көмірқышқыл газы бастаған парниктік әсер тудыратын алты түрлі газдың үлесінің көбеюіне қатысты проблемаларды шешу үшін алғаш рет 1990 жылдары дамыған елдер бірлесе жұмыс істей бастайды. Оның көрінісінің бірі – 1997 жылғы Киото хаттамасы. Халықаралық құжаттың баптарына сәйкес, 1990 жылмен салыстырғанда 2008-2012 жылдар аралығында Жапония көмірқышқыл газының көлемін 6%-ға төмендетуі тиіс (www.unfccc.int. Official site). Соған қатысты Жапонияның Қоршаған орта министрлігі зерттеу институттарымен бірлесе отырып бірнеше жобаны іске қосты. Олар: «2050 жылы Жапония көмірқышқыл газ көлемі төмен қоғам» (ағылшын тілінде – Towards a Japan Low Carbon Society (LCS)), «Болашақ қаласы» (ағылшын тілінде – Future city), «Эко-модель қаласы» (ағылшын тілінде – Eco-model city) концептілері. Аталмыш «Жапония көмірқышқыл газ көлемі төмен қоғам» жобасы зерттеу жұмыстарын 2004 жылы бастаса (www.2050.nies.go.jp.Official site), «Болашақ қаласы», «Эко-модель қаласы» 2008 жылы бастауын алды. «Эко-модель қаласы» концептісінің нысанына алғашында он үш қала алынып, 2012 жылы жеті қала, 2013 жылы үш қала қосылды. әр қауымдастық жергілікті ресурстарды қолдана отырып, тұрақты даму мен көмірқышқыл газын азайтуда өз моделін жасап шығаруда (http://future-city.jp. Official site). Қазақстанда Жапониядағы болашақтың экомодель қаласы жайында Е.А. Ахапов (Ахапов, 2017:15-20) зерттеп, Китакюсю қаласы жүргізген саясаты қарастырылады. Жоғарыда аталған Жапонияның қалалары жайында болашақта бірнеше сериядан тұратын ғылыми мақалалар тізбегінде кеңінен айтылатын болады.

Қазақстан Республикасы үдемелі индустрияландыру мен жасыл экономикаға бет бұрғалы, еліміздің қоршаған ортасы мен экологиялық жағдайына ерекше көңіл бөлініп келеді. Мысалы, 2018 жылы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (2007 жылғы) тағы өзгертулер мен түзетулер енгізілді. Бұл – еліміздегі экологиялық мәселелерді заң негізінде шешуді бастаған қадам.

Алматы қаласында жүзеге асырылып отырған қоршаған орта мәселелеріне қатысты жобалар республикамыздың басқа қалаларында әлі жоспарға енбеген жобалар болып табылады. Ол жобалар Алматының негізінде сәтті болып табылса, онда өзге де ірі қалалар мен моноқалалардың күн тәртібіне кіретін мәселеге айналады деп болжанады. Сол себепті Алматы қаласында жүргізіліп отырған қоршаған орта саясаты бүкіл елдің назарында болып отыр. Осы тұста Алматы қаласында атқарылған жұмыстар көрсетілген соң, жапондық болашақтың эко-модель қалаларына сараптама жүргізу арқылы ең үздік және еліміздің өзге де ірі қалалары мен моноқалаларына бейімді әрі оңтайлы тұстары анықталады деп күтіледі. Сол себепті бұл *зерттеудің нысаны* болып – Алматы қаласы мен қоршаған орта саясаты алынып отыр. Алматы қаласының экологиялық жағдайы, автокөліктердің қоршаған ортаға әсерін Амирбекова Р. (1990), Омаров А.Ж. (1999), Сальников В.Г. (2000), Қиялбаев Ә.Қ. (2003), Бегимбетова А.С. (2015) сынды ғалымдар зерттеген. Алайда қала басшыларының қоршаған орта саясатын зерттеп, сараптама жасалып жазылған еңбек жоқтың қасы.

Зерттеудің мақсаты және міндеттері

Қазақстан Республикасының ең ірі мегаполисі – Алматы қаласында ауа ластануының деңгейін төмендетуге үлес қосу және әр кезеңдегі қала басшылығының көлік және логистика саласында жүргізген эко-саясатын зерттеу, қала басшылары атқарған жұмысының тиімді және тиімсіз нәтижесін айқындау.

Зерттеудің методологиясына мерзімді басылымдар мен мұрағаттағы мәліметтерге шолу, статистикалық мәліметтерге сараптама жасау, кейс стади әдістері жатады.

Зерттеу нәтижесі және дискуссия

Зерттеу барысында әр қала басшысының жүргізген қоршаған орта саясатының ұтымды және ұтымсыз тұстары анықталды. Кейбір жобалар қағаз бетінде қалып, жүзеге асырылмай қалып жатса, кейбір жобалар өзінен кейінгі қала басшысының тарапынан қолдау тауып, іске асырылып жатты.

Негізгі бөлім

Осы тұста еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласы негізге алынып отыр. Себебі РМК «Қазгидрометтің» 2018 жылдың алғашқы жартыжылдық есебіне сәйкес, Алматы қаласы атмосфералық ауа ластануының жоғары деңгейлі қалалар қатарына жатады екен.

Жалпы алғанда, атмосфералық ауа ластануының төрт деңгейі бар, олар: өте жоғары деңгейі (СИ[1] –10-нан аса, ЕЖҚ[2] –50% аса), жоғары деңгейі (СИ – 5-10, ЕЖҚ – 20-49%), көтеріңкі деңгейі (СИ – 2-4, ЕЖҚ – 1-19%) және төменгі деңгейі (СИ – 0-1, ЕЖҚ – 0%). Атмосфералық ауаның азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, формальдегид, күкіртсутегі, қалқыма бөлшектер, фенол, аммиак сияқты ластаушы заттармен жоғары және өте жоғары ластанулары келесі факторлармен түсіндіріледі:

1) Автожолдардың қалалық көліктермен бос еместігі (кептелуі) – бензиннің және дизельдік отынның көпқұрамды болып шығуы елді-мекендегі атмосфералық ауаның азот диоксидімен, көміртегі оксидімен, органикалық заттармен және т.б. ластануының негізгі көзі болып табылады. Ал қаладағы жоғары автожолдардың бос еместігі жақсы желдету болса да, атмосфералық ауада зиянды заттардың жиналуына әкеледі.

2) өндіріс орындарынан эмиссияның шашылуы – өндіріс орындарынан шыққан заттардың жануы, ауа ластануының жоғары деңгейіне бейімделген өндірістік процестің нәтижесі. Елді-мекен аумағындағы әуе бассейінде олардың шашылуы қала, қала маңы мен кенттердің атмосфералық ауа сапасына айтарлықтай әсер етеді.

3) Елді-мекендердегі атмосфералық кеңістіктің төмен желдетілуі – атмосфераның жерге жақын қабатында ауа ластаушылары жиналып, олардың шоғырлары өте жоғары деңгейде сақталады (Қазақстан Республикасы қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетені, 2018:10).

Зерттеу жұмысының нысаны болып табылатын Алматы қаласының экологиялық

[1] СИ (стандартты индекс) – қысқа уақыт кезеңінде ең көп өлшенген, бекеттегі бір қоспа үшін немесе барлық бекеттердегі барлық қоспалар үшін өлшенген деректерден ШЖШ (шекті жол берілген қоспаның шоғыры) бөлінген қоспа шоғыры

[2] ЕЖҚ (ең жоғары қайталанғыштық)%, ШЖШ-дан асуы – бекеттегі бір қоспа үшін немесе барлық бекеттердегі барлық қоспалар үшін өлшенген деректердегі қайталанғыш.

ахуалын нашарлататын факторлар ішінде көлік мәселесі 80%-ды қамтып, басымдық танытып отыр. Төмендегі кестеге қарасақ, еліміздің ең ірі мегаполисіндегі автокөліктер саны жылдан жылға артуда (1-сурет – Алматы қаласы бойынша).



Дереккөз:http://stat.gov.kz

1-сурет – Алматы қаласындағы көліктер санының өсу динамикасы

Ал Статистика комитетінің 2018 жылдың 1 қаңтарындағы есебіне сүйенсек, республика бойынша автокөліктер саны 3,851,600 бірлік екен (www.stat.gov.kz. Official site). Сонда Алматы қаласында бүкіл еліміздегі автокөліктердің шамамен жетіден бір бөлігі жүр екен. Ғалымдардың айтуынша, елімізде автокөліктердің жыл сайынғы өсімі шамамен 127 мыңға жетіп отыр. Яғни, осы қарқын сақталатын болса, онда бүгінгі көрсеткіш 2,5 еседен артып кетері сөзсіз. Демек, бүгінгі автомобиль жолдары мен қала көшелеріндегі көлік инфрақұрылымы ертеңге сай келмейтіндігі анық байқалады. Осындай өсім салдарынан жолайрықтар мен тұрақ мәселесі күрделі шиеленіске түсері сөзсіз. Ал қазіргі жолайрықтар мен қалалық аса ірі магистральдардың (мысалы, Райымбек, Рысқұлов, әл-Фараби, Сүйінбай даңғылдары және т.б.) тәуліктік өткізгіштік көрсеткіштері небәрі 80-100 мың автомобильге ғана есептелген деп алаңдаушылық білдіріп отыр (Egemen Qazaqstan, 2018:4).

Осындай проблемалардың тууына бірқатар үрдістер себепші болды. Мысалы, Кеңес одағының құлдырап, егеменді ел атанғанда, ең маңызды мәселелер қатарында жарқын болашаққа жетелейтін нарықтық экономиканы дамыту, ұстанатын саяси бағыт, ел қауіпсіздігі мен өзге елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнату секілді сұрақтар күн тәртібінде бекіді. Алайда, ол кезде экологияға көңіл бөлетін уақыт да, орын да, қаржы да болмады. Жоғары айтып кеткендей, мемлекетімізді тұрақты даму жолына қою ең басты міндет болып, капитал жинау үрдісі жүрді (Континент, 2000:21). Капитал жинауға басымдық берілгендіктен, экология мәселесі ойластырылмады. Сол себепті қаланың атмосфералық массасының бұзылуына себепші болған бірнеше факторлар орын алды. Ең алдымен, ойластырылмаған құрылыс. Алғашында Алматы ауа дәліздерін ескерген жоба бойынша салынған. 2003-2010 жылдардағы құрылыс серпілісінің нәтижесінде ғимараттар ретсіз салынған. Іле Алатауы тауларының ғажайып көрінісін тереземен тамашалай алатын үйлер – әрбір шаршы метрі қымбатқа сатуға болатын үйлер, сол себепті инвесторлар тарапынан алғанда минималды аз аумақтан максималды сома алуға жақсы мүмкіндік болатын. Осыдан шатқалдарға перпендикулярлы орналасқан көпқабатты ғимараттар пайда бола бастады. Ал олар өз кезегінде ауалық массалар ағындылығын нашарлататын өзгеше желкен тудыратын. Кейбір сарапшылардың айтуынша, қала территорияларының желдетілуі мен желден қорғауы бойынша ҚНмЕ[3] 1987-1988

[3] ҚНмЕ (құрылыс нормалары мен ережелері) – Атқарушы билік органдары қабылдаған қала құрылысы, инженерлік ізденістер, сәулет-құрылыстық жобалау, құрылыс жұмыстарының жүзеге асырылуын реттемелеуші техникалық, экономикалық және құқықтық сипаттағы нормативтік актілердің жиынтығы.

жылдары күшін жойған. Осыдан элиталы тұрғын үйлер салатын компаниялар ҚНмЕ жоқтығын өздерінің мүдделеріне тиімді қолданды (mk-kz.kz.Official site).

Осыған орай Алматы қалалық әкімдігінің атмосфералық бассейннің жағдайын жақсартуға бағытталған саяси әрекеттерін, соның ішінде көлік және логистика саласындағы шараларын жете зерделеуді жөн көріп отырмыз. Себебі бұл уақытқа дейін Алматы қаласын басқарған бірнеше әкімшіліктің қоршаған ортаны қорғауға қатысты жүргізген саясатын жинақтап, оны тізбектеп, әрқайсысына терең талдау жасалған емес. 1991 жылы Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері Алматы қаласын келесі саяси тұлғалар басқарған:

1-кесте – Алматы қаласын басқарған әкімдер

	Әкімнің аты-жөні	**Билік жылдары**
1	Нұрқаділов Заманбек	1991-1994
2	Құлмаханов Шалбай	1994-1997
3	Храпунов Виктор	1997-2004
4	Тасмағамбетов Иманғали	2004-2008
5	Есімов Ахметжан	2008-2015
6	Байбек Бауыржан	2015 – осы күнге дейін

Дереккөз: «Континент», №18, 20.09-03.10.2000, Алматы қаласының ресми интернет-ресурсы www.almaty.gov.kz.

Бірнеше себептермен 2000 жыл Алматы қаласы үшін бетбұрысты кезеңге айналды. Біріншіден, жаңа үкіметтің келуімен республикалық бюджетке еліміздің ең ірі қаласы әрі ең үлкен доноры – Алматы қазынасынан алынатын сома көлемі аздап азайды: «бюджеттік бөлу» атты жаңа саясаттың нәтижесінде Алматыға 2,3 млрд. теңге шамасында қосымша қаражат берілді. Екіншіден, қалада инфрақұрылымға ірі инвестиция құю үшін жайлы экономикалық климат орнады (2-кесте). Үшіншіден, ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қарастыратын байыпты да прагматикалық шетелдік инвесторлар пайда болды (Континент, 2000:25). Сол себепті Алматы қаласы әкімдігінің қоршаған орта саясатын қарастырғанда, В. Храпуновтың билігі кезін бастау нүктесі ретінде алып, төрт қала басшысының жүргізген саясатына шолу жасап кетуді жөн көріп отырмыз.

1. В. Храпунов әкімшілігі

Алматы қаласының аудандар саны – 6, халық саны – 1,129,400 адам (1999 ж.).

2-кесте – Алматы қаласы әкімшілігінің шығыны

өлшем бірлігі – млн. теңге

	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	1998 жылмен салыстырған-да 2000 ж. +,-
Б. Республикалық бюджетке ресми трансферттерді алып тастағандағы шығындар мен несиелеу	13999	13590	19010	+5011
1. Ресми трансферттерді алып тастағандағы шығындар	13949	13411	18850	+4901
1.4. Білім беру	4015	4210	4337	+322
1.5. Денсаулық сақтау	2233	3769	4093	+1860
1.6. ә̲леуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмек	4369	1624	1571	-2798
1.11. Көлік пен байланыс		529	1994	+1994

Дереккөз: Деловое обозрение «Республика», №12 (79), 29.03.2001

Ескерту: кестеде қала әкімшілігі шығыны ішінен салыстыру мақсатында бір бөлігі ғана берілген.

В. Храпунов кезіндегі әкімшіліктің басымдықтарын анықтау үшін жергілікті бюджеттің шығындарын сараптау қажет. Ол үшін ең маңызды салалардың үш жылдық көрсеткіштері алынып отыр. Көріп отырғанымыздай, әкімдік көлік пен байланысқа 1999 жылдан бастап ерекше көңіл бөліп отыр (Республика, 2001:5).

В. Храпунов әкімшілігінің қаланың экологиялық ахуалын жақсартудағы көлік және логистика саласында ұсынған жобаларын қарастырайық:

1) 2002 жылдың желтоқсан айында Елбасы Алматы аумағын 3,7 мың гектарға кеңейту жайлы жарлыққа қойды. Жобада Алматы қаласының төңірегінде айналма жол салу қарастырылған. Ол үшін жер бөлу жайлы қала әкімі Алма-ата облысының әкімі Шалбай Құлмаханұлымен келіскен. Жол ұзақтығы – 98 шақырым, құны 100 млн АҚШ долларды құрайтын айналма жол құрылысы – күнделікті қалаға кіретін 60-70 мың транзиттік автокөліктерден айтарлықтай азайтады, оның құрылысына 1600-1800 гектар жер телімі бөлінеді (Комсомольская правда, 2002: 10).

2) Сонымен қатар метро құрылысына инвестиция табу – қала әкімінің мойнына жүктелді. Осы тұста метроның салыну тарихына аздап тоқталып кеткен абзал. 1978 жылы метроның алғашқы трассасы көрсетілген қаланың бас жоспары бекітіліп, 1988 жылы 7 қыркүйекте құрылысы басталды. Аяқтау мерзімі 1997 жылға жоспарланды. 1991 жылға дейінгі құрылыс шығынын кеңестік бюджет, жанама шығынды Қазақ КСР өтеді. Алғашқы кезектегі телім жобасы бойынша 8 бекетті қамтыған. Алайда 1991 жылы Кеңес Одағы таралған соң, метро құрылысы тоқтап қалды.

1992 жылы «Бетон-унд-Моибрау» атты австриялық фирма, 1995 жылы «SNC LAVALIN» атты канадалық компания («Алатау», «Сайран», «Сарыарқа» бекеттерін қамтитын екінші кезектегі телім жобасын жасап шығарды), 1999 жылы «Bombardier» атты өзге канадалық компания (Нью-Йорк, Париж, Мехико, Лондон, Анкара сияқты ірі қалалардағы метроның құрылысымен айналысқан), 2000 жылы «Philipp Holzmann» атты неміс компаниясы метроның құрылысын әкімдікпен келісе отырып, өз мойындарына алуға ниеттерін білдіргенмен, белгілі бір себептермен жүзеге аспады (http://metroalmaty.kz. Official site). В. Храпуновтың 2002 жылғы «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында метро құрылысының аяқталу мерзімі деп 2010 жылды атады.

2003 жылға дейін сырттан инвестиция табылмаған соң, 2003 жылғы 10 ақпандағы ҚР Президентінің жарлығы бойынша метрополитеннің құрылысы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын болды (толығырақ А. Есімов кезіндегі әкімдік шараларында қарастырылады).

3) Метроның құрылысы аяқталған соң монорельстік жолдар салуды ұсынған канадалық компанияның бұл жобасын әкімдік мақұлдап, қабылдады. Себебі, мысалы, әуежайға дейін метро салудан гөрі монорельстік жол салу айтарлықтай арзанға түсетіні түсінікті. Ал бұндай жолдар көптеген еуропалық елдерде, Жапонияда сәтті қолданылуда деген шетелдегі сәтті тәжірибені алға тартып, Үкіметке жоба ретінде ұсынылған.

4) әл-Фараби даңғылына дейін Желтоқсан, Наурызбай батыр және Сейфуллин көшелерін жүргізу, Төле би көшесін Қалқаман шағын ауданына дейін созу көзделіп отыр. Бұл шара арқылы ең жүктеулі қиылыстарды босатып, таудан самал желдің бөгетсіз есуіне мүмкіндік бермек (Комсомольская правда, 2002: 10).

2. И. Тасмағамбетов әкімшілігі

Алматы қаласының аудандар саны – 6, халық саны – 1,175,208 адам (2004 ж.).

Енді И. Тасмағамбетов әкімдігінің қаланың экологиялық ахуалын жақсартудағы көлік және логистика саласында ұсынған жобаларын қарастырайық:

1) Қаланы көпорталықты ету, әр орталықта тең дәрежеде іскерлік бөлігі, тұрғын алаптары, бос уақытты өткізу инфрақұрылымдарын қамту көзделген. әйтпесе қаланың ескі орталығы іскерлік белсенділіктің өсуінен, автокөліктің көптігінен тұншығатын болады деп түсіндіреді.

2) 2005 жылдан бастап әл-Фараби даңғылынан жоғары территорияда 6-қабаттан асатын ғимарат салуға тыйым салынды.

3) әкімнің 2006 жылғы «Вечерний Алматы» газетіне берген сұхбатында ұзақтығы 8,3 км құрайтын метроның алғашқы кезегі ел Президенті мен Үкіметінің тапсырысы бойынша 2008 жылы халықтың қолдануына беріледі деп көрсетілген.

4) Көпсатылы автотұрақтар желісін дамыту қолға алынды. Көлік қозғалысы мен автокөлік тұрағының тығыз графигін ескере отырып, қаланың бес маңызды нүктесі айқындалды. Мысалы, Ескі алаң аумағында оқу орындарынан бастап ірі сауда нүктелеріне дейін түрлі көптеген мекемелердің шоғырланғанын байқауға болады. Таңертеңнен кешке дейін тұрақта тұрған көліктер жолдың жүретін бөлігін тарылтады да, автокөліктердің қозғалысына айтарлықтай кедергі

тудырады. Ол жерде көпсатылы тұрақ салмаса, проблеманы басқаша шешуге болмайды деп қала әкімі түсіндірді.

5) Қаланың көліктік артериясын жеңілдету мақсатында жолайрықтың тиімділігін алғашқы 2 жолайрықтан (Майлин-Бекмаханов пен Райымбек-Рысқұлов-Саин) байқалғанын алға көтеріп, тағы 18-ін салуды жоспарлайды. Ол үшін жыл сайын үшеуден бастау керектігі айтылады. Мысалы, 2006 жылы Рысқұлов-Кудерин, Рысқұлов-Бөкейханов, әл-Фараби-Сейфуллин және әл-Фараби-Есентай аудандарында дайындық жұмыстары басталды. Ал әл-Фараби-Фурмановтағы (қазір Н.Ә. Назарбаев даңғылы) сегізінші жолайрық 2006 жылдың тамыз-қыркүйек айларында басталады. Шаляпин көшесі Қалқаманға дейін, Батыс Желтоқсан көшесі әл-Фараби даңғылына дейін ұзарды (Вечерний Алматы, 2006:3-4). 2007 жылы 14 мамырда Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесі арқылы Рысқұлов даңғылы бойымен өтетін ұзындығы 1000 м эстакадалық, 400 м туннельдік жол айрығы ашылды. Бұған дейін тәулігіне 8-8,5 мың көлік қана өтетін бұл арадан енді 184 мың көлік өте алатын болады. 28 қазанда рекордтық мерзім – небәрі бес айда салынып біткен Абай-Саин, Шаляпин-Саин, Жандосов-Саин көшелерінің қиылысындағы үш бірдей жолайрық бір мезгілде іске қосылды. 24 қарашада Достық пен әл-Фараби даңғылдарының қиылысында 2007 жылғы оныншы жолайрық ашылып, қаладағы көлік қозғалысын айтарлықтай жеңілдетті. 5 желтоқсанда Абай-Жандосов-Сәтбаев, Райымбек-Сүйінбай-Пушкин және Райымбек-Розыбакиев көшелерінің қиылысында жаңа жолайрықтарының құрылысы басталды (Алматы ақшамы, 2007: 5).

6) БАКАД[4] айналма жолының салынуы 2007 жылдың күзінде басталып, 2010 жылы аяқталуы жоспарланып отыр. Еліміз бен көрші елдердің экономикалық дамуының нәтижесінде тарихи қалыптасқан транзиттік жолды көптеп қолданатындықтан, БАКАД-тың құрылысы өзекті болып отыр. Бұл жол тәулігіне 25 мыңдай көлікті қаладан тыс шығаратыны жоспарланып отыр (Вечерний Алматы, 2007:4) деп баяндалды.

7) 2005 жылы сатып алынған жаңа қазба жүргізгіш комбайнның арқасында уақыт та, қаржы да үнемделіп жатқан соң, метроның алғашқы кезегі 2008 жылдың соңында қолданысқа берілуі тапсырылды (Вечерний Алматы, 2006:4). Алайда, 2007 жылғы сұхбатында 2009 жылдың I жартысында берілетіндігі жайлы айтты (Панорама, 2007:4).

8) 7 жылдан асқан автомобильдердің елге кіруіне экономикалық санкциялар арқылы тыйым салуды Үкіметке ұсынады. Жай ғана тыйым салу емес, әкелім бажын көтеру арқылы шектеуді көздеп отырған бұл жоба ескі көліктерден шығатын пайдаланылған газды азайтатыны сөзсіз (Вечерний Алматы, 2006:5) деп баға беріледі.

9) Шығыс айналма автожолының (ВОАД) құрылысы басталып, қаланың орталығын айналма жол қоршайтын болады: оңтүстікте – әл-Фараби даңғылы, батыста – Саин көшесі, солтүстікте – Рысқұлов даңғылы, шығыста – ВОАД (www.online.zakon.kz.Official site).

3. А. Есімов әкімшілігі

аудандар саны – 8 (02.07.2008 ж. Алатау ауданы, 02.07.2014 ж. Наурызбай ауданы қосылды), халық саны – 1,324,739 адам (2008 ж.).

Енді А. Есімов әкімшілігінің қаланың экологиялық ахуалын жақсартудағы көлік және логистика саласында ұсынған жобаларын қарастырайық:

1) 2013 жылы қала әкімдігі БҰҰДБ-ҒЭҚ[5]-мен бірлесе отырып қала үшін ұзақ мерзімді көліктік стратегия жасап шығарды. Ол стратегияның мақсаты – 2023 жылға дейін қала тұрғындарын орнықты, кіріктірілген, қауіпсіз, жоғары сапада қызмет көрсететін және барлық тұрғынға қолжетімді болатын көліктік жүйемен қамтамасыз ету (Стратегия устойчивого транспорта г. Алматы на 2013-2023 гг., 2013:5). БҰҰДБ - ҒЭҚ «Алматы қ. тұрақты көліктері» (келесі – АҚТК) жобасы – көліктерден бөлінетін парник газдары шығарындыларының өсу проблемасын шешуде қалаға көмек көрсету және тұрақты көліктерді ілгерілету және көрсетілімдік жобаларды іске асыру арқылы қоршаған ортаны жақсарту мақсатында 2011 жылы басталған 5 жылдық жоба.

Өмір сүру мен жұмыс істеу үшін тартымды қала – Алматыда тұру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін «Алматы қ. орнықты көліктерінің 2013–2023 жж. арналған стратегиясы» 2013 ж.

[4] Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (орыс тілінде – Большая Алматинская Кольцевая автомобильная дорога) – Алматы облысының Қарасай, Іле, Талғар аудандарын кесіп өтетін, қаланы транзиттік көліктен босататын автожол. Ұзақтығы – 66 км. 21 көпір, 8 екіденгейлік жолайрық, 2 эстакада, 18 өтпежол, 168 су өткізуші құбыр және т.б. қамтиды. БАКАД құрылысы 2009 жылдың тамыз айындағы әлемдік қаржы дағдарысының салдарынан белгісіз уақытқа тоқтатылды.

[5] БҰҰДБ-ҒЭҚ (Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы, Ғаламдық Экологиялық Қор, ағылшын тілінде – UNDP, GEF)

АҚТК жобасының көмегімен әзірленді және бекітілді. 2014 ж. мамырда БРТ типті жүрдек автобустар дәлізі *(Б. Байбек саясатында толығырақ қарастырылады)* мен жаңа веложолдар салуды ұйымдастыру жөніндегі пилоттық жобалардың тұсауы кесілді және Алматы қ. әкімі мақұлдады (www.alatransit.kz. Official site).

2008 жылы қоғамдық көлік жеке кәсіпкерлердің қолында болып, саны өте аз болғанымен қатар, көліктер жағдайы талаптарға сай болмады. Сол себепті муниципалды көлік құруға шешім қабылданады. 2013 жылы трамвай-троллейбус басқармасы «Алматы қ. Алматыэлектротранс» ЖШС болып өзгертілді. 2015 жылғы статистикаға сәйкес, коммуналдық меншікте газбен жүретін 600 автобус пен 400 такси, 232 троллейбус пен трамвай және метро бар. Қалалық меншіктегі барлық қоғамдық көлік экологиялық таза болып келеді (www.zakon.kz. Official site) деп хабарланды.

2) 2010 жылы Шығыс айналма автожолы (ВОАД) іске қосылды. Алғашында жүргізушілердің өтінішімен әл-Фараби даңғылынан бастап (Достық даңғылының қиылысы) Балтабаев көшесіне дейінгі аралықтағы 5,6 км жол қолдануға берілді. Кейін толық аяқталған соң Халиуллин көшесіне дейінгі ұзындығы 7,8 км жол қолдануға берілді (www.tengrinews.kz. Official site). 2013 жылғы сұхбатында қала басшысы ВОАД, әл-Фараби даңғылы, Саин көшесімен жүру ақылы болатындығын айтты. Бұл – қалаға 200 мыңдай көлік кіретіндіктен, өзге қалалық автомобильдердің кіруін шектеу мақсатында жүргізіліп отырған шара. Аталған үш аймаққа жақын тұратын тұрғындар үшін жеңілдіктер қарастырылған. Бұл жобаның құны – 40 млн. АҚШ доллары, жобаны австриялық компания жүзеге асырмақ. Ақы арнайы құралдар мен смарт-карталар арқылы төленетін болады. Осы шара арқылы көлік саны 40%-ға төмендемек деп түсіндірді (www.tengrinews.kz. Official site).

3) Данияның басты қаласы – Копенгагенде тұрғындардың 30%-ы қала ішінде велосипедпен қатынайды. Велосипедтің экологияға тиімді әрі адам денсаулығына оң әсерін тигізетіндігін айта келе, 2010 жылдан бастап алғашқы веложолдар пайдалануға берілетіндігін мәлімдеді. Осыдан бастап алдағы уақытта қолға алынып жатқан жол құрылыс жобаларында веложолдың құрылысы міндетті түрде қарастырылатын болды.

4) Экологиялық жағынан таза қоғамдық көлік түрлерін қалыптастыру жұмыстары қолға алынды. 2010 жылы ЕУРО-2 стандартына сай келетін 200 автобусқа есептелген муниципалды автопарк ашу жоспарланды.

5) Сондай-ақ, қоғамдық және жеке көліктерді табиғи газ бен биоотынға ауыстыру бойынша экономикалық жағынан ынталандыру жасалатын болады деп халық алдындағы есептеде мәлімдеді.

6) Экологиялық мәселелерді шешу, әсіресе экологиялық жағынан таза және жаңа көлік түрлерін дамыту едәуір қаржы ресурстарын қажет етеді. Сондықтан осы саладағы халықаралық қаржы институттарымен және сарапшылармен ынтымақтастықта белсенді түрде жұмыс істеді. Мысалы, Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлесіп жеңіл рельсті көлік (ЖРТ) құрылымы жобасы бойынша жұмыс басталды. Банк оның техникалық-экономикалық негіздерін жасау үшін, жобаны жүзеге асыруда қаржы модельдерін жетілдіру мен экспертизадан өткізу үшін грант бөліп отыр (Алматы ақшамы, 2010:4-5) деп хабарланды. *(ЖРТ жобасы жайлы толығырақ Б. Байбек саясатын қараңыз)*.

7) 2008-2015 жылдар аралығында 16 жолайрық салынды. 2015 жылы Қалқаман шағын ауданы мен ВОАД-Төле би аймағындағы екі жолайрықтың негізгі құрылыс жұмыстары аяқталды. Барлық іске қосылған жолайрықтардың саны 28-ге жетті. 32 шақырым ұзақтықтағы жеті магистральдық көшенің тесіп өтуі жүзеге асырылды.

8) әлемге танымал архитектор Ян Гейлмен біріге отырып, қала дамуының тұжырымдамасын жүзеге асыру басталды. Ол тұжырымдаманың негізгі идеясы – «көліктерге емес, адамдарға арналған қала» қағидасы.

9) Көптен күткен метро 2011 жылы 1 желтоқсанда ашылды. Бірінші кезекте жеті бекет енгізілді: «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Әуезов театры» және «Алатау». 2015 жылы 18 сәуірде тағы екі бекет «Сайран» және «Мәскеу» қосылды (www.zakon.kz . Official site).

4. Б. Байбек әкімшілігі

Алматы қ. аудандар саны – 8, халық саны – 1,552,349 адам (2015 ж.).

Алматы қаласы қазан айында Люблянада өткен ақылды қалалардың «Smart city-2018» атты Еуропалық форумында көлік жүйесінің кешенді реформасын жүзеге асырғаны үшін бірінші орынды иеленді. 50 ең үздік әлемдік тәжірибелер мен инновациялық жобалардың арасында финалға қатысушы үштіктің ішінде Түркияның Анкарасы мен Хорватияның Загребі де болды. Сайыс комитеті Алматының жүйелік бағдары мен келесі өлшемдерге сәйкестігін атап өтті: цифрлы технологиялардың қоғамдық көлік кірісін көлеңкелі айналымнан шығарып, ашықтығын

қамтамасыз етуі, жергілікті биліктің қоғамдық және жаяу жүргіншілер кеңістіктерінің модернизациясы арқылы экологияны жақсартуға ерекше көңіл бөлуі (www.vecher.kz. Official site). Сол себепті соңғы жылдардағы көлік және логистика саласындағы өзгерістер ерекше қызығушылық тудырады. Соларды атап кетелік:

1) 2009-2011 жылдар кезеңінде түрлі институттар Алматы қ. әкімдігінің тапсырысы бойынша ТЭН[6] дайындап, зерттеулер жүргізді және ЖРТ жобасын іске асыру форматтары мен қаржыландыру жөнінде келісулер жүргізді, бірақ жобаны іске асыру туралы шешім қабылданған жоқ. 2013 жылдан бастап жобаның жаңа фазасы басталды және Алматы қ. әкімдігінің сұрауы бойынша, БҰҰДБ-ҒЭҚ «Алматы қ. тұрақты көліктері» жобасының және Еуропаның қайта құру және даму банкінің қолдауымен мемлекеттік жеке серіктестіктің сызбасы бойынша (МЖС) іске асыру үшін жобаның тендерлік құжаттамаларын дайындауға консультанттардың үш тобы: Idom (Испания), Norton Rose (Ұлыбритания/Қазақстан) заң компанияларының техникалық мамандары, Ernst&Young компаниясының қаржы консультанттары тартылды. Жоба ұзындығы 22,9 км ЖРТ желісін салуды көздейді. Болжамды қуаттылығы – тәулігіне 77-106 мың жолаушыны қамтымақ. Жеңіл рельсті көліктің шамаланған маршруты Алатау ауданы депосынан басталады, одан кейін Момышұлы, Төле би, Панфилов көшелерінен Астана алаңына дейін – Мақатаев көшесі мен Жетісу көшесінен өтетін болады. Қосымша тармағы Қалқаман шағын ауданындағы жобаланып отырған метро станциясына дейін жүреді. Қозғалысының жобалық жылдамдығы 35 аялдамамен 24 км/сағатты құрайды, толық маршруты 40 минуттан астамға ұзартылады. Жылжымалы құрам 36 поездан тұратын болады, бұл ретте бір поезға 200-дей жолаушы міне алады деп күтілуде (Информация по проекту «Строительство линии легкорельсового транспорта в городе Алматы», 2018) деп баяндалды.

2) Халық саны жыл сайын өсіп отырғандықтан, «Жаяу жүргінші үшін жайлы қала» бағдарламасы іске қосылды. Алматының тұрғын халқы 1,5 есеге, ал жеңіл көліктер саны 10 есеге өскен (2-сурет). әрине, бұл – қалалықтардың тұрмыс деңгейінің айқын көрсеткіші. Көпшілік білетіндей, көліктер қалада кептеліс тудырып қана қоймай, ауаны да 80%-ға ластайды (Вечерний Алматы, 2017:4). Қаланың орталығын жаяу жүргіншінің ыңғайлығы үшін, қаланың айналасын көліктік ағын қозғалысының ыңғайлығы үшін өзгертілуі тиіс (жолайрықтар жайлы). Сол себепті 2017 жылдан бастап Арбат (Жібек жолы Қонаев көшесінен Желтоқсан көшесіне дейін), Панфилов көшесі (Қабанбай батыр көшесінен Жібек Жолы көшесіне дейін) және «Астана» алаңы толық жаяу жүргіншілер көшелеріне айналды (www.vlast.kz. Official site). Ал Гоголь, Қабанбай және Байтұрсынов көшелері жартылай жаяу жүргіншілер көшесіне айналмақ. Қаланың өзге орталық көшелерін жаяу жүргіншілер аймағына айналдыру жұмыстары жалғасып жатыр (www.inform.kz. Official site) деп хабарланды.

[6] ТЭН – техникалық-экономикалық негіздеме



Дереккөз:webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:http://alamata.narod.ru/old/history.htm&strip=1&vwsrc=0

2-сурет – Алматы қ. халық саны

3) 2016-2017 жылдарға арналған атмосфералық ауаның жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарына жүгінсек, ең бірінші болып автокөліктердің ауа бассейнін ластауын төмендету көзделген. Іс-шараларды тізбектеп шығайық:

– ҚР Салық кодексіне компримирленген табиғи газбен (КТГ), сұйытылған көмірсутегі газымен (СКГ), электр қуатымен жұмыс істейтін автомобильдерге, сондай-ақ автомобильдік газ толтыру компрессорлзық станасына (АГТКС), АГТС, ЭТС арналған қосалқы құрал-жабдықтарға салық төлемдерінен 3 жылға босату жөнінде;

– Мультиотындық автокөлікке жанармай құятын стансалар бойынша СНжЕ-ні өзгерту жөнінде;

– Жеке тұлғалардың автокөліктерін КТГ-ге көшіруді субсидиялау жөнінде ұсыныстар енгізу жайлы ҚР Парламенті Мәжілісіне хат жіберілді

– «Тоқтауға тыйым салынады» белгісі қойылған көшелердің тізімін көбейту;

– Бірыңғай автоматтандырылған автотұрақтар жүйесін іске қосу (www.almaty.gov.kz.Official site).

4) БАКАД құрылысы 2017 жылы қайта жандандыруды жоспарлап, қаланың транзиттік көліктасқынын біршама азайтады деп күтілуде. Үлкен айналма жол Батыс Қытай мен Еуропаның арасындағы логистикалық хаб ретінде Алматының экологиялық әлеуетін арттырады. Бұл жобаға құйылатын инвестиция шамамен 350 млрд.-тан астам теңгені құрайды. Іске, ең алдымен, алматылық компаниялар тартылып, мыңдаған жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді (Вечерний Алматы, 2017:4) деп болжау айтылды.

5) Қоғамдық көліктерге арналған алғашқы арнайы белдеулер 2015 жылы маусым айында пайда болды. Бұл шара 2023 жылға дейін жол қозғалысының кешенді схемасы аясында жүргізіліп отыр. Қазіргі таңда арнайы жолақтар Абай, өтеген батыр, Солтүстік айналма, Райымбек батыр, Желтоқсан, Наурызбай батыр, Төле би, Қабдолов, Алтынсарин көшелерінде бар және тағы 18,2 км жол беріліп, белдеулер ұзындығын 150 км-ге дейін арттырмақшы. Алматы қаласын дамытудың Бас жоспарына сәйкес 2020 жылға дейін шаһардың 40 көшесіне осындай арнайы жолақтар түсетін болады (www.almaty-akshamy.kz. Official site) деп хабарланды.

6) Троллейбус желілерін қайта жаңғыртуға 5,5 млрд. теңгедей қаржы жұмсалып, ол трамвайларды қайта қалпына келтіруден 3 есе арзанға түсетінін 2017 жылғы халық алдындағы жылдық есепте айтып өтті.

7) Метроның құрылысы жалғасуда, тағы екі бекет («Достық» пен «Сарыарқа») 2020 жылы іске қосылып, Абай-Момышұлы аймағына дейін жеткізіледі. Метро өзін-өзі ақтады, онымен қатынайтын жолаушылардың саны 25%-ға өсті (Вечерний Алматы, 2017:4) деп мәлімделді.

8) 2016 жылдың басында қала әкімі Алматы территориясына кірер аймақта облыстық көліктерге арналған ірі автотұрақтар салу жоспары (5000 орындық көлік жолдан ұстап қалатын тұрақтары бар «Шығыс» және «Батыс» автобекеттері) барын және экологиялық айыппұлдары бар қарыздар адамдардың қалаға кіруі шектелетіндігін айтқан болатын (www.alatransit.kz.Official site). Айтып кететін жайт – 2016 жылы көліктерден шығатын газдардың улылығын бақылау жұмыстары күшейтіліп, 136 млн теңге айыппұл салынды. Бұл ретте 67% ауа ластау үлесі сырттан келген көліктерден болған (Вечерний Алматы, 2017:4).

9) BRT (Bus Rapid Transit) типті жүрдек автобустар дәлізі алғаш рет 2018 тамыз айында іске қосылды. Оның 8,7 шақырымға жететін алғашқы кезектегі бағыты Мұстафин, Сүлейменов, Жандосов, Тимирязев (Желтоқсан даңғылына дейін) көшелерімен өтеді. Ұзақтығы 13,2 км екінші кезектегі бағыты Желтоқсан, Төле би, ВОАД, Құлжа тасжолы (Жетісу базарына дейін) арқылы өтеді. 2016 жылы жасалып біткен ТЭН-ге сәйкес, жүрдек автобус дәлізі жобасына 18 метрлік автобустардың 200 бірлігіне арналған жаңа депо, газбен жүретін 67 біріктірілген автобустар, жеке аялдама платформалары мен ITS-жүйелері (Intellectual Transport Systems) кіреді. Аралас жолақтағы қозғалыста қоғамдық көліктің орташа жылдамдығы 13,3 км/сағ, арнайы жолақта 17,5 км/сағ, БРТ жолағында 21,0 км/сағ болғандықтан, сұранысқа ие болып, жолаушылар легі артып келеді (Технико-экономическое обоснование (ТЭО) Строительство системы скоростных автобусных перевозок (САП) в г.Алматы, 2016:16) деп айтылды.

10) 2016 жылдан бастап экологиялық көліктің жаңа түрін енгізді. Қала әкімдігі «Самұрық-Қазына» АҚ қаржылық қор қолдауымен Almaty Bike велосипед инфрақұрылымын дамыту жобасын іске қосты. Алғашында 270 бірлік велосипеді бар 50 велобекет қолдануға берілді, 2017 жылы екі дөңгелекті көлік санын 2500-ге дейін жеткізуді мақсат етті (www.almatybike.kz.Official site). Алматы қаласының климатының жұмсақтығын ескере отырып, велосипедтерді қолдану жыл бойы жүріп отырады деп күтілуде (www.kazpravda.kz. Official site).

11) Елбасының тапсырмасы бойынша әл-Фараби даңғылынан жоғарыға (оңтүстікте) биіктігі 12 метрден немесе 3 қабаттан артық үйлер салуға, сондай-ақ таулы аймақтарға ғимараттар тұрғызуға тыйым салынды.

12) «Шымбұлаққа» экологиялық жағынан таза емес көліктердің баруына шектеу қойылды.

13) 2017 жылы Алтын Орда базары маңындағы жолдарды кеңейту басталып, ол өзекті бір көліктік мәселені шешеді деп күтіледі (Вечерний Алматы, 2017:4).

14) 2015 жылдың 1 қазанынан бастап Алматы қаласының қоғамдық көліктерінде «Жол ақысын есептеу және төлеу жүйесін автоматтандыру» (ЖЕТЖА) жобасы бойынша ОҢАЙ! Картасының (электронды төлемнің бірегей құралы) бірінші қызметі іске қосылды (www.onay.kz. Official site).

15) Апат пен кептелістің алдын алу үшін кей көшелердің бағыты өзгерді. Біржақты көлік қозғалысын енгізу Шевченко және Құрманғазы көшелерінен басталды. Шевченко көшесінің бойында Достық даңғылынан Жароков көшесіне дейінгі учаскеде трамвай рельстері алынып тасталған соң, жолдар орташа ағымдағы жөндеуден өтіп, батыс бағытқа қарай көліктер қозғалысы біржақты болды. Құрманғазы көшесі бойында Мұқанов көшесінен Достық даңғылына дейінгі аймақта жөндеу жұмыстары аяқталған соң, шығыс бағытта біржақты көлік қозғалысы жасалды (www.stan.kz.Official site). Мамандардың айтуынша, бұл, біріншіден, қала тұрғындарының қалаған жеріне қауіпсіз жетуіне, уақыт үнемдеуіне, апатты жағдай болдырмауға септігін тигізсе, екіншіден, негізгі магистральді көшелердегі көлік жүктемесін төмендетуге ықпал етеді. Оны алғашқы екі көшеде енгізген соң тиімділігін байқаған қала басқармасы 2018 жылдың тамыз айынан бастап тағы сегіз көшеде біржақты қозғалыс бекітті (www.almaty-akshamy.kz. Official site)

16) 2018 жылы 30 қарашада құны 7,4 млрд. теңгені құрайтын жаңа көліктік жолайрықтар ашылды. 800 метрге жететін эстакада екі жыл бойы салынды. Назарбаев даңғылынан Жансүгіров көшесіне дейінгі аймақты байланыстыратын бұл жолайрық тәулігіне 48 мың көлікті өткізеді деп күтіледі (www.vlast.kz. Official site). Тағы екеуінің құрылыс жұмыстары Рысқұлов көшесінің Құлжа тасжолы және Емцов көшесінің қиылысында жүріп жатыр (www.forbes.kz. Official site).

Әр кезеңдегі қала басшысының реформасын қорытындылайтын болсақ:

1. В. Храпунов қала территориясын кеңейтуге кірісті. Ең жүктеулі деген қиылыстарды босату үшін біршама көшелерді созуды, қаланы транзиттік көліктерден босату үшін айналма жол салуды жоспарлады. Алайда ол жоспарлар жоба күйінде қалып, қағаз бетінен алыстамады. Кейінгі жобасы – мемлекет пен қала тұрғындары сонша күткен метрополитен құрылысына инвестиция табу жауапкершілігі жүктелгенмен, қала басшысы инвесторларды таппағандықтан, ақыры 2003 жылы мемлекет қаржыландыратын болды. Осыған дейін айтылған ұсыныстар кейінгі әкімдерге тиек болып, бастауы мен жалғасын тауып жатты. Ал метроның құрылысы біткеннен кейінгі монорельс құрылысы сол күйі сөз жүзінде қалды.

2. И. Тасмағамбетов қаланы көпорталықты етуден бастап, қаланың орталығында шоғырланатын көліктерді жан-жаққа таратты. В. Храпуновтан қалған метроның құрылысы жалғасын тапты. Алайда белгіленген уақытқа үлгермей, кейінге қалып отырды. Жоспар күйінде тұрған айналма жолдың құрылысы басталды, мұнда екі айналма жол меңзеліп тұр. Олар: Шығыс айналма автожолы мен БАКАД. В. Храпунов секілді көшелерді ұзартуға да, жеті жылдан асқан автокөліктерді шектеуге де көңіл бөлді. Алайда И. Тасмағамбетов алғаш болып бастаған жоба – жолайрықтардың құрылысы. өзіне берілген қысқа мерзім ішінде оннан аса жолайрық салынып, іске қосылды. Тағы он шақтысының құрылысы басталды. Осылайша қаланың көліктік артериясын біршама жеңілдетті деп айта аламыз. И. Тасмағамбетов өз еңбегінің жемісін көре алмаса да, өзінен кейінгі ізбасары тарапынан қолдау тауып, бастаған ісін аяқтап, қала тұрғындарымен бірге жемісін көрді.

3. А. Есімовтің қызметі көлік саласындағы жақсы жаңалықтарға толы болды деп айта аламыз. И. Тасмағамбетов бастап кеткен жолайрықтар құрылысы бітіп, іске қосылып жатты (олардың саны отызға таяу болды). Шығыс айналма жолы іске қосылып, қала орталығы транзиттік көлік тасқынынан біршама босап қалды. Республикадағы алғашқы және әлі күнге дейін жалғыз метро ашылып, қала тұрғындары мен қонақтарын тиімділігі мен сұлулығымен таң қалдырды. Қала басшысының өзі насихаттаған велосипедтер кеңінен қолданысқа ие болып, жергілікті билік тарапынан қолдау тауып жатты. Яғни, қалада алғаш рет веложолдар салынып, іске қосылды. әкімдік БҰҰДБ-ҒЭҚ бірлесе отырып қала үшін ұзақ мерзімді көліктік стратегия жасап шығарды. әлемге танымал архитектор Ян Гейл-

мен бірге «көліктерге емес, адамдарға арналған қала» тұжырымдамасын жүзеге асыра бастады. Алайда бұл жобалардың тек стратегиясын ғана жасап, қарастырылған ойлар жүзеге аспады: жеңіл рельсті көлік, BRT (Bus Rapid Transit) типті жүрдек автобустар дәлізі секілді жобалар. БАКАД құрылысы да аяқталмай, тоқтап қалды.

4. Б. Байбек те А. Есімовтің бастаған ісін жалғастыруды жөн көрді: BRT типті жүрдек автобустар дәлізінің бірінші кезегі алғаш рет ашылды және қоғамдық көліктің саны көбейіп, құрамы жаңартылып, жаңа түрлері енгізілді (18-метрлік автобустар, біріктірілген автобустар). Жарты жылға жетер-жетпес уақыт ішінде қала тұрғындарының көңілінен шықты деп айта аламыз. Себебі жолаушылар легі айтарлықтай көбейді. Сонымен қатар «жаяу жүргінші үшін жайлы қала» бағдарламасына сәйкес, Панфилов көшесі, Арбат, «Астана» алаңын толық жаяу жүргіншілерге арнап, көліктер қозғалысын тоқтатты. Автокөліктер кептелісін азайту үшін біршама көшеге бір бағытты қозғалыс енгізді. Ірі көшелерде қоғамдық көліктерге арналған арнайы белдеулер салып, веложолдар санын көбейтті. Осылайша велосипедте жылдың төрт мезгілінде жүре алатындай жағдай жасады. Алайда әлемнің ірі мегаполистерінде әлі күнге дейін кеңінен қолданылып жүрген экологиялық таза көліктің (трамвай) қаламызда жүруі тоқтатылды. Қазіргі таңда трамвай жолдары қала көшелерінен толық алынып, қайта пайда болуы мүмкін деген үміт те қалмады. Алайда, оның орнына дәл сондай экологиялық таза қоғамдық көлік – жеңіл рельсті көлік орнатпақшы. Ол жоба жүзеге асырылу үстінде. Осындай өзгерістердің қала атмосферасына қаншалықты жағымды әсер ететінін алдағы уақытта көретін боламыз.

Қорытынды

Осы ғылыми жұмыста Қазақстан Республикасының ең ірі мегаполисі – Алматы қаласында ауа ластануының негізгі көздері, оның ішінде басымдыққа автокөлік ие екендігі айтылды. Соған қатысты төрт әкімшіліктің қандай жұмыс атқарғандығы, қандай шара қолданғандығына шолу жасалып, тереңірек зерттелді. әр қала басшысының ұсынған жобалары, олардың жүзеге асуы, жүзеге асырылған жағдайдағы нәтижесі, жүзеге асырылмаған жағдайда өзінен кейінгі қала басшының тарапынан қолдау табу-таппауы толық қарастырылды.

Осы міндеттерді орындағандықтан, келесі міндеттер туындайды, олар: Алматы қаласы мен еліміздің өзге ірі қалалары, моноқалаларға түрлі критерийлер бойынша сәйкес келетін Жапонияның болашақтың эко-модель қаласын анықтау, ол қалалардағы көлік және логистика саласындағы қоршаған орта саясатын зерттеу. Сондықтан жоғарыда аталған қалалар жөнінде болашақта бірнеше сериядан тұратын ғылыми мақалалар тізбегінде толығырақ қарастырылатын болады. Осы зерттеу жұмысы Алматы қаласының ауа ластануының деңгейін төмендетуге үлес қосады деп күтіледі.

References

Akhapov E.A. (2017) Zhaponiyanyn bolashaqtagy eko-model qalasy: Kitakyushu qalasynyn qorshagan orta sayasaty [The model of Environmental Future City of Japan: Environmental Policy of Kitakyushu City]. Journal of Oriental studies, №3 (82), pp. 15-20.

Almaty aqshamy, 8.12.2007, №148.

Almaty aqshamy, 11.02.2010, №17.

Amirbekova R. Smog nad gorodom// Avtomobil'nyi transport Kazakhstana. 1990. - №9. – S.36.

Begimbetova A.S. Analiz sostoyaniya i orgonizatsii kontrolya zagryazneniya atmosfernogo vozduha v gorode Almaty//Materialy VI mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. North Charleston, 2015. T.2. «Respublika», №12 (79), 29.03.2001.

Egemen Qazaqstan, 14.09.2018.

https://alatransit.kz/kk/content/zhoba-turaly. Official site. Accessed 11.12.2018.

https://alatransit.kz/ru/content/elena-erzakovich-v-almaty-nuzhny-zony-s-nizkimi-vybrosam. Official site. Accessed 12.01.2019.

http://almaty-akshamy.kz/birzha-ty-k-lik-oz-aly-sy-keptelisti-azajty-p-zhy-ldamdy-ty-artty-rady. Official site. Accessed 08.12.2018.

http://almaty-akshamy.kz/arnajy-zhola-tar-ta-y-eki-k-shege-t-sed/Official site. Accessed 13.01.2019.

https://almatybike.kz/newsFull/index/1. Official site. Accessed 01.12.2018.

https://forbes.kz/process/urbanity/novyie_razvyazki_poyavyatsya_na_malom_transportnom_koltse_almatyi/Official site. Accessed 01.12.2018.

http://future-city.jp.Official site. Accessed .12.11.2018.

http://metroalmaty.kz/?q=ru/node/10. Official site. Accessed 08.12.2018.

https://mk-kz.kz/articles/2017/11/15/ekologicheskaya-obstanovka-v-almaty-podoshla-k-kriticheskomu-urovnyu.html. Official site. Accessed 08.12.2018.

http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30096463#pos=8;-56. Official site.Accessed 12.12.2018.

https://onay.kz/kk/#/about. Official site. Accessed 08.12.2018.

http://stan.kz/almatyda-kay-kosheler-bir-bagytty-boly/Official site. Accessed 08.12.2018.

https://tengrinews.kz/news/v-almatyi-otkryilas-vostochnaya-obyezdnaya-magistral-67250/Official site. Accessed 02.12.2018.

https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/vyezd-na-voad-v-almatyi-budet-stoit-10-tenge-237089/Official site. Accessed 02.12.2018.

https://vlast.kz/novosti/30689-v-almaty-zaversili-stroitelstvo-novoj-transportnoj-razvazki.html. Official site. Accessed 01.12.2018.

https://vlast.kz/gorod/23691-pesehodnye-ulicy-v-almaty-kak-eto-budet.html. Official site. Accessed 08.12.2018.

http://vecher.kz/incity/almaty-udostoen-vysshej-nagrady-evropejskogo-foruma-umnykh-gorodov. Official site. Accessed 08.01.2019.

http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:http://alamata.narod.ru/old/history.htm&strip=1&vwsrc=0. Official site. Accessed 08.12.2018.

https://www.inform.kz/ru/kakie-ulicy-almaty-stanut-dostupnee-dlya-peshehodov-v-2018-godu_a3095099(Official site. Accessed 08.12.2018.

https://www.kazpravda.kz/fresh/view/mi-budem-dolgo-gnat-velosiped.Official site. Accessed 08.12.2018.

https://www.zakon.kz/4734229-chto-izmenilos-v-almaty-po-rukovodstvom.html. Official site. Accessed 18.11.2018.

Informatsiya po proektu «Stroitelstvo linii legkorelsovogo transporta v gorode Almaty». Almaty, 2018.

Japan Scenarios and Actions towards Low-Carbon Societies (LCSs). Japan, 2008. http://2050.nies.go.jp. Official site. Accessed 03.01.2019.

Kyoto Protocol – Targets for the first commitment period https://unfccc.int.Official site. Accessed 03.01.2019.

Komsomolskaya pravda, 28.12.2002.

Kontinent, №18, 20.09-03.10.2000.

Omarov A.Zh., Tselikov V.V., Zal'tsmah M.D. i dr. Ekologicheskaya bezopastnost' na transporte. Almaty:Bastau, 1999. 352 s.

Panorama, 02.02.2007, №3.

Qazaqstan Respublikasy kolik statistikasy.Astana,2018.Qazaqstan Respublikasy Ulttyq ekonomika ministrligi Statistika komitetinin resmi saity www.stat.gov.kz. Official site. Accessed 12.11.2018.

Qazaqstan Respublikasy qorshagan orta zhai-kuii zhonindegi aqparattyq byulleteni. 2018, № 01 (69)366 b.

Qiyalbayev A.K. Ekologicheskaya bezopasnost' pri expluatatsii avtomobil'nyh dorog i gorodskih ulits. Almaty:NITs «Gylym», 2003. 300s.

Sal'nikov V.G. Zagryazneniye i ohrana atmosfery: uchebnoe posobiye. Almaty:Qazaq universiteti, 2000. 122 s.

Strategiya ustoichivogo transporta g. Almaty na 2013-2023 gg. Almaty, 2013.

Tekhniko-ekonomicheskoe obosnovaniye (TEO)Stroitelstvosistemy skorostnyh avtobusnyh perevozok (SAP) v g.Almaty. – Almaty, 2016.

VecherniyAlmaty,15.06.2006, №112-114.

Vecherniy Almaty, 03.02.2007.

Vecherniy Almaty, 21.02.2017, №22.

2016-2017 zhyldarga arnalgan atmosferalyq auanyn zhagdaiyn zhaqsartu zhonindegi is-sharalardyn keshendi zhospary www.almaty.gov.kz. Official site.Accessed07.10.2018.

ҒТАМР 17.71.01

Таджиев Х.Х.[1], Мырзахметұлы М.[2]

[1]PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2]ф.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Xamidulla_86@mail.ru

ҰЛЫ ДАЛА ЖӘДІГЕРЛЕРІ – «ҚАЗЫНАЛЫ ОҢТҮСТІК» КӨПТОМДЫҒЫНЫҢ ТҮРКІ ӘДЕБИ МҰРАСЫН НАСИХАТТАУДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Мақалада Қазақстанның оңтүстік өңірінде 2009-2015 жылдары жүзеге асырылған «Қазыналы Оңтүстік» жобасы аясында қазақ тілінде жарық көрген түркі халықтарына ортақ құнды жазба мұралар қазақ әдебиеті тарихының бес кезеңі бойынша талданып, гуманитарлық ғылымдарға қосқан үлесі жайында сөз қозғалады. Жарияланған әдеби мұраларды Ұлы дала мұралары ретінде әлемдік ғылым кеңістігіне таныту – мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Түйін сөздер: түркі халықтары, ұлы дала мұралары, мәдени мұра, Қазыналы Оңтүстік көптомдығы.

Tadzhiyev Kh.[1], Myrzakhmetuly M.[2]

[1]PhD, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Xamidulla_86@mail.ru
[2]Professor, M. Auezov Institute of Literature and Art, Kazakhstan, Almaty

The Legacy of the Great Steppe – the Role and Importance of the Multivolume "Kazynaly Ontustik" in the Promotion of the Turkic Literary Heritage

The article deals with the valuable heritage of the Turkic peoples, published in the Kazakh language in the framework of the project "Kazynaly Ontustik" ("Wealth of the southern region"), which is implemented in the course of the State program of the Republic of Kazakhstan "Cultural heritage". The main goal of the project is to open the way for the research of the world scientific space of the published literary heritage.

Key words: Turkic peoples, The legacy of the great steppe, Wealth of the southern region, Cultural heritage, multi-volume, wealth of the southern region.

Таджиев Х.Х.[1] Мырзахметұлы М.[2]

[1]докторант PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Xamidulla_86@mail.ru
[2]доктор филологических наук, профессор, Институт литературы и исскусства имени М.О. Ауэзова, Казахстан, г. Алматы

Наследие Великой степи – роль и значение многотомника «Қазыналы Оңтүстік» в пропоганде тюркского литературного наследия

В статье рассматривается ценное наследие тюркских народов, опубликованное на казахском языке в рамках проекта «Қазыналы Оңтүстік» («Богатство южного края»), которое реализовано в 2009-2015 годах в ходе Государственной программы Республики Казахстан «Культурное наследие». Основная цель статьи – открыть путь для исследования мирового научного пространства опубликованного литературного наследия. Необходимо дать возможность для изучения мировой общественностью материалов литературно-культурных памятников путем сбора, анализа и публикации данных; для исследования богатейшего наследия выдающихся ученых, внесших большой вклад в мировую науку.

Ключевые слова: тюркские народы, наследие Великой степи, культурное наследие, многотомник «Қазыналы Оңтүстік».

Кіріспе

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен. Ғалам – күллі жаратылыс, адам баласын қоршаған бүкіл болмыс Ұлы Жаратушының құдіретімен жаратылған шексіз құбылыс пен көрініс екендігінің дәлелденуі бүгінде ешбір саналы тұлғаны күмәндандырмаса керек. Сол бір мәңгі жұмбақ көріністерін, оның өзгерістерін танып білу, сол көріністер мен құбылыстарды үйрену арқылы ізгілікке қол жеткізу, оны ұрпаққа үлгі ете отырып саналы ұрпақ тәрбиелеу, Жаратушының адамзат баласына жүктеген аса жауапты міндеті болса керек. Ол толассыз ізденістер уақыт озған сайын дамып, жетіліп, адам болмысындағы қасиеттердің қалыптасып жетілуіне, оның рухани талабын қанағаттандыруға ықпал етері сөзсіз.

Осыдан 16 жыл бұрын терең ізденістер нәтижесінде құрылған «Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың ел игілігі үшін жасаған креативті бастамаларының бірі болды. Осы бағдарлама кейінгі жылдары Елбасы тарапынан ұсынылған игі бастамалар мен «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы, «100 нақты қадам» ұлт жоспары, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, сондай-ақ «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларымен жалғасын тапты.

Мемлекет басшысының: «Мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасау керек» деген тапсырмасын негізге алатын болсақ, мемлекеттің ұлттық рухани құндылықтарын терең зерттеу және тарихи-мәдени ескерткіштер мен әдеби жазба жәдігерлердің бірыңғай ұлттық жүйесін құруға бағытталған іс-шараларды жандандыру ғылымға ден қойған жас ғалымдардың негізгі міндетіне айналуы тиіс дер едік. Себебі, гуманитарлық ғылымдарға деген көзқарасты дұрыс қалыптастыру болашақта «гуманитарлық ғылымдардың толымды қорын» жасауға негіз болады.

Сондықтан осы зерттеу мақаламызды бүгінгі таңда гуманитарлық ғылымға бет бұрған жастарымызға әрі танымдық тұрғыдан, әрі жол сілтегіш құрал ретінде ұсынуды жөн деп санадық.

Зерттеу жұмысының материалдары мен зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысына тиісті деректерді әзірлеуде зерттеуге алынып отырған тақырыптың өзектілігіне және фактілердің алуандығына назар аударылды. Зерттеліп отырған тақырыптың негізгі қозғаушы факторы – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қолға алынған бағдарламалар, оның ішінде ерекше атап өтуді қажет ететін «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ бағдарлама аясында Оңтүстік өңірінде жүзеге асырылған ауқымды жоба – «Қазыналы Оңтүстік» жобасы деуге болады.

Тақырыпқа қатысты деректі материалдардың ең негізгілері көптомдық жобасы аясында жарық көрген төменде талданатын кітаптардағы материалдар болып табылады және бес кезеңді өз ішіне алады. Олар: халық шығармашылығы – фольклорлық мұралар, ежелгі дәуір әдеби жәдігерлері, сонымен қатар орта ғасырларда жазылған құнды еңбектер мен жазба мұралар, Қазақ хандығы дәуіріндегі және XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдеби жәдігерлер.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында негізгі дереккөз ретінде қаралып отырған көптомдықтарды жоғарыда аталған бес кезең бойынша ғылыми талдаудан өткізу зерттеу мақаламыздың басты мақсаты болып саналады. Сондай-ақ аталған томдықтар туралы мәліметтердің басым бөлігі әзірге ғылыми айналымға түспегендіктен көбінесе танымдық тұрғыдан айқындауды көздейді.

Негізгі бөлім

Ұлы дала жәдігерлерін түгендеудің жарқын үлгісі – «Қазыналы Оңтүстік»

Біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған ауқымды жоба 2009 жылы Қазақстанның тарихи-рухани жазба мұраларға бай өлкелерінің бірі – оңтүстік өңірінде (қазіргі Түркістан облысы) «Қазыналы Оңтүстік» атауымен бастау алды.

Жобаның негізгі мақсаты – сонау ежелгі дәуірлерден бастап, тәуелсіздік алғанға дейінгі елімізде болып өткен тарихи оқиғалар мен саяси-әлеуметтік жағдайлардан сыр шертетін тарихи-рухани, мәдени-әдеби жазба деректерді жинақтау, талдау, саралау, баспа бетінде жариялау арқылы Оңтүстік өңірінің Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқан көне Исфижаб, Сауран, Отырар, Яссы сынды қалалары және ол жерден шыққан әлемдік ғылым дамуына елеулі үлес қосқан саңлақтардың құнды мұраларын әлемдік ғылым кеңістігінде зерттеуге жол ашу болды.

Облыстың ғылымға жанашыр азаматтары мен азаматшаларынан құралған ұйымдастыру алқасы және редакциялық алқа мүшеле-

рі жиналып, 2010 жылдың қаңтарынан игі бастаманы жүзеге асыруға кірісіп кетті.

Ұйымдастыру алқасының шешімімен жинақталатын материалдар төмендегі кезеңдер бойынша, ең алдымен халық шығармашылығы – фольклорлық мұралар, ежелгі дәуір әдеби мұралары, сондай-ақ орта ғасырдағы жазба мұралар, Қазақ хандығы дәуіріндегі және XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдеби жәдігерлер ретінде топтастырылатын болды.

Жоба аясында 5 бағыт бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарланып, облыстың аудан, қалаларында сондай-ақ шалғайдағы елдімекендеріне дейін бірнеше ғалымдардан тұратын экспедиция жұмыстары ұйымдастырылды. Әсіресе көнекөз қариялардан ауыз әдебиетінің үлгілері жазып алынды. Кейбір отбасылардың «Атамнан қалған Құран кітап» деп сақтап жүрген, араб әрпімен жазылған көне қолжазбалар бабаларымыз XV-XX ғасырлар арасында жазып қалдырған дастандар мен хикметтер болып шықты. Бұл сияқты оқиғалар тарихта көптеп кездесіп отырған. Мысалы, 1930 жылы араб жазуы теріс-теліп, латын жазу таңбасына өткен соң кеңес билігі үйінде араб жазуымен жазылған кітап, газет, тіпті шежіре қағаздарын сақтаған адамдарды да қатты қуғынға салып, жазалап жатты. Мысалы, Ангрен қаласының 1-хатшысының үйінен араб жазуы бар кітап шыққанда оны қолма-қол атып тастаған. Артынан «ол не кітап екен?» деп оқып қараса, өзбек тіліне аударылған араб жазуымен жазылған «Комманифес» болып шыққан. Б. Момышұлының бір естелігінде Баукең: «Ауылға келсем үлкен-кішісі жабыла латын жазуын үйреніп жатқан кезі екен. Ауыл белсендісі болып кеңестік құрылысқа қызу атсалысып жүрген менің Момынқұл көкем (әкемнің інісі) үйге сәлем бере қуанышты түрде кіріп келді. Отырар-отырмастан дереу ел жаңалығын айта бастады. Екпіндеп көңілді түрде: «Енді бізді ешкім де халық жауы деп айта алмайды. Өйткені үйдегі Момыш көкең мен Бауыржан жинап, оқып жүрген газет кітаптарын да, өздері жазып-сызып жүрген қолжазбалардың бәрін де жиып алып, анау шеттегі терең құдыққа лақтырып жібердім. Бәлекет енді осымен кетсін», – деп мәз-мейрам болып отыр. «Ойбай, көке-ау, оның ішінде менің жазып жүрген өлеңдерім, әкем жинап жүрген шежіре деректері, Абайдың 1909 жылғы қолға әрең түсетін кітабы да бірге кетті-ау!» – деп қатты ренжісем, қағанағы қарық, сағанағы сарық үлкен жұмысты атқарып келгендей көтеріңкі күйде: «Бәледен машайық қашып құтылыпты» демей ме, «халық жауы» дегеннен аман қалсақ болды емес пе», – деп бейғам пығылмен өзіне-өзі риза болып отыра берді», – деп өкініш білдірген болатын. (Мырзахметұлы М., 1:8) Мұндай жағдайлардың ел басынан талай рет өткендігін ескерсек, ғылыми-зерттеу экспедициялары кезінде табылған мұралар бабаларымыз қалдырған асыл мұралардың оннан біріне де тең келмесі ақиқат.

Терең зерттеулер нәтижесінде көптеген әдеби жазба мұралар жинақталды. Еліміздің жетекші оқу орындарынан білікті мамандар мен ғалымдар қызметке тартылып, Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми қолжазбалар қоры, Ұлттық Ғылым Академиясының қолжазба қорлары зерттелді. XIX ғасырда Оңтүстік өңірінде туылып, сол өңірде ғылымның, әдебиеттің дамуына үлес қосқан, тағдырдың ауыр тауқыметінен Қытайға жер аударған Жүсіпбек Шайхисламұлы сынды ақындар шығармашылығына қатысты деректерді Қытай Халық Республикасының Шыңжаң автономиялы аудандарынан іздестіру арқылы көптеген қолжазба дастандар жиналып, қызу жұмыстар атқарылды.

Осылай 2010 жылы желтоқсан айында көптомдық кітаптарының алғашқы 20 томдығы жарияланды. Аталған томдықтар жоғарыда айтып өтілгендей, халық шығармашылығы – фольклорлық мұраларға, мифтер мен аңыздар, ертегілер, эпостық, ғашықтық, батырлық жырларына, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарға, шешендік сөздер, термелер мен арнау өлеңдерге арналды. Мысалы, белгілі этнограф әрі фольклорист ғалым, бауырлас қазақ, өзбек халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен Түркістан өлкесінің тарихына елеулі үлес қосқан Әбубәкір Диваев және Ташкент мұғалімдер семинариясының оқытушысы Лютштің бұрын баспа бетін көрмеген ертегілері, сонымен қатар Орта Азияда өмір сүріп жатқан қазақтардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, халықтық шығармашылығымен көп уақыттар бойы ізденістер жүргізген Оңтүстік өңірінің дана тумаларының бірі Қыдырәлі Саттаров және шәкірттері тарапынан халық арасынан жазып алып жинаған мақал-мәтелдері қолжазбадан алғаш рет баспаға ұсынылды.

Бүкіл түркі халықтарына ортақ сюжетпен ұрпақтан ұрпаққа ауыз әдебиеті арқылы жеткен Оғыз қаған эпосы, «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Едіге», «Ер Шора», «Қамбар батыр», «Алатау батыр» сынды батырлық жырлар мен «Қыз Жібек», «Мұңлық-Зарлық» сынды ғашықтық дастандарының бірнеше нұсқалары алдыңғыларымен қатар жарияланды. Жоба бастау алған алғашқы жылдары томдықтардың жалпы санын

200-ге жеткізсек деп жоспарлаған болатынбыз. Зерттей келе алғашқы жылдардың өзінде-ақ жинақталған әдеби мұралар жоспарланған 20 томнан тіпті, екі-үш есеге асып кетті.

Осыған байланысты 2011 жылы жоспарланған 45 томға ежелгі дәуір әдеби мұраларымен қатар қосымша жинақталған фольклорлық шығармалар томдықтардың 2, 3, 4, 5 кітаптары ретінде нөмірленіп жалғасын тапты. Сондай-ақ ел арасынан жинақталған аңыз-әпсаналар мен оңтүстік өңірінің әз-әулиелеріне арналған томдықтар, жұмбақтар мен майданнан жазылған хаттарға арналған кітаптар, сонымен қатар «Жеті қаған», «Есім хан», «Қырық қыз», «Қарға батыр», «Абылай хан» сынды фольклорлық экпедициялар негізінде жинақталған жыр-дастандар жарық көрді. Тұрмыс-салт жырлары, балалар фольклоры, ғибрат сөздер, бата-тілектер мен беташарлар, қазақ халқының күлдіргі әңгімелеріне арналған томдықтарда халық шығармашылығының асыл үлгілері жарияланды.

Қазақ халқының шешендік, суырып салма сөз өнерінің ерекше дамығанын көрсететін әдеби жанрдың бірі – айтыс. Көптомдықтың 29 том 1-кітабы және 30 томының 1-6 кітаптары мен 140-144 томдар айтыс өнерінің түрлі үлгілеріне арналды. (Айтыстар, 2:324)

2010-2013 жылдары жоспарлы зерттеулер нәтижесінде жалпы саны 202 кітабы жарық көрді. Бұл кітаптарда фольклорлық шығармалармен қатар жинақталған ежелгі және орта ғасырдағы әдеби мұраларға орын берілді.

Ежелгі және орта ғасырлар – бұл кезеңдер ежелгі Тұран мен Иран өлкелерінде жазылып қалдырылған әдеби жәдігерлер мен араб, парсы һәм түркі мәдениетінің тоғысқан кезеңі ретінде түркі жазба әдебиетінің негізі қаланып, көркем сөздің аясы кеңейе түскені тарихтан белгілі. Мешіттер мен медреселер, сұлтан сарайы мен хан ордаларына жиналған түркі сөз зергерлерінің тамаша жыр-жауһарлары мен Ислам ғалымдарының теңдессіз трактаттары түрлі бағыттағы мектептер әлемдік өркениет тарихында ерекше із қалдырды. Көптомдықтың келесі бөлімдері міне, осы кезеңнің кемеңгер ғалымы – Отырардан шыққан атақты ғұлама, әлемде Аристотельден кейінгі екінші ұстаз титулына ие болған тарихи тұлға – Әбу Нәсір әл-Фарабидің трактаттарынан бастау алды. Әбу Нәсір осыдан мың жыл бұрын өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында:

«Қала – бір үмбеттің өмір сүріп жатқан топырағының (жердің) бір бөлшегі, ал үмбет жер жүзінде өмір сүріп жатқан адамдардың бір бөлігі. Адамдардың бақытты ғұмыр кешулері үшін бір-бірлеріне қол ұшын беріп, көмектесіп өмір сүріп отырған қала – қайырымды қала. Осындай қаладағы қоғам – қайырымды қоғам және осындай түсінікте болған үмбет те қайырымды үмбет.

Қайырымды дүние, оның ішінде өмір сүріп отырған барлық үмбеттің бақытты, тату тәтті өмір сүруінің нәтижесінде ғана мүмкін болмақ» (Әл-Фараби, 3:149) деген болатын.

Расында, ойшылдың ізгілікті мақсат тұтқан түйінді идеялары бүгін де күн тәртібіндегі маңызды мәселенің бірі болып отыр. Ғалымның бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарды насихаттайтын «Ғылымдардың шығу тегі туралы», «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз», «Әріптер кітабы», «Мәселелер мәні» секілді ғылымдардың жіктелуі мен логикалық мәселелерді талдаған трактаттары көптомдықтың 33 томы, 1-кітабында жарияланса, «Поэия өнері туралы», «Риторика», «Софистика», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жайында» атты таңдаулы трактаттары 33 томның, 2-кітабында басылды. (Әл-Фараби, 4:320) Ал аталған томның 3-кітабында танымал ғалым философия және теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетайдың алғаш рет түпнұсқадан тікелей қазақ тіліне аударған Әл-Фараби бабамыздың «Жүректің мәселелері жайлы», «Азаматтық саясат», «Бақыт жолына бағыттау», «Дін кітабы» және «Ваккум туралы мақала» атты шығармалары енгізілді. (Әл-Фараби, 5:320)

XII ғасыр соңы мен XIII ғасырлар басында өмір сүрген Түркістан өңірінің Иугнек (қазақша Жүйнек) қыстағында заңып болып туып, фәни жалғанның жарық сәулесін көруге өмір бойы ғашық болған, Ұлы Алла Тағаланың берген ерекше қабілеті арқасында жастайынан ілім-білімге құмартып, түркі тілдері мен араб тілін жетік меңгерген, Ислам шариғаты қағидаларын жанжақты зерттеп-танып, терең іліміне сай «Әдиб Ахмед» деген құрметті атқа ие болған Адиб Ахмет Махмұтұлы Жүйнекидің ақыл-ойы толысып, діни танымы әбден кемелденген шағында жазған, мазмұны мен танымдық жағынан алғанда Әбу Нәсір әл-Фараби, Махмұт Қашғари, Қожа Ахмет Ясауи жазбаларымен үндесіп жатқан орта ғасырлардағы түркі халықтарының рухани жәдігерлерінің жарқын туындысына айналған, Ислам құндылықтарына негізделген дидактикалық өлең-жырларының жиынтығы – «Ақиқат сыйы» («Һибәтул-хәқаиқ», XII ғ.) шығармасының бір томдығы жарық көрді. (А.Жүйнеки, 6:328)

Түркі халықтарына ортақ әдеби жәдігерлердің ең асылы, адамгершіліктің ең жоғарғы шыңын өлеңмен өрбітіп, хикметтері арқылы мейірімділікке, Ұлы Аллаға лайық құл болуға, Оның қайтарғанынан қайтып, бұйырғанын бұлжытпай орындауды насихаттаған, өз заманында түркі тілінің дамуына ерекше үлес қосқан, сөйтіп, сопылық әдебиетінің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың 148 хикметінің таза қазақша аудармасы Ә. Бөкебаевтың аудармасымен жарық көрсе (Қазыналы Оңтүстік көптомдығы, А. Ясауи, 7:296), белгілі шығыстанушы ғалым Төрәлі Қыдыр 1904 жылы Қазан қаласында басылған хикметтер жинағын транскрипциялап, түпнұсқадан қазіргі қазақ тіліне аударма жасады. Бұл еңбектер көптомдықтың 21 томының бірінші, екінші, үшінші, төртінші кітаптарында жарық көрді (А. Ясауи, 8:296). Бұл аударманың алдыңғы томнан басты айырмашылығы – оның академиялық басылым ретінде жарық көруі дер едік. Яғни, мұнда хикметтердің аудармасы мен транскрипциясы қатар беріліп, соңынан хикметтердің асылмәтіні қоса берілді. Бұл әдіс кез келген ғалым, зерттеушінің хикметтерді жан-жақты талдауына мүмкіндік берері сөзсіз. Аталған том 2013 жылы Ясауи мұраларының жаңа шығармаларымен толығып, бесінші кітабы ретінде жалғасын тапты. Мұнда философия және теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетайдың аудармасымен «Иасауи мұралары» атауымен «Көңілдің айнасы», «Тариқат әдебі туралы» және «Пақырнама» еңбектері жарық көрді (А. Ясауи, 9:328).

Сопылық әдебиетте Хакім ата атымен танымал болған Ясауидің атақты шәкірті Сүлеймен Бақырғанидың 5 кітаптан тұратын хикметтер жинағының жариялануы сопылық әдебиетті сүйіп оқитын көзі қарақты оқырмандар үшін тіпті жаңалық болды. Аталған еңбектер қазақ тіліндегі аудармасы транскрипциясы және асыл мәтінімен бірге жарияланды (С. Бақырғани, 10:328)

XIII-XV ғасырларда бір жағы Сарай ордасы, екінші жағы Хорезм аймағымен ұштасып жатқан кең байтақ өлкеде өмір сүрген түркі халықтары тілінде ортақ рухани дүниелер – діни-дидактикалық, діни-танымдық, сопылық бағыттағы көркем шығармалар жазылды. Бұл рухани мұралар Насируддин Бұрһаниддин Рабғузидің «Пайғамбарлар тарихы» (Қисса-с ул-әнбия) (Рабғұзи, 11:328), қазақ даласынан шыққан әйгілі ғалым Әл-Кердеридің діни-дидактикалық сарында жазылған Жұмақтардың ашық жолы («Нәһжул-фәрадис») (әл-Кердери, 12:312), Шымыр руынан шыққан атақты ғалым – Мұхаммед ибн Мұхаммед әш-Шымыр би-Алты Бармақтың «Мұхаммедтің Пайғамбарлық дәлелдері» («Дәлаил нүбүууат Мұхаммади», XV ғ.) еңбегі (Алты Бармақ, 13:328), XV ғасырда көне Тұрбат жерінде туылып, кейіннен Орта Азияның ірі мәдени-рухани орталықтары Самарқанд, Бұхара қалаларында білімін шыңдаған түркі халқының дана перзенті Мәулана Атаи ғазалдарының қазақ тіліндегі көркем аудармасы (М. Атаи, 14:320), XV ғасырда өмір сүрген ғалым Шәриф Әмиди тарапынан жазылған әйгілі туынды «Түрік тіліндегі Шаһнама» «Шаһнаме бит-турки» шығармасы, (Шәриф Әмиди, 15:312), XIV ғасырға тән Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны (Құтб, 16:304), сопылық әдебиетте Ахмет Ясауи жолын жалғастырған Сопы Аллаярдың «Әлсіздердің табандылығы» («Сәбатүл ажизин») және Тажуддин Жалшықұлының «Әзизаға хат» («Рисалаи Азиза») (көне түркі тілінен аудармасы мен түсініктемелері) еңбектері (Сопы Аллаяр, 17:328), сондай-ақ оңтүстік тарихына қатысты шежіре-насабнамалар баспаға ұсынылды. Сайф Сараидың Түркіше Гүлстан – «Гулстан бит-турки» шығармасы да 67 томның 1-4 кітаптарында жарық көрді. (С. Сараи, 18:320).

XVI ғасырда Ұлы Моғолдар империясының негізін салушы, даңқты мемлекет қайраткері, ақын, жазушы Заһираддин Мұхаммед Бабырдың «Шариғатты түсіндіруші» («Мубәййән дәр фиқһ») шығармасы мен ғазалдарының транскрипциясы және ғылыми аудармасы 57 томның 1-4 кітаптарында (З.М. Бабыр, 19:328), сондай-ақ әйгілі «Бабырнама» еңбегі дайындалып 58 томның 1-2-кітаптарынан орын алды. (З.М. Бабыр, 20:304)

XVI ғасырда өмір сүрген тағы бір атақты тұлға, Моғолстан мен оған іргелес жатқан елдер тарихы мен мәдениетінен мол деректер жазып қалдырған тарихшы, әдебиетші ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидың атақты «Жаһаннаме» шығармасы (М.Х. Дулати, 21:336) қазақ тіліне аударылып, әйгілі Тарих-и Рашиди еңбегі парсы тіліндегі текстологиясымен 59,60,61,62-томдарда жарық көрді. (М.Х. Дулати, 22:304)

Шамамен XVI-XIX ғасырлар арасында жазылып, қолжазба күйі сақталған, Ясауи сопылық мектебі өкілдерінің хикметтеріне арналған кітаптар 92 томның 1-2-3-кітаптарында «Ясауи шәкірттері» атауымен жарияланды. (Ясауи шәкірттері, 23:304) Аталған кітаптар да алғаш рет қазақ тілінде баспа бетін көріп отырғандықтан, хикметтердің аудармасы және транскрипциясы мен асылмәтіні қоса берілді.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдеби мұралар

2014-2015 жылдардағы ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде жарық көрген мұраларды XIX ғасыр және XX ғасыр басындағы әдеби мұраларға көшу кезеңі деуге болады. Шын мәнінде, бұл кезең қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алып, қазақ жазба әдебиеті өкілдері мол әдеби мұра қалдырған дәуір болды.

Бұл кезең өкілдерінің бір тобы ел арасында ежелден қалыптасқан әдеби дәстүр, халық арасында өтіп отыратын «қиссахандық» кештерінде адами құндылықтарды дәріптеп, жаратылғандардың арасында ерекше бітім мен қасиетке ие болған адам үшін Ұлы Жаратушысының көрсетіп берген ақиқат жолынан тайынбауға, Аллаға серік қоспауға шақырды. Соңғы Елші, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбарлық өмір жолын насихаттайтын қисса-дастандар жазып, ел арасында жатқа оқып, сол арқылы халықты діни біліммен тәрбиелеп жатса, екінші бір тобы заманының жетістіктерін пайдалана отырып, Ташкент, Қазан, Орынбор сынды сол кезеңдегі түркі халықтарының ғылым мен білім ошағына айналған қалаларда дәстүрлі Ислам тарихынан мол хабар беретін, хикаяттар мен қисса-дастандарды кітап етіп басып шығару, сөйтіп халыққа тарату ісімен айналысқандығын көруге болады.

Көптомдық кітаптарының жауапты редакторы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Д. Өмірзақов өзінің арнайы монографиялық еңбегінде көптомдық жобасы аясында жарық көрген XIX ғасыр және XX ғасыр басындағы әдебиет өкілдерінің шығармаларына тоқтала келе: «Қазірге дейін жиналған мұралардың жиырма үш мың жолдан асатынын ескерсек, тек өлке халқына ғана емес, әдебиет тарихында мүлдем белгісіз дүниелердің жарыққа шыққандығы қуантады» дейді. (С. Өмірзақов, 24:18)

Көптомдық кітаптарында жарық көрген аталған кезең үлесіндегі шығармаларды зерттеген кезімізде жалпы жоба аясында жарық көрген 311 кітаптың 30 пайызға жуығы осы кезеңге тиесілі екендігін анықтадық.

Өмірі мен шығармаларының әдебиет тарихында зерттелуіне байланысты бұл кезең өкілдерін екі топқа жіктеп қарастырғанды жөн санадық.

Алдымен, XIX ғасыр мен XX ғасыр басында өмір сүрген, қазақ әдебиеті тарихында ғалымдар тарапынан өмірі мен шығармашылығы біршама зерттелген, бірақ әлі де болса жазып қалдырған мұралары толық жарық көрмеген ақындар шығармашылығы орын алды. Олар: Мәделі Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Майкөт ақын, Ұлбике мен Жанкел ақындар, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Шәді Жәңгірұлы, Молда Мұса Байзақұлы, Нұралы Нысанбайұлы сынды әдебиет өкілдері. Қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған бұл тұлғалардың біршама шығармалары бұрын баспа бетін көріп, отандық әдебиетші ғалымдарымыз тарапынан зерттелген. Әйтсе де, экспедиция жұмыстары негізінде олардың бұрын баспа бетін көрмеген, қолжазба күйінде сақталған немесе XX ғасырдың басында Қазан, Ташкент, Орынбор сынды қалалардың танымал баспаханаларында төте жазумен басып шығарылған бірақ қазіргі қазақ әліпбиіне аударылмаған шығармалары жинақталып, аударма жасалды және баспаға ұсынылды. Мысалы, ақындар арасында бір ғана Шәді Жәңгірұлының бұрын еш жерде баспа бетін көрмеген, қолжазба күйінде ұрпақтарының қолында төте жазу және латын әріптерімен жазылған күйі сақталған, Алла елшісі Мұхаммедтің (Оған Алланың сәлемі болсын) немере ағасы Хамза Әбдулмутталибұлының қасиетті дініміз Исламды насихаттаудағы ерлік істерін жырлаған «Әмір Әмзе» дастаны қазіргі қазақ тілі қарпіне түсіріліп, көптомдықтың 83-88-томдарында жарияланса, әрбір мұсылман үшін иманның негізгі шарттарының бірі болып табылатын «Ақырет күнінің болуына сенім» және ол күнгі Ұлы Алла тағала тарапынан жүргізілетін есеп-қисап күнінің оқиғаларын баяндайтын «Ахуалы қиямет» шығармалары 89-91 томдардан орын иеленді. Сондай-ақ, 1914 жылы Ташкент қаласындағы Арифжановтар баспаханасында Кәрімжан Хакімжанұлының қаражатымен баспа бетін көрген «Хикаят Қамар уз-Заман» дастаны мен 1915 жылы Қазан қаласындағы Домбровский баспаханасында төте жазумен жарық көрген «Қисса Балғам Бағур» шығармалары көптомдықтың 228 томында алғаш қазақ графикасымен басылым көрді.

Келесі бір тарихи тұлға – қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинап насихаттаушы айтыскер ақын әрі жыршы, қазіргі Түркістан облысының Отырар ауданында дүниеге келіп, тағдырдың тауқыметімен өмірінің соңғы кезеңін Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, Іле Қазақ автономиялы облысында өткізген Жүсіпбек Шайхисламұлы. Ақынның қолжазба күйінде сақталған біршама туындылары мен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында баспа бетін көрген қисса-дастандары Қазақстан Республикасы ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының

сирек қорында, сондай-ақ М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған. Дегенмен бұл барлығы емес. Ж. Шайхисламұлы жоғарыда айтқанымыздай, біраз өмірін Аспан асты елінде өткізген. Жүсіпбектің Қытай жерінде жазып қалдырған әдеби мұраларының өзі бір төбе. Белгілі шежіреші ғалым, халық мұрасын жинаушы Сейтомар Саттаров 2012 жылы Жүсіпбек өмірінің соңғы кездерін өткізген Текес ауданында болып, ақынның қисса-дастандарын жазып алып сақтаған Баймұқан Жанбаевтың көмегімен «Хикаят Жүсіпбек қожаның Уәзипа қыз һәм қыз Шөкеймен айтысқаны», «Наурызбай-Ханшайым», «Қисса фельшер қыз», «Қисса-и Гүлжамила қыздың хикаясы», «Сақау қыз», «Қисса Кесік бас», «Қасен мен Ғайнижамал (Нұрғазарын)», «Қиямет ахуалы», «Әлі арыстан» секілді діни-дидактикалық шығармаларын жеткізді. Барлық қолжазбалар соңында «Жырлаған Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы. Сақтаған Баймұқан Жанбаев» деген мәлімет бар.

Шәді ақын мен Жүсіпбек шығармалары жөнінде келтірілген дәйекті дәлелдерді Құлыншақ Кемелұлы, Майкөт Сандыбайұлы, Нұралы Нысанбайұлы сынды сөз зергерлерінің шығармаларынан көптеп келтіруге болады. Өз кезегінде бұлардың әрқайсысы бір әдебиет зерттеушісінің арнайы ғылыми зерттеу жұмысына тақырып болары сөзсіз.

Көптомдық кітаптарының негізгі жаңалықтарының бірі – әдебиет тарихында өз орнын алып үлгермеген немесе шығармалары бүгінгі көпшілік оқырманға белгісіз, белгілі бір аумақта ғана танылып, қалып қойған, зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан ақындар шығармаларына арналған.

Өмірдерегі кейбір кәрі құлақтардың еміс-еміс есінде қалғанымен, аға ұрпақ пен орта буынға, кейінгі жас ұрпаққа мүлдем танылмай келе жатқан, тіптен ұмытылуға айналған асылдың сынығы, ақиық ақын, XIX ғасырдағы датқалық билік дәуіріндегі әдебиетінің тікелей өкілі, әдеби мұралары халық жадында сақталып, шығармашылық қуаты Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебінің өкілдеріне тән нақыл-өсиетке өрілген, қазақ фольклорының тамырланып жатқан Шығыс шайырлық мектебінен қана сусындаған, төкпе ақындығы діни-философиялық тереңдікпен ұштасып жатқан, жырлау тәсілі ұлттық танымның қайнарынан өріліп шыққан, әлдеқашан-ақ зерттелуге тиіс болғанымен зерттеуге алынбай, зерттелуге іліне алмай «ақтаңдаққа» айналған Италмас Түнқатарұлының шығармалар жинағы (И. Түнқатарұлы шығармалары, 25:5), Сүйіндік Тілегенұлы (С. Тілегенұлы шығармалары, 26:296), Жылқыбай Байшопанұлы (Жылқыбай Байшопанұлы мен Ұлбике Жанкелдіқызы шығармалары, 27:320), Молда Бекеш пен Гүлшат Бейбітқызы шығармалары (Қазыналы Оңтүстік, 28:296), Молда Мәди Меркішұлының екі томдығы (Мәди Меркішұлы шығармалары, 29:304), Тұрлыбек Сұлтанбекұлының төрт томдығы (Қазыналы Оңтүстік, 30:320), Тұрар Байсариев (Қазыналы Оңтүстік, 31:304), Сауытбек ақындар шығармаларының жеке томдықтары (Қазыналы Оңтүстік, 32:328) Қозы Оспанұлы мен (Қазыналы Оңтүстік, 33:304), оқылса оқырманын баурап алып кететін ғашықтық дастандары мен тарихтың тереңінен сыр шертетін тарихи жырларын жазып қалдырып қана қоймай, ел алдында төгіліп жырлаған халық ақыны Қазанғап Байболұлы (Қазыналы Оңтүстік, 34:328), Орынбай Тайманұлы шығармалары (Қазыналы Оңтүстік, 35:320), мен XX ғасыр басындағы Майлықожа шәкірттерінің бір томдығы (Қазыналы Оңтүстік, 36:336) Айтбай Белгібайұлы шығармаларының екі томдығы (Қазыналы Оңтүстік, 37:320), Қалыбай Мәмбетұлы шығармаларына арналған жеке томдықтар (Қазыналы Оңтүстік, 38:304), Балтабай Тебейұлының шығармалар жинағы (Қазыналы Оңтүстік, 39:328), Дәулет Сарыұлының екі томдық шығармалар жинағы (Қазыналы Оңтүстік, 40:320), Шортанбай Қанайұлы шығармалары (Қазыналы Оңтүстік, 41:296) Сәдуақас Жақашұлының екі томдығы (Қазыналы Оңтүстік, 42:320), Мырзашөлдің бұлбұлына айналған, сөздерін өнерімен өрнектеген Молда Мұса Жұманазарұлы (Мұса Жұманазарұлы шығармалары, 43:320), Қайыпназар Әйтпеновтың үш томдығы (Қазыналы Оңтүстік, 44:304), Ергөбек Құттыбайұлы мен Елеусіз Байырбекұлының шығармалары (Қазыналы Оңтүстік, 45:312) Өтебай Қалыбаевтың екі томдығы (Қазыналы Оңтүстік, 46:312) жарық көрді.

Аталған ақындар өз заманының ерекшеліктерін, халықтың тұрмыс-тіршілігін, саяси-әлеуметтік жағдайын, көркем сөзбен өрнектеді. Олардың шығармашылығын жан-жақты зерттеп зерделеу, ғылыми айналымға түсіру XIX ғасыр мен XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихына қосылған мол үлес болар еді.

Қорытынды

Зерттеу жұмысының көптомдық жобасы аясында жарық көрген кітаптарды талдауда алға қойған мақсаты оларды әдеби кезеңдері бойынша

айшықтап, бағдарламаның мақсаттарымен сәйкестігін айқындау болды. Елбасы Н. Назарбаев алғаш рет «Мәдени мұра» бағдарламасын Қазақстан халқына ұсынған кезде оның нақты 4 мақсатын ерекше атап көрсеткен болатын. Атап айтқанда Елбасы:

«Біріншіден, халықтың орасан зор мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау;

Екіншіден, ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени-тарихи және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

Үшіншіден, ұлттық әдебиет пен жазудың санғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген көркем, ғылыми өмірбаяндық дестелер жасау;

Төртіншіден, мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасау» (Н. Назарбаев, 47:1) мәселелерін ұсынды.

Шын мәнінде, бағдарламада көзделген мақсат-міндеттерді кезегімен жүзеге асыру үшін нақты жоспарлар құрылып, жүзеге асыру жұмыстары аясында ауқымды шаралар атқарылды. Мұның айқын дәлелі, «Қазыналы Оңтүстік» жобасы деп айтуға толық негіз бар. Жоба аясында бір ғана әдеби жәдігерлерімізді түгендеу бойынша Республикамыздың түрлі өңірлерімен қатар Оңтүстік өңірінде сонау ерте замандардан қалыптасып, бүгінгі ұрпаққа таптырмас қазына ретінде қалып отырған баға жетпес мұраларымыз жинақталып, түгенделгенін көрдік. Ал томдықтарды ары қарай зерттеп, асылмәтіндерімен қатар салыстырмалы талдау жасау алда тұрған аса жауапты міндет деп санаймыз.

Жоба аясында 6 жылда жарық көрген еңбектердің жетпіс пайызы бұрын қазақ тілінде баспа бетін көрмеген, жазып қалдырушыларының қарапайымдылығы сонша, олар өздерін елде жарнамалау не екенін білмеген. Қазақ әдебиеті тарихында ғана емес, бүкіл түркі халықтары тарихы, мәдениеті әдебиетімен үндесіп жатқан әдеби жазба мұралар қазақ тілінде жарық көріп, ары қарай зерттеуге жол тартып отырғандығы зерттеушілердің гуманитарлық ғылымдарға деген талпынысының белгісі болса керек. Әсіресе, алғаш рет қазақ тілінде баспа бетін көріп отырған ортағасырлық әдеби мұраларымыз бен XIX-XX ғасырларда бір ғана Оңтүстіктен шыққан 40-тан астам әдебиет өкілдерінің шығармалары бүгін түркітану саласының зерттеу нысанына айналса, түркі халықтары әдебиетінің өзара байланысының жаңғырғаны дер едік.

Әдебиеттер

Түркі әлемі халықаралық газеті, №10 (198) 2018.

Айтыстар, 29-30 т. 1-6-кітап, 140-144 т. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.

Әбу Насыр әл-Фараби трактаттары, 33 т. 1-кітап. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.

Әбу Насыр әл-Фараби трактаттары, 33 т. 2-кітап. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.

Әбу Насыр әл-Фараби трактаттары, 33 т. 3-кітап. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2013.

Әдиб Ахмет Жүйнеки, Ақиқат сыйы, 44 т. 1-кітап, «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.

А.Ясауи, Диуани хикмет, 20 т. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2010.

Ахмет Ясауи хикметтер, 21 т.1-4-кітаптар. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы:/ Нұрлы әлем, 2011.

Иасауи мұралары, 21 т.5-кітап. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2013.

С. Бақырғани хикметтері, 35 т. 1-5-кітап. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.

Рабғұзи, Пайғамбарлар тарихы, 36 т. 1-5-кітап. «Қазыналы оңтүстік». – Алматы: Нұрлы әлем, 2011.

Поэтический процесс в современной Корее был рассмотрен на основе поэтических произведений поэтессы нового поколения, творчество которой приходится на конец 20-го века по настоящее время, а именно Ким Хе Сун. В ходе изучения её биографии и литературного творчества автор попытался определить специфические особенности в поэтическом восприятии поэтессы окружающей действительности, своеобразие её внутреннего мира и образной системы, которая составляет в целом менталитет корейской литературы. В контексте традиционно патриархального и структурированного общества в Корее поэзия Ким Хе Сун является вызывающей и революционной, бросая вызов многочисленным формам угнетения, которым подвергаются корейские женщины (Choi Don Mi, 2003:139).

Стихотворения Ким Хе Сун раскрывают мироощущение женщины, через оригинальную образную систему доносят до читателя её волнения и переживания, отличные от мужской поэзии, соответственно вносят новую лепту в выражение субъектно-объектных отношений в лирике.

Исследование творчества Ким Хе Сун позволяет сделать выводы о разнообразии в корейской поэзии форм художественного осмысления и конструирования действительности, говорить о качественной эволюции в миропереживании лирической героини и способов его поэтического воплощения в лирике разных поэтов.

Результаты исследования творчества корейской поэтессы привели к осознанию того, что для поэзии Ким Хе Сун характерны феминистские черты. Главная тема её творчества сосредоточена вокруг женщины, её переживаний и обид, несчастной любви, и, конечно же, ее положения в современном обществе. Несмотря на то, что корейское общество давно стало на европейский путь развития, с феноменом деловой и независимой женщины, тема угнетения женского общества актуальна и сейчас, что наглядно можно увидеть на примере рассмотренного в работе творчества популярных среди читателей поэтесс. Поэтесса через своё творчество говорит не только за саму себя, а за великое множество женщин, которые сталкиваются с несправедливостью в современном мире.

Автор проанализировал творчество Ким и пришел к выводу, что её лирическим произведениям свойственны гнев протеста и активность лирических героев. Её герои отличаются смелостью, они имеют право голоса, они выступают против сложившихся в обществе порядков, выражают свое мнение на окружающий мир. Способность поэтессы мастерски описывать физиологические процессы, жестокость, тиранию и нецензурную лексику необходима для восполнения дефицита телесности в художественном тексте. Робость перед реалиями жизни является движущим и основополагающим фактором в творчестве Ким Хе Сун. В конечном итоге поэтесса использует присущие для неё абсурдные и жестокие развязки для своих героинь.

Внутренний мир поэтессы, определенный печальным опытом 80-х годов и рубежа веков, отношением к женщине со стороны существующего в те времена патриархального общества, привел к эстетике безобразного и к выбору хаотической художественной формы. Гротеск можно считать основой подавляющего большинства стихотворений поэтессы.

В итоге можно удостовериться в тесной связи корейской литературы, воплотившей в себе многие новации и художественные традиции, с социальным и культурным развитием корейского общества. Мы проследили тенденции непрерывного обогащения литературного содержания и новыми формами в поэтическом тексте, включение различных композиционных построений, нового языка, методов передачи основной идеи до читателя на примере творчества Ким Хе Сун. Корейская женская поэзия на основе рассмотренного в работе анализа, с точки зрения автора, характеризуется разыскиванием новейших путей развития языка и поэтических форм. Корейская поэзия вносит значительный вклад в формирование нового литературного мышления корейского народа.

Данное исследование может послужить хорошим материалом для литературоведческих исследований современной женской поэзии и корейской поэзии в целом.

Литература

Галкина Л.В. Женское направление в современной южнокорейской поэзии // Известия Восточного института. – 1996. – № 3. – С. 245-251.

Ко Ён Чоль. Корейский язык для иностранцев. – Казань: Издательство Казанского Федерального Университета, 2016. – 284 с.

Ни Н. Поэзия Республики Корея во второй половине XX в. – М.: Институт востоковедения РАН, 2010. – 220 с.

Choi D.M. (2006). Anxiety of Words: Contemporary Poetry by Korean Women. – New York: Zephyr Press.

Choi D.M. (2003). An Interview with Ko Ŭn. Acta Koreana, vol. 16, no 2, pp. 147-148.

Choi D.M. (2003). Korean Women Poetry: Identity Place. Research Gate, no9, pp. 139-143

Fulton B. (2002). Korea's Literary Tradition. Retrieved January 27, 2019 from https:// www.koreasociety.org/images/pdf/KoreanStudies/Monographs_GeneralReading/GettingtoGettingto

Koh H. (2002). Women and Korean Literature. Retrieved January 27, 2019 from https://www.koreasociety.org/images/pdf/KoreanStudies/Monographs_GeneralReading/GettingtoKnowKorea/GTKK%205%20Helen%20Koh%20Women%20and%20Korean%20Literature.pdf

Lee P. (2003). A History of Korean Literature. England: Cambridge University Press.

Lee P. (2005). Echoing Song: Contemporary Korean Women Poets. New York: White Pine Press

Lee Yu Rim. (2009). Study of women's consciousness in modern women's poetry: focusing on the female consciousness of Kim Seung Hee's, Kim Hye Soon's and Choi Seung Ja.-South Korea. Retrieved January 27, 2019 from http://www.riss.kr/index.do

McCann D. (2004). The Columbia Anthology of Modern Korean Poetry. New York: Colombia University Press.

윤혜옥. (2014). 문정희와 김혜순 시의 젠더의식 연구. 조선대학교 대학원 국어국문학과, 5쪽.

최유미. (2012). 결핍을 극복하는 두 가지 방식. 조선대학교 대학원 국어국문학, 12쪽.

이주언. (2017). 1980년대 한국 여성시에 나타난 시적 전위성 연구 : 김혜순, 최승자, 김정란의 시를 중심으로. 창원대학교 대학원, 208 쪽.

References

Galkina L.V. (1996). Zhenskoe napravleniye v sovremennoy yuzhnokoreyskoy poezii [Women's direction in modern South Korean poetry]. Izvestiya Vostochnogo instituta, no3, pp. 245-251.

Ko Yon Chol. (2016). Koreyskiy yazyk dlya inostranzhev [Korean for foreigners]. Kazan: Izdatelstvo Kazaknskogo Federalnogo Universiteta.

Ni N. (2010). Poezia Respubliki Korea vo vtoroy polovine dvadzhatogo veka [Poetry of the Republic of Korea in the second half of the twentieth century]. Moskva: Institut Vostokovedeniya RAN.

Choi D.M. (2003). An Interview with Ko Ŭn. Acta Koreana, vol. 16, no 2, pp. 147-148.

Choi D.M. (2003). Korean Women Poetry: Identity Place. Research Gate, no9, pp. 139-143

Fulton B. (2002). Korea's Literary Tradition. Retrieved January 27, 2019 from https:// www.koreasociety.org/images/pdf/KoreanStudies/Monographs_GeneralReading/GettingtoGettingto

Koh H. (2002). Women and Korean Literature. Retrieved January 27, 2019 from https://www.koreasociety.org/images/pdf/KoreanStudies/Monographs_GeneralReading/GettingtoKnowKorea/GTKK%205%20Helen%20Koh%20Women%20and%20Korean%20Literature.pdf

Lee P. (2003). A History of Korean Literature. England: Cambridge University Press.

Lee P. (2005). Echoing Song: Contemporary Korean Women Poets. New York: White Pine Press

Lee Yu Rim. (2009). Study of women's consciousness in modern women's poetry: focusing on the female consciousness of Kim Seung Hee's, Kim Hye Soon's and Choi Seung Ja.-South Korea. Retrieved January 27, 2019 from http://www.riss.kr/index.do

McCann D. (2004). The Columbia Anthology of Modern Korean Poetry. New York: Colombia University Press.

윤혜옥. (2014). 문정희와 김혜순 시의 젠더의식 연구. 조선대학교 대학원 국어국문학과, 5쪽.

최유미. (2012). 결핍을 극복하는 두 가지 방식. 조선대학교 대학원 국어국문학, 12쪽.

이주언. (2017). 1980년대 한국 여성시에 나타난 시적 전위성 연구 : 김혜순, 최승자, 김정란의 시를 중심으로. 창원대학교 대학원, 208 쪽.

ҒТАМР 17.81.31; 03.81.37

Хаван А.

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығы
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aidyngulk@gmail.com

ӘБУ НАСР ӘЛ-ФАРАБИ АРАБ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕ

Мақалада Екінші ұстаз Әбу Наср әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы араб дереккөздеріндегі тарихи мәліметтерге сүйене отырып зерттеліп, ғалымның Араб-Мұсылман өркениетіне қосқан орасан зор үлесі мен айшықты іздері сараланады. Ортағасырлық араб тілді тарихшы-жылнамашылардың библиографиялық-энциклопедиялық сипатта жазылған еңбектері арқылы біздің заманымызға дейін жеткен Әбу Наср әл-Фарабидің жазба мұрасы мен көне Отырар (Фараб) қаласы туралы құнды деректер бүгінгі фарабитану ғылымы үшін таптырмайтын дереккөздер екендігі дәлелденеді.

ҚР Тұңғыш Президентінің бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «Мәдени Мұра», «Халық – тарих толқынында», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалары Әбу Наср әл-Фарабидің мазмұнға бай жазба мұрасының өз Отаны – Қазақстанға оралуына даңғыл жол салып бергені туралы сөз болады.

Түйін сөздер: әл-Фараби мұрасы, ортағасырлық ғылым мен мәдениет, дереккөздер, фарабитану, библиографиялық көрсеткіштер.

Khavan A.

Senior teacher, Scientific-Research Centre of "Turan-Iran",
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: aidyngulk@gmail.com

Al-Farabi in tne Arabic Sources

In this article is considered life and works of the Second Teacher Abu Nasr al-Farabi referring to historical data in the Arab sources and the huge contribution of the scientist in a medieval Arab-Muslim civilization reveals. Written monuments of Abu Nasr al-Farabi and the invaluable information about ancient Otyrar (Farab) reached us through bibliographic and encyclopedic works of medieval Arabic-speaking historians chroniclers are considered important sources for modern to a farabi's studies.

The role and importance of the state program which are carried out at the initiative of the First President of Kazakhstan "Cultural heritage", "The people – in a history stream", "Seven sides of the Great steppe" in return of the richest written monuments Abu Nasr al-Farabi to the Homeland – Kazakhstan are defined.

Key words: Heritage al-Farabi, medieval science and culture, sources, farabi's studies, bibliographic indexes.

Хаван А.

ст. преподователь, Научно-исследовательский центр «Туран-Иран»,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: aidyngulk@gmail.com

Абу Наср Аль-Фараби в арабских источниках

В статье рассматривается жизнь и творчества Второго Учителя Абу Насра аль-Фараби на основе исторических сведений в арабских источниках и раскрывается огромный вклад ученого в развитие средневековой арабо-мусульманской цивилизации. Письменные памятники Абу Насра аль-Фараби и бесценные сведения о древнем Отыраре (Фараб), дошедшие до нас через

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

библиографические и энциклопедические труды средневековых арабоязычных историков-летописцев, считаются важные источниками для современного фарабиеведения.

Определяются роль и важность государственных программ, которые осуществляются по инициативе Первого Президента РК, "Культурное наследие", "Народ – в потоке истории", "Семь граней Великой степи" в возвращении богатейших письменных памятников Абу Наср аль-Фараби в свою Родину – Казахстан.

Ключевые слова: Наследие ал-Фараби, средневековая наука и культура, источники, фарабиеведение, библиографические указатели.

Кіріспе

Ежелден-ақ, адамзат өркениетінің бір ошағы болған ұлы қазақ даласының тұлғалары мен ойшылдарының әлем өркениетіне қосқан үлесі орасан зор. Көне қазақ даласының сауда, дипломатиялық керуен жолдары тоғысқан жерінде орналасқан байырғы тарихи қалаларда туып, өсіп, шалғайдағы араб елдеріне сапар шегіп, мұраларын араб, парсы және сол кездегі өзге де өркениет тілдерінде жазып қалдырған түрлі ғылым салалары өкілдерінің рухани жазба мұраларын түгендеу, елге қайтару – ұлт тарихындағы ақтаңдақтарды қайта зерделеудегі мемлекеттік дәрежедегі өте ауқымды және маңызды жобалардың бірі.

ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасының бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында, алдымен отандық тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылса, «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы басталған игі істі әлемдік деңгейдегі ауқымды шараға дейін көтеріп, нәтижесінде шет мемлекеттердің кітапхана қорлары мен мұрағаттарындағы Орта Азия мен Қазақстанға қатысты құнды жәдігерлер мен тарихы әріде жатқан бағалы мұраларды елге оралтуға мүмкіндік туды.

Әлем мұрағаттарындағы қазақ тарихына қатысты мәліметтерді зерттеу, ұлттық тарих бойынша материалдарды анықтау және қолжазбалар мен құжаттарды көшіріп алу, жазба деректерді оқу бағытында ауқымды да табысты жұмыстар атқару отандық тарихшылар мен деректанушылар, мәдениеттанушылар мен тілтанушы ғалымдардың алдына уақыт оздырмай өзара жүйелі, толыққанды ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесе атқару міндетін қойып берді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы ұсынған халықаралық, мемлекеттік дәрежедегі ауқымды ғылыми жобаларды ҚР БҒМ Ғылым ордасы Ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесе отырып, жүзеге асырып келе жатқан бірден бір жоғары оқу орны.

«Халық – тарих толқынында» жобасы шеңберінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан құрылған ғылыми топ шетел мұрағаттарының мәліметтеріне сүйене отырып, Ватикан апостол кітапханасынан (*Biblioteca Apostolica Vaticana*) ғұндарға, түркілерге, Түркі қағанаты мен Алтын Орда тарихына қатысты материалдармен бірге, қазақтар мен қазақ елінің тарихы туралы құнды деректер мен Аттиланың бұған дейін ешбір жерде кездеспеген суретін тауып елге оралтса, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының басшылығы Марокко корольдігі Касабланка, Рабат және Фес, Мадрид (Испания) қалаларынан қазақ халқының ортағасырлық тарихы мен мәдениеті туралы маңызды жазба деректерді елге алып келді. Осылардың ішінен Отырар ойшылы Әбу Наср әл-Фарабидің бұзау терісіне жазылған 10 трактатының Эскориал (*Сан Лоренсо де Эль Эскориал*) кітапханасынан табылуын ерекше атап өткен жөн. Бұл шетел мұрағаттарына жүргізілген ғылыми экспедициялардың бір қыры ғана.

Байырғы қазақ даласының көркін енгізген мәдениеті зор тарихи қалалар Отырар, Сүткент, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жент, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн т.б. туралы құнды мәліметтер мен сонда туып-өскен даланың дана перзенттерінің ортағасырлық өркениет тілдерінде (араб, парсы) жазып қалдырған мұраларын зерттеу, оларды қоғам мүддесіне жарату аса жауапты міндет. Елбасының тарихи сананы жаңғырту ұлттық дүниетанымның өткені мен бүгіні және болашағының іргелі негіздерін терең зерделеуден басталатынын баса айтуы да сондықтан. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты және қазақ даласында бой көтерген мың жылдық тарихы бар өркениет ошақтары болған байырғы қалалар туралы ортағасыр кезеңінде араб, парсы тілдерінде жазылып сақталған құнды

жазбалар мен деректерді жинақтап, өз деңгейінде түсініп, аудару және ел игілігіне ұсыну мемлекеттік дәрежедегі іргелі ғылыми-зерттеу жобаларға сұранып тұрған ірі тақырыптардың бірі екендігі сөзсіз.

Ортағасырлық араб тілді тарихшы-жылнамашылардың библиографиялық-энциклопедиялық сипатта жазылған еңбектері арқылы біздің заманымызға дейін жеткен көне қыпшақ даласы мен Түркістан өлкесі туралы құнды жазба деректер бүгінгі отандық тарих ғылымы, шығыстану ғылымы, филологиялық, деректану салалары үшін таптырмайтын дереккөздер екендігі анықталуда.

Бір ғана мысал, атақты жылнамашы-тарихшы Йақут әл-Хамауидің (1178-1229) «Елдер туралы сөздік» («*Му ʻжам әл-булдан*») еңбегінде қыпшақ пен орыс өлкесіне татарлардың жасаған шабуылы «*Зикр мә фа ʻалаһу ат-татар би қифжақ уә әр-рус*» («Татарлардың Қыпшақ пен Ресейді басып алуы (не жасағаны туралы)», «*Зикр ауд ат-татар мин биләд әр-рус уә қифжақ илә мулукиһим*» («Татарлардың Ресей елі мен Қыпшақтан өз иеліктеріне қайтып оралуы»), «*Зикр ма фа ʻалаһу ат-татар би Мә уәрә ән-Нәһр ба ʻда Бухара уә Самарқанд*» («Татарлардың Бухара мен Самарқандтан кейін Мауарранаһрға жасағандары туралы») деген тақырыптарда кеңінен баяндалған.

Йақут әл-Хамауидің осы аталған еңбегінде Түркістан туралы «Түркістан – барлық түркі елдеріне ортақ атау... Қойлары бір төлдегенде бесалтыға дейін қозы береді. Екі немесе үшеу төлдейтіндері сирек кездеседі. Әрі өте ірі болады. Құйрықтары жер сүзіп жүреді. Түріктердің ең кең әрі үлкен елі «*Тағазғз*» елі. Қытаймен, қимақпен, қыпшақ, қырғызбен шектеседі. Мұсылмандар жағымен шектесетін жағында Фараб қаласы жатыр. Түркістанда он алты әйгілі қала бар. Хишам ибн Әбу әл-Мәлік түріктерге елші жіберіп, исламға шақырды... Халқының басым бөлігі отқа табынады. Ал кейбірі *мәни* мәзһабын ұстанады... Бұл хабарды естіп, көргенім бойынша жаздым. Анығын Алла біледі!» (Yaqyt al-Hamayi, 193: б) деп жазады.

Ислам тарихшысы Ибн әл-Әсир (1160-1233) «*Әл-кәмил фи-т тарих*» («Кемел тарих») еңбегінде «*Зикр ғазауат әл-Муләһһәб Мә уәрә ән-Нәһр*» («*Әл-Мулаһһәбтың Мә уәрә ән-Нәһрге жорығы*») т.б. қызықты тарихи мәліметтер кездеседі.

Қазіргі отандық ғылыми-деректанулық зерттеулер бір ғана Отырардың өзінен отызға жуық әл-Фараби ныспылы ғалымдардың шыққанын көрсетіп отыр. Сол ойшылдардың ішінен оқ бойы озық шыққан шоқтығы биік ғұлама – Әбу Наср әл-Фараби (259-339/870-950) еді.

ҚР Тұңғыш Президентінің өткен жылы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Наср әл-Фараби есімі берілген (1992). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Египет Араб Республикасындағы (ЕАР) ҚР Елшілігінің қолдауымен Каир университеті жанынан «Әл-Фараби» ғылыми-білім орталығын ашса, «Архив-2025» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында университет ғалымдарынан құралған Каир қаласына ұйымдастырылған «Ұлы даланың ұлы есімдері» ғылыми экспедициясы әбу Наср әл-Фарабидің баға жетпес бай мұрасы мен құнды қолжазбаларымен танысып, ойшыл-философ трактаттарына түсіндірмелер берген бірнеше ғасырлар бойы жазылған әлем ғалымдарының сан алуан еңбектерімен танысып, библиографиялық жұмыстар жүргізіп қайтты.

Негізгі бөлім

Әбу Наср әл-Фараби әлемдік тұлға. Әйгілі Отырар шаһарынан шығып, шалғайдағы араб елдеріне ілім іздеп сапар шеккен болашақ ғалымның алғаш табан тіреп, тұрақтаған мекені Бағдад қаласы. Бір жағынан Бағдад – сол кездегі әйгілі Бағдад обсерваториясы орналасқан өркениет орталығы болса, екінші жағынан оған дүниенің төрткүл бұрышынан асқан білімпаз оқымыстылар мен данышпандардың тартылуы Әбу Насрдың теңдесі жоқ ғұлама болып қалыптасуына берік платформа бола білді.

Әл-Фарабидің ғылыми өмірі араб елдерінің арасында сапар шегумен өтеді. Бұл оның ғылыми ізденісін бір сәт те тоқтатпай, ірі ғылым ошақтары шоғырланған араб елдерінің бәріне түгелдей дерлік баруға тырысып, ілімін үздіксіз молықтырып, әрдайым ізденіс үстінде болғанын көрсетеді.

Өмірінің қырық жылдан астам уақытын Әбу Насрдың шығармашылығын зерттеуге арнаған белгілі араб ғалымы Ибраһим Мадкур (1902-1996) ойшылдың ғұмырында оқу мен ізденуден бір сәт те қол үзбегеніне көз жеткізгенін аса ыждағатпен ескертеді: «...қырық жыл тіпті одан да көп уақыттан бері әл-Фарабимен бірге жасап келемін, бұл әрине, аз уақыт емес. Осы уақыт аралығында ғалым шығармашылығын аса зейінмен зерттедім. Сонда түсінгенім, оның оқу мен

ізденуден бір сәт те қол үзбегені болса, заманы оны елеусіз қалдырып, бағасын беруде әділдік танытпаған екен. Шығармалары болса белгісіз қолжазбалар күйінде дүниенің төрткүл бұрышында шашырап қалды» (Ibrahim Madkour, 1983:5 б.) деп жазады.

Ғалым сөзінің жаны бар. Олай дейтініміз, Әбу Наср әл-Фарабиді ұстаз тұтқан бірі шығыстық, бірі батыстық екі ойшыл – Әбу Әли ибн Сина (990-1037) мен Мухаммед ибн Ахмад ибн Рушдтың (1126-1198) француз шығыстанушысы Диляс Олъири (*Dilyas O'Leary*) сөзімен айтқанда «еңбектеріндегі кез келген идеялардың түпкілікті мәндік негіздері әл-Фарабидің ілімінде» (Дилъяс Олири, 1952:166 б.) жатқанына қарамастан, олардың беделі XII ғасырда, әсіресе Батыста, әл-Фарабиден анағұрлым ілгері кетті. «...ибн Синаның философияға сіңірген еңбегі Екінші ұстаздың ислам философиясы саласында айтқан ойларын түсіндіруінде, оларды дамытуында, әл-Фарабиді танытуында» (Ibrahim Madkour, 1983:7 б.) болғанымен, әл-Фарабимен салыстырғанда ибн Сина «XI ғасырдан бастап ислам әлеміндегі философиялық зерттеулердің алдыңғы қатарынан көрінді. Ибн Синаның еңбектері көп оқытылып, көп зерттелді, оның көзқарастарына түсіндірмелер жиі жазылатын еді» дейді ғалым И. Мадкур (Ibrahim Madkour, 1983:8 б.)

Итальяндық философ-ғалымдар Джованни Реале (*Giovanni Reale*) (1931-2014) және Дарио Антисери (*Dario Antiseri*) (т.ж.1940) де «XI ғасырда өмір сүрген еуропалық теологтар мен ғалымдардың назарында аристотелизмнің алғашқы жүйелі негізін ұсынған... ...олар барынша беделді деп санап келген Әбу Әли ибн Сина Аристотель философиясына толыққанды, жалғыз авторлық түсініктеме беруші болды» (Дж. Реале., Д. Антисери, 1994:120 б.) деп жазады.

Әбу Наср әл-Фарабидің кез елген философиялық ілімінің зор ықпалында болып, ойшылдың *эманация* (نظرية الفيض *назариату-л файд)* теориясын дәл сол күйінде қабылдаған ибн Сина Батыста ортағасырдың өзінде-ақ, жеке мектебін қалыптастырып үлгерді. Ортағасырлық көпшілік христиан ойшылары, әсіресе Ұлы Альберт (*Albertus Magnus*) (1200-1280) пен Роджер Бэкон (*Roger Bacon*) (1214-1292) әл-Фараби еңбектерінің мәнін ашуда көбінесе ибн Синаның түсіндірмелеріне сүйенді деуге болады, нәтижесінде, ибн Синаның есімі күллі әлемге таралды.

Екінші ұстаздың пайғамбарлық (نظرية النبوة *назариату ән-нубуа*) және байланыс (نظرية الاتصال *назариату-л иттисал*) теорияларын мойындаған, оның себептілік немесе жасампаз себеп дәлелдеріне (دليل العلّة *далил-ул ‘илла,* دليل الإمكان *далиул-имкан,* دليل المادة *далилу әл-мадда* دليل الزمان *далилу әз-заман)* жүгінген, түптеп келгенде, ойшылдың бірсыпыра ойларының әсерінде қалған испандық философ ибн Рушд (*Аверроэс*) ортағасырлық латын тілді әдебиеттерде кеңінен танымал болды. Оның философиялық көзқарастары топтастырылған еңбектері өзі өмірден озғанына қырық жыл толмай жатып-ақ, латын тіліне түгелдей дерлік аударылып үлгерді деуге болады. «Ұлы комментатор» атағына ие болған ибн Рушдтың Аристотель еңбектеріне берген түсіндірмелері латындық еңбектерде әлі күнге дейін бағаланып келеді. «Шамамен үш ғасыр бойында – он төртінші ғасырдан он алтыншы ғасырға дейін – ибн Рушд пен оның ізбасарларының еңбектері жаппай оқытылып, көп зерттелді. Бір сөзбен айтқанда, рушдиялықтар өз ұстаздарының ілімін кеңінен таратты» (Ibrahim Madkour, 1983:9 б.).

Кезінде тұңғыш қазақ фарабитанушы ғалымы Ақжан Машанов (1906-1997) дүниежүзіне үлгі болған ортағасырлық араб ғылымын жасауға зор үлес қосқан Орта Азия мен көне қазақ жерінен шыққан ғалымдардың ішінен әл-Фарабидің мұрасын іздестіріп, ғалымның ешқандай еңбегінің Қазақстанда жоқ екеніне көз жеткізген соң «...әл-Фараби мұрасы біздің қолымызда атымен жоқ болып шықты. Басқалардың аты да, заты да, еңбектері де бар, ал әл-Фарабидің аты да заты да жоқ. Әбу Әли ибн Сина (990-1037), Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048) сияқты ірі ғалымдар әл-Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан. Ал олардың еңбектері көп томды болып шыққан. Әл-Фарабиден ешнәрсе жоқ... басқа елдің ғалымдары білген әл-Фарабиді оның туған елінде отырған біз неге білмейміз?» (А. Машани, 2005: 47 б.) деген орынды сауал тастап, ұлы баба мұрасын іздестіріп, зерттеу ісін өзі бастап қолға алған еді.

Әлемнің әр түкпірінде басталған осындай игі бастамалардың нәтижесінде, ортағасырдың өзінде-ақ, шығармалары аударыла бастаған ғалым еңбектерінің XIX ғасырдың соңын ала алғашқы нұсқалары баспа бетін көріп, қазіргі таңда ғылымның барлық саласын дерлік қамтитын бірегей туындылары Орта және Таяу Шығыс, Еуропа, Қиыр Шығыс елдерінде сандаған тілдерге аударылып жарияланып, оның мұрасы мен ол туралы ғылыми-зерттеу еңбектер әлі күнге дейін жазылып келеді.

Сан қырлы ғылым саласын философия мен логикадан тарата зерттеген ғалымның шығармашылық мұрасына арналған зерттеу еңбектер мен

оның трактаттарының библиографиялық көрсеткіштерінің өзі ғана бүгінде ғылымның әр саласындағы зерттеу жұмыстарға таптырмас деректерге айналды.

Ғылым тарихында Әбу Наср әл-Фарабидің туған өлкесі мен мазмұнға бай жазба мұрасы туралы ең алғашқы құнды дереккөздер қызметін әйгілі ортағасырлық жылнамашы-тарихшылар ибн ан-Надимнің (ө.ж. 384/1006) «Тізімдер» («*әл-Фихрист*»), әл-Қифтидің (1172-1227) «Ғалымдар тарихы» (*«Ихбару-л улама...»)*, әл-Байһақидің (1099-1170) «Даналық сөздерге толықтырма» («*Таттима суану л-хикма»*), Йақут әл-Хамауидің (1178-1229) «Елдер туралы сөздік» («*Му ʻжам әл-булдан*») және «Ғалымдар туралы сөздік» («*Му ʻжам әл-удубә*»), ибн Халликанның (1211-1282) «Ұлы адамдардың қазасы және заманының ұлдары жайлы мағұлматтар туралы кітап» (*«Уфайату-л айан...*), Омар Ридаа Каххаланың (1905-1987) «Авторлар туралы сөздік» («*Му ʻжам әл му'аллифин*»), әл-Құртубидің (1214-1273) «Ұлыстар кітабы» («*Китаб табақату-л умам*»), ибн Усайбианың (1203-1270) «Дәрігер топтары жайлы жаңалықтардың қайнап көзі» (*«Уйуну-л анба...»*), әс-Сафадидің (696/1318-764/1386) «Мұсылман ғалымдары мен мемлекет қайраткерлері туралы энциклопедия» («*Әл-уәфи би-л уафайат...*»), ат-Табаридің (839-923) «Ұлыстар мен патшалар тарихы» («*Тарих әл-умам уә-л мулук*»), Кәтиб Челебидің (Хаж Халифа) (1609-1657) «Кітап және ғылым салаларының атауларына қатысты көзқарастардың ашылуы» («*Кәшф әз-зунун...*») т.б. сынды араб тілінде жазылған деректанулық, библиографиялық сипаттағы еңбектер атқарады.

Еңбектерін түгелдей дерлік араб тілінде жазған ойшылдың жазба мұрасына зерттеу арнаған әлем ғалымдардың көпшілігі аталған еңбектердің қатарында алдымен, әл-Фарабидің замандасы, араб тарихшысы ابن النديمибн ан-Надимнің (ө.ж. 384 һижра) الفهرست *«әл-Фихрист»* («Тізімдер») еңбегін атайды. Жылнамашы атақты еңбегінде ойшылдың жеті еңбегінің тізімін келтіріп, «Әбу Наср әл-Фараби ныспысы Хорасан жеріндегі Фариаб (فارياب) қаласына қатысты берілген» (An-Nadim, 1978:368 б.) дейді.

Отырар ойшылының туған жері – Фараб (Отырар) қаласы мен оның еңбектерінің санына қатысты маңызды бір деректі ортағасырда өмір сүрген أبو الحسن القفطيәбу-л Хасан әл-Қифти (1172-1227) жеткізеді. Тарихшы өзінің еңбегінде (إخبار بأخبار الحكماء العلماء *«Ихбару-л улама би ахбари-л хукама»* («Ғалымдар тарихы»): «Мухаммад ибн Мухаммад ибн Тархан Әбу Наср әл-Фараби философ Мауараннаһрдағы түркі қалаларының бірі Фарабтан шыққан. Ол сөзсіз, мұсылмандардың философы. Иракқа барып, Бағдатта тұрақтады. Онда кейіннен «әс-Сәлам» қаласында әл-Мұқтадир[1] билігі кезінде өмірден озған Йуханна ибн Хайланнан хикмет ілімін оқыды... оны терең меңгеріп, сол арқылы замандастарының алдына шықты. Ол логикалық кітаптарды зерттеп, оның түсініксіз тұстарына түсіндірме беріп, логиканың сырларын логикалық әдістермен түсіндірді, оны қолданудың, силлогизм формасының әрбір материяда таралу жолдарын ашты, осы арқылы өз замандастарын басып озды... сондықтан да, оның еңбектері шексіз, жан-жақты әрі аса кемел болып жетті. Оның «Ғылымдар жіктемесі және олардың мақсаттарын түсіндіру» деген қасиетті кітабы бар. Бұл кітаптың алдына шығатын ешбір кітап болмаған және ғылым ізденушілердің дерлігі де бұл еңбекті айналып өте алмаған. Сондай-ақ, әл-Фарабидің Платон мен Аристотель еңбектерінің мақсаттарына түсіндірме берген кітабы оның философия өнері мен хикмет ілімдерінің шебері екендігін дәлелдейді» (Al-Qifti, 1990:55 б.) деп, ойшылдың «Дәлел» кітабынан ("كتاب البرهان") бастап, «Хабарлардан үзінді бөлімдер» ("الفصول المنتزعة من الأخبار") шығармасымен аяқталған жетпіс төрт еңбегінің тізімін береді.

Араб жылнамашысы ياقوت الحموي الروميЙақут әл-Хамауи әр-Руми (1178-1229) «*Му ʻжам әл-булдан*» ("معجم البلدان" «Елдер туралы сөздік») еңбегінде былай деп жазады: «Фараб түркі елінің аумағында орналасқан Сейхун өзенінің маңындағы уаләят. Ол Шаштан қарағанда алыс, Баласағұннан жақын... Фарабтың жері сортаң, тұщы, қалың жыныс ормандар көп. Олар Шаш өзенінен суғарылатын оазисте жер шаруашылығымен айналысады. Фарабтан бір топ белгілі адамдар шыққан. Олар «*ас-Сихахтың*» авторы *Исмаил ибн Хаммад әл-Жауһари*, оның нағашы ағасы, *«-Диуан әл 'әдабтың»* иесі *Әбу Ибраһим Исхақ ибн Ибраһим*. Және хакім, философ, фәлсафа өнерінің білгірі *Әбу Наср Мухаммад ибн Мухаммад әл-Фараби.* Әбу Наср Мухаммад ибн Мухаммад әл-Фараби хакім, философ, фалсафа өнері туралы шығармалардың иесі. Дамаскіде 339 жылы дүние салды. Йуханна ибн Хайланның шәкірті болды. Йуханнаның қазасы оған дейін әл-Мұқтадир заманында болып өтті» (Yaqyt al-Hamayi, 193:11 б.).

[1] Әбу әл-Фадл Жа'фар әл-Мұқтадир (282/895-320/932) – аббас халифтерінің бірі.

Екінші ұстаз туралы жазылған келесі бір араб тілді еңбектің авторы араб тарихшысы إبن خلكان ибн Халликан (1211-1282). Ортағасыр жылнамашысы "وفيات الأعيان و أنباء أبناء الزمان"*«Уфайату-л а'йан уа анба абна и аз-заман»* («Ұлы адамдардың қазасы және заманының ұлдары жайлы мағұлматтар туралы кітап») атты атақты еңбегінде: «*Әбу Наср Мухаммад ибн Мухаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби* әт-түрки мәшhүр хәкім. Логика, музыка, және өзге де ілімдер туралы шығармалардың авторы. Ол мұсылман философтарының ең үлкені, оның өнердегі дәрежесіндей дәрежеге жеткендер болмаған. Әр-рәйис Әбу Әли ибн Сина өзінің еңбектерін жазуда оған көп жүгінетін еді. Әл-Фараби түркілік еді. Өз елінде туды, сонда ер жетті... Кейін елінен кетті. Сапарлары оны Бағдадқа алып келді. Ол түркі тілін және араб тілінен басқа бірнеше тілдерді білетін еді. Кейін араб тілін үйрене бастады. Оны кемеліне жете меңгерді. Сөйтіп даналық ілімімен айналысты.

Әбу Наср Бағдадқа келген кезде Бағдадта әйгілі хәкім Әбу Бәшр Мәтә ибн Йунус бар еді. Ол үлкен шейх еді. Күн сайын маңайына жүзден астам логикамен айналысатын шәкірттерін жинап алып отыратын еді. Ол кезде Әбу Бәшр Аристотельдің логика туралы кітабын оқып, шәкірттеріне айтып жаздырып, түсіндіретін еді. Аристотельдің логикасына түсіндірмелер туралы жетіс кітап жазды. Оның дәуірінде оның бұл өнеріндей өнер ешкімде болмаған. Әбу Наср әл-Фараби оның шәкірттерімен бірге оның жиынына қатысатын еді.

Әбу Наср осылай Бағдадта аз тұрақтап, Харан қаласына сапар шекті. Онда христиан хәкімі Йуханна ибн Хайлан бар еді. Одан да логикадан дәріс алды. Кейін Бағдадқа қайта оралып, фәлсафа ілімдерімен айналысты. Аристотельдің барлық кітаптарын жинап, оның мағыналарын түсінуде шебер болып алды. Аристотельдің «Жан туралы» кітабы бар, онда Әбу Наср әл-Фарабидің қолтаңбасымен: «Мен мына кітапты екі жүз рет оқып шықтым. Байқаймын, оны қайталап оқуым қажет сияқты» деген жазу бар деп айтылып жүр. Бір риуаятта әл-Фарабиден: «бұл өнерді артық білетін кім, сен бе әлде Аристотель ме?» дегенде ол: «Егер бұл өнерді түсіне алсам, Аристотельдің ең үлкен шәкірттерінің бірі болған болар едім» деп кездеседі.

Әбу Наср Бағдадта осы іліммен айналысып, әйгілі болды, өз дәуіріндегі адамдарының алдына шықты. Көп еңбектерін осы Бағдадта жазды. Сосын Дамаскіге сапар шекті. Онда да көп тұрақтамай, Мысырға бет алды. Әбу Наср өзінің «Азаматтық саясат» атты еңбегін Бағдадта бастап, Мысырда аяқтағанын жазады. Мысырдан Дамаскіге қайтып оралып, сонда тұрақтады. Сол кезде Дамаск билеушісі Сайф әд-Дәула ибн Хамадан еді. Ол әл-Фарабимен жақсы қарым-қатынаста болды.

Әл-Фараби жападан-жалғыз отыратын еді. Дамаск қаласының бір бұрышында тұрақтайтын мекені бар еді, сонда отырып, еңбектерін жазатын. Шығармаларының басым бөлігін жеке-жеке парақтарға жазатын еді, дәптерге жазылатындары аз болатын. Сондықтан да, оның еңбектерінің көбісі бөлім-бөлім әрі түсіндірмелер болып жетті. Тіпті қиылып, жоғалып кеткендері де кездеседі. Дүниедегі ең *захид*[2] адам еді. Сайф әд-Даула күн сайын оған қаржыдан төрт дирхем бөліп тұрды. Қанағатшыл еді. Осылай 339 жылы Дамаск қаласында өмірден озғанға дейін жалғасты. Сексен жасқа таяған еді. Дамаск қаласында Бәб сағирде жерленді. Алла рақымына алсын! Әл-Фарабидің нысбысы Фараб қаласына байланысты берілген. Қазір ол жер *Отырар* (أُطرار) деп аталады. Бұл Шаштың жоғарғы жағындағы қала, Баласағұн қаласынан жақын. Ол түркі қалаларының бірі. Оны ішкі Фараб (فاراب الداخلة) дейді» (Ibn Hallikan, 1938:230 б.) деп жазады.

Еңбегінде Отырарлық ғұламаның негізгі трактаттарының атауын берген араб тарихшысы عمررضا كحَّالة Омар Рида Каххала (1905-1987). Ол "معجم المؤلفين"*«Му'жам әл му'аллифин»* («Авторлар туралы сөздік») атты кітабында ғалымның "آراء أهل المدينة الفاضلة" «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», "المدخل الي صناعى الموسيقي" «Музыка өнеріне кіріспе», "إحصاء العلوم و التعريف باغراضها"«Ғылымдар классификациясы және олардың мақсаттарын түсіндіру», "المدخل الي علم المنطق"«Логика іліміне кіріспе», "تحصيل السعادة" «Бақытқа жету» еңбектерін атайды.

Тарихшы Омар Рида Каххала Әбу Насрдың туған елі – Фараб жайында былай деп жазады: «Мухаммад ибн Мухаммад ибн Узлағ ибн Тархан әл-Фараби. «Екінші мұғалім» (المعلم الثاني) лақабы берілген. Хәкім, математик, дәрігер, музыкатанушы. Түркі, парсы, грек, ассирия тілдерінің білгірі. Фарабта туды. Араб тілін жетік меңгерді. Мәтә ибн Йунусты кездестірді, одан ілім алды. Хуранға сапар шекті, онда Йуханна ибн Хайланды кездестірді. Мысырға сапар шекті. Сосын Дамаскіге қайтып келіп, сонда тұрақтады.

[2] тақуа, сопы

Дамаскіде рәжәб айында өмірден озды. Әл-Фараби ныспысы Хорасан жеріндегі түркі елдерінің бір қаласы Фарабқа қатысты берілген» (Omar Ridaa Kahhala, 1990:194 б.).

Ахмад ибн әл-Құртуби أحمد إبن القرطبي (1214-1273) "كتاب طبقات الأمم" *«Китаб табақату-л умам»* («Ұлыстар кітабы») еңбегінде ғалымның өмірі туралы айтып, төрт еңбегінің тізімін келтіреді.

Атақты жылнамашы ибн Аби Усайбиа ابن أبي أصيبعة(1203-1270) "عيون الأنباء في طبقات الأطباء" *«Уйуну-л анба фи табақати-л атиба»* («Дәрігер топтары жайлы жаңалықтардың қайнап көзі») еңбегінде әл-Фарабидің жүз он үш шығармасының атауын береді.

Әбу Наср әл-Фарабидің туған жерін Хорасанмен байланыстырған араб дереккөздерінде кездесетін екі дерекке қатысты пікірді өткен ғасырдың ортасында ғалымның 1000 жылдық мерейтойына арнап құрастырылған "أبو نصر الفارابي في الذكرى الالفية لوفاته" *«Әбу Наср әл-Фараби фи-з зикр әл-алфиа ли уафатиһи»* («Әбу Наср әл-Фараби өмірден өткеніне 1000 жыл») атты еңбекте араб ғалымы سعيد زايد Саид Зайд былайша түйіндейді: «...егер ол *Фариабтан* болса, оның есімі әл-Фараби (الفارابي)емес, *әл-Фариаби* (الفاريابي) болған болар еді. Демек әл-Фараби есімі оның Фарабтық екенін дәлелдейді» (Sayd Zayd, 1983:144). Сондай-ақ, ибн Халликан жоғарыды аталған еңбегінде: «... оларда Сыртқы Фараб (فاراب الخارجة) деген де бар. Ол Парсы елінің атырабында орналасқан» (Ibn Hallikan, 1938:156 б.) дейді.

1954 жылы Бейрутте жарық көрген "الفارابي"*«Әл-Фараби»* атты кітаптың кіріспесінде: «...ибн Халликанның айтуы бойынша, әл-Фараби ішкі Фарабтан шыққан түркі, ал ибн ән-Надим оны Хорасан жеріндегі сыртқы Фарабтан дейді. Сонымен, әл-Фараби түркі ме әлде парсы ма? Біз оның парсы екендігімен келісеміз, себебі араб тілін түркілер білген жоқ, сондықтан олар – ғылым немесе философияда – араб тілі арқылы әйгілі болуы екіталай еді, дегенмен, әл-Фараби сынды тұлғаның жөні басқа» деген дерек бар (Al-Farabi, 1954:12).

Бүгінгі таңда әлемдік және отандық фарабитану ғылымы үшін әл-Фарабидің туған жері Оңтүстік Қазақстан территориясындағы Отырар (Фараб) қаласы. «Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда, әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб (Отырар) қаласында, қайсыбір деректерде – оның тікелей ықпалында болған іргелесі Уасиджде (Оқсыз) отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келген. Ол туған жерінің атауымен «әл-Фараби» яғни «Фарабтық» деген атқа ие болған (Ә. Дербісәлі, 1995:12 б.).

Отырардан кеткен соң әл-Фараби алдымен Бағдадқа барады. Бағдадқа барар жолында ол Иранның көптеген қалаларында Исфаханда, Хамаданда, Рейде болады. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, Фараби бұл сапарға әскербасы болған әкесімен бірге аттанады (М. Хайруллаев, 1967:25; Mustafa Galyb, 1998:11). Ғалымның рухани мұрасын зерттеуші М. Хайруллаев: «Әдебиетте әл-Фараби Орталық Азиядан кеткенге дейін Шаш пен Самарқандта болып, біраз уақыт Бұқарада оқып, еңбек етті деген деректер бар» (М. Хайруллаев, 1967:45) деп жазады. Ал араб фарабитанушы ғалымы مصطفى غالبМұстафа Ғалиб былай дейді: «Тарихи деректер көрсеткендей, әл-Фараби сапар шегуге бала кезінен құмар болды. Ислам елдеріне сапар шекті. Ираққа дейін барды» (Mustafa Galyb, 1998:22).

Ілімін жиһанкездікпен ұшастырған ғалымның арнайы ат басын тіреп, ғылыми ізденісін молықтыра түскен бір мекені – Мысыр шаһары. Тарихи деректер көрсеткендей, 337 (h) жылы Мысырға сапар шеккен Әбу Наср өзінің Бағдад қаласында бастап, Шамда біраз толықтырған «Мемлекеттік саясат» трактаты мен атақты «Қайырымды қала тұрғындары көзқарастары» еңбегіне қосқан бөлімдерін дәл осы Мысыр шаһарында кемелдендіріп, тәмамдайды. Сонымен бірге, Ежелгі Мысыр – ойшылдың Дамаск шаһарына қайта оралып, көп ұзамай мәңгілік мекеніне аттанар алдындағы соңғы тұрақтаған қаласы.

Әл-Фарабидің Мысыр елінде қанша уақыт болғаны туралы араб дереккөздері мәлімет бермейді. Ғалым Ә. Дербісәлі ойшылдың Мысырға сапар шегуін Әбу Наср сияқты түркілердің әскери отбасынан шыққан Мұхаммед ибн Тұғұж әл-Ихшид есімді тарихи тұлғамен байланыстырады. Ғалымның пайымдауынша, Мұхаммед ибн Тұғұж әл-Ихшид 935-946 (миләди) жылдар аралығында Мысырда патшалық құрған Орта Азияда беделді лауазым иесі көрінеді. Ойшылдың Мысыр шаһарында қанша уақыт болып, Ежелгі перғауындар еліне қанша рет айналып соққаны туралы дерек бізде жоқ. Беделді тарихи деректердің дерлігі оның Мысырда болған уақытын бір ғана 337 жылмен белгілейді.

Әбу Насрдың Бағдадтан қашан кеткені туралы нақты дерек жоқ. Бір жазбаларда әл-Фарабидің қаланы тастап, Сирияға бет алған

уақытын hижраның 329-330 жылдарымен белгілейді 337-жылы Мысырға келіп, өзінің «Мемлекеттік саясат» еңбегін аяқтайды. Өмірінің соңында Дамаск билеушісі *Сайф ад-Дауланың* шақыруын қабыл алып, Дамаскіге қайта оралады. 339-жылы *рәжәб* айында 80 жасында қайтыс болады.

Әбу Наср өзінен кейін орасан зор мұра қалдырды. Ғалым еңбектерінің қолжазбалары әлемнің түкпір-түкпіріне таралып, оның шығармашылығы жайында көптеген ғылыми зерттеулер жарияланды. Жазу-сызу араб әліпбиі негізінде өмір сүріп келген елдерде XIX ғасырдың ортасына дейін жазба ескерткіштердің қолжазба күйінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғаны белгілі. Орта Азия мен бүкіл Мұсылман Шығысы ойшылдары туындыларының қолжазбалары да көшіруші-хаттар арқылы біздің заманымызға дейін жетті. Әдетте, қолжазба еңбектер арнайы тапсырыспен тек бір ғана нұсқада жазылды. Бір шығарманың бірнеше нұсқасы да кездесіп отырады, бірақ олар көп жағдайда, әртүрлі адамдар арқылы әр кезеңдерде жазылды. Еңбектерді кітап етіп бастырып шығару ісі болмағандықтан, көптеген қолжазбалар бүкіл әлемге шашырап, кейбірі жоғалып, кейбірі әлі күнге дейін табылмай келеді.

Әбу Наср әл-Фараби шығармалары қолжазбаларының тағдыры да осы іспеттес. Ғалымның еңбектері белгісіз қолжазбалар күйінде әлемнің төрткүл бұрышына шашырап кетті. Бүгінгі таңда ғалым трактаттарының нұсқалары Тегеранда, Исфаhанда, Ирақта, Бейрутте, Хайдарабадта, Каирде, Стамбулда, Берлинде, Лейденде, Лондонда, Мадридте, Ташкентте және әлемнің басқа да елдерінде сақтаулы екендігі анықталып отыр.

Көне Отырарда дүниеге келіп, өмірінің көп бөлігін араб елдерінде өткізген, еңбектерін түгелдей дерлік араб тілінде жазып қалдырған ұлы бабамыздың шығармаларын түгендеп, елге оралтып, бірізге түсіріп, әлемдік деңгейдегі ортақ библиография әзірлеу – заман талабы.

Әдебиеттер

Ибраhим Мадкур. *Әбу Наср әл-Фараби фи-з зикр әл-алфиа ли уафатиhи*. – Каир. – 1983. 5 б.

Реале Дж., Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. 2 т. Средневековье. – СПб.: ТОО «Петрополис», 1994. – С.120.

Машани А. Әл-Фараби және Абай. Алматы, 2005. 47 б.

Ибн ан-Надим. *Әл-фихрист*. Каир. – 1978.

Әл-Қифти. *Ихбару-л ʼулама ʻби ахбари-л hукама*ʻ. – Бейрут. – 1990. С.55.

Йақут әл-Хамауи әр-Руми. *Му ʻжам әл-булдан*. Каир. – 1930. С.11.

Ибн Халиккан. *Уфайату-л а ʻйан уа анба ʼ ʼабна ʼ и аз-заман.* Каир. – 1938. С.4.

Омар Рида Каххала. *Му ʻжәм әл-му ʼаллифин*. Бейрут. – 1990. С.11.

Хайруллаев М.М. Мировоззрение Фараби и его значение в истории философии. – Ташкент, 1967.

Мұстафа Ғалиб. әл-Фараби. Бейрут. – 1998.

Әбсаттар Дербісәлі. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 40 б.

References

Ibrahim Madkur. Abe Nasr al-Farabi fi zikra al-alfya li uafatihi. Kayr, 1983. – 5 b.

Reale Dj., Antiseri D. Zapadnaya philosophy otistokov do nashih dnei. 2 t. Srednevekovye. Spb. TOO “Petropolis”, 1994. – 120 s.

Mashany A. Al-Farabi jane Abay. Almaty, 2005. – 47 b.

Ibn an-Nadym. Al-Fihrist. Kayr. 1978.

Al-Qyfty. Ihbaru-l ulama bi ahbar-il hykama. Beyrut. 1990. – 55 s.

Yaqut al-Hamayi ar-Rumi. Mugjam al-buldan. Kayr. 1930. – 11 s.

Ibn Halikkan. Uafayat alagyan ua anba abna az-zaman. Kayr. 1938. – 4 s.

Omar Ridaa Hakkala. Mugjam al-mualiffin. Beyrut. 1990. 11 s.

Hayrullaev M. Mirobozrenye Farabi I ego znachenye v istoty philosophy. Tashkent. 1967.

Mustafa Galyb. Al-Farabi. Beyrut. 1998.

Absatar Derbisali. Onegeli omir. Almaty. Qazaq universyteti. 2016. – 40 s.

ҒТАМР 17.82.10

Шарыпқазы Н.[1], Әбирова Қ.Б.[2]

[1]оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nuriknaiman16@gmail.com
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистрі,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР МЕН АҚЫННЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

XX ғасырдың аяғы және XXI ғасырдың басында тілді тек қана өз ішінен зерттеу тиімсіз болып, оны жаңаша қырынан зерттеу бағыты қалыптасты. Бұл бағыт «адамды – тіл арқылы, тілді – адам арқылы зерттеу», яғни антропоцентристік бағыттың дамуымен байланысты болды. Адамның өзіндік қасиеті сонымен қатар, тіл жүйесін өзінше пайдалануы жаңа зерттеудің орталығына айналды. Мақаланың тақырыбына айналып отырған: «Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы тұрақты тіркестер мен ақынның қолтаңбасы» қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелерді қамтиды. Ақын поэзиясының тілі әдеби тіл фактілерімен салыстыра отырып, лингвистикалық талдауға алынды. Тілдік тәсілдердің (тұрақты тіркестер) стильдік ерекшелігі, автордың қолтаңбасын білдіретін сөздер мен сөз тіркестеріне лингвистикалық талдау жасалынды.

Түйін сөздер: Мағжан Жұмабаев, әдебиет, поэзия, тілдік тұлға, антропология, фразеологизм, зат есім, сын есім, лексика, қолтаңба, амплификация, синонимдер.

Sharypkazy N.[1], Abirova K.B.[2]

[1]Lecturer of Oriental Studies Faculty,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com
[2]Master student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

Stable phrases and style of poet in Magzhan Zhumabayev's poetry

In the late XX and early XXI centuries. only language learning was ineffective, its line of research was developed again. This direction is "the study of man through language, language through man", that is, it is associated with the development of the antrocentric direction. The personal qualities of a person are also a center for learning and using the language system. The topic of this article: "Stable phrases and style of poet in Magzhan Zhumabayev's poetry" considers current problems of modern linguistics. The language of poet's poetry is compared with literary language factors and linguistic analysis is carried out. Were also analyzed stylistic features of language research (stable phrases) of words that express the author's style and phrases.

Key words: Magzhan Zhumabayev, literature, linguistic personality, anthropology, idiom, noun, adjective, vocabulary, style, amplification, synonyms.

Шарыпказы Н.[1], Абирова К.Б.[2]

[1]преподаватель кафедры китаеведения,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: nuriknaiman16@gmail.com
[2]магистрант, Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы: e-mail: nuriknaiman16@gmail.com

Устойчивые словосочетания и стиль акына в поэзии Магжана Жумабаева

В конце XX и в начале XXI вв. только изучение языка было неэффективным, его направление исследований было разработано вновь. Это направление – «изучение человека через язык, язык через человека» связано с развитием антроцентристического направления. Личные качества человека также являются центром изучения и использования языковой системы. Тема

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

данной статьи – «Устойчивые словосочетания и стиль акына в поэзии Магжана Жумабаева» рассматривает актуальные проблемы современного языкознания. Язык поэзии акына сравнивается с литературными языковыми факторами и проводится лингвистический анализ. Были так же проведены анализы стилистических особенности языкового исследования (устойчивые словосочетание) слов, которые выражают стиль автора и словосочетаний.

Ключевые слова: Магжан Жумабаев, литература, языковая личность, антропология, фразеологизм, имя существительное, имя прилагательное, лексика, стиль, амплификация, синонимы.

Кіріспе

Мағжан сөзінде кездесетін әдемі әуез, сыршыл ырғақ, кейде жүректі тебірентіп, толқытатын, кейде мұңға батыратын, алыс арманға құлаш ұрғызатын, тылсым дүниенің қаттылығы мен тәттілігіне тәнті ететін сыбызғы поэзия бұрынғы ақындарда некен-саяқ.

Академик М. Серғалиев «Тұрақты тіркестер – әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар – сөз зергерлерінің ой-түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құралы. Тұрақты тіркестерді қай жазушы болса да өз шығармасында қажетіне қарай қолданады» (Серғалиев М., 1998:264) деп көрсетсе, Мағжан ақын да өз шығармашылығында «жанданған әсем кестелерді» ерекше талғаммен, шеберлікпен, шығармашылықпен қолданған.

Фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер көркем сөз өнерінің ең құнарлы саласына тән ойлау нәтижесі мен халық даналығының туындысы болып саналады. Ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, жетіліп отырған сөз байлығымыз әр уақытта көркем сөз шеберлерінің өз шығармаларында түрлендіріп, сан құбылтып, пайдалануға болатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі.

Поэзия тіліне тән ерекшеліктердің бірі – өлең құрылысы болса, ондағы поэтикалық үйлесімділік, тұлғалық сәйкестік, дыбыстық үндестік, ұйқастық, фразеологизмдердің неше түрлі өзгеріске түсуіне әсерін тигізеді. Ал мұндай фразеологизмдердің поэзия тіліндегі өзгеріске ұшырауы, ол өзгерістердің түрі мен шегі, мақсаты мен міндеті, ол ақынның өзіндік шеберлігіне, сөз саптауындағы ерекшелігіне байланысты.

Осындай ерекшелігімен, даралығымен, сөз саптауындағы қайталанбас бейнелі сөздерді қолданудан хас шеберлердің бірі – Мағжан Жұмабаев. Ақын өз өлеңдерінде жалпы шығармашылығында халық тілінің фразеологиялық қазынасын кейде өз қалпында, кейде жаңғыртып, жаңа өзіндік өң беріп, кейде сол үлгіден жаңа тіркестер құрайды.

Негізгі бөлім

«Көркем әдебиетте фразеологизмдер үнемі тек дайын қалпында алынбай, әртүрлі жолмен жұмсалып пайдаланылатыны белгілі. Соның бірі – жалпыхалықтық форманы өңдеп, өзгертіп қолдануы. Фразеологизмдерді бұлай қолдануда арнайы мақсат болатыны өзінен-өзі түсінікті. Осындай жолдармен әр ақын, жазушы тұрақты сөз тіркестерінің жаңа үлгісін жасап, фразеологиялық қорды байытуға өздерінің үлесін қосады», – дейді ғалым Хасанова.

Зерттеуші Қайыпбаева Айжамал өзінің: «Тұрақты тіркестерінің поэзия тіліндегі қолданысы» атты зерттеу жұмысында «Қазақ тілінде «санамен сарғаю» деген фразеологизм бар. Ол «қайғылы ой азабына түсті» – деген мағынада қолданылады. Осы фразеологизмді Мағжан Жұмабаев:

«Сені бүйткен бейбақтың
Санадан жүзі сарғайсын...!» –

деп қолданған.

Бұл фразеологизмнің мән-мағынасын толық сақтай отыра, ақын жай пассив баяндаудан оны императив (бұйрық) түріне ауыстырып қарғыс ретінде («Санадан жүзің сарғайсын!») қолданып, сол арқылы оған экспрессивті-эмоционалды реңк үстемелеп, мағынасын күшейтіп отыр. Бұл авторлық қолданымның бір жағы. Екінші жағы – мұндағы тұлғалық өзгерістер. Бұл қолданысты о бастағы номинативтік тұлғасымен – «санамен сарғаю» салыстырғанда, мына тәрізді өзгерістерді көруге болады:

а) «санамен» – «санадан»

ә) «жүзі» – оргиналды жоқ сөз;

б) «сарғаю» – «сарғайсын!» – бұйрық рай формасында. Бұл қазақ тілінде «қарғап-сілеу» мотивіне тән қолданыс. Бұл фразеологизмнің құрамындағы сана сөзі «санам сан бөлек, ойым он бөлек» деген неше түрлі азапты, мазасыз, қайғы-қасіреті мол, ауыр күйді бастан кешіруге байланысты айтылатын адамның күрделі сезімін білдіреді. Сол «сананың» әсері ең алдымен адамның сарғайған бет жүзінен байқалады.

Мағжан ақынның «санамен сарғаю» фразеологизмнің өзінше өзгеріп, жалпы мағынасында нұқсан келтірмей, қарғыс, қарғау түрінде қолдануы «сана» сөзінің мән-мағынасын терең де жан-жақты зерделей түсуіне байланысты болуы керек. Сондықтан да, сарғаюдың бәрі ұзақ уақыт бір нәрсені күтуге, сары жамбас болып жатып алуға, сары таңды күту деген символдық мәніне, сары уайымның ұзақ қайғы екендігіне байланысты айтылады (Қайыпбаева А., 2011:9-10).

І. Кеңесбаев: «Фразеологизмдерді сөз таптарына қарай сыныптастыруға да ең негізгі мәселелердің бірі. Сөз таптары жайлы мектеп грамматикаларына айтылатын қағидаларды фразеологизмдерге қалай болса солай қолдана берудің жөні жоқ. Олар зат есім, етістік, үстеу, т.б. сөз таптарымен тең мағыналы емес. Себебі фразеологизмдердің тұлғасы мен семантикасы жеке сөз табына бара-бар келмейді. Белгілі бір сөз табының қызметіне жуықтайтын ғана фразеологизмдер бар», (Кеңесбаев І., 1977: 617) деп айтады. Дегенмен де сөз байлығының құнарлы да бейнелі, әсерлі бір саласы – тұрақты тіркестер әрбір тілдің өзінің зандылықтары бойынша жасалынып, қолданыс табады. Бірақ тұрақты тіркестердің белгісі бір заңдылықтары бар болғанымен, олардың әртүрлі өзгерістерге түсуіне болатындай факторлар да жоқ емес. Яғни, тілдің кез келген қарапайым да күрделі элементтері қатып қалған дүние емес, қарым-қатынас ситуациясына, сөйлеу процесі мен оның мақсатына байланысты мың құбылып өзгеріп отырады.

«Коррелятивтік өзгерістер» деген термин латын тілінен аударылғанда заттар мен құбылыстардың бір-бірімен сәйкестігі, өзара қатыстылығы, үйлесімділігі деген мағына береді. Коррелятивтік өзгерістер – сөздің, сөз тіркестерінің сөйлем құрамында тұрып, өзінен басқа сөздермен белгілі бір грамматикалық тұлғалар мен байланыс тәсілдері арқылы өзара сәйкестігін тауып қолдануын білдіреді. Бұл дегеніміз, тұрақты тіркес құрамындағы әрбір сөздің сөйлем құрамындағы өзін қоршаған басқа сөздермен, яғни әрбір сөз табының өзіндік ережеқағидаларына сәйкес байланысып тұруы. Коррелятивтік өзгерістердің белгілі бір грамматикалық тұлғада тұрған есім сөздер мен етістіктерден жасалған тұрақты тіркестердің жасалуын, қолданылуын қарастырады.

«Фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстығын анықтау үшін негізгі сөз бен жалпы тіркестен туатын фразеологиялық мағынаны салыстыра отырып шешу керек, фразеологизмнің сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысқа түсіп, өз мәнін нақтыландырады. Сөйлем мүшесі белгілі бір сөз табына қатысты болады», – дейді (Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ.,1997: 206).

Мағжан шығармасында кездесетін есімді фразеологизмдер құрылысы:

1. Зат есім мен зат есім қабыса тіркеседі: ата қоныс, қорлық уы, ерке бала, күміс күлкі, құлдық уы, тас жүрек, бақыт құсы, қастық уы, тас бауыр, алма бет, алма жүз, ерке бұлақ, қулық-сұмдық сабағы, шаян тіл, өмір оғы, бабам тілі. (Махметова А.С., 2006:6). Осындай тіркестер ақынның «Ғазизаға» атты өлеңінде кездеседі:

«Іште жалын, көкіректе қайғы зар,
Аямастан өмір уын беріп тұр.
Сені көру – босанғанмен бір маған,
Еркетайым анда-санда келіп тұр...» –

мұнда зат есім мен зат есімнен жасалған «өмір уы» тіркесін көреміз.

Сондай-ақ, «...Альбомына» деген өлеңінде «жүрек құл» тіркесін көруге болады:

«...Өтеді өмір,
Бітеді жыр жүрек құл
Жырсыз жырау,
Тиіп қырау – солды гүл...»

2. Сын есім мен зат есім: ақ жаулық, сұм боран, тәтті бал, сұлу сағым, асау жүрек, мәңгі мұнар, жүйрік қиял, кең ақыл, қалың ой, ақ найза, ақ білек, айдын көл, жылы жүз, айдын шалқар көл, қалың дерт, жібектей жасыл шөптер, сұм қиял, зеңгір тау, түпсіз дария, алтын күн, сорлы бұлт, қыпша бел, жүйрік жүрек, сұм өмір, ашық бақыт қыз, сұлу қыз, таза жүрек, жібек түн, алтын ой, адал ниет, ақ көңіл, сұм тағдыр, ауыр ой, алтын сәуле, сұм сұлу, ыстық лебіз, долы дауыл, қалың уайым, тәтті қылық, жібектей тіл, қалың қайрат, алтын уық, жібек бау, қара шаңырақ, қара жер, ыстық жүз, сар дала, сайран жер, тәтті қиял, жалқау жел, ақ отау, қалың ел, қара жылан, алтын жүз, алтын шаш, күміс көбік, жас жүрек, асқар тау, зеңгір тау, бұраң бел, бота көз, ақ көңіл, ақ бата, жылы жел, ауыр аманат, ауыр иіс, қара қайғы, ізгі ой, алтын үміт, ақ періште, қызыл әсел, қу өмір, жылы үн, жауыз тағдыр, ерке бұлақ, кең ақыл, асыл қан, ұлы ой, ескек жел, салқын жас, ерке түс, қорқақ ақыл, торсық бет, алтын ерік, айқын зұлым, жүйрік жан, тәтті тақ, ұшқыр жан, жауыз тағдыр (Махметова А.С., 2006:6).

Сын есім мен зат есімнен құралған тіркес ақынның *«Анама»* атты өлеңінде молынан көрінеді:

«...Жаным анам, жібек тілді, ақ көңіл,
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол.
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға,
Жан балаңа ақ батаңды бере көр!...», –
(Канарбаева Б., 1988:73)

мұнда *жібек тіл, ақ көңіл, ұзын жол, теріс жол, ақ бата* сияқты сын-сапаны білдіретін тіркестер кездеседі. Осындай тіркестер Мағжанның көптеген өлеңдері мен поэмаларында көрініс табады. Мысалы, *«Ертегі»* деген поэмасында:

«...Аласұрад, жынданады жас жүрек,
Қарақ керек, арақ керек! Не керек?
Дәрі де жоқ, жалғыз жолдас – қиялым,
Жұбатады айтып маған тәтті ертек...», –

осында жас жүрек, тәтті ертек деген тіркестерді қолдану арқылы айтпақ ойын көркем жеткізуге әсерін тигізеді.

«... Түкті қабақ жауып түскен көзіне,
Ұшқын шашып, от ойнап тұр көзінде,
Қырын мұрын, қырмызы ерін, қап-қара,
Тікенектей түк шығып тұр жүзіне...», –

деген шумақта *түкті қабақ, қыр мұрын, қырмызы ерін, тікенектей түк* тіркестерін пайдалану арқылы Сыздық образын, бейнесін ашуға қолданған.

3. Екі-үш сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы тіркеседі: еркін кең дала, жылы тәтті, алмас жібек жол, желдей жынды жүрек, бұйра толқын шаш, ақ жібектей тоқ, мәңгі мылқау қара орман, үнсіз меңіреу ұзын түн, кіршіксіз жас жүрек, тұңғиық бір терең ой, таза терең, өткір күшті, кең тілім, кілегей қара бұлт, тәтті улы бал, айдын шалқар көл, асау жас жүрек: (Махметова А.С., 2006:6).

Екі-үш сын есім мен зат есімнің тіркесуі Мағжан поэзиясындағы «М.Д Абақтыдан шыққанда» деген өлеңінен де кездестіруге болады:

«Зор қуаныш – қара түн өткеніне,
Айтып таңды ашық күн жеткеніне» –

деген тармақтарда *«алтын таңды ашық күн»* тіркесі ақын бостандыққа жеткенін ерекше тіркеу сөз саптау арқылы мейлінше әсерлі, ұғынықты, көркем жеткізген. Сол сияқты «Есімде тек таң атсын» өлеңінде:

«...Ақырған арыстанның айбатына,
Шыдар ма қоян жүрек қорқақ құлдар?!» –

мұнда *«қоян жүрек, қорқақ құл»* тіркесі кездессе, «Дін үйреткенге» атты өлеңінде:

«...Айырып ар-намыстан, күштен, естен,
Кім қылды шала-жансар бір қорқақ құл» –

мұнда да *«шала-жансар қорқақ құл»* тіркесі өзіндік бір қызметте тұрып, ерекше бояуға ие. Ақынның «Жер жүзіне» деген өлеңінде:

«...Қайратты мол қандыбалақ қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған», –

мұндағы *«қайратты мол қандыбалақ қыран»* тіркесі адамның өзіндік мәнін таныта отырып, ерекше әсер береді.

4. Бес сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы: таза, терең, өткір, күшті, кең тілім: (Канарбаева Б., 1988:6), бұл тіркес Мағжанның «Қазақ тілі» деген өлеңінде:

«...Жарық көрмей жатсаң да ұзақ кең тілім.
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім
Тарап кеткен түрік балаларыңды бауырыңа,
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!» –

деген шумақта көрінеді. Мұнда ақын қазақ тілінің әлі де қолданыста өз дәрежесіндей болмаса да, болашақта тіл мәртебесі көтерілетініне нұрлы жұлдыз тіліміздің асқақтайтынына сенеді. Ақын (тілдің) оның қадір-қасиетін жақсы түсінеді, оның дәлелі – тіл сөзін анықтап тұрған эпитеттер: таза, терең, өткір, күшті, кең.

Кең сөзінің тура мағынасын құбылту арқылы түбінде біздің ана тіліміздің маңдайы жарқырап, ғылым тіліне айналып, қоғамдық өмірдің түрлі саласында қолдануға келетініне күмән келтірмейді. Өлеңнің соңғы екі жолында ақын тілдің түркі тілдес халықтарды біріктіруші күш екеніне үміт артады, оны бауырына тарту фразеологизмін өлең ұйқасы мен ырғағына қарай келтіріп, келер шақтың болжамды түрінде қолдану арқылы көрсетеді. (Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова Ә. 2002:58-60).

Тіл – халықтың баға жетпес байлығы екенін ақын бірнеше эпитеттерді қолдана отырып тіл мәртебесін, қоғамдағы рөлін асқақтатып, әсерлі жеткізуге тырысады.

Мағжан поэмасында кездесетін етістікті фразеологизмдер: «Пайғамбар» өлеңінде:

«Көзге түртсе көрінбейтін қара түн,
Күнірене ме, күле ме, әлде, әлде кім?» –

деген жолдарда «көзге түрту» тіркесі бар іс-әрекетке жұмылдыру барысындағы шараны көрсетеді. Сондай-ақ, «Мен кім» атты өлеңінде:

«...Көкте күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын...»
«...Жалынмын мен, келме жақын жанарсың.
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың», –
(Жұмабаев М. Таңдамалы, 1992:90)

дейді ақын.

Мұнда «көпке нұр шашу» және «шаңына ермей қалу» тіркестерін қолдану арқылы шығармаға ерекше өң беріп, оқырманға әсерлі жеткізуге бағытталған.

«Бүгінгі күн – өмір, өлім – менікі» өлеңінде:

«Жансыз суықкөзін қадап қу өлім,
Тез деп күтіп, тісін шықыр қайрасын”
(Жұмабаев М. Таңдамалы 1992:91).

Бұл жолдарда «көзін қадау» және «тісін шақыр қайрау» тіркестері тағы да ақынның сөз саптауындағы өзіндік бір мақсатта құрылған көркем бейнелі сөздер.

Ақынның «Берниязға» атты арнау өлеңінде:

«Мен күніренем ұлы ойлар кеп басыма,
Жырласаң ед шомылып көз жасыңа» –

Деген жолдарда «көз жасына шомылу» тіркесі ерекше поэтикалық мәнге ие.

М.А. Ілиясованың «М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы фразеологизмдер» атты мақаласында тұрақты тіркестер көркем шығарма тілін жандандырып, астарлап, бейнелей суреттеудің дайын бір құралы болып табылады.

Халық тілінің осы бір мол байлығын жазушы немесе ақын қаламы өз қалауынша қажетіне жаратады. Автор фразеологизмдерді жалпы тілдік қолданыстағыдай өзгертпестен жұмсауы да, белгілі мақсатқа орай құрылым – құрылысын, мағынасын жаңғырта қолдануы да мүмкін. Жаңғыртудың өзі жалпы тілдік қолданысқа тән түрлендірулер және тек автор қаламына тән түрлендірулер болып бөлінетіндігі де белгілі.

Бейнелі сөздердің тілдік тұрғыдан алғанда экспрессивті-эмоционалды қасиеттері мен тартымды берілуі автордың өзіндік талғам әрі тілдік қорына байланысты. Соған орай тұрақты тіркестер түрлі шығармаларда бірде аз, бірде молынан кездеседі.

Сыршылдығымен, әсерлі суретшілдігімен танылған Мағжан «Батыр Баян» поэмасында қазақ әдеби тілінің бай қазынасын, көркемсөздің әр алуан өрнегін шебер қолдана білген. Мысалы:

1. Мен де ойды ағытамын қаламыма,
Арқаның көз жіберсе малабына.
2. Ішінде сары дария көз тоқтатар,
Көкшетау – Сарыарқаның аралы да.
3. Оқжетпес найзақия – қыранға ұя
Қарасаң жанның шері тарқамай ма?
4. Дұшпанның қалғандай боп табасына,
Арқаға аяқ салып, түскен барып,
Екі оттың – орыс, қытай арасына.
5. Жылайды өңшең ноян ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай.
6. Байлаулы бөрілерді аза қылмай,
Кестелеп, сөзбен сипап айтты Қанай.
7. Айырылып байлығынан көп соққы жеп,
Көз жасы атығайдың толды өзекке.

Бұл мысалдардан Мағжан поэмасындағы фразеологизмдердің көпшілігі әдеби тіл қазынасынан алынып, жалпы тілдік қор құрғандығын байқауға болады.

Көп кезде поэма кейіпкерлерінің сезім-күйін, іс-әрекетін айшықты сөздермен беру арқылы шығарманың үндестігін күшейтіп, эмоциялық бояуын арттыра түскен. Сонымен бірге, поэмадағы:

1. Қалшылдап, көзі қан боп, қолына алмай,
Байланған садағынан белде сала.
2. Әлгіде ойды улаған ашу кезеп,
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл.
Күбірлей бастады енді: «Мұның не? – деп.
3. Қорғасын миын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
4. Кеудеңе жан кірмей ме, көзің шалса,
Өмірің жаңа ағарып, атқан таңдай.
5. Жадырап жаным, шерім тарқар еді,
Кеңесім тыңдаушыға сала алса ой.

Мұндағы *көзі қан болу, ашу кезеу, жан кіру, жаны жадырау* тұрақты тіркестері синонимдес варианттар болып табылады: өйткені, беретін мағыналары бір болып табылады (көзі қан болу – ашулану, қаһарманның кәріне міну, ашу кезеу – ашулану). Мұндай синонимдес варианттарды поэманың өн бойынан көптеп кездестіруге болады. Осындай бір мағынаны беретін тұрақты сөз тіркестерінің синонимдес вариантын беріп, қайталамай қолдану ақынның шеберлігін көрсетеді.

Поэмадағы тұрақты тіркестердің көпшілігі жалпы халықтық формада қолданылғанымен, ақын оларды кез келген уақытта тілдік тұрғыдан бейнелі, тартымды етіп беруге тырысады. Поэма кейіпкерлерінің іс-әрекетін ашу немесе көңілкүйін, жан сезімін білдіруде дәл баса жеткізіп, орнымен жұмсайды.

Мысалы, берілген тұрақты сөз тіркестеріне тоқталатын болсақ, аузынан уыз шыққан – балғын жас; күлден кейбін кию – қайғыру, сары

уайым болу; аузынан жалын шашқан – қайратты, өжет, батыр; қан жылау – қайғыру, қасірет шегу; қара бет болу – ұятты болу, ұятқа қалу; ығай-сығай – не бір мықтылар; баурына кіру – жақын тарту; тасжүрек – қатігез, қатал; қан майдан, қиян-кескі, ұрыс, қызыл, артыс-тартыс.

Бұл тұрақты сөз тіркестері етістік тобына және есім тобына жататын фразеологизмдер. Мұндағы *қанжылау, баурына кіру, күлдей кебін кию* дегендер атау тұлғалы зат есімдердің етістікпен тіркесу арқылы келетін есім тобына жататын фразеологизмдер. (Ілиясова М.А., 2004:90-92).

М.Ғ. Ғабдуллина, З.Б. Тәттібаевалардың «Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестерінің сипаты» атты мақаласында: «... Батыр Баян» поэмасындағы:

Ойламай белді бекем будым неге?
Қозымды қас дұшпандай будым неге? –

деген өлең жолдарындағы *белді бекем будым* деген фразеологизм бір іске жөндеп кірісу деген мағынада тұр.

Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға
Жан балаңа ақ батаңды бере көр!
(«Анама»)
Көп түрік енші алып тарасқанда
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?
(«Түркістан»)

Бұл өлең жолдарындағы *ақ бата* деген тұрақты тіркес жақсы тілек, ізгі ниет бағдарламасында жұмсалса, *қара шаңырақ* тіркесі үлкен тәрбие алған, ұшып шыққан ұя, киелі шаңырақ деген мағынада қолданылып тұр.

Ақын орынды жерінде фразеологиялық тіркестердің компоненттерінің арасында басқа сөз кірістіріп, оның стилистикалық қызметін күшейту, экспрессивті бояуын бұрынғысынан әсерлей түседі.

Мысалы:

Бақ шіркін бір күн қонып бауырына еніп
Кетпек қой ертеңіне-ақ алдап күліп.
(«Есімде тек таң атсын»)

Бұрынғы *бақ қону* қалпында кездесетін фразеологизм ақын қаламынан шыққанда компоненттердің арасына сөз салынып мағынасы кеңейтіліп жұмсалған.

Болмаса да басыма да бармас па екен?
Атымды ауызына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен? («Жан сөзі»)

Мұндағы *аузына алмау, көз қырын салмау* фразеологиялық тіркестерінің арасына да шылауы түсіп, оның мәніне қосымша күшейтпелі мән беріп тұр.

Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде
Қан суыған жүрек солғын соғады.
(«Қазақ тілі»)

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу
Қош иісті түрлі-түсті күн сұлу.
(«Сен сұлу»)

Бұл мысалдағы фразеологизмдер халық тілінде *жүрек соғу, жібек жел* түрінде айтылса, мұнда компоненттердің ара жігін ашып, солғын, жылы сөздері тұрақты тіркестің мәніне қосымшаланып стильдік мазмұнын аша түскен. Ақын осылайша фразеологизмдерді өңдеп, құбылтып қолдану арқылы олардың контекстегі мәнерлілігін, көркемдік қасиетін арттыра түседі.

Жалпы әр ақынның өзіне тән жазу мәнері, сөз қолданысы, тіл бейнелілігі болады. Мысалы: жел, ай, күн, түн, тағы басқалары сияқты сөздер Мағжан өлеңдерінде жиі кездеседі. Бірақ ақын бұл сөздерді сол қалпында қолданбайды, оларды түрлендіріп, кейіпкердің іс-әрекетіне, көңіл-күйіне сай түрліше қалыпқа түсіреді. Бір ғана «жел» сөзінің өзіне қарасақ, түрлі образбен береді: *«жүйрік жел», «жалқау жел», «жібек жел»*.

Таң атқанша жүйрік жел
Жүгіруден талмады.
(«Ескендірдің екі мүйізі»)

Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,
Жан-жақта жүргендей-ақ жындар билеп.
(«Жаралы жан»)

Сананы сан жаққа жүгірткен «жел» сөзіне байланысты тіркестер мен ой-толғамдар қазақ поэзиясында бұрын-соңды болмаған. Мағжан қаламы арқылы келген жаңалықтар жеке ақын тұлғасына тиесілі. Ақынның сезім дүниесіне әсерлі мұндай жаңа тіркестер Мағжан поэзиясында тұнып тұр. Демек, осы бір ғана «жел» сөзіне байланысты туған тың ой-оралымдар Мағжанның жазу стилін ғана емес, оның суреткерлік ерекшелігін айқындайды.

Осы бір жел сөзінің өзі Мағжан поэзиясында жүз құлпырып, мың түрленіп, ақынның ішкі дүниесі мен сезім сырларын құбылта атқарады.

Қазақтың *жосықты ой, жанды сөзін* қолдануда өзіне тән стильдік шеберлікпен көркемдей отырып, адам жанының мұң-шерлі,

қуаныш-сүйініштi сезімін тың бейнелеуде тың образдар тудырған.

Түн баласы көр көзінен жас толып,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді.
(«Пайғамбар»)
Қаламды көздің жасы, көрге айналдым,
Қаран – ақ, ақты – қара дерге айналдым.
(«Сарғайдым»)

Қазақ поэзиясында *«көр»* сөзі мұншалықты поэтикалық тіркестермен құбылмаған. Қайғы мұңды, әдемілік-сұлулықты Мағжан ең алдымен көзін көрсетуден бастайды.

Жансыз суық көзің қу өлім,
«Тез» деп күтіп, тісін шықыр қайрайсың.
(«Бүгінгі күн өмір. Өлім – менікі»)
Құралай көзді қарағым,
Кестеңді қашан боласың?
(«Батқан күн. Атқан таңның жыры»)
Судай сұлу қаракөз,
Сүйгеніне берген сөз.
(«Жазғы түнде»)

Мұндай бейнелі тіркестерді Мағжан қазақтың байырғы тіл сөздерінен, ертеден халықтың таным-түйсігіне қалыптасқан күйіне алып, тың образдар жасаған. **Мағжан поэзиясы тұрақты тіркестерге өте бай.** Сондықтан ақынның олардың орайын тауып, молынан қолдануы өлеңдерінің тілін әрі бай, әрі әрлі, әрі әсерлі етеді.

Көркемдік танымы терең, тіл байлығы мол, сөз суреті қанық, қызыл бояма сөзден аулақ ақынның сезімтал жүрегінен шыққан туынды ғана асқан ақынның шеберлігінің үлгісі бола алады (Ғабдуллина М.Г., Тәттібаева З.Б., 2004:75-78).

М. Жұмабаев халық тіліндегі тұрақты тіркес қорынан ең қажеттісін таңдай отырып, оларды түрлендірді, оларға қосымша мағына үстейді, өзінің мазмұндап отырған оқиғасына байланысты тұрақты тіркестер ойға сай болуын ажарлайды да, атқаратын қызметін түрлендіре түседі, бірақ тіл заңдылықтарын еш уақытта ұмытпайды.

Сонымен қатар жалпы қолданыстағы *«ұзын сөздің қысқасы»* деген тіркесті оқырманға түрліше жеткізеді. Мысалы:

Созылған сөздің қысқасы,
Қысқа сөздің нұсқасы.

Ұзын сөздің түйіні
Бұл тоқсанның жиыны.

Сөздің тоқтар түйіні
Бұл тоқсанның жиыны.

Санасам бәрін сөз ұғар
Ұзын сөзге орын тар.

Сондай-ақ, кей тұрақты тіркестердің бір компонентін жаңартып жұмсау арқылы ақын тұрақты тіркестің мағынасын жаңартады.

Мысалы,

Шай-қымызға әбден той,
Көңілде іңкәр қалмасын!

Өтеді өмір,
Жүрекке шер байланды.

Осындағы *көңілде іңкәр қалмасын, шер байланды* тұрақты тіркестері халық тіліндегі *көңілде кірбің қалмасын, түсі қашу, шер толы* сияқты тіркестермен салыстырғанда автордың қолдануындағы тұрақты тіркестердің экспрессивті-эмоционалды реңкі басымырақ.

М. Жұмабаев кейде орынды жерінде тұрақты тіркестер компоненттері арасына басқа сөз кірістіріп, оның стилдік бояуын көркемдей түседі. Мысалы,

«Батпаққа қоға таратып аунаған күн,
«Көңілді ылғи ойнаумен ауланған күн» –

деген өлең жолдарындағы көңілді аулау компоненттерінің жігі айырылып, арасына ылғи ойнаумен деген екі сөз тізбектеліп енген. Бұлар оның алғашқы мәнін пысықтап тұр.

Автор тұрақты тіркеске екінші сыңар қосып, оның стилистикалық мәнін күшейте түседі. Мысалы:

Не пайда шомылғанмен қанды жасқа
Не пайда басты ұрғанмен тау мен тасқа.

Уланды жүрек, жан күйді,
Ішім толған қызыл шоқ.

«Дәулеттен қаш» – дедің сен қашпадым ба?
Қойнымды тоқшылыққа ашпадым ба?

Өлеңдегі *жан күйді тіркесі ішім толған қызыл шоқ, уланды жүрек* деген тіркеске, *қойнымды жоқшылыққа ашпадым ба* деген тіркеске жалғасып, алдыңғы тіркесті толықтыра түсіп, мағынаның бояуын қалыңдата түскен, мәнерлі тіркес жасаған. (Махметова А.С., 2006:8-9).

Х. Қожахметова фразеологиялық синонимдер өзінің барлық бояу өрнегімен көркем шығармада түрленіп көрінетінін көрсетіп, синонимдердің стилдік сипаты әр жазушының сөз қиюластыру тәсіліне орай түрліше болатынын айтады. Синонимдердің стилдік, градациялық

қызметтері бар екені мәлім. Осының барлығын Мағжан поэзиясынан көре аламыз.

Мағжан Жұмабаев ***қайғыға бату*** деген ұғымды фразеологизмнің 188 синонимдік қатармен береді. Сонымен кейбіреуін келтіре кетейік. Мысалы, ашып көрші жүрегімде көп жара; ауыр ойлар басып, назаланып ем; бұл күнде қалың ойлар, қайғы басты; бұлбұл құс! Көзімде – жас, кеудемде – от; дариға жаным азап, денем тұтқын; дариға, қазағыңның күні қараң; жүрегі жара алым жар; жүрегің жанып, қасірет тартқанында; заман озды, жүрек сөнді, жан тозды; арқа тозды, қайғы басты; екеуі де қан құсып, түннен бетер түнерді; кетеді іш елжіреп, жанып-күйіп; көңілдің тұз сепкендей жарасына; атып ажал шербетін; тәтті қиял бұзылды; уланды жүрек, жан күйді; уайым қайғы жұтады; ішім толған қызыл шоқ; т.б.

Осы келтірілген тұрақты тіркестердің контексте бірінің орнына бірін алмастыруға келмейді. Өйткені, әрқайсысы суреттеліп отырған құбылысқа байланысты өз орнында жұмсалған. Іс-оқиғаға ерекше экспрессивті-эмоционалдық реңк беріп тұр. Тұрақты тіркестер ерекше сөздерге синоним және де өзара синонимдес болып келеді. Мағжан қаламында синонимдік сөздер бірінен-бірі немесе бірінен-бірі күшейіп, ойлы, пікірлі соған орай айшықты, әсерлі болып отырады. Осы фразеологияның сөз тіркестердің әрқайсысы өз орнында, бәрінде ақын керемет талғаммен тауып, қолданған. Сондықтан олардың ешқайсысын еш мәндес сөзбен ауыстыруға болмайды. Сонымен қатар бұл синонимдік қатардағы тұрақты тіркестердің көбі тыңнан туындаған.

Мағжан Жұмабаев шығармасында өзара синонимдес тұрақты тіркестермен қатар фразеологиялық варианттар да кездеседі. Фразеологиялық варианттардың тірек компоненті өзгеріссіз қалады да, басқа компоненттері ауысып отырады.

Х. Қожахметованың пікіріне сүйенсек: «Фразеологиялық варианттар деп – образдылық құрылыс бір, ал лексикалық, грамматикалық құрамында сәл өзгерістер сөз тіркестерін айтамыз. Фразеологиялық варианттардың барлығының тірек компоненттері өзгеріссіз қалады. Бұл фразалық тіркестердің лексикалық варианты делінеді».

Мағжан ***ес, жүрек, қайғы, у*** сөздерін тірек етіп алып, оларды түрліше құбылтады.

Бейшара Оразкеңнің түсі қашқан
Жылауға қолға алуға ес адасқан.

Оразкеңекпінімен құлай кетті
Есі ауып, жансыз болып сұлай кетті.

Қайырылып та қарамады,
Жас жүрегім жаралады.

Қорғасын жас жүрекке оғы батты,
Күнәсіз таза қаным, судай ақты.

Қайғы жұттым, «ah» десем, шықты жалын,
Сыртым – сау, ішімде – өрт жанған қалың.

Күн-түні сені іздедім, қайғы жедім

«Отқа түскен сорлыңды сүйші», – дедім.

Ой улады -
Жаным ессіз, жаным мас,
Ой улады -
Жүректе зар, көзде жас.

Жазуға енді, Гүлсім, халім қалмады
Көзіме жас, жүрегіме у толды.

Ақын шығармасында тұрақты тіркестің бір сыңары ортақтаса қолданылған. Мұндағы фразеологиялық варианттар бір типті емес. Олар лексика және грамматикалық өзгешелігі жағынан варианттас.

Кейде М. Жұмабаев баяндайтын оқиғаны көркем бейнелеп, толыққанды суреттеу үшін өзара синонимдес келетін жай сөз бен фразеологиялық тіркесті қосарлап жұмсайды. Синонимдер градация тәсілімен қолданылады.

Мысалы:

Көрінбес көзге түртсе қараңғыда
Япырым-ай, қалдық па рас, тіпті таңсыз.
Қарашы, өзіңе-өзің көз жүгіртіп,
Жараспас бұдан былай күлкі-ойын.

Синонимдік қатарларды өлеңнің бір тармағының бойында қатар келтіріп қолдану ақынның шеберлігін танытады.

М. Жұмабаев шығармасында сондай-ақ, өзара синонимдес тұрақты тіркестер де қатарласа келіп, суреттеліп отырған оқиғаны тереңірек баяндай түседі. Фразеологиялық тұлғалар өзіндік қолдану ерекшеліктеріне қарай, «мәтін ішіндегі мәтін» жасап, бір тіркес емес екі немесе одан да көп мағыналас фразеологизмдермен ерекше қатар түзейді. Мұндай жағдайда стильдік әсер мен айтушының ойын жеткізуде таптырмайтын мәнерлікті туғызады.

Мағыналас фразеологизмдердің мұндай табиғаты амплификация деп аталады. Амплификация «латынша amplificatio» – ұлғайту,

стильдік фигураның бір түрі. Мәтін ішінде мағыналас троптың түрлерін немесе біртектес конструкциямен жасалған сөздер тізбегін қайталау. Амплификация стильдік айшықтаудың градация, плеоназм сияқты бір түрі болғанымен, ол тек мағыналас сөздер мен сөз тіркестеріне тән стильдік құрал.

Лексика-фразеологиялық синонимдер амплификациялық тәсілмен мәтін ішінде, сөйлемнің өн бойында ұлғаймалы мағыналас сөздер мен сөз тіркестеріне тән стильдік құрал.

Лексика-фразеологиялық синонимдер амплификациялық тәсілмен мәтін ішінде, сөйлемнің өн бойында ұлғаймалы мағыналас тізбектер құрайды. Мағыналас бірнеше сөз немесе тіркестерінің мұндай ұлғаймалық сипаты айтылатын ойды жан-жақты ашып көрсетуге, олардың қандай да болмасын ерекшеліктерін бөліп, дәл саралап көрсету арқылы, қабылданатын шындық, құрылыс ситуация туралы ойымызды тереңдете түседі. Ең бастысы айтылар, жеткізілер ұғымды синонимдес сөз тіркестері арқылы тереңдете түсу.

М. Жұмабаев амплификация тәсілін біртұтас бейнелі мағына беру үшін шебер жымдастырып қолданады. Мысалы:

Сол мезетте қамыс ақырын ашылды.
Әлдекімге тәжім қылып, басын ұрды.
Жиеніңіз ес білгеннен ел деген,
Өрге ұмтылған, өрге қарай өрлеген.

Ақын амплификация тәсілі арқылы оқиғаны тереңірек, толыққанды баяндап, шығарманың экспрессивті-эмоционалды реңкін арттырған. Мағыналас тұрақты тіркестер бір контексте салыстыра жұмсаған. Сонымен бірге, мағыналас тұрақты тіркестердің қажеттісін тауып қолданудың ұтымды жолын көрсетті. (Махметова А.С., 2006:8-13).

Ақынның «Бостандық» атты өлеңінде:

«Жер жүзін қан басқанда,
Көбігі шығып аспанға
Жын жолдас боп адамға» –
(Жұмабаев М. Сүй, жан, сәулем.
Өлеңдер мен поэмалар. 2002: 76)

деген жолдағы тұрақты сөз тіркестері «*жер жүзіне қан басу»* дегеніміз тура мағынасында емес, дүниенің алай-дүлей болып, адамдардың бір-бірінің қырғи қабақ қатынаста болған жер бетін имансыз, жауыз адамдардың басқанын әсерлеп жердің қанға орнуымен тең көріп отыр. Бірлік, ынтымақ, адамгершілік сезімінің жоғалуы, елдің жоғалуымен тең.

«Қызыл қанға мас болып,
Жүрегі қара тас болып,
Айырып естен адамзат» (Аханов К. 1993: 24),

деген тармақтардағы «*жүрегі қара тас болу»* және «*адамзаттың естен айырылуы»,* ел ішіндегі ауыр халді суреттесе керек. Адамдардың «адам» деген қасиеттен айырылып бір-біріне жау болып, ақыл есінен айырылғандарына налиды. Осылай дей келе ақын ел үмітін жандандыру мақсатында былай дейді:

... Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды,
Келді ұшып бостандық.
Ғарыш нұрлы жүзі бар,
Кәусар, жібек сөзі бар,
Әдемі, алмас ақ қанат.
Жануарлар жердегі,
Ынтасы – жақын көрмегі,
Таңырқады анталап.
Аппақ нұрға оранып,
Ақырын ғана дем алып,
Құрметпенен тұрысты – (Сыздық Р. 2011: 54)

деген шұмақтардағы фразеологиялық тіркестер «бостандық» деген ұғымға жаңаша мән беріп тұр.

Қорытынды

Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы ақынның тілдік тұлғасын танытарлық сөз өрнектері қазақ халқының тілін, шешендік өнерін, жалпы лексикалық байлығын өз шығармаларында көркемдікпен, аса шеберлікпен қолданғаны байқалады. Қазақ тілі лексикасының сан мәрте құбылтып, ерекше өң беріп, дәстүрлі қолданыстағы сөздермен қоса, жеке авторлық өңдеуден өткізіп соны сарын кіргізіп, тың өрнектер туғызып, поэзияның хас шебері атанған Мағжанның тілдік ерекшелігі анықталды.

Зерттеуші Е. Тілешов: «Мағжан шығармашылығы ақындық «меннің» мазмұны авторлық көзқарасынан құралып жатыр» – деп баға беруі, ақынның дүниетанымының терең, ой қазығы айқын кемеңгер суреткер тұлға болғанын айқындай түспек.

Сонымен, фразеологиялық тіркестер, ақынның айтпақ ойын көркем, әсерлі, нақты жеткізуімен қатар өзіндік тілдік ерекшелігін айқындайтын дүние болмақ. Мағжан Жұмабаев қазақ әдеби тіліне ерекше нақыш кіргізіп, тың өрнектер жасап, өрелі ой, көркем тілімен әдебиет әлемінде өзінің қайталанбас қолтаңбасымен дараланады.

Әдебиеттер

Абдрахманов С. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды. Том 1. – Алматы, 2007.
Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1993.
Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы,1997.
Ғабдуллина М.Г., Тәттібаева З.Б. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестерінің сипаты // Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы №13, 2004.
Жұмабаев М. Таңдамалы. Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: Ғылым, 1992.
Жұмабаев М. Таңдамалы. Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: 2008.
Жұмабаев М. Сүй, жан, сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы, 2002.
Канарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. –Алматы: Ана тілі, 1988.
Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
Қайыпбаева А. Тұрақты тіркестердің поэзия тіліндегі қолданысы: филол. ғыл. канд. Авторефераты. – Алматы, 2011.
Махметова А.С. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер: филол. ғыл. канд. авторефераты. – Астана, 2006.
Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана, 1998.
Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 2011.
Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова Ә. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы, 2002.
Ілиясова М.А. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы фразеологизмдер //Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы, №3, 2004.

References

Abdrahmanov S. Jıyrmasynshy ǵasyr jyrlaıdy. Tom 1. [Twentieth century reads]– Almaty, 2007.
Ahanov K. Til bilimine kirispe.[Introduction to linguistics] – Almaty, 1993.
Bolǵanbaıuly À., Qalıuly Ǵ. Qazaq tiliniń leksıkologıasy men frazeologıasy.[Lexicology and phraseology of the Kazakh language] – Almaty, 1997.
Ǵabdýllına M.G., Tàttibaeva Z.B. Maǵjan Jumabaev poezıasyndaǵy turaqty sòz tirkesteriniń sıpaty. [Stable phrases's character in Magzhan Zhumabayev's poetry]//SoltùstikQazaqstan memlekettik ýnıversıtetiniń habarshysy, №13, 2004.
Ilıasova M.A. Maǵjan Jumabaevtyń "BatyrBaıan" poemasyndaǵy frazeologızmder. [Phraseology in Batyr Bayan's poetry]// Soltùstik Qazaqstan memlekettik ýnıversıtetiniń habarshysy, №3, 2004.
Jumabaev M. Tańdamaly. Òleńder, poemalar, zertteýler, aýdarmalar.[Songs, poems, investigations, translations] – Almaty: Ǵylym,1992.
Jumabaev M. Sùı, jan, sàýlem. Òleńder men poemalar. [Songs and poems]– Almaty, 2002.
Jumabaev M. Tańdamaly. Òleńder, poemalar, zertteýler, aýdarmalar. [Songs, poems, investigations, translations]– Almaty, 2008.
Kanarbaeva B. Jyrymenjurtynoıatqan. [The awakening of the people by the poem]– Almaty: Ana tili, 1988.
Keńesbaev I. Qazaq tiliniń frazeologıalyq sòzdigi.[Kazakh dictionary of phraseologisms] Almaty, 1977.
Mahmetova A.S. Maǵjan Jumabaev poezıasyndaǵy frazeologızmder: [Phraseologisms in Magzhan Zhumabayev's poetry] fılol. ǵyl. kand. Avtoreferaty. – Astana, 2006.
Qaıypbaeva A. Turaqty tirkesterdiń poezıa tilindegi qoldanysy: [Using of stable phrases in poem language] fılol. ǵyl. kand. Avtoreferaty. Almaty, 2011.
Serǵalıev M. Kòrkem àdebıet tili.[The language of imaginative literature]– Astana, 1998.
Syzdyq R., Shalabaı B., Àdilova À. Kòrkem màtindi lıngvıstıkalyq taldaý. [Linguistic analysis of artistic text]– Almaty, 2002.
Syzdyq R. Sòz qudireti.[Word value] – Almaty, 2011.

ҒТАМР 21.15.47

Шәкизада С.Б.[1], Құрманбаев Қ.[2], Әкімханов А.Б.[3]

[1]PhD докторанты, e-mail: shakizada94@gmail.com
[2]PhD докторы, доцент, e-mail: kairatk76@mail.ru
[3]PhD докторы, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ МЕН ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАТУРИДИ СЕНІМ МЕКТЕБІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы тұжырымдар ислам дінінің негізі саналған Құран және хадис мәтіндерінен алынған. Әр елдің өзіне тән зиялы қауымы болатыны белгілі. Нағыз зиялы қауым өкілдері өз қоғамындағы қордаланған мәселелерді замана талаптарына сай зерделеп, шешім жолдарын іздеу, өз елінің рухани, мәдени болмысын насихаттап, сақтап, оны өскелең ұрпаққа аманаттау міндетін атқарады. Міне сол себепті, әр елдің рухани-мәдени болмысын ондағы зиялы қауым өкілдерінің еңбектері мен ой-тұжырымдарына қарап пайымдаймыз. Мәселен өздерінің шығармаларында теологиялық және діни-құқықтық мәселелерді талдаған Абай мен Шәкәрім сынды ұлы классик ақын, ойшылдарымыздың діни ой-тұжырымдарын зерделегенде қазақ халқының наным-сенімі мен өмір сүру салтының исламмен біте қайнасқанын анық көреміз. Қазіргі таңда осынау дәстүрлі діни жүйені мансұқтайтын, өз ұлтының рухани құндылықтарынан, дәстүрлі діні мен ділінен, салт-санасынан жеріген түрлі діни топтар мен жекелеген тұлғалар пайда болды. Бұл тенденция еліміздің рухани деградацияға ұшырауына әкеліп соғуда. Мақаланың негізгі мақсаты – ұлттық діни кодымызды Абай мен Шәкәрім еңбектеріндегі діни тұжырымдарды негізге ала отырып, қазақ халқының діни танымын дін мен дәстүр сабақтастығы идеясы негізінде пайымдау.

Түйін сөздер: Құран мәтіндері, имам Матуриди, теология, иман, діни таным.

Shakizada S.B.[1], Kurmanbaev K.[2], Akimkhanov A.B.[3]

[1]PhD student, e-mail: shakizada94@gmail.com
[2]PhD doctor, assistant professor, e-mail: kairatk76@mail.ru
[3]PhD doctor, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com
Nur-Mubarak Egyptian university of Islamic culture, Kazakhstan, Almaty

Significance of the creed of the Maturidi school in the works of Abay Kunanbayev and Shakarim Kudayberdiev

Assertions in the traditional religious knowledge of the Kazakh people are based on the Koran and the Hadith, which are considered the basis of Islam. It is known that every nation has its own intellectual elite. It is common for a real elite to study the problems of their society in accordance with the requirements of their time, to seek solutions, to promote and preserve the spiritual and cultural heritage of the country and pass it on to the younger generation. Therefore, we perceive the spiritual and cultural realities of each country based on the works of the intelligentsia. Thus, in the works of great poets and thinkers, such as Abai and Shakarim, who analyzed theological and religious-legal problems in their works, it is clear that the beliefs and traditions of the Kazakh people are closely associated with Islam. At present, various religious groups and individuals have emerged that deny the traditional religious system of the Kazakh people, which has its spiritual values, traditional religion and mentality. This trend leads to the spiritual degradation of the country. The purpose of the article is to substantiate our national religious code, the religious outlook of the Kazakh people based on the ideas contained in the works of Abay and Shakarim, based on the idea of the interconnection of religions and traditions.

Key words: The texts of Quran, Imam Maturidi, theology, faith, religious cognition.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Шакизада С.Б.[1], Курманбаев К.[2], Акимханов А.Б.[3]
[1]PhD докторант, e-mail: shakizada94@gmail.com
[2]PhD доктор, доцент, e-mail: kairatk76@mail.ru
[3]PhD доктор, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

Значимость школы Матуриди в произведениях Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева

Утверждения в традиционных религиозных познаниях казахского народа основаны на Коране и хадисах, которые считаются основой ислама. Известно, что у каждого народа есть своя интеллектуальная элита. Настоящей элите свойственно изучать вопросы их общества в соответствии с требованиями своего времени, искать решения, пропагандировать и сохранять духовное и культурное наследие страны и передавать его молодому поколению. Поэтому мы воспринимаем духовные и культурные реалии каждой страны на основе произведений интеллигенции. Таким образом, в работах великих поэтов и мыслителей, таких как Абай и Шакарим, которые анализировали теологические и религиозно-правовые проблемы в своих произведениях, видно, что верования и традиции казахского народа тесно связаны с исламом. В настоящее время появились различные религиозные группы и отдельные лица, которые отрицают традиционную религиозную систему казахского народа, которая имеет свои духовные ценности, традиционную религию и менталитет. Эта тенденция ведет к духовной деградации страны. Цель статьи – обосновать наш национальный религиозный код, религиозное мировоззрение казахского народа на основе идей, содержащихся в трудах Абая и Шакарима, опираясь на идею взаимосвязи религий и традиций.

Кючевые слова: Коранические тексты, имам Матуриди, теология, вера, религиозное познание.

Кіріспе

Ислам тарихында талас-тартыс тудырған теологиялық мәселелердің саны өте көп. Екі үлкен сенім мектептің негізін қалаған имам Матуриди мен имам Ашғаридың негізгі оппоненттері ретінде мұғтазилиттер мен харижиттер бой көтерді. Мұғтазилиттер діни мәтіндерді өздерінің логикалық ережелеріне сәйкестендіріп, ал харижиттер керісінше ақылды, ойлануды теріске шығару арқылы догмаға негізделді. Имам Матуридидің Китаб Таухид еңбегінде немесе жалпылама матуриди сенім мектебіндегі имам Баздауи, Насафи сынды ғұламалардың кітаптарында көтерілген мәселе сол замандағы ағымдардың көзқарастарына тойтарыс беру мақсатында жазылған. Яғни қандай да бір пікір алға тартылса, оның кітапқа еніп, жан-жақты дәлелдермен зерттелуі қажет еді.

Тарихта көрініс тапқан аталмыш ағымдар қазіргі таңда дәл сол атаумен қоғамға шықпаса да, оның орнына басқаша атаумен сол пікірлерді алға тартуда. Абай Құнанбайұлы өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде және Шәкәрім Құдайбердіұлы «Иманым», «Мұсылмандық шарты» атты өлең-шумақтары мен еңбектерінде қазіргі таңдағы теологиялық мәселелерде көрініс тауып отырған пікір алуандығына матуриди сенім мектебі негізінде айқын баяндаған. Бұл өз кезегінде оппоненттің қозғалып отырған мәселені кеңінен түсінуіне жол ашады, сондай-ақ өскелең ұрпақтың діни көзқарастарды ұлттық дүниетанымға сәйкес қабылдауына септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы

Бұл мақалада ислам теологиясындағы мәселелер матуриди сенім мектебі негізінде және Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының аясында талдау жасалады. Зерттеу жұмысы барысында теологиялық, компаративистикалық әдіс, интерпретациялық және семантикалық талдау, саралау, жіктеу сынды ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды.

Негізгі бөлім

Абай Құнанбайұлы өзінің «Лай суға май бітпей қой өткенге» деп басталатын өлең жолдарында

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?,

– деп (Құнанбайұлы, 2002:160)

Матуриди сеніміндегі негізгі концепцияны қуаттайды. Өлеңде тілге тиек етілген негізгі мәтін «Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән» сөйлемі. Мекен, орын берген, халық қылған/жаратқан Алла Тағала – ләмәкән, яғни белгілі

бір мекенге орнықпаған. Абай Құнанбайұлы осы сөзімен матуриди мектебінің негізгі оппонеттері мұғтазилиттер мен каррамиттердің тұжырымдарын жоққа шығаруда. Ислам тарихындағы хашуиялар, каррамиттер және жебірейлер секілді топтар Алла Тағаланың дене екендігін және Таһа сүресінде баяндалған ұлы жаратылыс Аршыға орнықты/отырды деп пайымдаған. Кейбіреулері Жаратушының алты тарапы бар деген тұжырымды айтқан. Ал өздерінің мазһабтарын логикалық ережелерге негіздеген мұғтазилиттер мен философтар Алла белгілі бір жерде ғана емес, керісінше «барлық мекенде» деу арқылы әһли сүннә уә әл-жамаға сеніміне қайшы пікір білдірген (Бәздәуи, 2003:40). Себебі имам Матуридидің «Китабу ат-таухид» атты еңбегінде Аллаға мекен берудің дұрыс еместігіне арналған арнайы тарауша бар. Имам Матуриди аталмыш тараушада өзінің сөзін былайша жеткізеді. Таһа сүресінің «Рахман Аршқа истиуа етті» деген аят (Құран, 2015:312) Алланың белгілі бір мекенде екендігін білдірмейді. Сол секілді Уақиға сүресінің 85-аятындағы: «Біз оған сендерден де жақынбыз» (Құран, 2015:537), Мужадилә сүресінің 7-аятындағы «Үш кісі жасырын бас қосып құпия сөйлессе, сөзсіз, олардың төртіншісі Алла болмақ» (Құран, 2015:543) және Қаф сүресінің 16-аятындағы «Біз оған күре тамырынан да жақынбыз» (Құран, 2015:519) деп баяндалған аяттар да Алланың орны бар екенін білдірмейді. Алла аталмыш мекендерді айту арқылы Өзін ұлықтап, дәрежесін көтергісі келген жоқ, керісінше Жаратушы Алланың атына тіркесу арқылы әлгі орындар ерекше құрметке ие болды. Сондай-ақ Құран мәтінінде Аршыны меңгергендігін айтуы ешбір жаратылыс. Ол секілді мұндай ұлы затты (Аршыны) жаратуға шамасы жетпейтіндігін баяндауда (әл-Матуриди, 2003:164). Сонымен қатар Алла «барлық жерде» деп топшылаған мұғтазилиттік пікірдің (Алла) «белгілі бір жерде ғана» деген каррамиттердің ойынан еш айырмашылығы жоқ екендігін тілге тиек еткен. Керісінше Алланың ұлылығын, мәртебесін айқындауда жалғыз бір жаратылыстың, яғни Мұхаммедтің Раббысы/Құдайы, Ибраһимның Раббысы деп (жалқылап) айту дұрысырақ болатындығын айтқан. Имам Матуриди бұл тараушаны мекен, орын жаратылмай тұрып, Алла бар еді. Қазір де еш өзгерусіз (бұрынғы халде). Заман мен мекен Аллаға лайықты емес деп қорытындылайды (әл-Матуриди, 2003:165-166). Сондай-ақ Жаратушы Алланы мекенмен шектеу, орын беру логикалық тұрғыдан да қате. Өйткені Құрандағы Мужадилә (Құран, 2015:543), Мүлік (Құран, 2015:563) және Зухруф (Құран, 2015:495) сүрелерінің мәтіндеріне жіті мән берсеңіз, Алланың мекеніне қатысты қарама-қайшылықтар байқалады. Алла белгілі бір жаратылысты жаратып, кейін сол затқа отыруға, орнығуға мұқтаждық танытса, оны жаратпас алдын Алла қайда болды деген сұрақ еріксіз туындайды. Сондықтан мұндай жаңсақ пікір ислам ғұламаларының көзқарасында қабылданбақ емес. Абай Құнанбайұлы ислам тарихында сондай-ақ әлі күнге дейін талас-тартысты туындатып, мұсылмандардың ауыз-біршілігіне сызат түсірген теологиялық мәселеге «ләмәкән» деп қысқа қайырса да, матуриди сенім мектебінің негізгі қорытынды тұжырымын айтқан.

Ислам тарихында, нақтырақ айтқанда сенім мәселесінде өзекті саналатын ол – иман мәселесі. Өйткені діни үкімдердің барлығы адамның имандылық статусына қарай өзгеріп отырады. Ақида/теология әрі фиқһ/құқық саласының ұлы ғалымы әбу Ханифа иман тілмен айтып және жүрекпен бекіту арқылы кемелдікке жететіндігін айтқан. Алайда Алланың алдында кәміл мұсылман атану үшін жүректегі иманның жеткілікті екенін және тілмен айту мұсылмандық қарымқатынас жасау үшін, басқаша айтсақ ол адамға исламның үкімдерін жүргізу мақсатында қажет екендігі баяндалады. Бұл көзқарасты әбу Мансур әл-Матуриди, әбу әл-Хасан әл-Ашғари, әбу Бәкір әл-Бақиллани және әбу Исхақ әл-Исфираини ұстанған (әл-Бәбирти, 2009:51). Иманын ең алдымен жүрекпен бекіту шарт. Себебі араб лингвистикасында «иман» сөзі «растау» деген мағынаны білдіреді. Бұл пікірімізді Құран мәтіні қуаттайды (Құран, 2015:237). Абайша айтсақ, «иман дегеніміз – Алла табарака уа тағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр неге бізге Пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәсәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ» (Құнанбайұлы, 2008:322). Абайдың бұл тұжырымы исламдағы теология саласындағы майталмандардың иман ұғымына берген анықтамасымен сөзсіз ұштасады. Олардың пікірінше иман – Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын!) Алла Тағала тарапынан әкелген барлық хабарларына сену. Аллаға, періштелеріне, кітаптарға, елшілерге (пайғамбарларға), ақырет күніне және басқа да осы секілді сенуге міндетті етілген бүкіл нәрсеге илану (әл-Бәбирти, 2009:51). Абай Құнанбайұлы да иманның түпкі мәні мен ақиқаты жүректе екендігін өлең жолдары арқылы баяндайды:

Алла деген сөз жеңіл.
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі Хаққа жол емес (Құнанбайұлы, 2008:235).

Алланың алдында тек қана ынталы жүрек пен шын көңілдің қадірі бар екенін меңзейді. Имам Матуриди де иманның негізгі орны ол – жүрек деп, бұл мәселенің діни мәтіндер және логикалық тұрғыдан айқын бекітілгендігін кеңінен талқылайды. Мәида сүресінің 41-аятында: «Уа, ардақты елші! Құр ауызбен «иман келтірдік» дегенмен жүрегі иман келтірмеген екіжүзділер мен яһудилерден күпірлікте өзара жарысқандар көңіліне қаяу түсірмесін», – десе (Құран, 2015:114), Хужурат сүресінің 14-аятында: «(Бірқатар) бәдәуилер: «Біз де иман келтірдік», – дейді. Оларға: «Жоқ, сендер әлі иман етпедіңдер. Алайда (Аллаға мойынсұнып) мұсылман болдық деңдер. (Өйткені) иман жүректеріңе әлі ұялай қойған жоқ», – де» (Құран, 2015:517) деп баяндайды. Жоғарыдағы мәтіндерде кейбір топ адамдары жүрекпен иланбағандықтан, Алла Тағала тілмен айтқан имандарын жоққа шығарды. Сондай-ақ басқа бір аятта: «Олар өздерінің мұсылман болғанын саған міндет қылады. Ендеше, оларға: «Мұсылмандықтарыңды маған міндет қылмаңдар! Егер иман келтіргендерің рас болса, онда керісінше, сендерді имандылық жолына салғаны үшін Алла міндет қылады», – деп айт», – делінеді. Егер иман (құр) тілмен айту жеткілікті болса, сөйлеген сөздері (иманын айту) арқылы шыншыл саналып, мұсылмандардың санатына кіретін еді (әл-Матуриди, 2003:601). Осылайша имам Матуриди Құран мәтіндерін тізбектеп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталады. Сондай-ақ ақылға сүйеніп иман жүрекпен бекітілу керек екенін дәлелдейді. Жүреккке ешкім үстемдігін, билігін жүргізе алмайды. Ал иманды тілмен айту жеткілікті десек, кейбір жағдайларда ол мүмкін болмай қалады. Мәселен қысымшылық көрген жағдайда күпірлік сөзін айту секілді. Ал жүректегі иман задында құбылмалылықты қабыл етпейтін негізгі тірек саналады (әт-Тафтазани, 2007:150). Тіпті намаз оқып тұрған сәтте де «кітаптарға, пайғамбарларға және қайта тірілу күніне иман еттім» деп айтуға тыйым салынады (әл-Матуриди, 2003:607). Сондықтан иманын тек тілмен білдіру жеткіліксіз. Бұл тұжырымдаманы да Абай Құнанбайұлы жоғарыда айтылғаннан бөлек адамдағы ақыл мен қайрат да жүрекке бағынышты екендігін айтып өтеді (Құнанбайұлы, 2008:326-327). Сонымен қатар шынайы ықыластың түп негізі – жүрек (Құнанбайұлы, 2008:325). Имам әбу Ханифа да аталмыш көзқарастарға сай логикалық тұрғыдан иман жүрек арқылы бекітілетіндігін төмендегідей түсіндіреді. Жалғыз тілмен айту иман саналмайды. Егер құр тілмен айту кәміл (толыққанды) иман болса, екіжүзділердің (мұнафықтардың) барлығы мүмін саналар еді. Сол секілді Алланы тек танып-білу иманның тұтас, кәміл болуы үшін жеткіліксіз. Өйткені Алланы тану ғана иман саналса, онда кітап иелерінің (христиан мен яһудилердің) бәрі мүмін болар еді. Алла Тағала екіжүзділер жайында Құранда: «Алла мұнафықтардың (саған сенбейтініне және) барып тұрған өтірікші екеніне куә болады», (Құран, 2015:554) – деген. Кітап иелері турасында: «Біз кітап түсірген қауым (дін басылары мен ғұламалары) ақырғы пайғамбарды (құбыласы һәм бүкіл ерекшеліктерімен қоса) өз балаларын танығандай таниды», (Құран, 2015:23) – деп баяндаған. Ғұлама әбу Ханифа құр тілмен немесе тек таным арқылы жүзеге асқан иманның пайда бермейтіндігін осылайша дәлелдеп, шынайы, кәміл иманның жүректе екендігін ишарат етті (әл-Бәбирти, 2009:59-60). Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде де: «Иман айтқанда «лә иләһә иллал-лаһу Мухаммаду расулул-лаһи» – дейміз. Оның мағынасы: бір Құдайдан басқа Құдай жоқ Мұхаммед ғалейһис-сәләм Алла Тағаланың бізге тура жолды көрсетуге жіберген басшысы деген болады. Мұның мағынасын білмей, құры айтқанменен иман болмайды және анық, шын нанып айтпай, құры тілмен ғана айтылса, ол да иман емес», – деп баяндайды. Сондай-ақ аятта: «уа мина-н-наси ман йақулу әмәнна бил-лаһи уа бил-йаумил-ахири уа ма хум би муғминина» – деген. Мағынасы: кейбір адам Аллаға һәм ақирет болатұғынына иман келтірдім десе де, ішкі ықыласы нанбай тұрған соң, ол мұсылман емес – деген. Әлбетте, әрқашан шын ықыласпен нанып, иман айтып жүру керек, егер де иман дұрыс болмаса, қанша құлшылық, ғибадат қылынса да, ол қабыл болмайды (Құдайбердіұлы, 2014:3). Мұндай тұжырымдама өздігінен туындауы мүмкін емес. Өйткені бұл теологиялық мәселе. Сондықтан еш күмәнсіз Құран және хадис мәтіндерінен алып әрі имам Матуриди, әбу Ханифа сынды ислам ғұламаларының көзқарастарына негізделгендігі айқын көрінеді.

Абай Құнанбайұлы 38-қара сөзінде: «Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және басар, сәмиғ, яғни көруші, есітуші деген. Алла Тағаланың көрмегі, естімегі, біз се-

кілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты», – (Құнанбайұлы, 2007:48) деп матуриди сенім мектебінің көзқарастарын тайға таңба басқандай баяндайды. Бұл тұжырымдаманы ханафи құқық мектебінің ғалымы Кәмәл ибн Һумам былайша түсіндіреді. Алла Тағала жүрексіз де және мисыз да білуші сипатына ие болғаны секілді, жаратылыстар сияқты көздің қарашығына, құлаққа, ешбір ағзаға мұқтаж болмай-ақ естиді, көреді. Себебі бұл есту, көру ешбір нұқсандығы жоқ кемелділік сипаттары. Сондай-ақ жаратылысқа қарағанда Жаратушының мұндай сипаттармен сипатталуы абзалырақ әрі дұрысырақ. Алла Тағала Құранда Ибраһим пайғамбардың әкесіне: «Неліктен мүлдем естімейтін, көрмейтін әрі өзіңе титтей де пайдасы тимейтін меңіреу пұттарға табынудасың?», – деп айтқан сөзін жеткізеді. Осы тұста мұндай кемшіліктердің көрініс табуы (көрмеу, естімеу) құдайға тән емес-тігі айқын көрінеді. Сонымен қатар есту және көру сипаттары түптің түбінде Алланың білім/білу сипатына оралады, негізделеді. Өйткені бір затты көру яки есту ілімнің/білімнің бір түрі болып саналады (ибн Һумам, 2014:22-23). Ұлы кемеңгер, дара тұлға Абай Құнанбайұлы да Алла Тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты деу арқылы 500 жыл бұрын өмір сүрген атақты матуриди/ханафи ғұламасы ибн Һумамның сөзін қазақы түсініктпен жеткізуде. Имам Матуриди тәпсір кітабында Алла Тағаланың сөзі адамдардың сөйлегені секілді дауыстар мен дыбыстардан әрі әріптерден құралмайтындығын тілге тиек етеді (әл-Матуриди, 2005:110-111).

Олар белгі болып табылса, олардың сыртқы образы маңызды емес болғаны. Бұл көше қозғалысындағы тәртіппен байланысты белгіге ұқсағаны. Автокөлік жүргізушісіне жол қозғалысын реттеушінің оған арқасымен немесе алдымен қарап тұр ма, жол реттеуші жоқ болса – бағдаршамда қызыл шам жанса; себебі бірінші де, екінші де, үшінші де бір мағынаны білдіреді (жол жабық).

Темірді білмейтін халықтарда «Темірді қызған кезінде соқ» деген мақал орнына «Саз балшықтан шикі болып тұрғанда жаса», «От өшпей тұрып асқабақты дайында» деген мақалдар бар – бұл мақалдардың бәрі «Кеш болмай тұрып жұмысты бітір» деген мағынаны білдіреді. Қытай тілінде бұл мақалдың баламасы бар, себебі темірді қытай халқы жақсы біледі, пайдаланады:

趁热打铁，及时行事

[Chènrèdǎtiě, jíshí xíngshì] (тікелей аударма: Уақытысында іске кіріс) (叶芳来. 2005).

Осы себепте мақал мен мәтелдердің ұлттық жинақтары біріне бірі ұқсаған, оларды құрастырушылар ерекше мақал мәтел таңдап құрастырса да. Кез келген тілдің жинағында сол мақал-мәтелге ұқсас мағынадағы мақал-мәтелді кездестіруге болады. Тек ұқсас мақал-мәтелді кездестіруге болады, тура сондай емес. Олардың мағынасы бір болады, бірақ обьектілер басқа болады.

Мақалдардың табиғат белгісі келесі жағдайлармен байланысты.

Мақал – өмірде кездесетін және ойлау жағдайларының белгілері болып табылады, ал осы жағдайлардың өздері мақал-мәтелдерге тиесілі, олардың инварианттары болып табылады. Бір мағынаны білдіретін барлық мақалдар – варианттар, ал жағдай – инвариант болады. Мақалдарды олардың мағынасы жағынан біріктіретін болсақ, жағдайдың классификациясын да құру керекпіз.

Алдымен барлық мақал-мәтелдерді логикалық-тақырыптық топтарға біріктіру керек. Ресей ғалымы Г.Л. Пермяков өзінің «Пословицы и поговорки народов Востока. Систематизированное собрание изречений двухсот народов» атты еңбегінде топтардың 100- ден аса түрін көрсетеді. Көптеген топтар бір-біріне ұқсас болып келді. Логикалық-тақырыптық топта «Себеп-нәтиже» деп аталатын қатынас қарапайым салдар құрайды. «Егер себеп болса, оның салдары да болады, себеп болмаса, салдары да жоқ». Бірақ логикалық-тақырыптық топта «Сұлулық пен махаббат» деп аталатын топта мына объектілер ұқсас: «Кімді сүйсең, сол сұлу, сүймесең, сұлу емес». Яғни, «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу».

«Тудырушы (өндіруші) мен тудыратын (өндіретін)» тобында («Ата-анасы қандай болса, балалары да сондай» дегендей мақалдар топтастырылған) және «Акция мен реакция» тобы («Орманда нені айтып айқайласаң, соны естисің») күрделірек, бірақ бір-біріне жақын жақтары да бар: «Бір нәрсені өндіруші қандай болса, өндіретін сондай болып келеді» және «Акция қандай, оған деген реакция да сондай».

Логикалық-тақырыптық топтардың ішкі ұқсастықтары оларды біріктіруге көмегін тигізді. Осылай 4 класс пайда болды. Бірінші класс мынандай инвариантпен біріктірілді: «Егер зат бір қасиет иеленсе, ол басқа тағы қасиеттер иеленеді»; екіншісі, «Егер бір зат болса, екінші

зат та бар»; үшіншісі, «Егер бір зат екінші затпен бір қасиет арқылы байланысса, басқа зат та тура сондай қасиет иеленеді»; төртіншіден, «Егер бір зат қандай да бір жақсы қасиет иеленсе, ал екінші затта ол қасиет болмаса, бірінші зат жақсырақ болғаны».

Логикалық-тақырыптық негізде мақал мен мәтелдерді біріктіру арқылы әр топта мағынасы жағынан ұқсас мақал-мәтелдердің кездесетінін байқауға болады. Кейбіреулері тек стилистикалық жағынан ерекшеленген, «тақырыпты бұру» жағынан: «Анасы қандай болса, қызы да сондай», «Анасына қарап қызын ал». Келесілері образ ерекшелігімен көрінеді, үшіншілері қарама-қайшылықты мойындамай өз ойында тұруды көздейді: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың», «Қауын пәлегінен ұзамайды». Төртіншілері объекті бірдей қарым-қатынасына бағытталады: «Айтылған сөз атылған оқпен тең», «Қылыш тәнді жаралайды, Өсек жанды жаралайды».

«Өзіндікі немесе бөтен?» деген топты қарайтын болсақ, бастапқыдағы «Тұлпардың өз тұяғы өзіне ем», «Өз елім – өлең төсегім» мақалдарын қарама-қайшы қоятын болсақ: «Өзімдікі жаман болуы мүмкін емес», «Өзімдікі жаман болмайды», «Егер ол өзімдікі болса, ол жақсы». Бұл мағыналар «Өзінікі – өзіне дәрі» мақалына сәйкес келеді.

Паремиологиялық қорда бар мақал мен мәтелдердің тақырыптық тобын ары қарай зерттеу нәтижесінде негізгі мынандай тақырыптар алынды. Бірінші топқа жататындар бір заттың әртүрлі жағын көрсетеді: «Басы – Аяғы», «Мазмұны – формасы», «Тұтас-Бөлік», «Жоғары-төмен» және т.б. Екінші топқа жататындар физикалық жағынан әртүрлі объектілер, бірақ бір-бірімен ортақ қасиет арқылы байланысқан: «Сау-Ауру», «Ақылды-Ақылсыз», «Жаңа-Ескі» және т.б. Үшінші топқа физикалық жағынан әртүрлі, бірақ бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын жұптар: «Өндіруші-Өндірілген», «Негізгі-Қосымша» және т.б.

Екінші топтағы тақырыптық жұптар мынандай кішкене топтарға бөлінеді: а) мүшелері өз-өзімен өмір сүретін жұптар, аралық форманы болдырмайды, яғни өздерінің жұптарының сапасы бойынша ерекшеленеді (мысалы «Күшті-Әлсіз», «Биік-Төмен» және т.б.), сапа деңгейіне байланысты ерекшеленбейтін мүшелерінің арасында аралық форма болмайды (мысалы «Дос – Қас», «Өзімдікі – Бөтен»).

Сонымен қатар, төртінші топтың да тақырыптық жұптары бар, қарапайым тақырыптық жұптар қиылысуы бар. Мысалы, «Сапа – Мөлшер», «Сұлулық – Махаббат», «Жақсы – Жаман», «Аз – Көп», «Сұлулық – Ұсқынсыз», «Сүйкімді – Сүйкімсіз».

Төменде инвариантты тақырыптық жұптар тізімі беріледі, бұл жерде мақалдардың біратаулы заттық-тақырыптық тобы негізінде жасалған, ең маңызды тақырыптар таңдалып алынды.

Бір заттың әртүрлі жағын көрсететін, бір-біріне қарама-қайшы қойылған инвариантты жұптар:

МАЗМҰН – ФОРМА. Заттардың формасы мен мазмұны туралы, олардың ішкі және сыртқы жақтары жайлы, олардың көрінуі, болмыс пен құбылысы жайлы, заттың өзі жайлы (киім, әшекей, орам).

БҮТІН – БӨЛІК. Тұтас заттар және жеке элементтер жайлы, бір бүтінді құрайтын әртүрлі бөліктер жайлы, толық жиынтық құрайтын заттар жайлы және бір жиынтықтан алынған жеке зат жайлы.

БАСТАМА – СОҢЫ. Заттардың бастамасы мен соңы жайлы, сондай-ақ өмірдің басы мен аяғы жайлы (дүниеге келу мен өлім), күннің басталуы мен аяқталуы (таңсәрі мен кеш), жылдың басы мен аяғы (көктем мен қыс немесе күз), бір істің басталуы мен аяқталуы.

БАСТАМА – ЖАЛҒАСУ. Кез келген істің басы мен жалғасуы жайлы, іс-әрекеттің табиғи және табиғи емес жалғасуы мен нәтижесі жайлы, жалпы алдыңғы және кейінгі жайлы.

ЗАТ – БЕЛГІ. Зат және оның ерекше белгісі жайлы, түсі, формасы, ерекше қасиеті, қимылы және т.б. жайлы.

ЖОҒАРЫ – ТӨМЕН. Заттардың жоғарғы және төменгі жақтары жайлы, аспан мен жер жайлы, таудың шыңы мен төменгі жағы жайлы, ғимараттың шатыры мен фундаменті жайлы, адамның басы мен аяғы жайлы, ағаштың жоғарғы басы мен тамыры жайлы және т.б.

Сонымен, заттардың әртүрлі қасиеттеріне байланысты инварианттар саны 100-ге жуық екенін айтып өттік. Бұл инварианттар тізімі жайлы ғалымдар арасында дау туған кездері де болған. Кейбір топтарды біріктіру жайлы, ал кейбірін керісінше ажырату керек деген. Әрине, әр ғалымның пікірі ұқсамайды, сондықтан мақал-мәтел жинақтауда негізі осы инварианттарға қарап құрастырылса, тақырып бойынша жинақталады деген сенімдеміз.

Танымал ғалым Владимир Даль өзі жинақтаған мақалдарды 179 тақырыптық бөлікке бөлген: сенім элементтеріне арналған (құдай, күнә, тақуалық, діни қозғалыс және т.б.), тағдыр жайлы (шыдамдылық, үміт және т.б.), бақыт жайлы

(сәттілік), байлық пен кедейлік жайлы, жомарттық, сараңдық, ұқыптылық және ысырапшылық жайлы. Бұл тақырыптар халық өмірі секілді кең.

Талқылаулар мен нәтижелер

Әрине, мақалдарды тақырыптық жинақтау тәжірибесі олардың шынайы қасиеттеріне сүйенеді: әр мақалдың өз тақырыбы бар – мақалдың көпмағыналылығы оның тақырыбының шегі жоқ деген емес. Осы көпмағыналылық тақырыпқа қарағанда мақалдарды талқылауға қиындық тудыртады. Осы себепті көптеген жинақтарда мақалды тақырыптық-жинақтау жүйесі сәтсіз болып жатады: олар қатал емес, бөлімдері бір-бірін жауып кетеді, жинақтарды пайдалану қиынға соғады, кейде іздегеніңді таппайсың.

М.А. Рыбникова мағыналық принципке сүйенген классификацияны ұсынады:

1) айналмалы түсінік, адам жайлы айтатын, адамның ішкі және сыртқы сапасы жайлы айтылады;

2) адамның жағдайы: физикалық, материалды, психикалық;

3) іс-қимылдың анықтамасы мен бағасы;

4) жағдай: себеп, орын, іс-әрекет уақыты;

5) құбылыс, заттар, олардың жеке анықтамасы мен бағасы. Саны мен сапасы (Рыбникова М.А., 2003).

Мақал-мәтелдерді семантикалық принцип негізінде классификациялау да мақал-мәтелдерді жинақтаудың бір түрі. Осы классификация негізінде халық күнделікті өмір жайлы не айтады, соны білуге болады. Егер қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер жайлы айтатын болсақ, олар түбегейлі бір-біріне ұқсамайды, себебі әртүрлі тарихи және қоғамдық-экономикалық жағдайда қалыптасқан. Бұл екі халықтың даму жағдайы екі түрлі: географиялық жағдайы және климаттық жағдайы екі түрлі, ұлттық ерекшеліктері, темпераменттері, менталитеттері бір-біріне ұқсамайды. Сондықтан қазақ тіліндегі көп мақал-мәтел қытай тілінде жоқ және керісінше. Қазақ халқы мақал-мәтелге өте бай. Қазақ даласынан шыққан ұлы ойшылдар, ағартушылар, даналар артына қалдырып кеткен өсиет, үлгі-өнеге сөздері күні бүгінге дейін ауыздан ауызға тарап, жас ұрпаққа беріліп келеді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің тақырыптары әр алуан болып келеді. Олар халықтың рухани, шаруашылық, әлеуметтік, өмірін түгел қамтиды. Қазақ мақал-мәтелдерінің басты тақырыбының бірі – Отан, туған жер байланысты. Елін, Отанын сүйген қазақ халқы Отанын шексіз сүюді кейінгі ұрпағына өсиет етіп қалдырған. «Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Өз елің – алтын бесігің» және т.б.

Қазақ мақал-мәтелдерінің үлкен бір саласы – еңбекке арналады. Қазақ халқы еңбекті әр уақытта ардақтап, бүкіл игіліктің көзі деп таныған. Бұл «Еңбек түбі – береке», «Ер дәулеті – еңбек», «Еңбек етсең, емерсің», «Бейнет, бейнет түбі – зейнет», «Еңбек ет те, егін ек – жарымасаң, маған кел, белді бу да бейнет қыл, байымасаң, маған кел» деген мақалдардан айқын аңғаруға болады. Енді мақал-мәтелдердің басты тақырыбының бірі – оқуға, өнер-білім, ғылымға арналады. Қазақ халқы оқудың, білімнің қоғамдық өмірдегі орнын ерекше бағалаған. Адамзат баласының дүниедегі қол жеткен табыстары – адам еңбегінің, ғылым мен білімнің жемісі екенін мақал-мәтелдер арқылы көрсеткен: «Білімді өлмес, қағазда аты қалар, ұста өлмес, істеген заты қалар», «Өнер – ағып жатқан бұлақ, білім – қайық», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген мақал-мәтелдер білімге, өнерге үндейді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің негізгі тақырыптарына тоқталатын болсақ: кітап; білім-оқу; бірлік, ынтамақ, ырыс; ас; жер, отан, ел; тіл, сөз; жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары; қыран құс, құмай тазы, аңшылық, саяхатшылық; денсаулық, сергектік, тазалық; тәлім, тағылым, тәрбие; ілім, білім, өнер; жанұя, туыстық қатынастар; отбасы, махаббат, өмір, өлім; салт-дәстүр, әдет-ғұрып; жануарлар, төрт түлік мал; адамның өмірі; адалдық, адамгершілік, достық; ұрлық, ұят, ынсап, пейіл; қырағылық, сақтық; еңбек, байлық, кәсіп-нәсіп; ер, ерлік, батырлық және т.б.

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдерде халықтың өмірі мен тіршілігі көрсетіледі. Талантты, еңбекқор қытай халқының ойы мен үміті мақал-мәтелдерінде көрініс табады. «Мақал – белгілі бір кезеңдегі халық ойының кристалы» деп қытай әдебиетінің классигі Лу Синь айтып кеткен.

Қытай халқы ғасырлар бойы өздеріне зұлымдық жасаған адамдармен күресіп келген: басшылармен, шенеуніктермен, байлармен. Қытай тіліндегі көптеген мақал-мәтелдерінде осы жағынан айқын көрсетіледі. Қытайдың көп мақалдары еңбекті, шеберлікті, білімді мадақтауға, еріншектікті, немқұрайдылықты, надандықты адам бойынан алшақ ұстауға шақырады. Мақалдарында материалды құндылықтарды жасаушыларға құрметпен қарауға

шақырады: «Су ішкен кезде, құдықты қазған адам жайлы ұмытпа».

Қытай халқы көп көңілді сынаққа, өз-өзін сынауға арнайды. Мысалы, «Сыннан қорықпа, аса көп мадақтаудан қорық», 苦言药，甘言疾 «Ащы сөз – дәрі, тәтті сөз – у».

Көптеген тақырып оқу, ағарту жайлы болып келеді. «Оқу – ағысқа қарсы жүзген секілді: тоқтап қалсаң, артқа қарай тартып кетеді».

Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің негізгі тақырыптары: сөз, сөйлеу, сын, өз-өзін сынау; адам, ұжым; адамның мінезі; басшылар, шенеуліктер; байлық, кедейлік, ұқыптылық, ысырапшылық; еңбекқорлық, немқұрайдылық, білім, надандық; табиғат, халық нанымдары; жер шаруашылығы, балық шаруашылығы; отбасы, достық, махаббат, өмір, өлім; шындық, тәрбие, нұсқау; өмірлік тәжірибе (Введенская А.А., 1999).

Қорытынды

Әр халықтың мінезіндегі, тіліндегі ерекшелік менталитеттен басталады. Берілген мақалада ұлттық менталитеттің ерекшелігі қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерді заттық-семантикалық тұрғыда классификациялау арқылы көрінеді.

Кез келген халықтың мақал-мәтелін басқа халықпен салыстыру үшін, мақал-мәтелдерін жинақтаушылар бірнеше тәсілге жүгінетінін көрсеттік. Бұл көрсетілген тәсілдердің қайсысын таңдайтыны, жинақтаушы зерттеушінің өз талғамы. Солай бола тұрса да, мазмұнға сүйеніп жинақтау, ең пайдалы болары сөзсіз.

Әдебиеттер

Афанасьев А.Н. (1996) Происхождение мифа. – М.: Высшая школа. – 150 с.
Даль В.И. (2003). Пословицы русского народа. – М.: Издательство Эксмо, Изд-во ННН. – 616 с.
Маслова В.Л. (2001). Лингвокультурология. – М.: Издательский центр «Академия». – 208 с.
Пермяков Г.Л. (1979). Пословицы и поговорки народов Востока. – М.: Наука. – 672 с.
叶芳来(2005). 俄汉谚语俗语词典。商务印书馆。- 北京-394 页。
100 жемчужин китайской мудрости. (2007) – М.: АСТ: Восток-Запад. – 217 с.
Китайские пословицы и поговорки. (1999). – Ростов на Дону. – 120 с.
Рыбникова М.А. (2003) Русская поговорка / Русское устное народное творчество: хрестоматия по Фольклористике / под ред. Ю.Г. Круглова. – М.: Высшая школа.
Введенская А.А. (1999) Китайские пословицы и поговорки. Ростовское книжное издательство. – Ростов на Дону. – 120 с.

References

Afanas'yev A.N. (1996). Proiskhozhdeniye mifa. – M.: Vysshaya shkola,. –150 s.
Dal' V.I. (2003). Poslovitsy russkogo naroda. – M.: Izdatel'stvo Eksmo, Izd-vo NNN,. – 616 s.
Maslova V.L. (2001). Lingvokul'turologiya. – M.: Izdatel'skiy tsentr «Akademiya»,. – 208 s.
Permyakov G.L. (1979). Poslovitsy i pogovorki narodov Vostoka. Nauka,-M.,. –672 s.
Yè fāng lái (2005). é hàn yàn yǔ sú yǔ cí diǎn。shāng wù yìn shū guǎn。- běi jīng-394 yè。
100 zhemchuzhin kitayskoy mudrosti. (2007). - M.: AST: Vostok – Zapad,. – 217 s.
Kitayskiye poslovitsy i pogovorki. (1999). – Rostov na Donu. – 120 s.
Rybnikova M.A. (2003). Russkaya pogovorka / Russkoye ustnoye narodnoye tvorchestvo. Khrestomatiya po fol'kloristike. Pod red. YU. G. Kruglova. – M.: Vysshaya shkola.
Vvedenskaya A.A. (1999). Kitayskiye poslovitsy i pogovorki. Rostovskoye knizhnoye izdatel'stvo. – 120 s.

ҒТАМР 16.41.25

Абаған А.Б.

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: akerke83@gmail.com

КОРЕЙ КИНОФИЛЬМДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДЫҢ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ

Халықтың даналығы, дүниетанымы мен болмысқа көзқарасы оның тілінде, оның ішінде әсіресе фразеологизмдерде көрініс табады. Мақалада Қазақстанда танымал корей телесериалдарындағы фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі қазақ фразеологизмдерімен салыстыра талдау арқылы ашылады. Фразеологизмдер – белгілі бір ұлттың өзгелерден менталь-дық ерекшелігін танытатын, этномәдени табиғатынан хабар беретін «шиыршықталған мәтін», сондықтан зерттеушілер корей мәдениетінің айнасы ретіндегі фразеологиялық бірліктердің астарындағы ақпаратты ашып, оның қазақ тіліне аудару жолдарын көрсетеді, екі мәдениеттің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайды.

Түйін сөздер: телесериал, аудармашы, кино, кино аудармасы, лингвомәдени ерекшеліктер, аударма, т.б.

Abagan A.

Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: akerke83@gmail.com

Methods and techniques for translating phraseological units from Korean into Kazakh in the process of film translation of Korean cinema series

Wisdom, outlook and vision of people are reflected in his language, especially in phraseology. The article compares the phraseological units of the Korean language with the Kazakh language using the example of phraseological units from popular Korean serials. Phraseologisms are a “twisted text” that reflects the mentality of a given nation and distinguishes it from another. In this article, researchers revealed the essence and significance of phraseological units of the Korean language and resulted in ways of translating into Kazakh language, revealed features and differences.

Key words: TV series, translator, cinema, cinema, poet, linguoculturology, features, translation, etc.

Абаган А.Б.

старший преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: akerke83@gmail.com

Методы и приемы перевода фразеологизмов с корейского языка на казахский в процессе киноперевода корейских киносериалов

Мудрость, мировоззрение и видение людей отражены в его языке, особенно в фразеологии. В статье проводится сопоставительный анализ фразеологизмов корейского языка с казахским языком на примере фразеологизмов из популярных корейских сериалов. Фразеологизмы – это «скрученный текст», который отражает менталитет данной нации и отличает от другой. В данной статье исследователи раскрыли суть и значение фразеологических единиц корейского языка и привели способы перевода на казахский язык, выявили особенности и отличия.

Ключевые слова: телесериал, переводчик, кино, киноперевод, лингвокультурология, особенности перевода, и т.д.

Кіріспе

Қазіргі таңда өзге тілдің фразеологизмдерін қазақ тіліне аударып, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау аударматанудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өзге халықтың мәдениеті, тарихы мен салт-дәстүрі екінші бір халыққа аударма тілі арқылы жетеді. Алға қарай дамып, жаһандану заманында өмір сүріп келе жатқан соң, өзге елдермен тығыз қарым-қатынас орнатып, өзара байланыс ұстану халықаралық қатынастардың негізгі заңдылығы болып саналады. Ал осы халықаралық қатынастар, әрине, тіл арқылы, яғни аударма арқылы жүзеге асырылып жатқаны бәрімізге мәлім. Бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынас жасауы, өзге халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысудың басты құралы – аударма. Корей-қазақ тілдері қарым-қатынасы негізінде сан алуан кітаптар мен әдебиеттер аударылып, ғылыми еңбектер мен мақалалар жарыққа шығуда. Солардың қатарын бүгінгі күні киноаудармалары да толықтыра түседі. Аударманың қай түрінде де фразеологизмдерді аудару талаптарын сақтау үлкен зерттеуді қажет етеді.

Фразеологизмдерді аудару аударма теориясы үшін де, тәжірибесі үшін де маңызды мәселенің бірі болып табылады. Киноаудармада фразеологизмдерді екінші тілге аударуда айтарлықтай қиындықтар кездесіп, теориялық тұжырымдар жасауға итермелейді. Өйткені әр тілдегі фразеологизмдердің семантикалық, стилистикалық, прагматикалық, функционалдық қызметтері әртүрлі. Оның құрамына кірген сөздердің байланысы да әр тілде әрқилы. Міне, осыларды аудару кезінде әр тілдің өзіне ғана тән сөздердің тіркесу ерекшелігі көрінеді. Фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару мәселесі аса қажет әрі күрделі мәселе екендігіне кино аудармаларындағы фразалық тіркестер табиғаты да дәлел болып отыр.

Негізгі бөлім

Ғылымда фразеология мәселесі сөз бола бастаған кезден-ақ оны екінші тілге аудару жайы қатар айтылып келеді. Аударма ел мен елдің арасына дәнекер болатын негізгі құралдың бірі. Аударманың кез келген түрімен айналысатын қандай да бір зерттеуші фразеологияны аударудың қиындықтарынан аттап кете алмайды. Әр зерттеуші өзіндік тұжырымдарын білдіріп отырады. Фразеологизмдерді аудару мәселесі аударма теориясының бір саласы болғандықтан, бұл туралы да әр зерттеуші түрлі пікір білдіреді. Шетелдік, отандық ғалымдардың фразеологизмдерді аударуға қатысты концепцияларына талдау қажеттілігі бар. Тұрақты тіркестердің екінші бір тілдегі табиғатын жан-жақты зерттеген аудармашы А.В. Федоровтың «Основы общей теории перевода» атты еңбегінің орны ерекше. Бұл еңбегінде ол фразеологизмдердің аудармасына байланысты да көптеген ізденістерге тоқталып, тұжырымдарға сараптама жасайды (Федоров А.В.,2002). Аударма теориясы үшін, оның ішінде фразеологизмдерді екінші тілде беру мәселесіне келгенде мұндай пікірлер сол саланың дамуына айтарлықтай үлес қоса алады. Отандық ғалымдар І.К. Кеңесбаев, М.Б. Балақаев, Ғ.Ғ. Мұсабаев, М.К. Қаратаев, Ө. Айтбаевтың зерттеулерінде де фразеологизмдерді аударудың жолдары көрсетіліп, тың тұжырымдар беріледі. Қазақстанда аударма теориясын жасауға атсалысқан ғалымдардың қатарына – С.О. Талжанов пен Ә. Сатыбалдиевті қосуға болады. Аударма ғылымының теориясының қалыптасуына өз үлестерін қосқан М. Жанғалин, Қ. Сағындықов, К. Шәріпов, Н. Сағандықова, І. Жарылғаповтардың ғылыми ой-тұжырымдары қазақ аударма ғылымының дамуына едәуір ықпалын тигізді. И. Ландау, С. Қоспанов, Ә. Бектемісов, З. Тұрарбековтің диссертациялық еңбектерінде де фразеологизмдерді аудару жайында пікірлер айтылады.

Тілші ғалым І. Кеңесбаев: «Аудару техникасы, аударма тілі өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс» (Кеңесбаев І.,1946) саланың бірі деп атап өткен болатын. Ғалымның «Қазақ тілінің идиомалары мен фразалары» деген зерттеуінде фразеологизмдерді аудару техникасына қатысты теориялық құндылығы жоғары тұжырымдар берілген. Ғалым идиома, мақал, фразалардың өзара айырмашылықтарын салыстырып, басқа тілдерге аударудың жолдарын қарастырады. Әрбір жеке тілдің өзіне ғана тән және анағұрлым көнеленген идиомалары сияқты категорияны «калька» ретімен аударудың керектігін ұсынады. Академик І. Кеңесбаев «идиомалар бір тілден екінші тілге мүлде аударуға келмейді» дегеннен бұрын, керісінше, оларды аударудың әртүрлі жолдарын «ізденіп мағына жағынан сәйкес келетін тізбектерді тауып, аударма тілін жұртқа түсінікті етуді қарастыруымыз керек» (Кеңесбаев І.,1946), – дейді.

Фразеологизмдерді аудару мәселесі шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан жүйелі қарастырылып келеді. Шетелдік зерттеушілер

Я.И. Рецкер, А.В. Федоров, В.Н. Комиссаров, С. Влахов және т.б. фразеологизмдерді аудару мәселесі туралы құнды тұжырымдарын айтады. Бұл ғалымдардың пікірлерін басшылыққа алған орыс лингвистері С. Влахов пен С. Флорин фразеологизмдерді түпнұсқа тілден аударма тілге аударудың мынандай жолдары бар екендігін көрсетеді:

– фразеологизмнің аударма тілде кездескен эквивалентін (баламасын) беру арқылы аудару;

– аударма тілдегі вариантын (аналогын) беру арқылы;

– аударма тілде түпнұсқа тілдегі фразеологиялық тіркестің баламасы да, өзге нұсқасы да болмағандықтан, фразеологиялық емес тіл құралдарымен беру арқылы аудару (Влахов С.И. Флорин С.П.,2006)

М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаевтар «Қазақ тілінің стилистикасында» фразеологияның аудармасына арнайы тоқтаған. Мұнда авторлар мәселенің қиындығын айта келіп, фразеологизмдерді аударудың әртүрлі жолдарын қарастырады. Үш түрлі тәсіл болуы ықтимал екенін дәлелдейді. Осы пікірлерді қорыта келе, фразеологизмдерді корей тілінен аударудың мынадай жолдарын қарастыруға болады:

Біріншіден, «фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі». Мысалы: 꼬리를 내리다 [koriril nerida], (Park Yong Joon, 1997)– «құйрығын түсіру» тұрақты тіркесі *қателігін мойындату, мойынсыну* мағынасында жұмсалады. Мәтіннен үзінді келтірсек:

풍발 웬만한 사람들의 고집은 얻고자 하는 이득 앞에 금방 꼬리를 내리거늘...! *[punbal yenmanhan saramdiri kojipil otkojia idik ape gimpan koriril nerikonil]*

Сөзбе-сөз аударма:

Пуң Баль:

– Мұндай қырсық мінезімен алысқа бармайды. Жеңу пайдасы тұрғанда ***құйрығын түсіру*** *керек.*

Киноаударма:

Пуң Баль:

– Мұндай қырсық мінезімен алысқа бармайды. Қазір ең алдымен ***жауды жеңуді*** *ойлау керек.*

Корей халықтарының танымында жануардың құйрығын «꼬리» [kori] түсіру әрекеті «қарсы тұрған адамның сөзіне көніп, өз қателігін мойындау» деген ұғым-түсініктен туған. Ал киноаударма бұл тұрақты тіркестің жалпы мағынасы алынып, сөйлеушінің ойын, ең бастысы кинокартинадағы болып жатқан іс-әрекетті толық жеткізу үшін «жауды жеңу» тіркесімен беріледі. Ю. Найда аударма аудару барысында екі бағытпен жұмыс істейді деп көрсеткен. Біріншісі аударманы өзінің оқырманына қарай бейімдесе, екіншісі, керісінше, өзінің оқырманын шетел авторына қарай бейімдеген. Осыдан аударманың басқа түрлері пайда болады. Алғашқысында аудармашының міндеті түпнұсқаны мүмкіндігінше өзінің оқырмандарының ойлау әдісі мен тіліне жақындатып беру болса, екіншісінде оқырман міндетті түрде шетелдіктің сөйлеп тұрғанын сезінуі қажет. Жоғарыда келтірген мысалда Ю. Найда ұсынған екі бағыттың біріншісі қолданылып, түснұсқаны көрерменнің ойы мен санасына жақындату мақсатында꼬리를 내리다 *[koriril nerida]* сөз тіркесі «жауды жеңу» деген мағынасымен беріледі. Яғни ол өзіне беймәлім, таныс емес жаңа ойлау жүйесі мен айтылым тәсілдерін қабылдап, басқа, өзге ортада сезінуі қажет» (Naida Y.,1970), – деп көрсетеді. Біз зерттеушінің көрсеткен екінші бағытын жөн санаймыз. Киноның идеологиялық құрал екенін де естен шығармауымыз керек.

Әрбір тілде адамның физика-психикалық жан-күйін білдіретін фразеологизмдер кездеседі, сонымен қатар жануарлардың физика-психикалық күйі де кейбір сөз тіркестерінен көрініп жатады. 꼬리를 내리다 [koriril nerida], (Ba Yan San,2014)– «құйрығын түсіру» сөзтіркесі де жануардың жау-жүрек батыл болып жау алдында «құйрығын көтеріп» шабуылдаса, өзінен асып-түскеннің алдында құйрығын төмен түсіріп, қорыққанын немесе жеңілгенін білдіретін физиологиялық күйімен салыстыра айтылған фразеологизм.

담덕: 나를 알고자 함이라 말하는 걸 듣지 않았는가?

황회: 믿음이 안 가는 것이 사실이옵니다. 속을 알 수 없는 자이옵니다. *[Damdok: naril algoja hamira malhanin gol didji ananninga? Huanhe: midimi an kanin koshi sashiliomnida. Sokil al su opnin jaiomnida].*

Сөзбе-сөз аударма:

Там Док: *Мені білгілерің келсе тұзаққа түсесіңдер дегенді естідің бе?*

Хуаң Хэ: *Бұл туралы әлі анық ештеңе білмейміз.* ***Ішін білмейтін адамды*** *соңымыздан ертіп жүреміз бе?*

Киноаударма:

Там Док: *Мені білгілерің келсе тұзаққа түсесіңдер дегенді естідің бе?*

Хуаң Хэ: *Бұл туралы әлі анық ештеңе білмейміз.* ***Сенбейтін адамды*** *соңымыздан ертіп жүреміз бе?*

Корей тіліндегі 속/sok/ – «іш» сөзімен байланысты тұрақты сөз тіркестері адамның ішінде жатқан жан-күйзелісімен қатар, ішкі ойын, сезімін бейнелейді. 속을 알 수 없다 [sogil alsu opta] – *ішін біле алмау* тұрақты сөз тіркесі «ішінде не жатқаны белгісіз», «ондай адамға сенуге болмайды» деген түсініктен туған (Ba Yan San,2014). Киноаударма мәтінінде «сенбейтін адам» деген тұрақты сөз тіркесімен беріледі. «Ішкі сырын білмеу», «ішінде не жатқаны белгісіз» сияқты қазақ тіліндегі балама арқылы аударманы жеткізуге болатын еді. Бірақ түпнұсқа тіліндегі фразеологиялық компоненттің аударма тіліндегі фразеологиялық компоненттен көп, шұбалаңқы болуы, дыбысталуы сәйкестікке нұқсан келтіретіндіктен, аудармашы мағыналық аударманы таңдаған.

Екіншіден, фразеологизмдерді аударуда олардың өзара мәндес келетіндігін ескеру қажет. Мысал: корей тілінде뼛속 깊이 [pyosok gipi] – «сүйектің ішінде», «терең» деген мағынадағы тұрақты сөз тіркесі кездеседі. Киноаудармада бұл фразеологизм қазақ тіліндегі «сүйектен өтіп кетердей» деген мағынамен беріледі.

담 덕 허나 만일.. 같은 일이 되풀이 될 시... 집의 명을 어긴 대가가 얼마나 혹독한지 뼛속 깊이 느끼게 해주마 *[Damdok: Hona manil .... Katin iri dyepuri duel shi... jipi myeinil ogin dedaga olmana hokdokhanji pyuesik kipi ninige hejuma].*

Сөзбе-сөз аударма:

Там Док: Егер де біздің елге қайтып басып кірер болсаңдар мен сендерге ***сүйектеріңнің ішінде, терең*** *өз ашу-ызамды көрсетемін.*

Киноаудармада:

Там Док: Егер де біздің елге қайтып басып кірер болсаңдар мен сендерге ***сүйектеріңнен өтіп кетердей*** *өз ашу-ызамды көрсетемін.*

뼛속 깊이 [pyosok gipi] – «сүйектің ішінде, терең» тұрақты сөз тіркесінің (Son Bo Ki ,1978) баламасы қазақ тіліндегі «сүйектен өтіп кетердей» мәндес мағынамен аударылған. Тіл-тілдегі фразеологизмдердің өзара сәйкес, мәндес келуі, шынында да аударманың жатық, түсінікті болуына септігін тигізеді. Мұның аударма жұмысын едәуір жеңілдететіні сөзсіз. Киноаударма жасау барысында фразеологиялық компоненттердің мағыналары сәйкес келгенімен, синтаксистік құрамы, синонимдік компоненттері, морфологиялық құрылысы өзгешелеу болғанымен, олардың сандық тұрғысынан да сәйкес келуін қадағалаған жөн.

Үшіншіден, «бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударылатын тұрақты тіркестер де кездеседі». Мысалы: 고 운 허니..지금 상황에서 소신들의 목을 치기 보다는... 차라리 화살받이로라도 세워야 하지 않겠사옵니까? 우선은... 화를 누르시고 이성을 찾으셔야 하옵니다*[Ko Un: Honi.... Jigim sanhyuaneso soshindiri mogil chigi podanin ... charari hyasalpadirorado seyoya haji ankessaomnika? Uson.. hyaril nurishigo isonil chagishoia haomnida]* мысалындағы 화를 누르다*[hyaril nurida], (*Essense kugosajon,2009) мағ: *ашуды басу, сабырға келу.*

Сөзбе-сөз аударма:

Ко Ун:

– Қазір біздің басымызды алмас бұрын осы тығырықтан шығудың жолын ойластырайық. ***Ашуыңызды басып,*** *бір ақыл табыңыз.*

Киноаудармада:

Ко Ун:

– Қазір біздің басымызды алмас бұрын осы тығырықтан шығудың жолын ойластырайық. ***Ашуыңызды басып,*** *бір ақылға келіңіз.*

Қос тілде де «ашуды басу» тұрақты сөз тіркесі «сабырға келу» деген мағынаны береді. Мұндай фразеологиялық үйлестіктің аударма үдерісін жеңілдетері анық.

고 무 (미소) 그대와 전장에서 칼을 부딪친 지..벌써 오십년이 흘렀다... 이제.. 그 긴 인연에 끝을 볼때가 됐다... 내가... 그대에게 해 줄 말은 이말 뿐일세*[ko mu: gideya jonjaneso karil pudichin ji ...polso oship nyueni hilletta. Ije.. ki kin inyuone kichil pol dega dyuetta... nega.. kideege he jul marin I mal punilse].*

Сөзбе-сөз аударма:

Ко Му: Сенімен шайқаспағалы елу жылдай болыпты ғой. Енді ұзақ ***тағдырымыздың аяғын көретін*** *кез келді. Саған айтарым осы ғана...*

Киноаударма мәтінінде:

Ко Му: Сенімен шайқаспағалы елу жылдай болыпты ғой. Енді ұзақ ***өміріміздің ақырына жақындадық****. Саған айтарым осы ғана...*

Бұл мысалдағы 인연[Inion] яғни «тағдыр» сөзі корей тіліне қытай тілінен енген сөз. 인 *[In]* «өзара», 연 *[*ion*]* «байланысты» деген мағына береді. Ал, 인연에 끝을 보다 [inyuone kichil poda] «өзара байланысқан екі адам өмірінің ақырғы күніне жету» деген мағынаны білдіреді (Park Yong Joon, 1997). Кинофильмде сөзбе-сөз аударма қазақ тілінде де түсінікті болған соң, аудармашы фразеологизмнің сөзбе-сөз аударма сын қолданған. Бұл тұста авторлар тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрінен идиомаларды бөліп алады.

Аудармашы үшін әр халықтың тілді қолдану дәстүрін мұқият ескере отыруы, әрбір тұрақты тіркестің шығу, жасалу төркінін зерттеп білу қажет екендігін ескеру қажет. Өзге тілдегі фразеологиялық бірліктерді аудару бары-

сында аударма жасалушы халықтың тілдік қорында лексикалық мағынасы, стильдік қызметі ұқсас, объективті дүниелерді бейнелеп беру жағынан орайласатын, бір-біріне сәйкес келетін тең баламалы фразеологиялық калькаларды қолдануға да болады. Калькалау тәсілі тым қарапайым саналса да «шын мәнінде егер түпнұсқа тіліндегі фразеологиялық бірліктерге негіз болып тұрған образ семантикалық жағынан мейлінше айқын, қабылдаушыға түсінікті болса, осы ауыспалы мағынаны түсінсе, екі тілде де фраза жасап тұрса, бұл амал тиімді болып есептеледі».

Көрермен аударма киноны тамашалағанда түпнұсқаны көріп-тамашалағандай күй кешу үшін кейіпкерлердің жан-күйзелісін, толғанысын дәл беріп, сөз нормасы мен дыбыс ерекшеліктерін сақтап аудару қажет болады. Сондықтан аударма жасағанда аудармашының құзыретінде шығармашылық еркіндік болмайды. Өз тәжірибемізге сүйене отырып, Еуропа тілдеріндегі (мысалы: орыс, ағылшын) кинотуындыларды аударғаннан гөрі, Азия оның ішінде, әсіресе, корей тіліндегі кинотуындыларды қазақ тіліне аудару жеңіл екендігін байқадық. Бастапқы себеп, корей және қазақ тілі агглютинативті, жалғамалы тіл тобына жатады. Бұл екі халықтың сөйлеу ырғағы, екпіні, тіпті дене қимылдары да ұқсас болып келеді. Осылайша фразеологиялық тіркестерді қолдану арқылы қысқа, нақты, тұжырымды ақпаратты жеткізуге мүмкіндік туады. Нәтижесінде ақпараттың эмоционалды-экспрессивті бояуы қанық болады. Телехикаяда ауыспалы астарлы, метафоралы тіркестерді орнын тауып дәл қолдана білсе, берілетін ақпарат әсерлі, образды болумен қатар ұйқасты-ырғақты әуенге ие болады. Себебі метафоралы тіркестердің қолданыстық сипаты өзгеше. Мәселен корей тіліндегі «алдыңғы жолын жабу» 앞길을 막다 *[apkiril makta]* – (Essense kugosajon,2009) мағынасы – *бөгет болу* тіркесі.

–담덕... 고구려의 태자인 담덕 때문이오. 번번이 연나라의 앞길을 막은 놈이요 *[damdok: kogurie tejain damdok temunieiue. Ponponi yuonnarai apkiril magin nomieio]*.

Сөзбе-сөз аудармасы:

Пуң Баль:

– Там Док... Когуре елінде Там Док бар екенін ұмытпаңыздар. Ол да біздің ***алдыңғы жолымызды жапқан*** *адам болған.*

Киноаударма мәтінінде:

Пуң Баль:

– Там Док... Когуре елінде Там Док бар екенін ұмытпаңыздар. Ол да біздің ***жолымызға бөгет*** *болған.*

Бұл мысалдағы 앞길을 막다 [apkiril makta] *алдыңғы жолды жабу*, келе жатқан жолын жауып, кедергі жасау деген мағынада қолданылып, киноаудармада «жолда бөгет болу» деп аударылады. Киноаудармада орын ауыстыру аударма трансформациясы арқылы жүзеге асқан. Сол сияқты바닥이 보이다 [padagi poida] (Park Yong Joon, 1997) тұрақты тіркесінің мағынасы «таусылу, біту» болса, сөзбе-сөз аудармасы *«түбі көріну»*. Мысалы: 모두영 장군!! 량과 마초가 떨어져가고, 화살 또한 바닥을 보이고 있사옵니다... 그리고 병사들도 쉬지 못하고 계속 전쟁을 치르느라 다들 지쳐있사옵니다*[moduyuon: Jangun!! Kunriankya machoga torojuiokago, hyasal tohan padagil poigo itsaomnida…girigo pyuonsadildo syuiji mothago kesok jonjenil chiranira tadil chichesaomnida]*.

Сөзбе-сөз аудармасы:

Мо До Ең:

– Қолбасшы, азық-түлік пен қару-жарақтарымыздың ***түбі көріне*** *бастады. Тыныққпай шайқасқан сарбаздар да шаршады.*

Киноаударма мәтінінде:

Мо До Ең:

– Қолбасшы, азық-түлік пен қару-жарақтарымыздың ***түбі көріне*** *бастады. Тыныққпай шайқасқан сарбаздар да шаршады.*

Бұл мысалда: 바닥이 보이다 [padagi poida] (Park Yong Joon, 1997) тұрақты тіркесінің мағынасы *«таусылу, біту»* болса, сөзбе-сөз аудармасы *«түбі көріну»*. Қазақ тілді көрермен үшін *«түбі көріну»* мағынасы түсінікті болғандықтан, сөзбе-сөз аудармаға жол берілген.

신랑과 신부는 검을 머리가 파뿌리가 될 때까지 서로 사랑하고 존중하세요*[shillahgkya shinbunin komin moriga papuri dyelte kaji soro saraghago jonjunghaseyio]*.

Сөзбе-сөз аудармасы:

Күйеу жігіт пен қалыңдық ***қара шаштарың пияздың тамырындай болғанша*** *бір-біріңді жақсы көріп, сыйлаңдар.*

Киноаударма мәтінінде:

Күйеу жігіт пен қалыңдық ***шаштарың ағарғанша*** *бірге болып, қартайып, бір-біріңді жақсы көріп, сыйлаңдар*

검은 머리거 파뿌리 되도록 *[Komin* moriga papuri dyetokor] – *қара шаштарың пияздың тамырындай болғанша*, мағ. қартайғанша бірге болыңдар (Kang Yu Gu,2015). Бұл фразеологизмде корей халқының күнделікті тағамына қосылатын 파*[pa]* пияз тамырының аппақ болуымен адам шашының ағарғаны салыстырыла берілген. Тұрақты сөз тіркестердің мағыналық-семантикалық сипатымен қатар олардың

құрамындағы компоненттерінің этимологиялық шығу тегін білу маңызды. Бұл аударма барысында қазақ тілінің «ақ сақалды, сары тісті» фразеологизмін балама ретінде қолданып, адресантқа мағынасын жеткізуде ұтымды болар еді. Өйткені кинодискурс аудармасында фразеологиялық сәйкестіктерді анықтауда фразеологиялық бірліктердің балама арқылы берілуі маңызды. Мұндай бірліктердің семантикасы күрделі ақпараттық кешендерді айқындап, заттық-қисынды және конотаттық құрылымдық бөліктерге ие болады.

Корей тіліндегі *«눈» [nun] – көз* сөзімен байланысты тұрақты тіркестер адам жан-дүниесінің айнасы деп жүрген көздің назары қайда түссе, сол затқа қызығушылығының пайда болуын білдіреді. Көзқарастың ұзақ не қысқалығына қарап, түсінгенін немесе түсінбегенін байқауға да болады. Оған мынадай тұрақты тіркестер дәлел бола алады:

눈이 보는게 없다 /nune ponin ke upya/ – көзіне ештеңе көрінбеу;

눈이 멀다 /nuni molda/ – көз алыста болу;

눈독을 들이다– біреудің көзіне у салу, т.б.

Көзіне ештеңе көрінбеу тұрақты тіркесі киноаудармада қазақ тіліндегі *ештеңе байқамау* баламасымен берілген. Мысалы, 이봐 석상령, 사로국의 개가 되더니 눈에 뵈는 게 없나***?*** [ipua, soksarion, sarokugi kega dyuedoni nune pyuenin ke opna?] мәтінінің киноаудармадағы нұсқасы «*Даль Хэ, сен* ***ештеңені байқамай*** *Силла елінің ойыншығына айналып кетіпсің ғой. Бұның қалай*?». Ал *көзі алыс болу* тұрақты тіркесінің аудармасында *ештеңе елемеу* фразеологизмі қолданылады. Мыс, 수로 놈한테 눈이 멀어 나라를 넘겨주고도 남을 너 같은 년을 그래도 딸이라고 애지중지했을 차차웅이 참으로 가련하구나 [suronomhante nuni moro nararil nomkyuo jugodo namil no katin nyuonil kiredo dalirago ejijungjihessil chachayuni chamiro karyuonhaguna] аудармасы, «Су Роға ессіз ғашық болып, **ешкімді елемей,** еліңді сатып кеттің емес пе? Сонда да сені әлі қызым деп ойлап жүрген Ча Ча Уң да ақымақ екен».

У адамның санасын бұзғандай, көзге де у салса, ойы бұзылады деген оймен *«көзге у салу»* – «біреудің затына қызығу» әрекетімен теңелген. 눈독을 들이다[nundogil dirida] тұрақты сөз тіркесінің осы мағынасы қазақ тілінде мүлде қолданылмағандықтан, аудармашылар бұл тұрақты сөз тіркестің «қызғанышпен қарау» мағынасына жуықтатып, қазақ тіліндегі *көз тігу (*Қайдар Ә.Т., 2003) тұрақты сөз тіркесін сәтті әрі прагматикалық мақсатқа сай қолданады. Мәселен, 네놈이 오래 전부터 신귀촌에 눈독을 들여온 것을 내 모를 줄 아느냐*?* [nenomi orejonbutto shinkyuichone nuntogil diryuoon gosil ne moril jul aninia] мәтінде «*Ей, ақымақ, менің дүние-байлығыма* ***көз тігіп*** *жүргеніңді мен білмей жүр дейсің бе?»*

Корей тіліндегі фразеологизмдерді қазақ тіліне аударудағы мұндай қолданыстар фразеологизмдердің семантикасын, құрылымын жақсартып, жаңғыртып отырады. Жаңадан мағыналық реңк алып, жаңа көркемдік қасиетке ие болады. Сөздердің байланысу қабілеті молаяды.

Аудармашы бұрын тіркеспеген, бір-бірімен байланысқа түспеген сөздерді алуан түрлі құбылту нәтижесінде құрылымы ерекше комбинация құрады. Мұндай жаңашылдықтың бәрі тілдің заңдылықтарына қайшы келмей, қайта сөздердің тіркесу қабілетіне сай фразеологиялық топтар негізінде жасалады. Сонда көптеген сөздер мен жаңа жасалған тұрақты сөз тіркестерінің семантикасы анықталып, олардың көркемдік ажары, функционалдық қызметі айқындала түседі.

Кино саласында фразеологизмдерді аударуда, біріншіден, олардың қазақ тіліндегі фразеологизмдермен мәндес келетіндігін ескере отырып, қазақ тіліндегі мән-мағынасы сәйкес тұрақты сөз тіркестерін қолданған жөн. Екіншіден, сөзбе-сөз аударуға келетін фразеологизмдерді сол күйінде пайдаланған дұрыс. Үшіншіден, көне тарихи ұғымдардан құралған тұрақты тіркестердің этимологиясын білген абзал. Идиомалардың басым бөлігі сөзбе-сөз аударуға келмейді. Бұл ретте аудармашының импровизациялық қабілетінің болуы шарт.

Киноаудармада қолданылатын фразеологизмдер өзіндік ерекшеліктерге ие. Фразеологизмдер грамматикалық, стилистикалық және функционалдық қызметімен ерекшеленеді. Олар киноаудармада белгілі бір сөйлем ішінде қолданылғанда өзара синонимдес мағынада жұмсалады. Киноаудармадағы фразеологиялық тіркестердің грамматикалық заңдылықтары олардың стилистикалық қызметін көрсетеді. Аудармашы сөйлемдегі кейбір сөздің, не жай тіркестің бірінің орнына фразеологиялық тіркесті қолданып та аударма жасайды.

Аудармашылар киноаудармада баяндалатын құбылыстың ыңғайына орай фразеологизмдерді әртүрлі мақсатта пайдаланады. Күрделі тіркестер – идиомаларды, фразеологиялық топтарды былай қойғанда, жеке сөздердің өзін де екінші тілге аудару оңайға түспейді. Өйткені қай тілді алсаңыз да, оның әрқайсысының өзге тілге сай келе бермейтін көптеген ерекшеліктері бар. Туыстығы басқа тілдердің бірінен-біріне аудару

процесі оңайға соқпайды. Қиындықтар осы тектес ерекшеліктерге де байланысты туындайды.

Тіл біліміндегі фразеологизмдерді аудару мәселесін зерттеген Я.И. Рецкер, А.В. Федоров, В.Н. Комиссаров фразеологизмдерді аударуда сөз тіркестерінің өзіне тән белгілері мен қасиеттеріне байланысты бірнеше амал-тәсілдерді ұсынған болатын. Қазіргі зерттеушілер аталған тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, тұрақты тіркестердің аудару амалдарын *фразеологиялық аударма* және *фразеологиялық емес аударма* деп қарастырып жүр .

Зерттеушілердің пікірінше, фразеологиялық аударма өз ішінен толық *фразеологиялық балама, жартылай фразеологиялық балама, қатыстық фразеологиялық балама* және *фразеологиялық аналог* деп бөлінеді.

1. Толық фразеологиялық эквивалент барлық белгісі жағынан, яғни образдылығы толық сақталған, түпнұсқа тілімен дәлме-дәл келетін, мағыналық жағынан да, стильдік, метафоралық, эмоционалдық бояуы жағынан да сәйкес, компоненттік құрамы мен лексика-грамматикалық көрсеткіштері ұқсас, бірдей грамматикалық категорияға жататын фразеологизмдердің аударылуы (Кунин А.В.,1996);

2. Жартылай фразеологиялық эквивалент дегеніміз – түпнұсқа тілден аударма тілге алмастырылатын фразеологиялық бірліктің бірнеше вариантының ұшырасуы, яғни түпнұсқа тілдегі фразеологизмдердің компоненттері аз болса, онда олардың аударма тіліндегі компоненттері көп болады, немесе керісінше, компоненттері көп болатын жағдайда, аударма тілінде аз болады. 빈손[pinson] тұрақты сөз тіркесінің аудармасы «құр қол» болса, бұл қазақ тіліндегі «құр қол келу немесе құр алақан келу» сөз тіркесімен мағыналас келіп, жартылай эквивалентті сөз тіркесі қатарына жатады (Кунин А.В.,1996);

3. Қатыстық фразеологиялық эквивалент-мағыналары сәйкес келгенімен, синтаксистік құрамы, синонимдік компоненттері, морфологиялық құрылысы өзгешелеу болады, бірақ мағынасы бірдей.

4. Фразеологиялық аналог – берілген мәтінде бастапқы тіліндегі өзіне баламасыз тұрақты тіркесінің мағынасына ие аударма мәтініндегі аударма тұрақты сөз тіркестері (Арсентьева Е.Ф., 2009).

Фразеологиялық бірліктерді аудару тәсілдері жайында теориялық тұрғыдан талдау жасау үшін берілген тілдің барлық фразеологиялық қорын аудару тәсілдерін топтарға бөлу қажет. Көптеген авторлар бастама ретінде фразеологизмдерді аударуға келетіндер не келмейтіндер, олардың құрамдас бөлшектерінің санына және метафоралық қасиетіне байланысты бөлінетін лингвистикалық классификацияға жүгінеді. Бізге белгілісі: кіріккен фразеологизмдер (идиомалар), біріккен фразеологизмдер (метафоралық бірліктер), сәйкестендірілген және фразеологиялық айтылымдар (Ш. Балли, В.В. Виноградов, Б.А. Ларин, Н.М. Шанский топтастырулары бойынша. Я.И. Рецкердің пайымдауынша, бұл классификация аударма теориясы мен тәжірибесінде ыңғайлы тәсіл болып келеді (Рецкер Я.И.,1974). Алайда ол тек кіріккен және біріккен фразеологизмдерді қарастырады. Кіріккен фразеологизмдерді аудару барысында толықтай өзгерту тәсілін, ал біріккен фразеологизмдерді аудару барысында образды аудару тәсілін қолдану керек деп пайымдайды (Рецкер Я.И.,1974). Фразеологизмдерді аударуға арналған арнайы әдебиеттерді зерттеу барысында аударманың төмендегідей түрлерін кездестірдік. Олар: фразеологиялық аударма және фразеологиялық емес аударма.

Фразеологиялық аударма деп бір тілдің тұрақты сөз тіркестерін екінші бір тілге сол тілдің фразеологизмдерімен аударуды және аударма тіл мен түпнұсқа тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің арасындағы мағыналық жақындықты іздеп, бір-біріне жақын фразеологиялық эквивалентті табуды атаймыз (Солодухо Э.М.,1989). Яғни түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдерді аударма тіліндегі фразеологизмдермен аудару немесе фразеологизмнің фразеологизммен аударылуын айтамыз. Мұндай сәйкестік екі тілде де кездеседі. *Мысалы:* Арасын кесіп қою 사이를 갈라놓다 [sairil kallanotta] тұрақты сөз тіркесінің кинодағы мысалы: 담 주 수단과 방법을 가리지 말고 폐하와 유민들 사이를 갈라놓으라고 했습니다 *[Dam Ju: Sudangya panbobil kariji malgo pehaya yuminil sairil kallanoirago hessimnida] //* (Essense kugosajon, 2009) *тұрақты тіркесі «араздастыру» мағынасында жұмсалады. Мысалы:*

Там Жу: *Қалай болғанда да халық пен Там Док ханның арасын* ***кесіп қоямын*** *деп отыр.*

Киноаударма мәтінінде:

Там Жу: *Қалай болғанда да халық пен Там Док ханның арасына* ***сына қағамын*** *деп отыр.*

사이를 갈라놓다 [sairil kallanotta] аудармасы *«арасын кесіп қою» (* Park Suk Hi, 2013) сөз тіркесінің қазақ тіліндегі баламасы «*арасына сына қағу*» тұрақты тіркесімен берілген. Аударма сәтті шыққан. Аудармашы екі тілдегі фразеологиялық жақындықты дәл тауып, баламаны ұтымды қолданады. Жоң Шим

말이 통하다 [mari donghada] – «сөз өтпеу» тұрақты сөз тіркесі қазақ тіліндегі фразеологизмімен сәйкес келіп тұр. Киноаудармадағы мәтінде: 태섭모-저기, 태섭이 니가 좀 타일러 보면 안될까... 아버지 엄마는 저하고 말이 안 통한다고 생각 할테니까 니가 만나서 얘길 좀 해보면*[Tesopmo: jogi, tesopi niga taillo pomyuon an dyelka.. abogi ommanin johago mari an donghandago sengak haltenika niga mannaso egil jom he pomyuon]*.

Сөзбе-сөз аудармасы:

*«Тэ Соп, сен сөйлесіп көрсең қалай болады? Менің **сөзім өтпей қойды.** Бәлкім сен сөйлессең».*

무릎을 꿇다 [muribil kulta] фразеологизмі қазақ тіліндегі «тізе бүгу», яғни мойындау мағынасымен дәлме-дәл сәйкес келетін сөз тіркесі [37, б. 712]. Мысал келтірер болсақ, 방 초 고구려의 공주를 내주다니.. 드디어 담덕이 후연에 무릎을 꿇은 듯 합니다 *[Bancho: Kogurei konguril nejidani… didio tamdogo hyena myripil kurin dit hamnida]*.

Аудармасы: *Когуре елінің ханзадасын Ху Ен еліне беруге келісіп, Там Док **тізе бүгіпті** дейді.*

Жартылай фразеологиялық эквивалент – түпнұсқа тілден аударма тілге алмастырылатын фразеологиялық бірліктің бірнеше вариантының ұшырасуы, яғни түпнұсқа тіліндегі фразеологизмдердің компоненттері аз болса, онда олардың аударма тіліндегі компоненттері көп болады, немесе керісінше компоненттері көп болатын жағдайда, аударма тілінде аз болып келуі мүмкін. Аударманың бұл түрі киноаудармада өте көп кездеседі. Корей киноларындағы *өлтіру* мағынасында жұмсалатын 목을 치다 [mogil chida]; – *«мойнынан ұру»* (өлтіру) (Essense kugosajon, 2009), 목을 노리다 [mogil norida] – *«мойын күтіп жүру» (*өлтіру) (Essense kugosajon, 2009) сияқты тұрақты сөз тіркестері қолданылады. Бұл тұрақты сөз тіркестер қазақ тілінде *басын алу,* ал *өлтірмек болу, қауіп төндіру* сияқты фразеологизмдермен берілген. Мәтіннен мысал келтірсек:

설도안 뭣들 하느냐? 당장 저것을 끌어내 목을 쳐라!!! 부족을 배신한 대가가 무엇인지 철저히 깨닫게 해주란 말이다!!! 어서!!*[soldoan: muotdil haninia? Danjan jokosil kirone mogil chiora!!! Pujodil peshinhan dedaga muoshinji choljohi kedatke hejuran marida]*.

Сөзбе-сөз аудармасы:

Соль До Ан: *Неғып тұрсыңдар? Мынаны ұстап, **мойын ұрыңдар.** Елін сатқан адам қандай жақыным болса да, мен кешіре алмаймын.*

Кино аударма мәтінінде:

Соль До Ан: *Неғып тұрсыңдар? Мынаны ұстап, **басын алыңдар**. Елін сатқан адам қандай жақыным болса да, мен кешіре алмаймын.*

Мойнынан ұру «өлтіру» мағынасында корей тілінде фразеологиялық орам ретінде сақталып қалған (Park Yong Joon, 1997).

Осы тұрақты сөз тіркесіне қатысты тағы бір кинодискурстан мысал келтірсек: 모용희 (분노에 겨워 쏘아보며) 만일 이번에도 귀비를 놓친다면… 네 놈의 목부터 칠 것이다*!!! [Moenhi: manil ibonedo kyuibiril nochindamen… nenome mokputo chil koshida!!!]*.

Сөзбе-сөз аудармасы*:*

*Мо Ен Хый: Осы жолы ұстамасаңдар, ең алдымен, сенің **мойныңды ұрамын.***

Киноаудармада:

*Мо Ен Хый: Осы жолы ұстамасаңдар, ең алдымен, сенің **басыңды аламын.***

Қатыстық фразеологиялық эквивалент дегеніміз – мағыналары сәйкес келгенімен синтаксистік құрамы, синонимдік компоненттері, морфологиялық құрылысы өзгешелеу болады, бірақ мағынасы бірдей. Аудармада ол көп кездесе бермейді.

Фразеологиялық аналог (үйлестік) – салыстырылып жатқан тілдегі фразеологизмнің мағынасына қарай негізгі тілдегі фразеологизмге барабар, бірақ одан өзінің бейнесінен біраз немесе толығымен өзгеше болатын фразеологизмге айтамыз. *Мысалы:* 멀리 보다 [molli poda] – *«алысқа қарау» (*Essense kugosajon, 2009), (терең ойлау). Кинодискурстағы мысал:

도영 소녀가 어리석었습니다. 제가 태자비가 되면, 아버님께서 가지고 있었던 그 눈먼 욕심이 조금은 없어질 줄 알았습니다. 아버님이 태자 마마와 화합하시어 조금 더 멀리 볼 줄 알았습니다. // (국어사전 *779) – терең ойлау.*

Сөзбе-сөз аудармасы:

Кэ Ен Су*: Мәртебелім, осы уақытқа дейін жау алдында тізе бүгіп көрмеген ел екенімізді жақсы білесіз. Әке, бұл жағдай жайлы **алысқа қарарсыз** деп ойлап едім.*

Кино аударма мәтінінде:

Кэ Ен Су*: Мәртебелім, осы уақытқа дейін жау алдында тізе бүгіп көрмеген ел екенімізді жақсы білесіз. Әке, бұл жағдай жайлы **терең ойланарсыз** деп ойлап едім.*

Алысқа қарау қазақ тіліндегі «терең ойлану» мағынасымен бірдей болған соң киноаудармада оның қазақ тіліндегі баламасы қолданылған. Тағы да бір мысал: 제사를 지내다 [Jesaril jineda] аудармасы «жақыны қайтыс болған күні тәу ету

рәсімі» яғни, туған-туысының қайтыс болған күні ұлттық тағамдар әзірлеп, аруағына тәу ету рәсімі (Park Yong Joon, 1997). Осы рәсімді қазақ халқының рәсіміне жақындастырып, кинoның қазақша аудармасында ***құрбандық шалып, құдайы тамақ беру*** деп аударады.

Фразеология – тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін лингвистиканың бір бөлімі. Фразеология, тұтастай алғанда тілде бір немесе бірнеше жазушының тілінде, жеке көркем шығарма тілінде және т.б. тұрақты тіркестер жиынтығы болып табылады. Фразеологияның негізгі бірлігі – бұл тұрақтылық, яғни фразеологизмдік тізбектілік. Бұл қайталанатын тілдік бірлік, екі немесе бірнеше маңызды сөзден тұратын, оның мәні мен құрылымы тұрақты сөздерден тұрады. (Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ., 1997)

Фразеологизм – заманауи фразеологиялық жүйенің негізгі бірлігі, ал бірлік күрделі, көп өлшемді, сөздердің жалпы санынан және әсіресе фразалардан айырмашылығы қиын, сондықтан фразеологизмді фразалардан ажырату қиын. Әртүрлі зерттеушілер фразеологизмнің түсіні-

гін әртүрлі түрде түсіндіреді. Талай жылдарды артқа қалдырып, тілдің ең қажетті фактілерін негізге алып, өзге де ғұламалардың атақты еңбектерін ескере отырып, фразеологизмдер өз алдына бір бөлек лингвистиканың саласы екенін баса атағанымыз дұрыс. Шу дегенде айтатынымыз: фразеологияның сыр-сипатын сөз етіп қозғағанда, оның тіл салаларына, тілдің мағыналық бөлшектеріне ешқандай қатысы жоқ деп ешкім де айтпайды. Тілдің сол бөлшектерінен түбірі айырмасын, бас белгілерін бір сөзбен түйгенде мынадай жайт ескеріледі: 1) мағына тұтастығы (белгілі бір ФБ ішіндегі сөздер бастапқы мағынасынан біржола немесе ішінара жартылай айрылып қалады да, бәрі біріккен тіркес біртұтас мағына береді); 2) тіркес тиянақтылығы (белгілі бір ФБ-нің ішіндегі сөздер бірбірімен тығыз байланысады, олардың орын тәртібі анық және нық болып келеді, барлық жағдайда, яғни, кез келген бір тұтас тіркесу өз қалпын сақтайды); 3) қолдану тиянақтылығы (белгілі бір ФБ әрдайым, ешбір айна-қатесіз, өлеңдегі қайырма тәрізді өзгермей қайталанып қолданылады). Әдетте зерттеушілердің ойынша бұл аталған критерийлердің бірін – басты, шешуші, екіншісін – көмекші не қосымша, үшіншісін – қосалқы, яғни, жалғаушы ретінде атайды. Бірақ та бұл сияқты пайымдаулардың дұрыс-бұрысын атамай-ақ өзіміз басшылыққа алатын, негізгі, ең негізгі принцип аталған үш критерийдің тұтастығын аламыз. Осы үш критерийді бір-бірінен бөліп-жармай, тұтасымен басты негіз еткенде ғана ФБ-нің ерекше белгілерін біле аламыз. Яғни үш критерийді жүйелі түрге салып, фразеологияның негізі ашық, дербес объектісін анықтай отыра салыстырамыз.

Хинди және қазақ фразеологизмдерінің аудару барысындағы сәйкестік мәселесі

Үнді фразеологизмдерін қазақ тіліне аударудың негізгі әдістері келесі екі қарама-қарсы жағдайларды талап етеді: Бірінші жағдай – толық баламалылық. Басқаша айтқанда, семантикасы мен сипаттау әдістерінің бір-бірімен толықтай ұқсас болуы. Бұған фразеологизмдердің аз ғана тобы кіргенімен, тілдерде өздерінің орнын анық ұстанған. Толық баламалылық бірдей тура мағынаны, бірдей грамматикалық форманы, бірдей стилистикалық бейнені, бірдей тура аударманы тұрақты сөз тіркесінің негізіне кіретін бірдей бейнені талап етеді. Мысалы келесі үнді фразеологизмдерінің қазақ тілінде толық баламалары бар: **अपने पाओं पर आप कुल्हाड़ी मारना** – Өз аяғына өзі балта шабу; **आग में घी डालना** – Отқа май тамызу; **मुख खोलना** – Аузын ашу; **मुख दखिाना** – Беті-жүзін көрсету; **जल्दी का काम शैतान का काम** – Асыққан шайтанның ісі; **दांत पीसना** – Тісін қайрау; **आसमान सरि पर उठाना** – Аспанды басына көтеру; **चल बसना** – Дүниеден өту; **पहाड़ टूटना** – Тауды қопару; **समय तांग होना** – Уақыттың тар болуы; **आग लगाना** – Арасына от жағу; **आंखों में धूल झोंकना** – Көзге құм шашу; **आकाश पाताल का अंतर** – Арасы жер мен көктей; **आसमान से गरिना** – Аспаннан түсу; **आकाश से बातें करना** – Аспанмен тілдесу; **कसी के लएि कुआं खोदना** – Біреуге ор қазу; **पांचों उंगलयिां एक से नहीं होती** – Бес саусақ бірдей емес; **मुंह में लेना** – Аузына алу; **मुंह से नकिल जाना** – Аузынан шығып кету; **कहना से करना कठनि** – Айту оңай, істеу қиын; **आंख दौरान** – Көз жүгірту; **अपने पैरों पर खड़ा होना** – Өз аяғына тұру; **ज़बन तलवार से ज़्यादा तेज है** – Тіл пышақтан өткір; **आंखें बंद होना** – Көз жұму (өлу); **आंख होना** – Көзі түсу; **मौत के मुख से खींचना** – Өлім аузынан құтқару; **मुख से दुध कि गांधी आना** – Аузынан ана сүті кетпеген; **दूर से सलाम करना** – Алыстан сәлемдесу; **द्वार खुला होना** – Есік ашық болу.

Сонымен бірге, бірдей мағыналы, бірақ лексикалық компоненттерінде айырмашылықтары бар фразеологизмдер жартылай баламалы фразеологизмдер болып есептелінеді, өйткені аудармашы үшін бұл жағдайда басты мақсат – мазмұнды дұрыс жеткізу болып табылады. Мысалы, **एक तीर से दो शकिार** – Екі қоянды бір оқпен ату, **कुछ नहीं से थैला भला, नहीं मामा से खाना, मामा अच्छा** – Қанағат қарын тойғызар; **अल्लाह को प्यार होना** – Жақсы құдайға да керек; **नाम बड़े दर्शन छोटे** – Атына заты сай болмау; **एक तंदुरुस्ती नजरि हमित** – Денсаулық – зор байлық; **अपने कएि का फल पाना** – Не ексең, соны орасың; **अपनी गली में कुत्ता शेर** – Өзге елде сұлтан болғанша, Өз еліңде ұлтан бол;

Бірегей образды негіз болмаған жағдайда аналогтар пайдаланылады: **घर की खाद की चोरी का गुड़ मीठा** – Қолда барда алтынның қадірі жоқ; **आदमी दो दनि का मेहमान है** – Адам бұл дүниеге қонақ; **बनि सेवा मेवा मलिता नहीं** – Еңбексіз өнбек жоқ; **हथेली पर दही नहीं जमता** – Игіліктің ерте кеші жоқ; **एक सड़ी मछली सारे तालाब को गांधी कर देती है** – Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді; **घर घोडा नकस मोल** – Мал семізі күзде, Дос адалы түзде белгілі; **ऊंची दुकान फीका पकवान** – Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады; **बनि आग के धुन नहीं होता** – Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды; **अकेला चना भाड़ नहीं फोड़ सकता** – Жалғыздың үні шықпас, Жаяудың

шаңы шықпас; (**सत्य पराकाष् सन्हि** “**मुहावरे एवं लोकतंत्र” नई दल्ली**, 2001).

Екінші жағдай – баламасыздық. Бұл аудару үрдісінде салыстырылып жатқан мәдениеттерде қандай да бір түсініктердің сәйкес келмеуі себебінен туындайтын қиындық. Дегенмен, нақ осы айырмашылықта бір халықты басқадан ерекшелендіретін, белгілі бір халықтың өзіндік шыны ұлттық болмысы жасырын жатады. Баламасыз тұрақты сөз тіркестерін аудару кезіндегі мәселелерді шешу барысында аудармашыға ерекше назар аударып, білімнің үлкен қорымен қатар, өзінің туған мәдениетін өте жақсы біліп, түсінумен бірге басқаныкін де білген абзал.

Басқа тілде жоқ, бірақ қарапайым образ немесе тіпті образсыз берілген фразеологизмдер үшін *тікелей аударма* немесе *калькалау* оңай және қауіпсіз амал болып табылады. Фразеологиялық калька – тілдің фразеологиялық қорын байыту амалдарының бірі болып келеді.

Суреттелген немесе *түсіндірілген* аударма. Аударманың бұл тәсілінің негізі фразеологизмдерді еркін сөз тіркестермен немесе жай сөздермен аудару. Аударманың бұл түрінде түсініксіз образдарды талдаған кезде ритмнің, үндесудің және форманың қысқалығы тіпті жоғалып кетеді, бұл орайда қоғамдық мәдени, тарихи және ұлттық ерекшеліктерге толықтай түсініктеме беру қажеттілігі туындайды, сондықтан аудармашыға энциклопедиялық білім қажет болады.

Фразеологизмдерді аудару барысында ұлттық мәдениетке және әрбір халыққа тән ұлттық өзгешеліктерге байланысты салыстырылып отырған мәдениеттер арасында туындайтын маңызды ерекшеліктер мен шиеленістерді байқаймыз. Яғни әр түрлі халықтардың ұлттық өзгешеліктері солардың тілдеріндегі фразеологизмдер арқылы көрінеді (мысалы, үнділіктердің және қазақ халқының даналығы, шыдамдылығы, момындылығы және батылдығы).

Төменде фразеологиялық түйдек (идиом) және фразеологиялық тіркес (идиом емес фразалар) категориялары толығырақ түсіндіріледі.

Фразеологизмдердің ерекшелігіне байланысты мынадай бір сұрақ туады: ФБ-ге тән семантикалық өзгешеліктің мәнісі неде? Бұл мәселе жайлы толық тоқтам басқа тілдердің фактілерін толық қамтудан туындайды. Жалпылай айтқанда, ФБ-лердің (соның ішінде әсіресе идиомалар) мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда өз құрамындағы компоненттерге ешқандай даусыз апаратынына күмән туғызбайды. Бұл пайымдау бір түрлі көрінуі де мүмкін, бірақ басқаша тұжырым, топшылауға жол жоқ. Фразеологиялық мағына тіл жүйесінен бөлек кететін түсінік емес. Оның сырын, жасалу төркінін сол бұрынғы тіл құбылыстарының ішінен іздеу қажет. Сөз қолданыстарының пайда болу себебін тілдің өзінің заңдарынан, яғни экстралингвистикалық факторлардан қарастыру керек. Фразеологиялық түйдек мағынасының төркінін тану анағұрлым қиын. ФБ-лердің (яғни идиомдардың да) бірден пайда бола қоймағаны, заман өзгерген сайын бірте-бірте барып қалыптасқаны, тұрақты еркін тіркестердің негізінде жасалғаны ешбір күмән келтірмейді. Олар сол уақыттағы нақты өмір шындығына, халықтың байырғы кездегі ұғымына, ой-санасына дәл келуі де сөзсіз. Қоғамдық факторларға, тілдің ішкі заңдылықтарына байланысты белгілі бір сөз тіркесінің негізгі, тікелей мағынасы мен туынды, бейнелі мағынасы ауыс-түйіс өзгеріп отырған. Хронологиялық жалғас болсын, болмасын, туынды мағына, яғни фразеологиялық мағына екінші кезекте бертін келе өрбіген. Осыдан келіп, идиомдардың және басқа да тұрақты тізбектердің тілде өмір сүруі – олардың экспрессив қызмет атқаруына тікелей байланысты деген қорытынды туады.

Осы тұста айтар тағы бір жайт бар. Туынды мән-мағына негізгі ұғымнан келіп шығуының түрлі жолы бар. Бірде тізбек ішіндегі сөздің семантикасы өзге қолданысқа еніп, тасалана өзгерсе, бірде сол нақтылы ФБ-нің өзінде тұрып-ақ қосымша арқылы (деривация түрде) өзгеріп отырады: ал кей уақыт белгілі бір мағына екінші бір ұғымға қарама-қарсы келуінен барып туындайды.

Сөздердің фразеологиялық түйдек тобы болсын, фразеологиялық тіркес тобы болсын, екеуіне де ортақ қасиет – тиянақтылық. Бұл екеуінің де компоненттері өзара бекем орынға, белгілі тәртіпке ие болуы шарт; компоненттер бөтен сөздерге жанаспай, олардан бойын аулақ салып, өзінің арнаулы сөздерімен үйірлес келеді. Фразеологиялық түйдек пен фразеологиялық тіркестер тілдегі қолданылу сәтіне қарай бағзы уақыт бірінің орнына бірі жүріп, ауысып отырады. Бұл екеуінің кей ретте шегін белгілеп, ажыратып алудың өзі қиын. Мәселен: «**ज़मीन दखिाना**»; «**झपट पड़ना**» (күлін көкке ұшырды, жермен-жексен болды), «**ख़ुशी से फूल उठना**», **दलि बाग-बाग होना** (жерден жеті қоян тауып алғандай қуанды), «**कलेजा खाना,करने की तरह चुभना**» (салы суға кетіп отыр, санын соғып қалды, бармағын шайнап қалды), «**कलेजा कांपना**», “**प्राण सूखना**” (төбе шашы тік тұрды) деген тізбектердің бәрі де бейнелі (дәлірек айтқанда, туынды) мағынаға ие болып тұр. (**ओम परकाश गुप्त करत “मुहावरा-ममिानसा, दल्ली**, 2014)

Егерде фразеологиялық түйдек, фразеологиялық тіркес сөздер «трансформация» өзгерістері нәтижесінде пайда болады десек, осыдан туар тағы бір ерекшелікті байқаймыз. Ол – ФБ-лерді өзге (құрылымы бөлек) тілге аудару мәселесі. Бұл жөніндегі практикада белгілі бір сөйлем ішіндегі сөздің алдымен лексикалық мағынасын есте тұтамыз. Осы тұрғыдан пайымдасақ, балама (эквивалент) деген мен теңдес (адекват) дегеннің ара салмағын ажырата қарау мақұл. Мәселен, «**हाथ पर रखना बैठकर**» сияқтыны екі қолын қусырып отыру деп аударуды әркім-ақ қолдайтын болар. Осы ізбен «**हाथी को भी न देखना**» дегенді **көрмес пілді де көрмес** демей, **көрмес түйені де көрмес** деген анағұрлым ұтымды емес пе? Олай болса, «**राई का पर्वत बनाना**» немесе «**तिल से तार बनाना**» дегенді **түймедейді түйедей ету** десек, кім күмән келтіреді?

Сан алуан тізбектер нақты қолдану ретіне қарай бірде фразеологизм, бірде еркін тіркес реңкінде келе береді. Мысалы, «**आंख रखना**» – көз қырын салды деген тіркесті сөз ішінде «**उसने कभी कभी आंख रखना**» (ауық-ауық көз қырын салып қойып отырды) дейтін болсақ, еркін тіркес болады да, «**मेरे बेटा पर आंख रखो**» (балама көз қырыңды сала жүр) десек, тұрақты тіркес боп шығады. Сол сияқты «**आंसु बहाना**» дегеннің тура мағынасы «көзінен жас ақты» болса, ауыс мағынасы – «қасірет шекті», «опық жеді» деген сияқты ауыс мағыналары бар.

Еркін тіркестер үнемі экспрессив мағына бере бермейді. Белгілі бір тізбектің әрбір мүшесі кез келген басқа бір сөзбен емін-еркін жалғаса келе, әр алуан лексика-грамматикалық тұлғаларға ие болады. Басқаша айтқанда, еркін тіркес сөйлеу процесінде қатаң меже дегенді білмейді. Өз маңындағы басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, лексика-семантикалық және стилистикалық тұрғыдан жаңғырып отырады. Тұрақты тіркес ішіндегі сөздер бұлайша «еркін» қимылдай алмайды; сөздің лексика-грамматикалық өрісі «табиғаты жалқы» тіркеске тәуелді болады. Сөз тізбектері өзгеше бір лексика-грамматикалық «қалыпқа» түсіп, осы тұлғада тұрып қана белгілі бір семантика-стилистикалық қызмет атқарады. Алайда семантика-стилистикалық жағы «жіліктің майлы басы» екен деп тұжырым жасауға болмайды. Тұрақты сөз тіркесінің грамматикалық тұлғасы мен дыбысталу жағына мән бермеу әбестік болар еді. Бұлардың бәрі де өзара бір-бірімен байланысқан, бірінсіз екіншісі өмір сүре алмайтын құбылыстар.

Қазіргі заманғы тіл білімі, жоғарыда айтылып кеткендей, «лингвомәдениеттану» атты жаңа саланы белсенді түрде қарастыруда. Бұл салада тіл тек қана байланыс құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттың мәдени коды ретінде қарастырылады. Егер тілдік бірлікте мәдени ақпарат болса, онда екі семиотикалық жүйені (тіл мен мәдениет) байланыстыратын және олардың өзара байланысын суреттеуге негіз болатын категория қажет. В.Н. Телияның пікірінше, ол мәдени коннотация (бұл терминді ол 1993 ж. енгізген). Мәдени коннотация – бұл мағынаның денотативті түрде негізделген аспектілерін мәдениет категориясында талдау.

Екіншілік атауда негізгі мағынаны түсіндірудің әр халық үшін айрықша бейнелі – ұқсату механизмі болады. Мысалы, егер қазақ халқында қой момындықты, жасқаншақтық пен ұялшақтықты білдіріп, яғни қойдан жуас мал болмайды. Сондықтан, момын, жуас кісі туралы «Қой аузынан шөп алмас» десе, хинди тілінде де сол қасиеттерді білдіріп «**भेड़ बना लेना**» деген фразеологизмде бейнеленген, ал ақымақтық маймыл, түйе және ұлумен байланысты фразеологизмдерде көрініс тапқан, мысалы, «**बन्दर के हाथ आईना**» (тура ауд. маймылдың қолына айна түсу) немесе «**बन्दक्यने अदरक का स्वाद**» (тура ауд. маймыл зімбірдің дәмін қайдан білсін) екеуінің де мағынасы, ақымақ адамның қолына бағалы заттың түсуі, бірақ оны қалай қолдану керек екендігін білмеуі.» **बन्दर को मिली हल्दी की गांठ पंसारी बन बैठा**» (тура ауд. маймылдың қолына куркуманың бөлігі түсіп, өзін дүкенші сезінуі) бұл мақал кішкентай ғана нәрсе тауып, өзін бай деп ойлайтын адамдарға айтылады. **बन्दर बाँट** (тура ауд. маймылдық үлес) қатысы бар, делдал адамның бәрін өзі жеп кету түрі. Түйеге және ұлуға байланысты « **ऊंट के ऊंटरना**» (маг. ақымақ, ақылсыз болу); « **उल्लू बनाना**» (маг. ақымақ болу), « **उल्लू की दुम फाख्ता**» (ақымақ адам) және т.б. Сондықтан да, коннотативті мағынадағы ерекшеліктер, біріншіден әр түрлі халықтың өзіне тән мәдени этнографиялық ерекшеліктермен түсіндіріледі. (**बद्रीनाथ कापुर "लोकभारती मुखविश कोश", नई दिल्ली**, 1979)

Мысалы, бір жануарды әр түрлі ұлттар жоғарыда келтірілгендей әрқилы қасиеттермен баламалауы мүмкін. Екіншіден, табиғи-климаттық (экологиялық) жағдайлардың ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Бір тілден екінші тілге аудару үрдісі кезінде осы ерекшеліктерді ойдан шығармай, парапар баламаларды таңдау қажет.

Қалыптасу ерекшеліктеріне қарай фразалық түйдектерді мынандай түрлерге бөлуге болады. Біріншісі – құрамындағы сөздерді жеке алғанда

әдеби тілде кездесетін фразалық түйдектер. Оған мысал ретінде «**मुख खराब होना**» – бұлды сатпайы болу (артық сөйлеу), «**आंग आंग दलिना होगा**» – айшығы айналып жүру (шаршап, тозып жүру), «**घसिा पसिा**» – ақ үйлі болып кету (азып-тозып кету), «**हुकुम चलाना**» – жедел беру (нұсқау беру), «**सांप के मुख में पड़ना**» – мелшесінен сүзу (белшесінен бату). Екінші түрі – құрамында әдеби тілде кездеспейтін сөздері бар фразалық түйдектер: «**चपुपा चपुपा छान डालना**» (жақсылап тіміскілеу), «**चाटते बातते लाराना**» (шағыстыру); қазақ тілінде маш болып істеу (бірлесіп істеу), пыш болу (қатып, семіп қалу), шұрқан салу (шатақ шығару).

Жоғарыда айтылған критерийлерге сүйене, немесе, тіпті, табан тірей отырып, бүкіл қазақ тілі мен хинди тілі құрамындағы ФБ құбылыстарын ең негізгі үлкен екі арнаға бөлеміз. Оның біріншісі фразеологиялық түйдектер, екіншісі фразеологиялық тіркестер деп аталады. Бұл топтарды дәстүрлі термин атауларына сай түсіндіретін болсақ, фразеологиялық түйдекке идиом сипатындағы фразеологизмдерді жатқызамыз.

Хинди тілі мен қазақ тілдерінде, барлық басқа тілдердегі сияқты, фразеологиялық түйдек емес (идиом емес), фразеологизмдер өте көп. Бұлар да идиом секілді орын тәртібі жағынан тұрақты. Бірақ, мағыналық тасалану, тасаланбауы, яғни құрамындағы сөздері өзінің тура мағынасын сақтауы, сақтамауы жағынан фразеологиялық түйдектің фразеологиялық тіркестен елеулі айырмасы бар.

Бұл екеуі де белгілі сөз тізбектері: түйдек тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айрылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі фразалық мағынаны білдіреді. Басқаша айтқанда, түйдек ішіндегі компоненттер өзінің бастапқы лексикалық сипаты мен семантикалық қасиетін жоғалтады да, сырт сиқын ғана сақтайды. Сөйтіп, оның компоненттері ширала келе, негізгі бір кесек, фразеологиялық бірлік тұрпатында болады. Синтаксистік қызметі де – бір тұтас: көбіне дерлік, сөйлемнің нақтылы бір ғана мүшесі дәрежесінде жұмсалады.

Сонымен, фразеологиялық түйдекке (идиом) мына тәрізді фразеологизмдер жатады: Жаны күйді, ит арқасы қиянда, талағының биті бар, жүрегінің түгі бар, жүрек жұтқан т.б. Хинди тіліндегі «**अक्श के तारे तोडना**» (мағынасы мүмкін емес іс жасау), «**दलि थोंक कार**» (мағынасы ерлікпен, батылдықпен); «**शैतान का कान काटना**» (мағынасы өте қу, пысық болу); «**हवा हो जाना**» (мағынасы қашып кету); «**पेट में चूहे कूदना**» (мағынасы қарны ашу); «**उलुटी गंगा बहाना**» (қырсық іс жасау), т.б. сияқты фразеологизмдер де фразеологиялық түйдек қатарына кіреді. (**अशोक कौशकि ग्नेश शर्मा "मुहावरा लोकोकतिकोश", दलि्ली**, 1990)

Қорытынды

Сөздің қысқасы, бұл жайлы проблемалар қыруар. Филологтардың назарынан тыс қалмайтын мәселе – осы аудару принциптері мен практикасы. Қорыта айтқанда, тиянақты тізбек әрдайым фразеологизм бола бермейді, ал фразеологизм тиянақты тізбек болмасқа шарасы жоқ.

Сайып келгенде айтарымыз, тиянақты тіркестер (фразеологизмдер) – тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән – фразеология.

Фразеологизмдер – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар.

Фразеологиялық сәйкестіктерді зерттеу үлкен тәжірибелік қызығушылықпен ерекшеленеді. Фразеологиялық бірліктер немесе фразеологизмдер деп әдетте тұрақты сөз тіркестерін, яғни идиомалар, мақал-мәтелдер және басқа да ауыспалы мағыналы сөз тіркестерін айтамыз. Вербальды қарым-қатынас кезінде фразеологизмдердің рөлі зор, өйткені олар белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар рецептордың сезіміне және ой-қиялына әсер етеді. Көптеген авторлар мен шешендер өз шығармашылық мәтіндерін күткен нәтижеге жету мақсатында осындай құралдармен қанықтырады. Бұл әсерді аудармада да сақтау дұрыс екендігі мәлім, фразеологизмдерді тиісті түрде аудармаға түсіру аудармашының басты мақсаттарының бірі болып саналады. Фразеологиялық бірліктерді аудару барысы біршама қиындықтармен байланысты, сондықтан аудармашы фразеологиялық сәйкестіктердің басты түрлерін және оларды қолданудың негізгі әдістерін білуі қажет. Әр тілдің заңдары, өзіне лайық ерекшеліктері бар; оларды зерттейтін фонетика, морфология, синтаксис, лексика, семасиология тәрізді тараулары бар. Фразеологизмдер бұрынды-соңды еңбектерде, көбіне, осы лексика тұрғысынан зерттеліп келгенін диплом жұмысында атап кеттік. Соның өзінде де екі тілді сөздіктерде иллю-

страция ретінде сөз болды. Басқаша айтқанда, «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбектегі қыруар фактілердің кейбірі оқулықтарда т.б. мысал ретінде ғана жол-жөнекей айтылып келді. Революциядан бұрынғы, революциядан кейінгі қырқыншы жылдарға дейін тиянақты сөз топтары, тіпті түркология көлемінде де зерттеушілердің арнаулы теориялық объектісі болған жоқ-ты. Кейінгі 10-15 жыл ішінде түркі тілдерінде фразеология проблемалары жанжақты тексеріліп, тың ойлар ғылыми жұртшылық талқысына түсуде. Бұдан тысқары құрылымы бөлек өзге тілдер жайында келелі концепциялар кездеседі. Хинди және қазақ тілдерінде әртүрлі фразеологизмдер сан алуан және екі тілде де баламасы бар фразеологизмдерді тура мағынасында аударуға, ал тура баламасы жоқ фразеологизмдерді аналогтар арқылы жеткізуге болады. Хинди тілінде фразеологизмдер тура қазақ тіліндегі сияқты күнделікті өмірде жиі қолданылады. Хинди және қазақ тілдері фразеологиялық қорға өте бай тілдердің қатарына кіреді. Тіл білімінде фразеологияны зерттеу өте маңызды, әрі қажетті. Оларды зерттеп, топтастыру шет тілдерін меңгерушілер үшін аса маңызды көмек екендігі рас. Тілдің ұлттық ерекшелігі мен халықтық тәжірибе тұрақты сөз тіркесінде жарқын және тікелей көрініс табады. Бір тілдің тұрақты сөз тіркестерінің семантикасындағы ұлттық қасиеттерді айқындау бұл тұрақты сөз тіркесін басқа тілдегі аналогтармен салыстыру арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Екі тілдегі тұрақты сөз тіркестеріндегі ортақ белгілерді табу мәдени тілдік өзгешелікті түсінуді жеңілдетеді. Хинди тілі материалдарын зерттеу қорытындысы бойынша тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны мәлім. Екі тілдің фразеологиялық қорын зерттей келе, тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланатынына көзіміз жетті. Оларды салыстыра қарастыру арқылы әр мәдениеттің өз ерекшелігі мен қасиетін ажыратуға болады.

Әдебиеттер

Ахметжанова Ф.Р., Дүсіпбаева Қ.С. Қасиетті сандар қатысқан қазақ ескіліктері. – Өскемен, Ғылыми басылым, 2001, – 12 б.

Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997, –186 б.

«Жетісу» газеті, №16, №22, № 25

Кеңесбаев І.К. Қазақ тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1977, 112-133 б.

Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы. – Алматы: Ғылым, 1946, 1-4 бет.

Смағұлова Г.Н. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996, 4 бет

Уәлиев Н. Тілтаным // «Айқын», №12, 02.03.2007

Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. – Л.: Наука, 1963. – 208 с.

Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского на английский. – М., 1964.

Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке (сборник статей и материалов). – М-Л.:, 1947, Вып. 3. – С. 348-356.

Львовская З.Д. Теоретические проблемы перевода. – М., 1986. – С. 81-82.

Телия В.Н. Русская фразеология. – М., 1996.

Телия В.Н. Типы языковых значений. Связанное значение слова в языке. – М.: Наука, 1981. – С. 288.

Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. – М., 1985. – С. 160.

Швейцер А.Д. Теория перевода статус, проблемы, аспекты. – М., 1988. – С. 114.

Kailash Nath Seth, B.K. Chaturvedi “Gods and Goddesses of India”, Delhi, DPB, 2000

Sitansu S. Chakravarti “Hinduism. A way of life ”, Motilal BP, Delhi, 2001

“English-Hindi Dictionary”, Bhagavat,Delhi, 2002

सत्य पराकाष् सन्हि “मुहावरे एवं लोकतंत्र” नई दल्लिी, 2001

ओम परकाश गुप्त करतं “मुहावरा-ममिानसा, दल्लिी, 2014

प्रतभिा अग्रवाल करतं “हदिी मुहावरे”, दल्लिी, 1972

बद्रीनाथ कापुर “लोकभारती मुखविाश कोश”, नई दल्लिी, 1979

अशोक कौशकि ग्नेश शर्मा “मुहावरा लोकोकतं कोश”, दल्लिी, 1990

तानसुखरम गुप्त “सुर्य हदिी व्याकरण”, दल्लिी 1994, भाग-3

स्वामं विविकानंद “हनिदुजम, मद्रास, 1976

References

Akhmetzhanova F.R. Dusypbaeva K.S. Kasietty sozder katyskan kazak eskylikteri, [Kazakh legends with sacred numbers] Oskemen, Gylymi basylym, 2001,112 bet.

Bolganbayev.A,Kaliuly G. Kazirgi kazak tilinin leksikologiyasi men phraselogiyasi, [Lexicology of modern Kazakh language phraseology] Almaty, Sanat, 1997,186 bet

«Zhetisy» gazeti, №16, №22, № 25

Kenesbaev I.K. Kazak til bilimi, Almaty,Gylym,1977,112-113 better.

Kenesbaev I.K. Kazak tilinin idiomdary men phrazalary turaly, [About the idioms and phrases of the Kazakh language] Almaty, Gylym,1946 1-4 bet.

Smagulova G.N. Phraseologyzmderdin varianttiligy, [Varieties of phraseology]Almaty, Sanat, 1996

Ualiev N. Tiltanym, Ajkyn gazetindegi makala, №12, 02.03.2007

Amosova N.N. Basics of English phraseology, L. Nauka, 1963, 208 p.

Breus E.V. Fundamentals of translation theory and practice in Russian, Moscow 1964

Vinogradov V.V. Basic concepts of phraseological units in the Russian language (collection and materials), M-Л., 1947, 348-356 p.

Lviv 3.D. Theoretical problems of translation. M., 1986. 81-82 p.

Telia V.N. Russian phraseology M., 1996.

Telia V.N. Type of language meanings. For further information, please refer to M .: Science, 1981, p. 288.

Shanskii N.M. Phraseology of the modern Russian language M., 1985,160 стр.

Schweizer A.D. Theory of translation of the status, problems, aspect M., 1988, 114 p.

Kailash Nath Seth, B.K. Chaturvedi “Gods and Goddesses of India”, Delhi, DPB, 2000

Sitansu S. Chakravarti “Hinduism. A way of life “, Motilal BP, Delhi, 2001

“English-Hindi Dictionary”, Bhagavat, Delhi, 2002

Satya Prakash Singh «Muhavre evam loktantra» Naii Dilli,2001

Om Prakash Gupt Krati «Muhavra-mimansa»,Dilli,2014

Pratibha Agraval Kriti «Hindi muhavre»,Dilli 1972

Badrinath Kapur «Lokbharti mukhivasha kosh»,Dilli, 1979

Ashok Koushik Ganesh Sharm «Muhavre lokokti kosh»,Dilli, 1990

Tansukhram Gupt «Surya hindi vyakran»,Dilli, 1994,bhag-3

Svami Vivekananda «Hinduism»,Madras, 1976

ҒТАМР 16.31.41

Оразбаева М.Қ.[1], Есбосынов Е.З.[2]

[1]2 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан,
Алматы қ., e-mail: meryert_.95@mail.ru
[2]ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан,
Алматы қ., e-mail:ergaliesb@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ АУДАРУ БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН РЕАЛИЙЛЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Аударманың қай саласы болмасын, мысалы, көркем аударма, ілеспе аударма, ғылыми аударма, жарнама аудармасы белгілі бір ұстаным мен постулаттарға бағынатын, сонымен қатар аудармашының жеке шығармашылық ерекшелігін де қаперге алатын күрделі шығармашылық туынды ретінде танылады. Ал көркем аударманың халықтың рухани дүниетанымымен, болмыс-тіршілігімен астарласа байланысып жататыны тағы бар. Себебі көркем аударма – көркем әдебиет жанрын басқа тілде баяндайтын аударма түрі, өз алдына басыбайлы жеке шығармашылық еңбек. Ол әлемді мәдени және тілдік тұрғыда меңгерудің көркемдік құралы, адамзаттың ой-санасының, білім-танымының әмбебап және заманауи көрінісі. Аудама ісі – теориялық негізі бар, әдеби және тілдік міндеттерді шешуге бейім ғылым саласының бірі. Ал көркем шығарма аудармасы дегеніміз түпнұсқалық шығарманың көркемдік рухын басқа тілде дәл, сәйкес, шынайы, сапалы жеткізе білу өнері, шығармашылық белестің бір көрінісі.

Аударма барысында, әсіресе көркем аудармада кездесетін күрделі мәселелердің бірі – реалийлердің көрінісі мен олардың образдық түр-түсі мен көркемдік сомдалуы. Реалийлер – «өмір, мәдениет, тарихи дәуір, әлеуметтік жүйе, мемлекеттік құрылым, яғни бір ұлттың өзіндік ерекшелігі, оның басқа ұлттардан өзгешелігінің» бір түрі ретінде де танылады.

Мақаламызда Бердібек Соқпақбаевтың қазақ тілінде жазылған «Менің атым Қожа» повесінің түрік және орыс тілдеріне аударылған нұсқаларынан реалий көрінісін аудару мәселесі қарастырылып, реалия ұғымының лингвистер мен аудармашылар тарапынан ұсынылған кейбір топшылаулары мен ұсыныстарын қарастырып саралауға талпыныс жасадық.

Түйін сөздер: аударма теориясы, реалия көріністері, Бердібек Соқпақбаев, балалар әдебиеті, Менің атым – Қожа.

Orazbayeva M.K.[1], Esbosynov E.Z.[2]

[1]2nd year MA student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan,
Almaty, e-mail: meryert_.95@mail.ru
[2]Ph.D, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan,
Almaty, e-mail: ergaliesb@mail.ru

Reflection of the realities in the translation of fiction

Regardless of what a translation is, for example, literary translation, simultaneous translation, scientific translation, translation is recognized as a complex creative work, subject to certain positions and postulates, as well as the translator's personality. It is also true that fiction is primarily associated with the spiritual world view and way of life of people. Because literary translation is a kind of translation, which is a genre of fiction in another language, self-motivated creative work. It is an artistic tool for cultural and linguistic study of the world, a universal and modern manifestation of human thought, knowledge and understanding. Folk science is a theoretical basis, one of the fields of science capable of solving literary and linguistic problems. And the translation of an artwork is a kind of artistic expression, which is the mastery of the artistic spirit of the original work in another language, accurate, true, qualitative.

One of the most difficult problems in translation, especially in literary translations, is the emergence of realities and artistic composition. Realities are also known as "life, culture, historical epoch, social

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

system, state structure, that is, the uniqueness of one nation, its uniqueness for peoples". The article provides a story by Berdibek Sokpakbayev written in Kazakh "My name is Skin" translated into Turkish and Russian, the question of reality in translation, the concept of reality, the views of linguists and translators, some of the assumptions made in an attempt to analyze and consider the proposals.

Key words: translation theory, realities, Berdybek Sokpakbayev, children's literature, My name is Kozha.

Оразбаева М.К.[1], Есбосынов Е.З.[2]

[1]магистрант 2-го курса, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: meryert_.95@mail.ru

[2]к.ф.н., доцент, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ergaliesb@mail.ru

Отражение реалий в переводе художественной литературы

Независимо от того, что такое перевод, например художественный перевод, синхронный перевод, научный перевод, он признается сложной творческой работой, подчиненной определенным позициям и постулатам, а также индивидуальности переводчика. Верно и то, что художественная литература в первую очередь связана с духовным мировоззрением и образом жизни людей. Потому что художественный перевод – это своего рода перевод, который является жанром художественной литературы на другом языке, самомотивирующейся творческой работой. Это художественный инструмент культурного и лингвистического изучения мира, универсального и современного проявления человеческой мысли, знаний и понимания. Народная наука – теоретическая основа, одна из областей науки, способная решать литературные и языковые проблемы. И перевод художественной работы – это своего рода художественное выражение, которое является овладением художественным духом оригинальной работы на другом языке, точном, истинном, качественном.

Одной из самых сложных проблем в переводе, особенно в художественных переводах, является появление реалий и художественная композиция. Реалии также известны как «жизнь, культура, историческая эпоха, социальная система, государственная структура, то есть уникальность одной нации, ее уникальность для народов».

В статье анализируется повесть Бердибека Сокпакбаева, написаная на казахском языке, «Меня зовут Кожа», переведеная на турецкий и русский языки, с точки зрения вопроса реалии в переводе. Исследуются взгляды лингвистов и переводчиков, сделаны попытки проанализировать и рассмотреть предложения.

Ключевые слова: теория перевода, реалии, Бердыбек Сокпакбаев, детская литература, Меня зовут Кожа.

Кіріспе

Көркем шығарма әлем әдебиетіне енуі аударусыз мүмкін болмаған және аударма түпнұсқасыз болмайды. Сондықтан бұл екі әдеби құбылыс бір ғана қатынаста тұруға міндетті. Аударма проблемалары өзекті мәселелердің бірі. Қандай халық болмасын терең мағыналы туындыларын аудару қазіргі кездегі сұранысқа ие істердің бірі екендігі мәлім. Түпнұсқада қандай да бір ұлттың ақынының туындысы болса, ұлттық сипаты барынша нақты, беделді болса, ондай жағдайда оны басқа тілге аудару, аудармашыдан үлкен жауапкершілікпен қатар талантты да талап етеді. Сонымен бірге аудармашылық өнер біліктілікті, тәжірибені, білімді талап етеді. Аударма – ұлтаралық және мәдениетаралық байланыстың бір түрі.

Аудармашының негізгі міндеті – оқырманға түпнұсқаның мазмұнын қарапайым әрі түсінікті жеткізіп, жұмысын жеңілдету болып табылады.

Аударма – бір тілдегі мазмұнды екінші бір тілге нақты, толық қайталап түсіндіріп беретін тілдік қимыл. Тіл ғалымдарының деректерін негізге ала отырып, әлемде 2796 тілдің бар екенін ескере отырып, аударманың соншалықты маңызды екенін білеміз. Аударма әрдайым қоғам, қауым, ұлттар арасында тәжірибе алмасу құралы. Аударма сөйлем, көркем-әдебиет, ғылымдарының ажырамас бір бөлшегі болып табылады. Сонымен қатар, ұлттарды рухани жағынан дамытудың күшті құралы іспеттес. Аударма ұлтаралық мәдениеттің бір саласы, ұлттар арасындағы үзілмейтін үрдістің бірі. Адамдар аударма арқылы бір-бірімен қарым-қатынаста болады.

Материалдар мен ғылыми тәсілдер

Мақалада 30-дан асатын дереккөздерді қолданылған, ондағы материалдар мұқият сарап-

таудан өткізілді. Ғылыми еңбектерге жүргізілген талдаулардың нәтижесінде іріктелді, контент-сараптаудан өткен мәліметтер қорытынды тұжырым жасауға қолданылды. Қазақ және түрік тілдерінде салыстырмалы түрде реалийлердің семантикалық құрылымы мен топтастырылуы жан-жақты зерттелді.

Жұмыстың мақсаты: қазақ-түрік тілдеріндегі реалийлердің лексика-семантикалық құрылымының қалыптасуы мен жасалу жолдарын салыстырмалы түрде анықтау және сипаттау. Аталмыш мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– Қазақ-түрік тілдеріндегі реалийлердің лексика-семантикалық сипатын талдау;

– Қазақ және түрік тілдеріндегі реалийлердің жасалу ерекшеліктерін ашып көрсету;

– Екі тілдегі реалийлердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау;

– реалийлердің аудармадағы берілу қырлары «Көркем шығарма» негізінде талдауға алынып, саралау.

Әдебиетке шолу

Мақаланы дайындауға қолданылған әдебиеттердің толық тізімі 31 еңбектен тұрады. Зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында А.В. Федоров, М.Л. Алексеева, М. Бекер, С. Влахов, С. Флорин, Ф. Жале, Б.М. Тілеубердиев, З.Н. Жуынтаева, М.А. Тұрсынова, А. Ысқақов, Ғ. Қайдаров сынды ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Негізгі бөлім

Реалияны аудару – ұлттық және тарихи бірегейлікті трансформациялау үлкен және маңызды мәселенің бөлігі болып табылады, ол аударма теориясының тәуелсіз пән ретінде пайда болуына негізделеді. Тарихи шолу жасауға ұмтылмастан, аударма саласында осы мәселенің дамуымен байланысты кейбір фактілерді ғана ұсынамыз. Реалия жайында, ұлттық ерекшеліктердің көрінісі, нақты көрінетін элементтер туралы, тек 50-ші жылдардың басында ғана айтыла бастады. Мона Бекер өзінің «In Other Words» деген кітабында аудармашылар жайлы: «As translators, we are primarily concerned with communicating the overall meaning of a stretch of language. To achieve this, we need to start by decoding the units and structures which carry that meaning» (Бакер, 2011:30). «Аудармашылар ретінде біз ең алдымен тілдік кеңістіктің жалпы мағынасын жеткізуге мүдделіміз, бұған қол жеткізу үшін біз ең алдымен, мәтіннің негізгі ойын жеткізетін сөздер мен құрылымдарды аударуымыз керек» деп жазған болатын.

Азияда «аударма» деген ұғым уақыт пен кеңістікке байланысты өзгеріп отырды. (Енсингер 2000:223-34). Manipulation theory of literary translation was produced in Europe in the late 1960s while the concept of manipulation was officially confirmed in the late twentieth century. In The Manipulation of Literature: Studies in Literary Translation, Hermans wrote: “All translation implies a degree of manipulation of the source text for a certain purpose” (Германс, 1985:11).1960 жылдардың соңында Еуропада көркем-әдеби аударма теориясы пайда болды, ал манипуляция тұжырымдамасы XX ғасырдың соңында ресми түрде мақұлданды. Германс «Әдебиетті манипуляциялау: әдеби аудармаларды зерттеу» кітабында былай деп жазды: «Барлық аудармалар белгілі бір мақсатқа байланысты, бастапқы мәтін манипуляцияланады». Аударма теориясы және практикасы саласында жұмыс істеген С.И. Влахов және С.П. Флориндердің пікірінше, реалия сөздердің аудармасы екі рет шартты: қағида бойынша реалия сөздер аударылмайды (сөздік тәртіп бойынша) және қағида бойынша ол аудару тәсілімен (контексте) жеткізіледі. (Влахов, 2012:26)

Many scholars agree with the fact that language is an expression of culture and individuality of its speakers and have, hence, deeply examined cultural terms, as well as the problems involved in their translation when there is a lack of equivalence between two languages and cultures. (Фернандез, 2012:2) «Реалия» терминінің кеңінен қолданыста болғанына қарамастан осы күнге дейін лингвистика, лингвоелтану, аударматану ғылымында да реалияны анықтаудың жеткілікті критерийі жоқ. Ұлттық реалиялардың мәні жайлы мәселе қозғалмады десек те болады. Көркем аударма теориясы мен сыны жайлы, лингвоелтану туралы кейбір туындылар мен аударматануда (А.И. Федоров, Г. Гачечиладзе, В. Россельс, А.С. Ермағанбетова, С. Влахов, Ж.А. Жақыпов, С.И. Флорин, Г.Д. Томахин) ғана реалийлер қандайда бір лингвомәдени қауым өкілдерінің тұрмысын, мәдениетін, салтының айрықшылығы жайында түсінік беретін сөздер ретінде қарастырылады. Реалиялар дегеніміз – ұлттық колориттің айырықшылығымен байланысты сөздер болып табылады. Мұндай сөздер мағынасының ұлттық-компоненттері бар сөздер болып табылады. Олардың ұлттық айырықшылығы формасынан ғана емес, мазмұнынанда байқаса болады.

Аударматану ғылымында реалийлерді анықтаған кезде олардың референттерінің ұлттық реңкіне (колорит), сонымен қатар оларды білдіретін сөздердің аудару кезінде танылатын эквивалентсіздігіне назар аударылады. Ұлттық немесе тарихи колориттің иесі болғандықтан реалийлердің басқа тілдерде эквиваленті болмайлы және басқа тілдерге тура аударылмайды. Реалийлер – бір халықтың өмір салтына, мәдени, әлеуметтік және тарихи дамуына байланысты нысандарды атайтын сөздер немесе сөз тіркестері болып табылады. Олар басқа ұлттарға таныс емес. Реалийлер ұлттық колорит белгілерін тасушылары болғандықтан өзге тілде оларды жеткізетін сөздер, тіркестер жоқ болады. Солайша олар «жалпы негіз» талаптарына сүйенген аударма ережелеріне бағынбай, ерекше тәсілді қолдануды қажет етеді. Реалийлерде көрініс табатын ұғымдар ұлттық сипатқа ие бола отырып, эквивалентсіз лексикада материалданады: «реалийлер өзге әдебиетте, өзге тілде жоқ ұғымдарды білдіреді. Олар мәдениеттің жекешеленген мәдени элементтеріне жатады, өйткені олар тек қана А мәдениетіне тән болып, В мәдениетінде көрініс бермейді. Реалийлер өзге тілге аударылмайды, ана тіліндегі эквиваленттерден басқа шет тілінде барабарлық сөздер, тіркестерге қатынасы жоқ. Ұлттық-арнайы семалары сөздің лексикалық мәнінің құрылымына енеді. Егер сөздің мағынасын сөздік референтке қатысы бар мағына деген ұғымды ескеретін болсақ, онда реалийлер де сөз арқылы аталатын зат, құбылыспен тікелей қатыспай, сингнификат, яғни референт арқылы қатынасады дегенді білдіреді. Реалийлер – сөздердің денотативтік (затты белгілейтін) мағынасынан тыс, когнитивтік мәнге ие. Әр түрлі тілдерде сөздердің лексикалық мәндерінің коннотативтік компоненттерінің дәл келмеуі түрлі субъективті-мағыналық лакуналардың пайда болуына себебін тигізеді. Субъективті-мағыналық лакуналар екі тілдің контекстілерінде әртүрлі тілдердің сөздерін объективті-заттық мәні бойынша ғана емес, құрамдас элементі-субъективті-мағыналық мәндерін, айтушының ойындағы нәрсеге субъективті көзқарасын, реакциясын, ассоциаттарын білдіретін мәндері бойынша салғастырылады. Сөздердің субъективтік – мәтіндік мағыналары фондық білімдерді жүзеге асырумен байланысты болады. Субъективті-мағыналық мәндер сөздің лексикалық мағынасындағы фондық білімдерді білдіреді. Фондық білім сөздің лексикалық фоны сөз мағынасының ерекше мәні ретінде байқалады. Лингвоелтану ғылымында сөз семантикасы номинация құралы ретінде көрінетін логикалық ұғымның бірлігі ретінде шамаланып: ұғымның көлемін құрайтын семантикалық үлес санының аздығының, тіл иелерінің жаппай үйреншікті санасындағы мәліметтердің сөз-ұғымға қатыстылық жиынтығы ретінде шамаланатын лексикалық фонның арқасында адам заттарды жіктейді (оларды таниды, атайды). Лексикалық фон жеке мәртебеге ие болып табылады, өйткені сөздердің тілдік, объективтік мәндері контексте қосымша атаулы мағыналармен – субъективті мәндерімен (қондырғылармен), айтушының сөйлеу интенциялары, жағдайды бағалауы, қатынас нормаларын білуі сияқты шеберліктермен толығады.

Көптеген ғалымдар тіл-белгілі бір ұлттың мәдениеті мен бірегейлігін білдіреді, сондықтан аудармашылардың мәдени терминдерді терең үйренгені жөн, соған байланысты екі тіл мен мәдениеттер арасындағы аударылмайтын сөздерді аударуға байланысты мәселелерді ғалымдар терең зерттеді. Реалия – зат, елтану ғылымының шекараларында да кең мағынаны білдіреді. Кейбір кездерде ол тілдік емес ақиқаттылықтың ралия-сөз шекараларына сыймайды; реалия – берілген тілдің лексикасының элементі ретінде бір белгіні білдіреді. Осы мәселені нақтылау үшін В.Д. Андреев, В.Г. Гак, Б.И. Репин осы ұғымды дәлдеуге тырысады. Сонда «реалия» терминімен бірге «реалия-сөз» терминін қолданады (Латышев, 2001:30).

Реалийлердің грамматикалық формасы, ең алдымен оның қай сөз табына жататынына байланысты, әртүрлі грамматикалық категорияларға және қалыптасу мүмкіндігімен байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, реалия сөз табы ретінде термин сияқты жүреді немесе көп жағдайларда – зат есім болады. Бұған дәлел ретінде Н.В. Гогольдің «сөздіктерін» айта кетсек болады, сондай-ақ, Дж.Кавабатаның шығармалар жинағына қосылатын жапон сөздерінің ұқсас тізімінде болгар және орыс тіліндегі аудармаларға қатысты бірқатар ескертулерде кездеседі.

Vlakhov and Florin seem to have been the first ones to coin the term realia to refer to cultural elements, and the term has now been generalized and is frequently used to refer to objects, customs, habits, and other cultural and material aspects that have an impact in shaping a certain language. (Керда, 1986:246) Влахов пен Флорин, ең алғашқылардың бірі болып, мәдениет элементтерін белгілеу үшін «реалия» терминін алғаш енгізді, енді бұл термин жалпыланып, көбіне-

се объектілерді, әдет-ғұрыптарды, әдеттер мен басқа да мәдени және материалдық аспектілерді белгілеу үшін қолданылады. Алайда аудармада бұндай сөздердің аударылатынына күмән келтірген ғалымдар да бар, мысалы Пуерто Ричан: “Translating has shown me, quite definitively, that the transference between two cultural identities is impossible.” (Пуерто, 1991: 157) «Аударма маған екі мәдени бірегейлікті сәйкестендірудің мүмкін емес екендігін көрсетті» деп жазған болатын. Kültür bir topluma özgü yaşayış biçimine ilişkin var olan her şeyin bir toplamı ve bütün haline gelişidir. Gelenek ve görenekler, giyinme ve ifade biçimleri,inanışlar, yeme-içme alışkanlıkları ve değer sistemleri her topluma özgü ve biricik olan kültür kavramı ile vücut bulur. (Таш, 2017:5) Ең алдымен реалийдің терминмен ұқсастығы көзге түседі. Көптеген лексикалық бірліктерге қарағанда, терминдер деп дәлме-дәл нақты анықталған тұжырымдамаларды, нысандарды, құбылыстарды айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, олар бірқалыпты, синонимдері жоқ сөздер, көбінде басқа тілден енген болып табылады; олардың ішінде мағыналары тарихи шектеулі болатындары да бар. Мұның бәрін де реалийлер туралы айтылуға болады. Сонымен қатар, осы екі санаттың қиылысында термин мен реалийлерді бір-бірінен ажырату қиынға соғуы мүмкін, сонымен қатар терминдер және реалийлерге де жататын сөздер де бар. А.Д. Швейцерде «термин реалия» деген атау да бар. Термин – арнайы ғылымның элементі, көп жағдайларда атаулы сөз функциясын атқарады; басқа жанрдағы мәтінде кездескен жағдайда белгілі бір стилистикалық ережелерге сай болу үшін сол жанрға қарай бейімделеді. Реалийлер көбінесе көркем әдебиетпен байланысты, сондықтан әдеби шығармалардағы белгілі бір халықтың тарихын, әдет-ғұрпын т.б. бірегейліктерін жеткізудің бір түрі болып табылады, ал ғылыми мәтінде реалийлер жиі қарапайым терминдердің рөлін атқарады. Термин, әдетте белгілі бір заттың атауы ретінде таралады. Ол кез келген халықтың тіліне сіңіп кетеді. Терминнен «Ұлттық тәуелділікті» талап етуге болмайды, оның қай халықта пайда болуына қарамастан, ол бүкіл адамзаттың меншігі болып табылады. Ал реалийлер болса әрқашанда өзі пайда болған халыққа тиесілі. Реалийлердің терминдерден өзгешелігі, басқа тілге ену барысында аударылатын тілдің нормаларына, әдеттеріне бағынбай, көбіне әдебиет немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы басқа тілдерге енеді. Айта кетсек, кейбір реалийлер термин болмағанымен кеңінен таралып терминдер сияқты жиі қолданылады. Бірақ мұнда да, жоғарыда айтылғандай, олардың қолдану аясына байланысты болады. Терминдердің реалийлерден айырмашылығы шығу тегінде. Терминдер көбінесе белгілі бір заттарды атау үшін жасанды түрде пайда болады (құрылыс материалдарды атау үшін көбінесе латын және грек тілдеріндегі сөздер пайдаланылады) немесе бар сөздерді саналы түрде өзгерту арқылы жасалады, ал реалийлер әрқашан табиғи сөзжасам арқылы пайда болады. Реалийлер – халықтың тарихымен, өмір салтымен және оларды құратын адамдардың дүниетанымымен тығыз байланысты сөздер. 1958 жылы Г.В. Чернов реалийлердің маңызды сипатын атап өткен, түпнұсқа тілдің өз тілдерінде сөйлейтін адамдарға реалийлердің жалпы қолданысымен, танымалдылығымен ерекшеленсе, өзге тілде сөйлейтін адамдарға керісінше жат болып табылады.

Кейбір реалийлерде жалқы есімнің белгілері болады, ал кейбіреулері болса екі санаттың арасындағы шекарада тұрады, яғни жалқы есімдердің көбісі реалия болуы мүмкін деп те айтуға болады. Іс жүзінде, көп жағдайда реалийлерді жалқы есімнен ажырату мүмкін емес сияқты. Оларды тек жалқы есімнің бас әріппен жазылуына, ал реалийлердің кіші әріппен жазылғанына негізделе отырып ажыратуға болады. Дегенмен, формальды сипаттың көпшілігіндегі айырмашылықтар сияқты бұндай белгілерді сенімді деп санауға болмайды, себебі әртүрлі тілдердегі тілдік нормалар мен ережелер сан алуан. Мәселен араб тілінде жалқы есімдерді үлкен әріппен жазылу нормасы жоқ. Типтік атаулардың кейбіреулері мазмұн тұрғысынан ғана ерекшеленеді (семантикасы) және осы ерекшеліктерге сәйкес олар «сөйлейтін» немесе «мағыналы» атаумен теңестірілуі мүмкін. Көбіне мерекелердің атаулары мысалы: Мұғалімдер күні, Халықаралық әйелдер күні түсінікті болғанымен кейбіреулері оқырманға таныс емес болуы мүмкін мәселен: нала, малиду т.б. аудармашылар олардың семантикасын ашып көрсетуді қажет деп санамайды, алайда түпнұсқада дәл солай беріледі аудармада олар реалийлер емес, жалқы есім рөлінде қалады (кіші әріптің жазылуына қарамастан). Осылайша, біз шындықты терминдермен салыстыру кезінде жасаған тұжырымымызды қайталап айта аламыз: кейбір жалқы есімдер мен реалийлер арасындағы шекаралар тұрақты емес, кейде мүлдем жоқ, кейде бір санат басқасына айналады, сондықтан олардың категориясын анықтау үшін

орфографияға мән берген жөн. Дегенмен, біз жалқы есімдерді реалийлер санатына жатқыза алмаймыз, аударма теориясы критерийлеріне сүйене отырып, біз оларды өз принциптері мен аудару әдістеріне ие «эквивалентсіз сөздік қоры» деп қарастырамыз. Олардың реалийлермен ұқсастығы негізінен ұлттық немесе тарихи коннотивті мағынаны жеткізу қабілетін атап өту керек, сол себептен де көпшілік оларды ралийлерге жатқызады.

И. Левый реалия сөздерді «аударманың азабы» деп атаған. Осыған қарамастан А.В. Федоров «басқа тілге аударылмайтын сөз жоқ, яғни, берілген тілдің көп таралған сөз тіркестерімен сипатталмайтыны жоқ» деген пікір айтады (Левый, 1974:19).

Аудару кезінде реалия сөздерді жеткізуде негізгі екі қиыншылық кездесетіні туралы айта кету қажет: аудару тілінде сәйкес сөздің (эквиваленттің) болмауы, бұл осы тілде сөйлейтін адамдарда осы реалиямен белгіленген объектінің болмауына байланысты; реалияның заттық мағынасын (семантикасын) жеткізгенде оның нақышын (коннотациясын), ұлттық-тарихи ерекшелігін де жеткізу қажет (Алексеева, 2007:10).

А.В. Федоров реалияны түпнұсқаның сөзі ретінде анықтайды. «Ол тек қана аймақтық құбылысты білдіретін, басқа халықтың тұрмысында және түсінігінде болмайтын нәрсе» (Федоров, 1968:19).

The concept of “cultural identity” presupposes shared elements firmly localized in time and space. They do not even have to coincide with the frontiers of a state or nation, so that, when we refer to a culture, we do so with reference to the individual,local peculiarity of any group of individuals, with clearly defined spatial and temporal characteristics. (Муноз 2010:30). «Мәдениеттік бірегейлік» ұғымы уақыт пен кеңістікте айқын оқшауланған ортақ элементтердің болуын білдіреді. Олар тіпті мемлекеттің немесе ұлттың шекарасымен сәйкес келмеуі керек, сондықтан біз мәдениет туралы сөйлескен кезде оны нақты, белгілі бір кеңістіктік және уақытша сипаттамалары бар кез келген адам топтарының жергілікті ерекшелігіне қатысты жасаймыз. “Cultural translation” can be understood as a process in which there is no start text and usually no fixed target text. The focus is on cultural processes rather than products. (Тэйлор, 2011:38) Өнімге емес, мәдени процестерге назар аударылады. Реалия сөздерді жеткізу негізінен аудармашының фондық біліміне байланысты. Бұл жалпы адамзаттық мәдени-тарихи (кең мағынада) және белгілі бір ұлттық-тілдік қоғамның ұлттық мәдениеттің бөлігін құрайды. Ал олай болса, осындай білімге шет тілдерді оқып жүрген аудармашылар да сай болу қажет (аударматануда осындай білімді фондық мәлімет, фондық білім деп атайды). «Фон» терминінің мағынасы: басқа елдің, халықтың өмірі, мәдениеті туралы білім (Кабакчи, 2001:19)

Реалийлерді тілдің қай санатына жатқызуға болатыны жайлы мамандар белгілі бір жауап бермейді. Мысалы, реалийлерді кеңінен түсіндіретін М.В. Вайсбурд «реалийлер қатарына жататын ұғымдар жеке сөзбен ғана беріледі деп санаған, мысалы (маевка, декабристы, щи, пятак), қосарлы сөздермен (Мамаев курган, дом отдыха) сөйлемдермен (не все коту масленица, что скажет свет, княгиня Марья Алексевна) аббревиатуралармен (ЦПКиО, ОПН, КВБ, гороно, комсомол). Көптеген басқа авторлардың айтуы бойынша «сөздерді» және «лексикалық бірліктерді», кейде «сөз тіркестерін» қосады, бізде осы пікірге қосыламыз. Кірме реалийлер, мұнда біз негізінен тілдегі шет тілден енген реалийлер жайында сөз қозғайтын боламыз. Шет тілінен енген реалийлер жайлы тек аударма зерттеулер тұрғысынан қарастыруға болады. Сонымен қатар, реалийлер дегеніміз кірме сөздер деген түсінік белгілі бір дәрежеде қарама-қайшы, кірме сөздер қазірдің өзінде белгілі бір тілдің лексикасының элементі болып табылады, сондықтан бір кездері аударма мәтініне енгізілген сөзді кірме сөз деп салыстырмалы түрде ғана айта аламыз, әзірше ол неологизм немесе окказионализм сөздер. Екінші жағынан, реалийлер кірме сөз ретінде қалыптасып кетсе және сөздіктерге кірме сөз ретінде енгізілсе, ол реалия мәртебесін жоғалтып, кірме сөзге айналуы мүмкін. Реалийлерді кірме сөз ретінде қабылдау халықаралық деңгейде мойындаған кезде ғана мақұлданады. Бұл жағдай жайлы реалийлерді терминдермен салыстырған кезде айтқан болатынбыз, бірақ бұл парадоксалды сұраққа төменде егжей-тегжейлі қарастырайық. Кірме сөдердің мысалы ретінде революцияға дейінгі совет үкіметінің шет тілдердегі көрінісін алуға болады. В.И. Фадеев орыс тіліндегі сөздердің ағылшын тіліне ену жолын сипаттайды: “Англияға қайта оралғанда, саудагерлер мен бизнесмендер өздерінің баяндамаларында Ресейде алған әсерлерімен бөлісті, олар баяндамаларында орыс халқының өмірінің нысандары мен концепцияларын белгілеу үшін орыс тіліндегі сөздерін қолданғаны “жайлы жазған, олардың кейбіреулері ағылшын тілінде кеңінен қолданылады». Реалийлерді терминдермен, жалқы есімдермен, қаратпа

сөздермен, кірме сөздермен әдеби нормадан ауытқулармен, әсіресе тілдік емес шындық элементтерімен дәйекті түрде салыстыру барысы бізді табиғи мәселеге алып келеді: реалийлерді олардан қалай ажыратуға болады және аталған класстардың арасындағы шекара қайда? Бірден бұл риторикалық мәселе емес екендігін атап өту керек. Реалийлерді өзге сөздерден ажырату теориялық қана емес, сонымен қатар практикалық маңызы зор, оның дұрыс шешімінен, осы сөздің мағынасын беру аудармашы жүретін жолды таңдаумен бірдей болады. Мазмұн тұрғысынан, басқа сөзбен салыстырғанда, реалия сипаты оның заттық мазмұнының сипаты болып табылады, яғни референт – заттық ұғымның, құбылыстың реалийлерінің айқын белгісі – халықпен (елмен), тайпамен немесе сирек кездесетін басқа әлеуметтік ортамен, бір жағынан уақыттың бастапқы бөлігімен, екінші жағынан осыған байланысты ұлттық (жергілікті) және/немесе тарихи колоритпен байланысты. Бұл белгілер бірқатар түзетулерді талап етеді, біз оны "Жалпы белгілерден" емес, біздің елімізде не бар, не жоқ, біз не білеміз немесе бізге не жат, біз үшін өзіміздікі немесе бөтен нәрсе бар ма? Бұл көзқарас, реалий шекарасын тарылтып, кейбір нақтылауларды енгізуі қажет, кері нәтижені береді: реалий шекарасы одан бетер белгісіз бола кетті. Мысал ретінде пальма сияқты ағашты алайық. Қазақстанда пальмалар өспейді, біз үшін бұл экзотикалық ағаш, ойымызға бірден мәңгілік жаз елдері келеді. Бірақ осы коралл аралдарының, тропиктер мен субтропиктердің тұрғындары үшін бұл қарапайым ағаш, өте пайдалы және қажетті, оларға пальма ағашы біз үшін қара өрік сияқты үйреншікті. Бір жағынан, шөлдің немесе Амазонканың тұрғындары үшін қар экзотикалық құбылыс болады – поляр тұрғындары туралы айтпағанда, тіпті біз үшін де қарапайым ұғым болып табылады. Аударма теориясына үлкен қызығушылықты таныта отырып, реалияны анықтауда "өзіміздікі" және "бөтен" деген көрсеткіштермен мәселе шешілмейді: пальма немесе қар сияқты сөздерді тек сол немесе басқа елде ол атау жоқ екен деп қана ол сөздерді реалийлерге жатқызуға болмайды. Біздің ойымызша, қандай да бір тілде эквиваленттері болмаған мұндай сөздерді балама емес лексикаға (БЭЛ) жатқызуға болады және оларды "экзотизмдер" (бірақ реалийлер емес) деп атауға болады, өйткені олар елдің немесе шетел халқының колорит тасушылары емес, тек өзге тілде ғана экзотикалық мәнге ие. Бұл "материалдық сөздің" басқа тілде де болғаны қызықты, бірақ түрлі тілдерде кеңдігі әр түрлі құралдармен қамтылған. Реалийлердің категориясын анықтау үшін аудармашы сөздікке жүгінуі қажет.

Қазақ әдебиетінің бағбан-бәйтерегі, балалар әдебиетінің танымал өкілдерінің бірі Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауданындағы Қостөбе ауылында өмірге келген. Жастайынан қиыншылық көріп өскен жазушы, ауыл мектебінен білім алады. 1949 жылы Абай атындағы педагогикалық институтты, кейін Мәскеудегі Жоғарғы курсты бітіреді. Әдеби ортаға ат басын тіреместен бұрын, ауыл мектептерінде мұғалім болады (Соқпақбаев, 1999: 3).

Балалар әдебиетінің таптырмас қазынасы болып табылатын "Менің атым Қожа" — 1957 жылы жазылған, қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының бірі саналатын повесть. Бұл шығарма орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек және түрік (Кынажы, 2018: 189) тілдеріне аударылған. Аталған повесть алдымен Мәскеуден орыс тілінде жарық көріп, кейіннен қазақ топырағына жеткен екен. Оның себебі, сол кездегі ұраншыл, өресі тар кейбір жазушылар повесі «социалистік реализм» шындығына жат шығарма деп тануында болса керек (Хантәңірі, 2014: 38). 1963 жылы "Қазақфильм" студиясы осы кітап бойынша жазылған киносценарийді экранға шығарды (Соқпақбаев, 2003: 3).

Шығарма алғаш рет 1957 жылы "Өзім туралы повесть" деген атпен жарық көргенде әдебиетшілер арасында талас та тудырған еді. Тентек Қожаның бұзақы қылықтарымен танысқан балалар бұзылып кетеді деп қорқушылар да болған екен. Өйткені, елуінші жылдардағы балаларға арналған санаулы повестерді шолып шықсақ, балғын кейіпкерлер негізінен тәртіптілігімен, ересектер алдында инабаттылығымен, социалистік меншікті сақтауға және қорғауға, қоғамдық еңбекке шама-шарқына қарай ұмтылушылығымен ерекшеленеді екен. Осы кезеңде бойындағы табиғи болмыс-бітімімен, өзіндік қарама-қайшылықтарымен әдеби аренаға шыға келген Қожа тәрізді бейнені көргенде әдеби қауымның тосылып қалуы түсінікті еді.

Қарлығаш Досанованың «Ұлан» газетіне берген сұхбатында: «Қожаның образы өзіне ұқсайды ғой. Дегенмен, Қожа деп атауының мәнісі бар. Оны өткен күні бір телеарналық бағдарламада Қожаның рөлін сомдаған Нұрлан Сегізбаевтан сұрап еді, ол анығын білмейді екен. Бекеңмен бір мектепте оқыған Қожа атты бала болыпты. Оны «Қара Қожа» деп атапты. Шығарма жазу барысында осы есім тіліне орала беріпті. Бір қызығы,

ол өте жуас, момын бала екен. Бірақ, Бекең сол баланың атын басты әрі тентек кейіпкерге бергенді жөн көріпті. Ол Қожа деген кісі бертінге дейін өмір сүріпті. Осыдан бірнеше жыл бұрын алматылық шипажайдан оның қызын кезіктірдім. «Мен елді шулатқан әйгілі Қожаның қызымын, апа» деп келіп тұр» деген қызықты жайттармен бөліскен болатын (Ұлан, 2013: 51).

Повесте кішкентай Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әр түрлі қызықты оқиғалары жайлы баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да жақсы адам болуға талпынады. Өзінің жасаған бұзықтығының бәрі әкесіз өскендігінен деп ойлайды. Қожа өзінің мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады. Әңгімеде Қожаның балалық махаббаты да үлкен рөл ойнайды. Ол сыныбындағы үлгілі, тәртіпті әрі сабағын үздік оқитын Жанар деген қызды жақсы көреді. Тіпті кей кездері Жанарға арнап өлең де шығарады. Жанарды әрқашан көргісі келіп тұрады. Қожа жазушы болуды армандайды. Б. Соқпақбаевтың повестері мен аталмыш романы арқылы әдебиетімізге келген сотқарлау, қушыкештеу, бірақ жаны таза Қожа, сүйкімді де биязы Жанар, өтірікші, жылпос Сұлтан мен Майқанова сияқты қызықты геройлардың ұлттық әдеби бейне мен мінезді сомдауда жетекші рөл атқарады.

Повестегі басты кейіпкерлер:

Қожа – Шын аты Қожаберген. Бір сыныпта екі Қожа болғандықтан, шатастырмас үшін оны «Қара Қожа» деп атайды. Кейде келемеждеп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара Көже» дейді. Фамилиясы – Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрді. Шашы қайратты. Бойы – орта бойлы, әжесі «әкең тәрізді сұңғақ боласың» дейді. Мектепте дәрігер өлшегенде бір жүз отыз тоғыз сантиметр шыққан. Жасы он екіде. Бесінші сыныпты бітірген. Арманы: оқу бітіріп, ер жету, университетке түсу. Жазушы болу.

Жанар – Қожамен бірге оқиды. Қожаның ойынша «кластағы ең бір ақылды қыз. Сұлу.» Дауысы әдемі, ән салады. Басына үкілі тақия киіп, мың бұралып «Қамажайға» билейді. Өнерлі қыз. Сыныптағы бірінші үздік оқушы.

Сұлтан – ол Қожаның жан досы. Бойы ұзынша арық келген жігіт. Қожадан екі-үш жас үлкен. Әкесі Сүгір жылқы бағады. Бірақ ол біраз жыл бұрын оқуды тастап кеткен және жаман қылықтарға әуес.

Қаратай – көрші колхоздағы комбайншы. Қаратайдың әйелі дүние салған. Ол Қожаның анасына үйленбекші. Қожа оны жек көреді.

Жантас – Ол Қожамен бір сыныпта оқиды. Жантас пен Қожа бір-бірін ұнатпайды. Себебі Жантас Қожаны үнемі «Қара көже» деп мазақтайды және екеуі де Жанарды ұнатқандықтан үнемі сөзге келіп қалады. Сол себепті өз сыбағасын алады.

Майқанова – Қазақ тілі пәнінің мұғалімі (Майқанова Сәбира). Қожа оқитын сыныптың жетекшісі. Ол адамгершілігі мол әрі ақылды ұстаз.

Әжесі – Қожаны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қызғыштай қорғап өсіреді. Өзінің ерке немересін еш жамандыққа қимайтын жанашыр жан.

Анасы – Қожаның анасының аты – Миллат. Ол ақылды, тәрбиелі адам. Ауылдың үлкен-кішісінің бәрі бірдей алдынан қия басып өтпей, хан көтеріп, құрметтеп тұрады. Екі бірдей сайлауда қатарынан аудандық советке депутат етіп сайланған.

Повесть орыс тіліне аударылғаннан кейін іле-шала, қазақтың сымбатты да сотқар баласы дүние жүзін аралап кете барады. Туынды көптеген шет тіліне бірінен соң бірі басылып шықты. Çeviribilimin araştırma alanlarından biri olan ve çeviriden sıkça yararlanan filoloji ve yabancı dil eğitimindeki uygulamalardan daha kapsamlı biçimde ele alınması gereken çeviri eğitimi; çeviri eleştirisi, çeviri tarihi ve kuramına oranla daha çok uygulamaya yönelik bir niteliğe sahiptir. (Языджы, 2007:144). Қандай да бір халықтың өзіне тән салт-дәстүрімен қоса этнографиялық деректерді аудару қиынға соғатыны рас. Солардың қатарынан реалияларды көре аламыз. Реалия дегеніміз: - 1) басқа тілде сөйлейтін адамдардың іс-тәжірибесінде жоқ заттарды, ұғымдарды, жағдайларды білдіретін сөздер немесе айтылыстар; 2) сол тілде көріну тұрғысынан сол елдің мемлекеттік құрылымы, сол халықтың тарихы мен мәдениеті, сол тілде сөйлеушілердің тілдік байланысы және басқа сол сияқты сыртқы лингвистика мен аударматану зерделейтін сан алуан факторлар; 3) сөздің номинативті мәні үшін негіз болып қызмет ететін материалдық мәдениет заттары (https://kk.wikipedia.org/wiki/). Г. Томахин реалияны: «белгілі бір ұлт пен халықтың материалдық мәдениетінің болмысы», – деп қарастырып, оған тарихи деректерді, мемлекеттік институттар, ұлттық және фольклорлық кейіпкерлер, мифологиялық ұғымдар, сенімдер т.б. топтастырады. Dilin gerçekleşmesi sırasında eksiltili anlatımlara sıkça başvurulur. Aynı dil içinde bile çok kez eksik ya da yanlış anlamalara neden olan bu olguya, doğal olarak çeviride daha büyük bir özen gösterilmesi gerekir (Коркут, 2001:6). Повестің әлем оқырмандарына танылуы –

М. Балыкин, К. Семенов, С. Соқпақбаева, Ю. Домбровский, И. Щеголихин, Жемиле Кынажы т.б. аудармалары арқылы жүзеге асты. Ал түрік тілінде жарық көрген повесті аударған Гази Университетінің доценті Жемиле Кынажының айтуы бойынша, шығарманы аудару барысы жеңіл болған көрінеді. Алайда, қазақ тілінің халықтық лексиконына жататын мәссаған, айналайын, қап деген сияқты сөздерді аудару айтарлықтай қиын болған көрінеді. Осы орайда К. Семеновтің 1980 жылы орыс тіліне, Жемиле Кынажының 2018 ж. түрік тіліне аударған нұсқалары өз оқырмандарының қырағы байқауынан сүрінбей өткен, тыңғылықты да тиянақты еңбек ретінде танылғанын айта кеткеніміз жөн. Кез келген аудармашының темірқазық жұлдыздай айнымас бағдары – өзінің автордың стилі. Стиль дегеніміз мазмұн мен түрдің белгілі бір жарасымды тұтастығы, ой мен оның образдық бейнесінің әлдеқандай бір баламасы, ақырында, ол ой мен сезімді бейнелеудің белгілі бір мәнері, салты, әдіс-тәсілі, ал көркем шығарманың стилі, суреткердің жүрегіндегі үздіксіз үн беріп тұратын сезіміне де байланысты. Шығарманың мазмұнынан кейін оның түрі туады. Мазмұн мен түрдің арасында әрқашан диалектикалық біртұтастық жатуға тиіс. Сол арқылы да шығарманың мазмұнын неғұрлым дұрыс және дәл беруге талпыныс жасасақ шығарманың түрі мен жанрына үңіле білуіміз қажет. Бұл әсіресе, көркем прозаның аудармасында мазмұн дәлдігінде жиірек көрінуі мүмкін. Түрді сақтау дегеннің өзін де дұрыс түсіне білген жөн. Сөзді сөз күйінше аударып, тұрғанын тұрған жеріне бұлжытпай қоя салудан дәлдік шықпайды, одан сөзбе-сөз сіреспе аудармалар шығады. Түпнұсқаның шеңберінен шықпай отырып-ақ сөз тіркестерінің ішкі сырларын аша білу, олардың ұғымдық және образдық мәндерін аударылып отырған тілдің жүйесімен дұрыс қиыстырып шығару аудармашы тарапынан үлкен зейінділік пен шеберлікті қажет етеді. Б. Соқпақбаев шығармаларын аудару барысын сөз етуден бұрын, әрине, оның стильдік ерекшеліктерін қарастыруымыз керек. Б. Соқпақбаев көркем сөздің асқан шебері. Оның шеберлігі жоғарыда тоқталып өткеніміздей өмір шындығын жан-жақты кеңінен суреттеп көрсете білгендігі болса, екінші жағынан сөз өнерін шыңға көтерген тамаша суреткерлігінде. Оның шығармаларының мазмұны, оның бейнелеп отырған көріністері мен кейіпкерлері өмірдің нақ өзіндегідей нақтылы да айқын болғанмен, бейнелеу құралдары, сөйлемдерінің құрылымы күрделі келеді. Ол өмір көріністерін, кейіпкерлерінің жан толғаныстарын суреттегенде, болмашы бір астарлы емеурінмен-ақ сөйлемдерінің бояуын құлпыртып жібере алады. Мәселен, шығармаларында автор қолданған ауыспалы мағынадағы сөздер соның бір дәлелі іспеттес.

«Тажал тапжылар емес. Ежелгі дағдысы бойынша біздің босағаны иіскеп, мелшиіпті де қалыпты» (Соқпақбаев,1999 б:11).

Тажал дегенге жаны бар жауыз деп қалмаңыз. Бұл Қожаның жек көретін мотоциклы. Аудармашы Семенов бұл үзіндіні былай тәржімалаған.

«Опять принесло сюда эту нечистую силу! Торчит, как лошадь на привязи, и нюхает наши косяки» (Соқпақбаев,1980а:12, 11).

Аудармашы Жемиле Кынажы түрік тіліне бұл үзіндіні былай тәржімалаған. «Deccal hareket etmiyordu. Eskiden kalma bir alışkanlıkla bizim eşiği koklayarak bulmuş ve orada donup kalmış» (Соқбақбаев, 2018а:37). Орысшамен қатар түрікшеге аударғанда айрықша қиындық туғызатын да Соқпақбаев стилінің осы тұсы. Мұнда неше алуан нақыш-өрнектермен келетін ой кестесін жазушының өзінше әдемі қойып шығу, әрине, кез келген аудармашыға оңай болмаса керек. Соқпақбаев шығармаларын аударудағы олқылықтардың көбі нақ осы тұстан көрінеді десек, қателеспейтін сияқтымыз.

Екі аудармашы да аталған повесті аударуда экспрессивтік құралдардың қолданылуы мен автордың стильдік ерекшелігін дәл жеткізе білген. Түпнұсқаның ұлттық колоритін, көркемдік ерекшелігін бере алуы, аудармашылардың Соқпақбаевтың сөз қолданудағы мәнерін, тілдің ерекшелігін жақсы білетіндігін аңғартады. Аударманың тілі көркем, жатық. Сапалы аударма нәтижесінде оқырман повестердің бас кейіпкерлері – Қожаның ішкі жан дүниесінің қатпарларына бойлай білген.

Балалар әдебиетінің стильдік, лексикалық және көркемдік сомдалуы өзгеше болатындықтан аудармашысына жүктелетін жауапкершілік те ауыр болмақ. Мұндай жағдайда біріншіден, жеткіншек ер бала, яғни негізгі геройдың жеке әлемін күрделендірмей бере білуі; екіншіден, жас ұрпақты басқа халықтың ұлттық мәдениетімен таныстыра отырып, олардың дүниетанымының қалыптасуына әсер етуі дей аламыз. Аударма мен түпнұсқаны салыстырмалы талдау барысында аталған аудармашының балалар әдебиетінің аудармасына қойылатын талаптарға аса мұқият болғандықтарын көре аламыз. Олар Соқпақбаев сөйлемдерінің синтаксистік құрылымын бұзбауға тырысқан. Түпнұсқа тілінің бояуын кө-

мескілетпей және ұзақ-сонар баяндауларға жол бермеген. Тілі анық, түсінікті. Аударма – бұл шығармашылықтың қайта құру үдерісі, түпнұсқалық шығарманы басқа тілдің құралдарымен тұтастай қайта жасап шығу, бір халықтың тілінде жазылған жазбаша материалдық негізді бағалау арқылы екінші ұлт тілінің мүмкіндігінде халық игілігіне жарату. (Тарақов, 2016: 64) Stolze'nin ifadesiyle çeviri, "İnsanlar farklı diller kullandıkları sürece mütercim ve tercümanlık, siyasi ve toplumsal iletişimde, siyasi gücün yayılmasında olduğu gibi; felsefenin, bilimin, edebiyatın ve dinin-kültürün aktarımında dil engelinin aşılması için, insanın vazgeçilmez etkinliklerinden biri" olmuştur. (Stolze, 2013: 17)

Көркем шығарма дегеніміз мазмұны мен формасы біртұтас бүтін жатқан дүние. Оның идеясын, мазмұны мен ой тереңдігін немесе идея мен формасын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Демек, әр қайсысын әр түрлі әдіспен бөлек-бөлек аударуға да болмайды. Көркем шығарма дегеніміздің өзі болмыстың образды түрде бейнеленген нақты көрінісі. Әрбір көркем шығармадан өмірді реалистік тұрғыда ұғынып, шынайы түрде дәл бейнелеу талап етіледі. Көркем аударманы да біз ең алдымен көркем шығарма деп білеміз. "Демек аударма –шығармада суреттелген объективтік болмысты түпнұсқаның тілі арқылы реалистік тұрғыда ұға отырып, екінші тілдің образдық жүйесі арқылы шынайы бейнеленген нұсқасы" (Жақсылықов, 2016: 60). The difficulties of literal translation are often highlighted not so much by linguistic or referential context as by the context of a cultural tradition. (Ньюмарк,1988:95) Көркем-әдеби аудармалардың қиындықтары көбінесе лингвистикалық немесе референттік контексте ғана емес, мәдениет пен дәстүрге байланысты болады. Олай болса, объективтік болмысты суреттеуде түпнұсқаға қандай талап қойылса, оның аудармасына да дәл сондай талап қойылады. Демек өмірдің белгілі бір құбылысына реалистік көзбен қарап, оны шынайы суреттеу үшін автор қандай құрал, нендей тәсіл қолданған болса, соның бәрі аудармашыға да міндеттеледі. Мысалы:

"Құла дөненді желе аяндатып отырып, түс ауа тау ішіне келіп кірдік. Бұл араның ауа-райы мен жер келбеті төменгі жазыққа еш ұқсамайды. Ызың еткен шыбын жоқ, сап-салқын. Бет алдымыздағы тау аңғары жақтан қоңыржай самал жел есіп қоя берді. Құбылып жайқалған жасыл шалғын, гүл-бәйшешек" (Соқпақбаев, 2014с:35).

Аудармасы: "Мы ехали то шагом, то рысцой и к полудню добрались до гор. Воздух здесь был гораздо чище и прохладней, чем на равнине, а местность во много раз красивее. Исчезла и противная мошкара. От вершин тянуло ласковым, свежим ветерком. Вокруг колыхался плотный, сочный ковер из трав" (Соқпақбаев,1980с:33).

Түрікше аудармасы «Kula at ile adım adım giderek öğleyin dağa ulaştık. Buranın havası ve görünüşü aşağılardaki yazıya hiç benzemiyor. Vızıldayan tek bir sivirisinek bile yok. Hava sepserin. Önümüzden dağ tarafındaki kanyondan serin rüzgar esiyordu. Yer tamamen yeşil otlara kaplanmıştı. Her yer çiçeklerle bezenmişti.» (Соқпақбаев, 2018б:75).

Мінез сомдау, кейіпкер тұлғасын суреттеу ерекшелігі туралы айтар болсақ, мұны жазушы қызықты ұсына білген. Шығарма композициясында кездесетін пейзаж, монолог, диалогтар суреткердің стильдік ерекшелігін айқындап, характердің даралығын көрсете алады. Әсіресе, диалогқа көбірек жүгіну – жазушы қаламына тән ерекшеліктердің бірі. Мысалы:

Түпнұсқа:

"– Бұзақы боп ол не істепті. Ел тонап, кісі өлтіріп пе? – деді әжем.

– Бақа әкел деген өздері көрінеді ғой. Бір Қожа емес, осында өзге балалар да мұғалім әкел деді, соямыз деп, көлшіктен бақа ұстап алып жүрген. Енді соның бәріне баяғы атышулы Қожа кінәлі.

– Сонда әкелген бақаны оған мұғалімнің сумкасына салып қой деп пе?

– Әдейі салды деймісің, тарбаңдаған неме өзі кіріп кетті де" (Соқпақбаев, 1999д:82).

Орыс тіліндегі аударма:

" – Ну, уж и побаловаться мальчишке нельзя, – вступилась бабушка.

– Столько шума, можно подумать, что он поджигает дома или грабит людей...

– Они же сами велели принести лягушку, – не соглашалась бабушка. – И не один Кожа, все ребята ходили на пруд за лягушками. Теперь всю вину на него взвалили.

– Да, но никому в голову не пришло положить лягушку в сумку учительницы.

– А он ее туда клал? Может быть эта косолапая тварь сама туда прыгнула?» (Соқпақбаев,1980д:81).

Түрік тіліндегі аударма:

Babaannem " Yaramaz olup da ne yapmış?Milleti mi soymuş?" dedi.

"Birinin kazını çalıp yemek,milleti soymak değil de ne? Derste öğretmeni korkutarak bayıtılan kişi,yakında adam öldürmekten de çekinmez."

"Kurbağa getirin diyenler kendileriyimiş ama. Bir tek Koca değil,orada diğer çocuklar da

öğretmen getir dedi, keseceğiz diyerek göletten kurbağa tutup götürmüşler. Ama nedense, onların içinden yalnızca adı çıkmış ya bir kere, Koca kabahatli.”

Orada, getirdiğimiz kurbağayı öğretmenin çantasına koyun da demişler mi?”

“Bilerek mi koydu sanki, yerinde duramayan kurbağa kendisi girivermiş” (Соқпақбаев, 2018д:152 s.).

Екі аударма да түпнұсқаға жақын. Диалогта балаларының ыстық-суығына күйіп жүрген әженің типтік бейнесі байқалады. Түркі тілдес халықтарының салт-дәстүрі мен менталитеті ұқсас болғандықтан аудармашы Жемиле Кынаджы қазақ әжесінің сөйлеу мәнерін түпнұсқадағыдай әсерлі де көркем баяндаған.

Қазіргі уақытта оқырман аударма шығармалардан негізгі автордың өзіндік стилі мен көркемдік ерекшелігін іздейтіні белгілі. Ол интонациядан бастап үн-ырғақ, образдылық жүйе, ұлттық ерекшеліктер мен синонимдердің, идиомалар мен мақал-мәтелдердің, афоризмдердің түрліше астарларынан да көрініс табуы мүмкін. Çeviri sorunları düşünüldüğünde ilk akla gelen eşdeğerlik sorunudur. Yazıcı’ya göre çeviri metinde eşdeğerlik, özgün metinle çeviri metin arasında biçimsel olarak birebir eşitlik düşüncesini akla getirir. Tarihsel süreçte eşitlik arayışıyla başlayan bu kavram, zamanla diller arasında farklılıklar olduğunun keşfedilmesiyle çeviride benzerlik oluşturulması konusuna gelinmiştir (Yazıcı, 2007: 28-30). Жеке бір сөздердің мағыналық, образдық орны ғана емес, болмашы екпіні мен емеурінін де жеткізе білу үлкен дайындық пен шығармашылық әлеуетті қажет етсе керек керек. Бұл аудармашыларға қойылып отырған негізгі алаптардың бірі болмақ.

Енді осы талаптар аясында повестен тағы бір мысал берсек:

Түпнұсқа қазақ тілінде:

“Топтың сыртына шыққаннан кейін, шоқша сақалы ашудан дір-дір етіп, тістеніп, әлгі мені алқымнан қылғындыра ұстап сілкіп-сілкіп жіберді.

– Мойныңды үзейін бе! Баламды алдап қымызымызды рәсуа етіп ішкендеріңмен қоймай, қаракөлімді неге ұрлайсыңдар?

Арқамнан тасбақа сырғанап түскендей дір ете қалдым. Көзінен ашу шатынап тұрған ақ қалпақтыны енді таныдым. Бұл анада бізден шылым тұтатып тартатын, жол үстінде кездескен қойшы еді.

Ақсақал, қаракөліңізді мен алған жоқпын, – дедім жалынышты үнмен (Соқпақбаев,1999с:46).

Орыс тіліндегі аудармада:

«Человек этот был, видимо, не на шутку разозлен. Он стиснул зубы. Пучок его черненькой бородки подпрыгивал от ярости.

– Он еще спрашивает? – протянул человек. – Оторву тебе голову,

если она такая, что ничего не помнит!.. Это ты выпил кумыс в моей юрте и украл каракулевую шкурку!

Да, теперь я признал этого человека. Тот самый пастух, что просил у нас с Султаном спички.

– Не брал я вашего каракуля, – буркнул я краснея

– Наверно, шайтан незримо посетил мое скромное жилище и унес шкурку. До вашего прихода она лежала на месте. Исчезли вы – не стало и шкурки « (Соқпақбаев,1999с:44).

Түрік тіліндегі аудармада:

Kalabalığın dışına çıktıktan sonra sivri ve seyrek sakalı sinirden diken diken olan adam iyice öfkelenip boğazıma yapışarak beni şiddetle sarstı.

“Boynunu koparayım mı şimdi senin? Çocuğumu kandırıp, kırmızı çarçur edip içmekle kalmayıp bir de karakölümü neden çalıyorsunuz?”

O anda başımdan aşağı kaynar sular dökülür gibi oldu.Ak kalpaklı adamı işte şimdi tanımıştım. Bu adam bizden ateş isteyip sigarasını yakan,yol üstünde karşılaştığımız koyun çobanıyıdı.

Yalvaran bir sesle “Aksakal karakölünüzü ben almadım.” Dedim.”(Соқпақбаев, 2018с:92)

Аудармадағы қойшының соңғы репликасы түпнұсқада жоқ болғанмен, аудармашы Семенов автордың айтқан ойын қамтуға тырысқан. Бірақ талап етілуі мүмкін интонация, ырғақ, яғни түпнұсқаға тән стиль қалайша көрініс таппақ? Мұндай элементтер елеусіз қалған. Суреттің бояуы шашырап, баяндау екпіні босап, бір түрлі кібіртік пайда болған. Алайда, мұндай ұмтылыс еркін аударманың бәріне де тән екендігі белгілі. Мұндай жағдайда түпнұсқадағы сөз не түсіп қалады, я болмаса жалпы табиғатына лайық келмейтін басы артық сөздер қосылады. Мұның екеуі де шығарманың көркемдік бояуын, суреттің тұтастығын бұзуы мүмкін. Сол бояуды, сол тұтастықты қолдан келгенше бұзбай, түпнұсқаға неғұрлым жақын етіп, әрі орыс тіліне жатық аударуға талпыныс жасау қажет. Мысалы, Жемиле Кынаджы аударманы түпнұсқадағыдай беруге тырысумен қатар қазіргі түрік тілінде историзм болып табылатын қымыз сөзін өзгертусіз берген. Farklı kültürlerin birbirlerini tanımasına köprü olan çeviri etkinliği, toplumların kültürel hareketliliğinde de önemli bir dönüm noktası olmuştur. Öyle ki Rönesans, bahsettiğimiz kültürel hareketliğin sonucu

olarak doğmuş ve bugünkü Avrupa'nın sahip olduğu kültürel ve sosyal gelişimin temelini oluşturmuştur. (Чорук,2016:116) Алайда қазақша фразеологизм болымсыз логикалық өзгеріске ұшырап мағыналас фразеологизммен ауыстырылған.

Әдебиеттің бірінші элементі сөз болғандықтан, көркем аудармада әрбір сөз өзіндік орынға ие. Жазушының суреткерлік өнері де тек сөз арқылы ашылады. Көркем шығармадағы әрбір сөз бүтін денедегі табиғи мүше сияқты. Оның әрқайсысының алатын орны, атқаратын міндеті бар. Түпнұсқада белгілі бір мағыналық міндет атқармастан бос тұратын бірде-бір сөздің табылуы да мүмкін емес. Ондай сөздер, әсіресе, Б. Соқпақбаевта кездесе бермейді. Ол әрбір сөзді жеріне жеткізіп пайдалана білген жазушы. Осы орайда атақты жазушы Л.Н. Толстойдың мынандай бір пікірін келтіре кету жөн сияқты: "В разговорной речи, – дейді ол, – мало будет разницы, каким способом мы выскажем свою мысль, но в художественном произведении мы должны высказать ее идеальным способом. Мысль высказана в художественном произведении только тогда, когда ни одного слова к сказанному нельзя ни прибавить, ни убавить, ни изменить без того, чтобы не испорить произведения. К этому должен стремиться писатель".

Осыған қарағанда әрбір сөзді шегіне жеткізіп айтып, қосып-аларлықтай ешбір олқылық қалдырмау – аудармашы суреткер үшін басты міндет болса керек. Сол себепті аудармада әрбір сөздің мағынасын қуып оны қалдырмай жеткізуге тырысуды «әріпқойлық» деп жариялау дұрыс емес деп ойлаймыз. Әріпқойлық дегеннің мәнісі аударма барысында әрбір сөздің мән-мағынасын қалдырмай жеткізуге тырысуда емес, сөйлем құрып, ой өрнегін сызу үстінде сол сөздің лайықты да қисынды орнын таба алмауда. Аудармашының автордың стилі мен шығармашылық түпкі ойына немқұрайлы қарым-қатынасы аударма сапасына, оның балама деңгейіне үлкен зиянын тигізуі мүмкін. Дегенмен мұндай үдерісті аудармашының түпнұсқаға қалауынша өзгерістер енгізуінен немесе амплификациялардан көре аламыз. Иә, «... аударманың белгілі дәрежеде еркіндікке де правосы бар. Бірақ, сол еркіндіктің өзі түпнұсқада бейнеленген мазмұн мен түрді, яғни нақтылы өмір көріністерін дәл суреттеу мақсатынан туып жатуға тиіс. Сонда ол еркіндік дегеніміздің өзі дәлдікке жетудің жолы ғана болып қалады. Жай сөзбен айтқанда аудармашы түпнұсқаны тастап ешуақытта ауа жайылып еркін кете алмайды. Ал «Менің атым Қожа» повесінің аудармаларында осындай еркіндік көрсету мен мағыналық ауытқушылықтарды кездестіре аламыз. Осындай мәселелерді шешу үшін аудару барысында сөзбе-сөзділіктен, мәтін қысқартушылықтан немесе асыра сілтеушіліктен аулақ болу аудармашының үнемі қаперінде болса құба-құп. Осындай көріністердің мысалы ретінде аудармашы К. Семеновтің повестің басындағы төмендегідей үзіндіні тастап кеткенін айта аламыз: «Өмірде осы сияқты әділетсіздіктер толып жатыр. Жуырда мен газеттен оқыдым: қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Бала бес-алты жасқа толғанша, оның тәуелді аты болмайды. «Ортаншым», «кенжем», «сүйіктім», «жұпарым» деген шартты атаумен жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала өзіне қандай есім ұнаса, соны таңдап алады. Міне, әділеттік деген. Осы дұрыс емес пе?!». Аталған үзінді аудармада кездеспейді. Мұны аудармашының немқұрайлы көзқарасы немесе тырнақшаға алынған сөздерді аудара алмағандығы деп пайымдауымыз мүмкін. Шығарманың сырын тек сөзден іздеу ғана жеткіліксіз. Оның көркемдік-эстетикалық ләззаты, ең алдымен, мағыналық және қисындық тұтастығында, тек өзіне ғана тән ырғақүнінде. Мұның бәрін, жоғарыда айтылғандай автордың стилін бұзбай аударғанда ғана жеткізуге болады деп айта аламыз.

«Менің атым Қожадағы» мына үзіндіге назар аударайық:

«– Бұл кім?

– Мен ғой ата.

– Менің кім?

– Мен, Қожамын.

– Мұнда неғып отырсың?

– Педсоветке келдім.

– Онда сенің не шаруаң бар?

– Мен жөнінде мәселе қарап жатыр.

– Мәселе. Қандай мәселе? Сені мұғалім етеміз дей ме?

– Директор етеміз дейді.

– Онда тіптен жақсы. Жалақың көп болады» (Соқпақбаев,1980е:88).

Орыс тіліндегі аударма:

«– Кто это?

– Я, дедушка.

– Ты дедушка? – засмеялся старик. – Это я дедушка, а ты, кажется, Кожа?

– Да.

– В гости ко мне пришел?

– Нет. На педсовет...

– На педсовет? Что же это у тебя за дела на педсовете...

– Обсуждают меня.

– Обсуждают? Наверно, хотят поставить тебя учителем?» (Соқпақбаев, 1999е:85).

Түрік тіліндегі аударма:

“Kimsin?”

“Benim dede .“

“Sen kimsin?”

“Ben, Koca.”

“Burada ne yapıyorsun?”

“Disiplin kurulu için geldim.”

“Disiplin kuruluyla senin ne işin var?”

“Disiplin kurulu bu gün benimle ilgili bir meseleyi görüşmek için toplanıyor.”

“Mesele mi ?Nasıl bir mesele ?Seni oğretmen yapalım diye mi toplanıyorlar?”

“Müdür yapalım diyorlar.”

“O zaman çok daha iyiymiş.Maaşin çok olur.”(Соқпақбаев,2018е:60)

Көріп отырғанымыздай, түпнұсқаның негізгі қасиеттерінің түгелі сақталған. Мұнда автордың ойы ғана емес, сол ойды жеткізу үлгісі де едәуір дұрыс берілген. Аңғарып оқыған адамға Соқпақбаевтың өзіне тән ырғақ, үн сезіледі. Ал аударма жағдайында проза ырғағының сақталуы маңызды шарттардың бірі. Проза ырғағындағы нәзіктік пен күрделілік, маңыздылық пен сан қырлылық тұтаса келіп ой өзегі – идеяға тіреледі. “Проза ырғағы – шығарманың тілдік-көркемдік құрылымының үндестігі, оның тыныс-тіршілігі, өмір бейнесінің көркем шындыққа айналуындағы ерекшеліктердің түп қазығы, көркем шығарма эстетикалық сапасының өзегі. Проза ырғағының жасалуында: сөздер, сөз тіркестері, синтагмалар, пауза-кідірістер, инверсия, интонация, ой екпіні, ассонанс, аллитерациялар үлкен роль атқарады” (Левый, 2001:158). Сондай-ақ аудармада одағайлар мен қыстырма сөздер қолданылысына айрықша назар аударылу қажет.

Қорытынды

Жалпы «Менің атым Қожа» повесінің көркемдік ерекшелігі әрқайсысына тақырып қойылған 27 тараудан тұрады. Б. Соқпақбаевтың аталған шығармасына осылай тақырып қойып жазуының өзіндік себептері де бар сияқты. Біздің ойымызша оның ең басты себептері: біріншіден, оқиғаның оқырманға түсінікті, әрі жеңіл болуын көздегендіктен, екіншіден тақырыптардың барлығы дерлік оқушыны күн ілгері алдағы болатын оқиғаларға қызықтыру мақсатынан туындаған. Аудармашылар да осыны ескере отырып, әр тарауға берілген тақырыптарды аударған. Екі аудармашы да шебер әрі сапалы аударма жасағандарына көз жеткіздік.

Қорыта келе, аударылмайтын сөздер теориясын аударма практикасы жоққа шығарған болатын, дарынды аудармашылардың керемет жұмыстары соған дәлел. Тіпті Пушкиннің өзі автордың айтқан сөздері аудармашы арқылы түсіндірілуі керек деп ойлады; Гоголь кейде «түпнұсқаның сөзінен ауытқуға болады, себебі сол арқылы мағынасын толық жеткізуге болады» деп түсіндірді; А.К. Толстой «сөздерді аудармау керек, тіпті кейде мағынасында аударудың қажеті жоқ, ең бастысы әсермен бөлісу» деп ойлады! К.И. Уковский «күлкіні-күлкімен, күлімсіреудікүлімсіреумен» аударуды дәріптеген.

Аудармашылардың тәжірибесінен Кеңес аудару мектебі пайда болды, оның құрушылары аударылмайтын туындылардың болмайтынын түсіндіріп кетті.

Әдебиеттер

Федоров А.В. (1968) Основы общей теории перевода. / А.В. Федоров. – М.: Высшая школа. – 19.

Алексеева, М.Л. (2007) Перевод реалий и реалии перевода: особенности передачи русских реалий в разновременных немецких переводах романов Ф.М. Достоевского: монография. – Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т.10

Бекер М. (2011) Ин зе уордс. Милтон парк, Абингтон, OX14 4RN;30.

Биби А. (2000) Тоуардс а море систематик апроч то зе транслейшн оф адвертайзинг текстс. Амстердам Бенджаминс, 223-34.

Влахов С., Флорин С. (2012) Непереводимое в переводе. 978-5-93439-323-7.26.

Газета (2013) «Ұлан» // №51-52.

Германс.Т (1985) Зе манипулэйшн оф литаратче: Стадиес ин литрача транслейшн. – Лндон, Крум Хелм,11.

Латышев, Л. К.(2001) Технология перевода. 30.

Жале.Ф (2016) Чевириде културел актарым соруну: Карамазов кардешлер орнеиі,11.

Кабакчи В.В. (2001) Практика англоязычной межкультурной коммуникации. – СПб.: Союз,2001.

Коркут.Э. (2001)Чевириде Ешдегерлік, Ерзурум 1302-3241. S. 251-266.

Левый. М. Искусство перевода // Прогресс, 1974. 11.

Масо.К. (1986) Дицианарио де лингуистика. – Мадрид, Аная, 246.

Муноз.М (2010) Транслейшн анд Калчарал айдентити, – Кембридж, 30.

Ньюмарк. П (1988) А текстбук оф траншлэйшн .Форйн лангуидж едукейшн пресс. – Шанхай, 95.
Пуэрто.Р(1991) Зе иангест дол.157.
Соқпақбаев Б. (2014) Менің атым Қожа. – Алматы: Өлке, 3.
Соқпақбаев Б. (2003) Менің атым Қожа. – Алматы: Атамұра, 81.
Соқпақбаев Б. (1980) Менің атым Қожа. – Астана: Елорда, 379.
Сокпакбаев Б. Меня зовут Кожа. – Алма-Ата: Жалын, 495
Сокпакбаев Б.(2018) Беним адым Кожа. – Акара: Бенгү. 92.
Столзе (2013) Ыстамбұл, Деиішім яйынлары,17.
Тарақов Ә.С. (2016) Аударманың теориялық және прагматикалық мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 64.
Тарақов Ә., Жақсылықов А., Мұсалы Л., Адаева Е. (2016) Аударма теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 60.
Таш.С. (2017) Культурел Унсуларын чевирісі ве чевирі стратеджисі,5.
Тэйлор. Ф. (2011) Калчарал Транслэйшн,38.
Фернандез. А (2012) Транслатинг калча: проблемс, стратеджес, анд политикал реалиес. No. 1 – Year:3 12/2012 - LT.1.
Хантәңірі Райымбек аудандық қоғамдық-саяси газет // №38 (7840). 11 қазан, (2014).
Юджел. Ф. (2007) Еткили бір чевирім ейітімі,144.
Языджы. М. (2007) Языльы чевирі едінджы, – Ыстамбұл, Мултилингуал, 28-30.

Электрондық ресурстар

Электрондық энциклопедия. Wikipedia (2019, қаңтар 20). Режим доступа: (https://kk.wikipedia.org/wiki/).

References

A.V. Fedorov Osnovyi obshey teorii perevoda. Vysshaya shkola, 1968. — 19.
Alekseeva, M. L.(2007) Perevod reali i realii perevoda : osobennosti peredachi russkixrealii v raznovremennyh nemeckih perevodah romanov F. M. Dostoevskogo : Ekaterenburg :10p.
ADAB, B.(2000).‘Towards a more systematic approach to the translation of advertising texts’.In A.Beeby, D.Ensinger,and M.Presas(eds.),Investigating Translation:Selected Papers from the 4th International Congresson Translation. Amsterdam:Benjamins,223–34 pp.
Ana Fernández Guerra(2012) “Translating culture: problems, strategies and practical realities” Art and Subversion :No. 1 – Year:3 12/2012 - LT.1.
Baker.M(2011) «In Other Words»;Routledge 2 Park Square, Milton Park, Abingdon, Oxon OX14 4RN;30 pp.
Vlahov S.Florin.S(2012) «Neperevodimoe v perevode».26p.
Cerdá Massó.(1986) Diccianario de linguistica .Madrid .Anaya.246pp.
Hermans, T. (Ed.). (1985). The manipulation of literature: Studies in literary translation. London: Croom Helm.
Korkut.E (2001). “Çeviride Eşdeğerlik”. Kazım Karabekir Eğitim Fakültesi Dergisi. Sayı:5. Erzurum. Issn: 1302-3241. S. 251-266.
Latyshev L. K.(2001) Tehnalogya perevoda.30 .
Levy. M. Arta traducerii.Progress 1974 11.
Newmark.P(1988)“A Textbook Of Translation” Shanghai Foreign Language Education Press.95pp.
Micaela Muñoz-Calvo and Carmen Buesa-Gómez (2010)Translation and Cultural Identity:Selected Essays on Translation and Cross-Cultural Communication.Cambridge Scholars Publishing.30pp.
Puerto.R(1991: 157 ;The Youngest Doll;), after years of translating her own work from Spanish into English and vice versa.
Tarakov A.S. (2016) The problems of translation. Almaty: Kazakh university, 64.
Tarakov A.S., Zhaksylikova A., Musaly L., Adaeva E., (2016) Audarma teoriyasy. Almaty: Kazakh university, 60.
Taylor & Francis (2010)“Cultural Translation” Taylor & Francis,38.
Taş.S (2017)“Kültürel Unsurların Çevirisi Ve Çeviri Stratejileri”,5.
Sokpakbayev B. (2014) «Menin atym Kozha» , Almaty: Olke, 3.
Sokpakbayev B. (2003) «Menin atym Kozha», Almaty: Atamura, 81.
Sokpakbayev B. (1999) «Menin atym Kozha», Astana: Elorda, 379.
Sokpakbayev B. (1980) «Menya zovut Kozha», Almaty: Zhalyn, 495.
Sokpakbayev B.(2018) «Benim adım Koca», Ankara: Bengü.
Stolze, Radegundis (2013), Çeviri Kuramları- Giriş, (Çev. Emra Durukan), İstanbul: Değişim Yayınları.17.
Gazeta (2013) «Ulan», №51-52.
Çıplak (2016), Chevyr eğimli bas: Karamazov’un masalları.
Hantaniri Rayimbek audandyk kogamdyk-sayasiy gazet №38 (7840). 11 october, (2014).
Yazıcı.M (2007), Yazılı Çeviri Edinci, İstanbul: Multilingual.28-30pp.
Yücel.F(2007)“Etkili Bir Çeviri Eğitimi”144.
Çoruk.J,Büyük Güler.S,Kayalı.Y(2016)“Çeviride Kültürel Aktarım Sorunu: Karamazov Kardeşler Örneği” Uluslararası Sosyal Araştırmalar Dergisi.Cilt: 9 Sayı: 42 Volume: 9 Issue: 42.

Electronic resource

Electronic encyclopedia. Wikipedia (2019, January 20). Access mode: (https://kk.wikipedia.org/wiki/).

IRSTI 16.31.41

Zhussupova S.Zh.[1], Seitmetova Zh.R.[2]

[1]Master degree student, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: sata_94@bk.ru
[2]Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: seitmetovaj@gmai.com

THE FEATURES OF TRANSLATING OF IDIOMS IN "THREE DROPS OF BLOOD" OF S.HEDAYAT TO ENGLISH

The article is oriented on the field of verbal cross-cultural communication that assumes a studying of functioning of language as an intermediary at the description of foreign-language culture. In the article the possibilities of integration of the Persian idioms, used in S. Hedayat's novel "Three drops of blood" into English-language texts focused on the description of the Iranian culture, are considered as well. The conducted article also includes the analysis of the ways of transferring of idioms made by two translators, and features and translation strategies of transferring the idioms used in the original of the work too. The practical importance of the current research consists in a possibility of using the results of the research for systematization of lexicon of the Persian and English languages, in translation theory, in lexicographic practice, in special courses according to the theory of cross-cultural communication.

Key words: idioms, phraseological units, cultural realities, translation, literary work, cross-cultural communication.

Жусупова С.Ж.[1], Сейтметова Ж.Р. [2]

[1]2 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sata_94@bk.ru
[2]фил.ғ.к., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: seitmetovaj@gmai.com

С. Хедаяттың «қанның үш тамшысы» деген шығармашылығындағы фразеологиялық бірліктерді ағылшын тіліне аудару ерекшеліктері

Мақала шет тіл мәдениетін сипаттауда делдалдық қызмет атқаратын тілді зерттеуді көздейтін ауызша мәдениетаралық қарым-қатынас саласында жазылған. Мақалада С. Хедаяттың «Үш тамшы қан» әңгімесінде қолданылатын парсы фразеологиялық бірліктерін Иран мәдениетін сипаттауға бағытталған ағылшын тіліндегі мәтіндерге енгізу мүмкіндігі талқыланды. Мақалада екі аудармашының ұсынған аударма нұсқалары талданды және түпнұсқада қолданылған фразеологиялық бірліктердің аудармасының ерекшеліктері мен әдістері анықталды. Зерттеудің практикалық маңызы парсы және ағылшын тілдерінің сөздік қорын жүйелеу мақсатында, аударма теориясында, лексикографиялық тәжірибеде, мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы бойынша арнайы курстарда зерттеу нәтижелерін пайдалану мүмкіндігі болып табылады.

Түйін сөздер: фразеологизмдер, мәдени шындықтар, аударма, өнер туындылары, мәдениетаралық қарым-қатынас.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Жусупова С.Ж. [1], Сейтметова Ж.Р. [2]
[1]магистрантка 2 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sata_94@bk.ru
[2]канд. филол. наук, ст. преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: seitmetovaj@gmai.com

Особенности перевода фразеологических единиц в произведении С.Хедаята «Три капли крови» на английский язык

Статья написана в области вербальной межкультурной коммуникации, что предполагает изучение функционирования языка в качестве посредника при описании иноязычной культуры. В статье рассматриваются возможности введения персидских фразеологических единиц, использованных в повести С. Хедаята «Три капли крови», в англоязычные тексты, ориентированные на описание иранской культуры. В статье проведён анализ переводческих решений на примере переводов двух переводчиков и выявлены особенности и приемы перевода фразеологизмов, использованных в оригинале произведения. Практическая значимость данного исследования заключается в возможности использования результатов исследования в целях систематизации лексики персидского и английского языков, в теории перевода, в лексикографической практике, в спецкурсах по теории межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: фразеологизм, фразеологические единицы, культурные реалии, перевод, художественное произведение, межкультурная коммуникация.

Introduction

The Persian literature is one of the greatest treasures and prides of the Iranian culture. It is esteemed around the world. Speaking about the greatest Persian poets and writers both in Iran, and other countries. the first thing which comes to mind is the greatest masters as Firdousi, Saadi, Omar Khayyam, Hafiz and many others. It's a well-established fact that their works became an integral part of the Iranian culture. However, I think we can all agree that these are the representatives of the classical Persian literature which is mostly characterized only by poetry. Whereas for the Iranian culture, the twentieth century was marked by the revival of the modern Persian literature basically characterized by an expansion of prose genre.

At this point, there is no reason to deny that Sadegh Hedayat is the most famous and widely-read representative of this genre in Persian literature. Furthermore, he is an establisher and promoter of the modern Persian prose. His works are popular worldwide. He has been used to be considered as the symbol of "the Iranian revolutionary spirit" (Khodjimuradov O., 2008). Being an ingenious artist, through his special style Sadegh Hedayat could describe in details an Iranian reality of that period, and anIranian person particularly. Obviously, the inner culture of Iranian people was not totally developed.

